

Алаш қозғалысының 100 жылдығы және «Сарыарқа» газетінің  
100 жылдығына арналған «АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ – РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ ПАРАДИГМАСЫ» атты  
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
ЖИНАҒЫ

*Қазақстан, Алматы қаласы  
24 қараша, 2017 жыл*

СБОРНИК  
Международной научно-практической конференции  
«ПУБЛИЦИСТИКА АЛАШ -  
ПАРАДИГМА ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ», посвященной  
100-летию движения Алаш и  
100-летию газеты «Сарыарқа»

*Казахстан, г. Алматы  
24 ноября, 2017 год*

COLLECTION  
International scientific-practical conference «ALASH PUBLICISM -  
THE PARADIGM OF SPIRITUAL MODERNIZATION»,  
dedicated to the 100th anniversary of the movement «Alash» and the  
100th anniversary of the newspaper "Saryarka"

*Kazakhstan, Almaty city  
November 24, 2017*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

Бас редакторы: с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**  
Жауапты редакторы: **А.Б. Ақынбекова**  
Техникалық редакторы: **А. Елғондинова**

Алаш қозғалысының 100 жылдығы және «Сарыарқа» газетінің 100 жылдығына арналған «Алаш көсемсөзі – Рухани жаңғыру парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы, Алматы қ., 24 қараша 2017. /жауапты ред. А. Б. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 206 б.

**ISBN 978-601-04-3080-8**

## ӘЛИХАН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

**Қалижанов У.Қ.,**

*ф.ғ.д., ҰҒА академигі*

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы, Қазақстан.*

В этом докладе будут представлены литературно-духовные наследия лучший представитель нации Алихана Букейханова.

This report will present the literary and spiritual heritage of the best representative of the nation Alikhan Bukeikhanov.

**Қадірлі зиялы қауым!**

**Қадірлі конференция қатысушылары!**

Заман өзгерер, өзгермейтін ұлттық мұрат. Сол ұлттық мұратты ту еткен, сол ұлы мұрат үшін басын бәйгеге тіккен, сол ұлттық мұрат үшін құрбан болған ұлы тұлға – қазақтың Әлихан Бөкейхановы!

Әлихан Бөкейханның ғылыми еңбектерін тану, таныту, шын мәнінде, Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басталды. Хасен Оралтай, Мүсілім Базарбаев, Мәмбет Қойгелді, Рымғали Нұрғали, Талас Омарбеков, Хангелді Әбжанов, Қажымұрат Әбішев, Бейбіт Қойшыбай, Айгүл Ісімақова, Сұлтанхан Аққұлұлы, Светлана Смағұлова сияқты ғалымдардың зерттеулері Әлихан-ның тарихи, әдебиеттанулық қырларына арналған.

1995 жылы әдебиеттанушылар Мүсілім Базарбаев пен Сұлтанхан Аққұлұлы [1] тұңғыш рет Әлихан Бөкейханды қоғам қайраткері, ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ғалым, саясаткер, аудармашы әрі дарынды көсемсөзші ретінде бағалап, таңдамалы шығармаларын ғылыми айналымға енгізді.

Әлекеңнің саяси, тарихи, қоғамдық құрылыстағы, Алаш үкіметін құрушы қайраткерлігі туралы баяндамалар қамтылған. Менің қысқа баяндамам «Әлихан және әдебиет» деп аталады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы халықтың рухани байлығы көркем әдебиетке назар аударып, оны жоғары деңгейде зерттеді. Қазіргі

заманғы ағылшын зерттеушілерінің пікірінше, ол XX ғасыр басындағы «қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған». Халқымыздың сарқылмайтын қазынасы ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма ісіне де атсалысқан бірегей ғалым. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады», - деп жазды ол.

Әлихан Бөкейхан ұлттық әдебиетімізді өркендетуге жан-тәнімен еңбек етті. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студент кезінен-ақ түсінген еді. Сондықтан да өз заманындағы қазақтың алдыңғы қатардағы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылды. Оларды халыққа қызмет етуге, халықты «Масадай» шағып «оятуға», білім беріп көзін ашуға шақырды. Сөйтіп ол өзінің маңайына Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкерім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қараш, Көкбай Жанатайұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералин сынды ақын-жазушыларды, көрнекті зиялыларды жинады. Әдебиет өкілдерін өркениетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға, үйренуге тартты.

Ғалым Мүсілім Базарбаев жазғандай, Әлихан Нұр-мұхамедұлы Бөкейхан – тұңғыш абайтанушы. Ол Абай Құнанбайұлының шығармашылығын жаңа заманның тынысы, лебі деп түсінді. Жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың жазба ұлттық әдебиетінің бастамасы деп бағалады, сондықтан да Абай мұрасын жинап, халқына танытуға, таратуға асықты. Абайдың шығармашылығын орыс оқырмандарына алғаш рет таныстырған да Әлихан Бөкейхан.. 1906 жылы 9 қаңтарда жазықсыздан-жазықсыз тұтқындап, Павлодар түрмесіне жапқан кезде Әлиханның портфелінен Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздерінің қолжазбасы табылған. Абақтыда жазған арызында ол өлең қолжазбаларының құнын 5000 сомға бағалап, оны сақтауға шаралар жасауын өтінген.

Ә.Бөкейхан Абай поэзиясы туралы былай дейді: «...как это покажут его стихи, представлял недюжинную силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так

возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима), сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» [1. 18] – деп жазды. Абайдың дүние салуына 1 жыл толуы қарсаңына оның өмірі мен шығармашылық жолын суреттеп жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты мұнаһиб-мақаласы әлі күнге өзінің ғылыми құндылығын жойған жоқ. Бұл мақала 1905-1907 жылдар аралығында үш басылымнан кезек-кезек жарық көрген. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан Абайдың өлендері мен нақыл сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, 1909 жылы Санкт-Петербургдан басылып шығуына да қолдау көрсетті.

Әлихан Бөкейханды бірінші абайтанушы ғана емес, қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы десек те қателеспейміз. Мысалы, Әлихан роман туралы былай дейді: «Романның ішкі мағынасы: тіршіліктің жарық һәм күңгірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету. Роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның нәсілдес, я бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жәмиғатын, я қилы-қилы замандарда болып өткен халықтардың өмір халін».

Бұрын қазақта роман болмағанын айта отырып, Әлихан Бөкейхан Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын» роман деп талдап, атап өтеді.

Ал ән, өлең туралы Әлекең қалай тебіренді десеңізші?!

«Ән, өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жанға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат тапқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, һәр түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам мехнатын, ауыр ісін жеңілейтеді, қайғы-харасын шығарады, мауқын басады...».

Әлекең ән-өлеңнің осындай теориялық жағын жалаң атап қоймайды, ол Гете, Шопенгауер, Бетховен, Мартин, Лутер сынды әлемдік тұлғаларға сілтеме жасай отырып, ұлы Абайға қайта жүгінеді.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы».

Бұл музыкатану теориясы емес пе?

Қазақтың ұлттық фольклорын тану, оны ұлттың ұлы мұрасы ретінде бағалау қажеттігіне Әлихан Бөкейхан ерте назар аударды. Фольклорды Әлекең ұлттың жады, көркем танымы, рухани ағысы деп білді. Сондықтан да фольклоршы ғалым ретінде де Әлихан Бөкейхан қазақ әдебиеті тарихынан өзінің тиісті орнын алуға тиісті. Болашақта Әлиханның әдебиеттанушы әрі фольклортанушы ғалым ретіндегі қызметін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының магистранттары мен PhD докторанттары зерттеп, ғылыми диссертациялар қорғайтын болады. Өйткені біз әлі күнге Әлихан Бөкейханның әдебиетші, фольклоршы ғалым ретіндегі қырларына жете мән бермей, шолу мақаламен шектеліп жүрміз.

1985 жылы Оксфорд университетінің ғалымдары Әлихан Бөкейханды «... қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді», [2] – деп жазды. Халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай, ұлттық әдебиеттің өсіп-өркендеуі мүмкін емес деп түсінген Әлихан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсынұлымен қатар ауыз әдебиеті туындыларын жинауға атсалысты. Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық еткен «Қазақ» газетінде бүкіл қазақ зиялыларының басын біріктіріп, халық мұрасын зерделеу қажеттігін көтерді.

Ал Әлихан Бөкейханның әдеби-теориялық зерттеулері қандай? «Роман деген не?» («Қазақ», 1914), «Ән, өлең мен һәм оның құралы» («Қазақ», 1914), «Роман бәйгесі» («Қазақ», 1915), «Батыр Бекет» («Темірқазық», 1922), «Кітап сыны» (1926), «Всеволод Иванов» (1927) және Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» («Қазақ», 1915), Махмұтсұлтан Тұяқбаевтың дайындауымен шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» («Қазақ», 1915) жырының тағы бір нұсқасы, Ә.Диваевтың «Мырза Едіге» (1922) жырын қарастырған сын зерттеулерімен қатар В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп шығарған «23 жоқтау» және «Ер Сайын» жыры зерттеулері әлбетте жеке талдауды қажет етеді. Олар әдеби-теориялық тұрғыда зерттеліп, ғылыми айналымға қосылуға тиіс. Бұл ұлы тұлға Әлихан Бөкейхан алдындағы ұлттық парыз деп білемін.

Әлихан Бөкейханның тұңғыш әдебиеттанулық зерттеуі «Женщина по киргизской былине «Кобыланды» деп аталады. Ол еңбегі 1899 жылы Ташкентте шыққан «Түркістан уалаяты»

газетінде «Туземец» деген бүркеншік атпен жарық көрген: «Памятники народного творчества киргиз ранообразны по содержанию и форме и значительны по количеству. Они частью собраны, частью остаются еще незаписанными. Во главе их стоят эпические и лирические песни. Эта богатая народная поэзия киргизов сохраняется устно, передаваясь от предков к потомкам через певцов-баянов, называемых «джирчиями» (жыршы), «улянчиями» (өлеңші, ақын). Отличительную черту киргизской поэзии составляет лиризм. ...былины более древнего происхождения отличаются и большей содержательностью и красотой стройного стиха», - деп жазды ол. Жырда суреттелген оқиғалардың, ондағы қаһармандардың тарихта алатын орнын және оның ауыздан-ауызға, жыршыдан-жыршыға жетуінде болған өзгерістерге, ерекшеліктерге, жырдың көркемдігіне баға береді.

Әлихан Бөкейхан талантының тағы бір қыры – Әлекеңнің көркем аудармашылығы. Ол көптеген көркем аудармаларды 1922-1927 жылдары КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып жүргенде аударған. Мысалы: 1925 жылы орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстойдың «Қажымұрат», «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы», «Жұмыртқадай бидай»; «Жетпіс жеті мысал» және «Сураг кафеханасы» («Дін таласы»), «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Бір адамға қанша жер керек?» атты әңгімелерін; 1926 жылы В.Г.Короленконың «Баймақан», «Өзі» әңгімелерін; 1927 жылы А.П.Чеховтың «Хамелеон»; В.Г.Короленконың «От»; Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара ханым»; К.Фламмарионның «Қанды жауын»; Г.Маркестің «Қырым сөздері» сияқты шағын әңгімелерінің аудармаларын төңкеріске дейінгі «Дала уалаяты», «Қазақ» газеттерінде және кеңестік дәуірдегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Жас қайрат», «Жас қазақ», т.б. мерзімді басылым беттерінде жариялап тұрған [1. 18].

Әлихан Бөкейхан Еуропаның өркениетті елдері жазушыларының әдеби шығармаларын да қазақша сөйлетті. Мысалы: Ги де Мопассанның «Жарасын алдырған ана», «Симонның әкесі», «Ақсақ кемпір» әңгімелерін сондай-ақ, үнді, түрік тектес және Қырым халықтарының әдеби шығармаларын және Антика дәуірінің әдеби туындыларын да аударған. Көлемі жағынан аудармалары әр қилы, қысқа-қысқа мысал (Толстой мен

Эзоп шығармалары), әңгімелер, көлемді повестер, романдарға дейін кездеседі. Оқу-ағарту мен ғылымның басқа салаларын да қамтитын мектеп оқулықтарын да аударған. Мысалы, Т.Тутковскийдің 102 беттік «Жердің қысқаша тарихын», К.Фламмарионның 225 беттен тұратын «Астрономия әліпбиін», Д.Гравенің 101 беттік «Дүниенің құрылысы» атты кітаптарын қазақ тіліне тәржімалады. Әлихан Бөкейхан осы 5 жыл ішінде «Темірқазақ» атты мәдени-ағартушылық журналының 3 нөмірін шығарған [1. 18].

Қайбір жылдары Ұлттық Ғылыми Кеңесте Әлихан Бөкейханның көптомдығын шығару жобасын қаржыландыру тоқтатылып қала жаздады. Қайраткер Дархан Мыңбай ініміз екеуміз бұл жобаны оңтайлы шешкенімізді қаперге сала кеткім келеді.

Иә, Әлихан Бөкейхан – ұлттың арда ұлы! Ата-бабаларымыз армандаған, Алаш қайраткерлері іргетасын қалап кеткен Тәуелсіздік ұлы тұлғаларымызды тануға мүмкіндік беріп отыр. Өткен жылы ЮНЕСКО аясында 150 жылдық мерейтойы аталып өткен Ұлтымыздың Ұлы Тұлғасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға қарап ой түзендер, бой түзендер, жас ұрпақ!

#### **Әдебиеттер:**

1. Бөкейхан Ә. Тандамалы. Құраст., М.Базарбаев, С.Жүсіпов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 528 б.
2. Казахи о русских...//Общество изучения Средней Азии. – Оксфорд. Англия, 1985.
3. Туземец. Женщина по киргизской былине «Кобыланды». – Ташкент, 1899. «Түркістан уалаяты» газеті, № 9, 20.



## АЗАТТЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ, АЛАШОРДАНЫҢ ҮНІ – «САРЫАРҚА»

**Рамазан А.Ә.,**

*филология ғылымдарының докторы, доцент  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан.*

**Резюме:** В статье исследуются тематика и основные направления газеты «Сарыарқа», которая начала издаваться после февральской революции 1917 года. В статье а так же дается высокая оценка роли газеты в истории казахской журналистики, которая в начале стояла у истоков деятельности областного комитета казахов Семей, а затем и правительства Алашорда.

**Summary:** The article studies subjects and main directions of the "Saryarka" newspaper, which began to be published after the 1917 February revolution. The article highlights the role of the newspaper in the history of Kazakh journalism, which initially was at the origin of the activities of the regional committee of the Semey Kazakhs, and then the government of Alashorda.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін бостандықты, теңдікті ту етіп шыққан басылымдардың бірі – «Сарыарқа» газеті. Газет 1917 жылдың маусым айынан бастап (1 саны әзірге табылмағандығы себепті, нақ қай күні екендігін айта алмаймыз – *А.Р.*) 1919 жылдың қыркүйек айына дейін Семей қаласында шығып тұрды. «Сарыарқа» газетінің 88 саны жарық көрген.

Қазақ халқының «көзі мен құлағына һәм тіліне» айналған «Қазақ» газеті тетелес «Сарыарқа» басылымының шығуын ел-жұртқа қуана хабарлап, құлақтандыру берді: «Семейде шығаруға қам қылып жатқан «Сарыарқа» газетінің» 1 нөмері келді. Газет әзірге жұмасына 1 рет шықпақ. Жылдық хақы 6 сом, жарты жылдығы 3 сом 25 тиын.

...«Сарыарқа» көңілдегідей жақсы. Жолдасымызға құтты болсын айтамыз. Алдырушыларға «Сарыарқаның» адресі: Семипалатинск. Ред.газ. «Сарыарқа»[1].

«Сарыарқа» газеті – қазақ журналистикасы тарихындағы тұңғыш саяси басылым. Газеттің алғашқы сандарынан бастап бостандықтың, теңдіктің мәнін терең ұғындырған, еңсені тіктеп, ел болудың қамына шақырған үндеу сипатты мақалалар мен мемлекет құрылымындағы саяси өзгерістерді талдаған батыл да

терең саяси талдаулар үзбей жарияланып тұрды. Тіпті газет бетінде жарияланған бірлі-жарлы өлеңдердің өзінің саяси реңкі басым болды. С.Торайғыровтың «Сарыарқаның жаңбыры», «Алаш ұраны», С.Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға», «Қаулы», І.Жансүгіровтің «Тілек», Ғ.Қараштың «Алаштың азаматтарына» атты саяси сарындағы өлеңдерінен редакция ұстанымын айқын аңғаруға болады. Газетте басқа тақырыптағы көркем шығармалар басылмаған.

Бірнеше жыл қатарынан үзбей шығып тұрған «Сарыарқа» басылымының бастапқы мақсаты – төңкерістің нәтижесіндегі саяси жағдайларды бұқараға ұғындыру, билікке келген уақытша үкіметке қолдау көрсету, жаңадан құрылған облыстық қазақ комитетінің міндетін түсіндіру болды. Сонымен бірге, елдегі комитет жұмысын жандандыру, құрылтай сайлауына дайындық, игілік қауымы(кооператив), уақ қарыз серіктігі (кредитное товарищество) сияқты ұйымдар құруға жетелеу, земство жайын түсіндіру, азық-түлік мәселесін реттеу сияқты маңызды мәселелер төңірегінде әлеуметті ұйыстыруды газет өз мойнына алды. Семейдегі Қазақ комитетінің программасы да «Сарыарқа» бетінде басылып, халыққа таныстырылды[2]. Комитет өз бағдарламасында сол тұстағы маңызды мәселелердің маңдайалдысы – Автономия алу мәселесін көтеріп, ал осы іргелі ел болуға талпыныста тірек болар – сот ісін, ақша ісін реттеуді қолға алатындықтарын мәлім етті. Қазақтың қазақтығын сақтап қалар – жер мәселесі, дін мәселесі, оқу - ағарту мәселесі де назардан тыс қалмады. Қазақтың марқасқалары – Ж.Ақпаев, Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Б.Сәрсенов, Ә.Ермеков, А.Қозыбағаров, Н.Құлжанов, Н.Құлжанова, М.Малдыбаев, М.Тұрғанбаев, Т.Құнанбаев, Ж.Аймауытов (кандидат), т.б. азаматтардан құралған Семей облыстық Қазақ комитеті өз бағдарламаларының іс жүзінде жүзеге асуы жолында аянбай еңбек етті.

1917 жылдың қараша айында Семейде Алаш партиясының уақытша облыстық комитеті ашылады. Комитетке Ә.Ермеков, Р.Мәрсеков, И.Әлімбеков, А.Қозыбағаров, Т.Құнанбаев, Х.Ғаббасов, С.Дүйсенбин, Ә.Бөкейхан, М.Малдыбаев, Ә.Молдабаев, Б.Сәрсенов сайланады. Комитет төрағасы болып Халел Ғаббасов, қазынашы болып Әнияр Молдабаев, ал құрметті төраға болып Әлихан Бөкейхан сайланған [3].

Дәл осы тұстан бастап «Сарыарқа» басылымының тақырып ауаны өзгеріп, «Алаш» тақырыбы – басылымның негізгі

тақырыбына айналды. Бірте-бірте «Сарыарқа» газеті «Алаштың» шынайы тілекшісіне, ұраншысына айналады.

Газет бетінде «Алаш» партиясының қарекеттері толықтай көрініс тапты. «Алаш» партиясының құрылтай сайлауына дайындық, оған қатысатын депутаттар саны жарияланып отырды. Сайлаудың мәні және дауыс беру реті бір емес, бірнеше рет бұқараға газет арқылы қайталай түсіндірілді. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасының негізі ретінде «Қазақ партиясы «Алаштың» тұтынатын жолының жоспары» басылымның №20 санында жарық көрді.

«Алаш» партиясының мүшелікке талабын редакция былай жеткізді:

«Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген, программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шыннан қайтпайтын, жақындық туысқанына бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, алаш жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін, қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. Алаш партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн»[4].

Ал 1917 жылдың желтоқсан айының 5-13 жұлдызы аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде «Алашорда» уақытша үкіметі құрылып, оның уақытша тұратын орны болып Семей қаласы бекітілгеннен кейін [5], «Сарыарқа» газеті «Алашорданың» үніне айналады. Бұдан кейінгі кезеңде Алаш автономиясын жариялау, оны сақтау үшін қаржы жинап, әскер жасақтау қажеттігі «Сарыарқа» газеті арқылы қарапайым халыққа түсіндірілді. Редакциядағылар әлеумет ісіне де белсене араласып, босқын қырғыз-қазақ, мұқтаж шәкірттер пайдасына ел тарапынан жиналып жатқан жылу жинау ісінен де оқырманды ұдайы хабардар етіп отырды. Алаш қаласындағы аштарға жылу жинайтын кіндік комитет есебі де газет бетінде басылып тұрды. Алашорда үкіметі мен совет үкіметі арасындағы келіссөздер де «Сарыарқа» газетінде жарық көрді. Жалпы Алашорда үкіметі тарапынан істеліп жатқан қарекеттердің бірде-біреуі «Сарыарқа» газетінің назарынан тыс қалмады.

Әрине, Семей өңіріне кең тараған Алаш идеясы, тәуелсіздік идеясы 1905 жылғы «Қарқаралы» петициясынан бастау алатынын естен шығармағанымыз ләзім. Сонымен қатар, «Алаштың» бас идеологы Әлихан Бөкейханның Абайдың інісі Кәкітаймен және баласы Тұрағұлмен достық қарым-қатынаста болып, Семейге жиі ат басын тіреуі – бұл өңірде Алаш идеясының ерте тарауына себепкер болғаны сөзсіз. Ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісі сол идеяның іс жүзінде жүзеге асуына мұрындық болса, сол асыл мұрат – тәуелсіздіктің жаршысы «Сарыарқа» бола білді.

Газеттің алғашқы редакторлары иісі қазаққа мәлім – Райымжан Марсеков пен Халел Ғаббасовтар. Олардан кейінгі редакторлары – Имам Әлімбаев пен Шынже Керейбаевтар болды. Қолымызға тиген сандары бойынша нақты айтар болсақ, алғашқы 2-7, 15 сандарына Райымжан Марсеков, одан кейінгі 11-14, 21, 22, 29-42, 57 сандарына Халел Ғаббасов, ал 16-20, 23-28, 64-74 сандарына дейін Имам Әлімбаев, 75 пен 88 сандар арасына Шынже Керейбаев қол қойған [6]. Алаш қайраткері Халел Ғаббасов пен «Сарыарқа» газетін «Қазақ» газетінің емлесімен шығару мақсатында Орынбордан арнайы келген Имам Әлімбаев басқаларға қарағанда редактор ретінде көбірек қол қойған. Газеттің соңғы редакторы болған Шынже Керейбаев «Сарыарқа», «Абай» басылымдары шыққан Семейдегі Қазақ комитеті баспаханасының бастығы қызметін қатар атқарған.

Газет Семей облыстық қазақ сиезінде газет, кітап бастыруды мақсат етіп құрылған «Теңдік» серіктігінің қаржысына шығып тұрды. Серіктікке қадірменді ақсақалдар, ел ағалары, оқыған азаматтар мүше болған. Шамамен жүздің үстіндегі адам мүше болған серіктіктің жарна көлемі 500 сом мен 25 сом аралығында болды. 500 сом жарна төлеп мүше болғандар: Иемберді Әділов, Мұсатай Молдабаевтар, ал 100 сом төлеп мүше болғандар арасында Садуақас Шорманов, Медеу Оразбаев (Тобықтының байы) және оның үрім-бұтағы Санияз Медеуов, Хайдар Медеуов, Жәлел Медеуов, Ғабдыислам Медеуов, Мұхамедхан Сейітқұлов (ғалым Қайым Мұхамедхановтың әкесі), 50 сом төлеп мүше болған арасында Райымжан Мәрсекөв, Мұқыш Поштаев, 25 сом жарна төлеп мүше болғандар арасында Шәкерім Құдайбердин, Архам Ысқақов, 20 сом жарна төлеп мүше болғандар қатарында Әбікей Сатпаев, Маннан Тұрғанбаев сынды Семей өңіріне белгілі азаматтар болды [7].

Газетке үзбей жазып, белсенділік танытқан авторлар қатарында Сұлтанмахмұт Торайғыров, Тұрағұл Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев, Имам Әлімбеков, Маннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Шайбай Айманов, Биахмет Сарсенов, Мұстақым Малдыбаев, Шаһкәрім Құдайбердиев, Халел Ғаббасов, Смахан Бөкейханов, Саудуақас Шормановтар болды. Жүсіпбек Аймауытов кейде «Жүсіпбек, А.Ж., Сүйіндік баласы» деген бүркеншік есімдермен, ал Мұстақым Малдыбаев кей уақытта «Мұстақым, М. М.» деген бүркеншік есімдермен, сондай-ақ Маннан Тұрғанбаев «М.Т.», Шайбай Айманов кей кезде «Би баласы, Ш.А.», Міржақып Дулатов «Мадияр, М-ЯР», Биахмет Сарсенов «Б.С.» деген бүркеншік есімдермен мақалаларын жариялап тұрды. Әлихан Бөкейханның бірнеше мақаласы «Қыр баласы, Әлихан» есімімен жарық көрді. Ал газеттегі «Мауыт», «Табыт», Р.Н., «Ырғызбай», «Байымбет», М.С., «Жас Алаш», «Жас Қазақ», А.А., Медет, Сұңқар деген бүркеншік есімдердің құпиясын ашу – болашақтың ісі. Ырғызбай – Тұрағұл Құнанбаевтікі болуы мүмкін. Жас алаш бүркеншік есімін пайдаланған автордың саяси сауаттылығы, зияткерлік қуаты, сөз саптауы ерекше назар аудартады. Сонымен бірге, көзі ашық азаматтар, мұғалімдер ел ішіндегі жаңалықтарды газетке үзбей жазып отырды.

«Сарыарқа» газетінің «Ішкі хабарлар», «Ел хабарлары», «Газеттен», «Сыртқы хабарлар», «Тілшілерден», «Россия хабарлары», «Семей хабары» деген тұрақты айдарлары болды.

«Сарыарқа» газетінде баспасөз жанрларының – есеп, заметка, мақала, проблемалық мақала, баспасөзге шолу, репортаж сияқты түрлері толық көрініс тапты. Газет бетінде жарияланған талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі», Байымбет деген автордың «Тұңғыш құрбан» («Абай» журналында да, «Қазақ» газетінде де қатар басылған – А.Р.) репортаждарын қазақ баспасөзі тарихындағы репортаждың жауһар үлгілері санатына жатқызуға болады. Екі репортаждың да қазақ тарихының ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруде деректік маңызы зор. Екі репортаждың да шебер жазылғаны соншалық, бір ғасыр уақыт өтсе де, оқыған сайын дәл оқиғаның ортасында отырғандай сезімде боласың немесе кино ленталары көз алдыңнан жылжып өтіп жатқандай күй кешесің. С.Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі», Байымбет деген автордың «Тұңғыш құрбан» репортаждары – қазақ

журналистикасы тарихындағы мәңгі өлмейтін, «жанды» репортаждардың озық үлгілері. «Жүрекпен жазылған сөз – жүрекке жетеді» дегендейін, бұл репортаждар авторлардың болып жатқан оқиғаны шынайы сезінуінен, шынайы түйсінуінен, жүрекпен жеткізуінен туған ғажайып дүниелер.

Талантты қаламгер С.Торайғыровтың «Әлиханнның Семейге келуі» репортажында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханға деген халықтың ыстық ықыласы, шексіз сүйіспеншілігі толық көрініс тапқан. Автор Әлекеңді қарсы алу барысындағы елдің көңіл толқынысын керемет суреттейді: «...Сөйтіп отырғанда поезды тосып автомобильмен алып келуге жіберген екі кісінің (Мұстақым мен Тарабаев) басы көрініп, күтіп отырған құрметті еріміздің келіп қалғаны білінді. Ал, жұрт қадір кешін көргенде мұндай сүйінбес. Әркім түре келіп, аяқ басқан жерінде қуаныштан бір-екі минут есінен айрылып па, әйтеуір дағдарыңқырап тұрды». Сезімтал ақын тағы да: «Көріністің бәрін жазуға мұршасызбын, әйтеуір, бұл көріністі көрген қазақ қаны еріксіз «Құдай бүгін алсаң да» дегенді көңіліне түсіруші еді» – дейді.

Сондай-ақ бұл репортажда:

Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,  
Қайткенде Алаш көркейер деген ойдан,

Басқа ойды өмірінде малданбаған – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның адами болмысы, азаматтық ұстанымы толық ашылады. Сұлтанмахмұт ақын бірер деталь арқылы Әлихан Бөкейханның қарапайымдылық, сабырлылық, ұстамдылық сияқты адами қасиеттерін шебер көрсете білген:

1. Автомобильден түсіп, аман-сәлем көрсеткен соң доклад оқитын үйдің алыстығына қарамай, халықпен бірге жаяу жүрді. Мұнымен Әлиханнның қайда болса халықпен бірге екендігі, бұрын мың қайтара болса, енді бірнеше қайтара ойланды.

2. Алаш қаласының ақсақалдары келгенін құттықтап, ықыластарын көрсететін сөздер айтқан соң, халықтың ықыласын қабыл алып, айтқаны мынау: «Халық, былай құрмет көрсетулеріңе лайық еңбегім сіңді деп мақтана алмаймын. Сондықтан құрметтеріңе лайық жауап беруге тасырқап тұрмын»[8].

Тәуелсіздік алғалы ұлт көсемі – Әлихан Бөкейханның шығармаларымен таныстық, қазақ үшін жасаған қызметіне азды-

көпті болса да құрмет көрсетіп жатырмыз, ал Әлекеңнің көпшілікке әлі беймәлім адами қасиеттерін танып-білуде С.Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі» репортажы негіз болары сөзсіз.

Газеттің белсенді авторларының біразының журналистік қызметі зерттеліп, бүгінгі оқырманға таныстырылған. Дегенмен, Алаштың белді мүшесі, хакім Абайдың ұрпағы, қаламы қарымды қаламгер – Тұрағұл Құнанбаевтың, Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Х. Ғаббасовтың, қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі, Алашорда оқу комиссиясының бес мүшесінің бірі, А. Байтұрсынұлының сенімді серігі, небары 36 жасында өмірден өткен Биәхмет Сәрсеновтің, Алаштың мүшелері – ұстаз Мұстақым Малдыбаевтың, дәрігер, қаламгер – Шайбай Аймановтың, редактор Имам Әлімбековтердің публицистикалық мұралары зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Газет бетінде жарияланған Т.Құнанбаевтың «Адамдық негізі – әйел» (М.Әуезовпен бірігіп жазған), «Ел қамы» т.б. мақалаларындағы парасатты ойларынан, Жас Алаш деген автордың «Ұлы орыс үстемдігі» атты батыл да терең саяси талдауларынан қазақ журналистикасында жаңа бағыттың қалыптаса бастағанын байқауға болады. «Сарыарқа» газеті авторларының журналистік мұрасын зерттеу, баға беру – болашақтың еншісі деп білеміз.

Қорыта айтқанда, азаттықтың жаршысы, Алашорданың үні – «Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихында алар орны айрықша.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар:Субханбердина Ү. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, – 413 б
2. Оқшау сөз / Сарыарқа, 1917, № 2
3. Алаш партиясы. / Сарыарқа, 1917, № 19.
4. Бұл да сонда.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 477 б.
6. Сарыарқа газеті. 1917-1919 жж., № 2-88
7. Теңдік серіктігі // Сарыарқа, №20
8. Торайғыров С. Әлиханның Семейге келуі // Сарыарқа, №20

## ЭТЮДЫ НА ПОЛЯХ

**Козыбаев С.К.,**

*доктор исторических наук, профессор*

*КазНУ им. аль-Фараби*

*Алматы, Казахстан*

### **Клич**

Все репрессивные режимы - колониальные, имперские, фашистские, тоталитарные, авторитарные - ничего нового в сути своей не открыли. Они похожи друг на друга. Охотно заимствуют схожие стереотипы и императивы. Начинают, как правило, с идеологии.

Лозунг 1925 года на воротах Соловецкого монастыря “Через труд - к свободе!”. Спустя каких-то девять лет его позаимствуют слово в слово в концентрационных лагерях Третьего рейха. И звучит он по-немецки - Arbeit macht frei!

Нацисты, намечая программные установки и цели, неизменно пользовались лозунгами. Их авторы - башковитые идеологи вроде Геббельса. Не надо его как врага считать тупым, таковым он отнюдь не был. Чего стоит растиражированный на пути к всевластию Гитлера его клич: “Один народ, одна страна, один фюрер!”.

Сегодня мир полон идейных задавак. Придумывая очередной агитационный лозунг, задаются ли они вопросом: “А не было ли подобного ранее?”.

### **Представлен, но не получил**

Источником информации нередко является сама пресса. Вот что я выписал из газеты “Ана тілі” (2017, № 45). Коллега Жумабай Доспанов в результате архивных поисков выяснил, что в Великой Отечественной войне участвовали 7700 девушек из Казахстана. Он же (по свидетельству газеты автор многотомника “Казахские офицеры периода Второй мировой войны”) дает прелюбопытную информацию о том, что 338 казахстанцев (из них 183 - русские, 101 - казах) представили во время войны командованием к званию Героя Советского Союза и полных кавалеров ордена Славы трех степеней. Но по разным причинам они не удостоились этих высших наград. Их заменили менее значимыми.



Общественности известны имена четырех дважды Героев Советского Союза - это летчики-казахстанцы Леонид Беда, Иван Павлов (оба костанайцы), Талгат Бигельдинов и Сергей Луганский. Оказывается, к присвоению звания Героя дважды представили и пехотинцев: это командир батальона майор Сагадат Нурмагамбетов и командир роты старший лейтенант Кабыш Коктаев. У первого - уже Героя Советского Союза - время от повторного представления составило чуть более двух месяцев. А вот Коктаев, которого представили к званию Героя дважды (9 августа 1944-го и 4 февраля 1945 года), так и не получил его. Подвиги его заменили орденами Ленина и Боевого Красного Знамени. Добиваться правды было некогда - за 17 дней до окончания войны 23-летний Кабыш сложил голову в боях у немецкого города Зарау.

Представления к высшей награде, как правило, подписывали по очередности командиры полка, затем дивизии, корпуса, командующий армией и член ее Военного совета. На этом пути в условиях боевых действий возникали неувязки различного характера.

Омытая кровью Великая Отечественная хранит еще немало неизвестного. И скромный вклад в ее летопись может внести каждый неравнодушный.

### **Сознанка**

Парадокс. При обилии всевозможной литературы в основном книги в руки не берут. Их заменили душегубы-смартфоны. При дефиците книг (помните недалекое прошлое с ночным стоянием у подписных магазинов и сбором макулатуры на чтиво) народ считал честью стенки квартиры уставлять книжными полками. И гордиться этим как проявлением роскоши.

Нынешним летом управление молодежи акимата южной столицы на аллее парка 28 панфиловцев соорудило специальные внушительные подвесные полки с книгами. Можешь взять безвозмездно любую, но взамен принести свою из дома. Или, почитав тут же на парковой скамейке, вернуть книгу на место. Прекрасное начинание. Но через некоторое время полки вовсе опустели. Внутри собралась шелуха, благая идея не прижилась.

Уяснил для себя два открытия. Первое - все-таки кто-то книгу читает, правда, на халяву. Второе - все, что плохо лежит, прописки не имеет. Будем надеяться - пока. Сознание, конечно, все еще совковое. Да и культуры маловато. Вкупе с совестью.

### **Нежнее пятки**

Пытливости казаха с привкусом смешинки нет границ – шек жоқ. На вопрос “Что такое магнит?” казах отвечает: “Наверное, это красивая женщина”. Сказано это было в далеком 1925 году, когда в степи началось знакомство с этой необычной железкой.

В начале 20-х годов ушедшего века вся казахская письменность и зарождающаяся новая пресса существовала на арабской графике. Сегодня ее могут читать лишь избранные. Потому ценен каждый перевод письма того времени на современный казахский язык, пока еще живущий на кириллице. Что и сделала коллега Алтын Акынбекова с первым номером первого отечественного сатирического журнала “Шаншар” (“Уязвитель”, от трудно переводимого слова “шаншу” - втыкать, колоть. - С.К.). Это издание выходило в 1925 году в Ташкенте. 58-страничный журнал как бы обрел второе дыхание, моя коллега издала его репринтно, с соответствующим переводом, сохранив дух издания и времени.

“Шаншар” - один из журналов алашордынцев. На конференции, посвященной 100-летию “Алаш-Орды”, будучи модератором, провел заодно его презентацию. И в перерыве между выступающими успел перевести на русский язык рекламную заметку того времени из этого издания. Называется заметка “Катын аламын” - “Возьму бабу”.

“Я казах еще тот себе. Русским владею прилично, знаком ни мало ни много с 50 русскими женщинами. Познакомился с ними на различных сходках, они без ума от меня. Для меня сказать им нежное слово - что погладить кроличий мех. Хожу в костюме, галстук снимаю лишь на ночь. Вроде я возрастом около сорока. Не ношу бороды. Подбородок мой нежнее женской пятки. Нос в меру, не длинный, сладострастному поцелую не помеха. Отец сосватал меня в детстве, мне это не по нраву. Все равно кто будет моя избранница: казашка, русская или ногайка. Бәрі бір. Лишь бы была ученой. Ценю женщину за статью, голос и запах. Свадебных затрат не боюсь, если что, займу. Желаящие связать брачные узы могут списаться через журнал. А так прямой мой адрес: город Албасты (Дьявол), улица Сцмырай (Подонок), напротив коровника муллы Оспана дом навозомешателя”.

Таковыми были юморинки того времени. А реклама спустя почти век вполне современная.

### **Не по понятиям**

Детей снимать на фото - просто удовольствие. Вся их непосредственность на виду. Они везде одинаковы: любопытные не в меру, с блеском в глазах. К взрослым это не относится, блеск у них давно угас.

Память должна быть длинной. Это у бабочек жизнь короткая, и память их потому короткая. А у людей жизнь вроде длиннее.

Что же в памяти у нас наспех? Раздавил подошвой живность. Неумышленно. И чувствуешь, будто сделал нехорошее.

А тут отец душит своих детей-близняшек. Ему якобы они мешали спать. В Алматы на днях судили такого.

Вешать и вешать надо бы таких. На худой конец, использовать электрический стул. Одно знаю: гадкое надо рубить на корню.

Блеск детских глаз. Лишь это достойно памяти. А укор, как часть ее, для убийц? Увы, неведомое понятие для них.

### **Спокойствие**

Для жизненного тонуса лучше всего читать ура-патриотическую прессу. Хотя палитра не полная, но вполне достаточная. Прочитал в "ЭК" (2017, 28 ноября) информацию, от которой впал в очередной ступор. Разговор все о том же рейтинге стран - кто впереди, а кто плетется. Верить или не верить - личное дело каждого. Но на сей раз и повода для сомнения вроде никакого - ссылка на сайт Всемирного экономического форума, где есть список государств с самыми опасными преступными группировками (ОПГ). Наша страна оказалась в начале шестого десятка, между Арменией и Словакией, - 63-е место.

А где бандиты свирепствуют? Все в той же Латинской Америке, в первую десятку попали Сальвадор, Гондурас, Колумбия, Перу, Гватемала, Венесуэла, Ямайка. Отдыхать там не советовал бы.

Есть повод успокоиться - в числе наименее безопасных и Украина. Чего, впрочем, ерничать. Спокойствие - оно и в Омане спокойствие. Эта страна, кстати, возглавляет список, где об ОПГ почти не помнят. Подтверждаю как человек, некогда побывавший там.

УДК.: 821.512.122(091): 008

# XX ҒАСЫРДАҒЫ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ (М.О.ӘУЕЗОВТИҢ ЗОЯ КЕДРИНАМЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Пірәлі Г.Ж.,**

*«Әуезов үйі» ҒМО-ның*

*бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.*

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы, Қазақстан.*

*Piralieva58@mail.ru*

**Түйін:** Қазіргі ақпараттық заманда жеке адамның көңіл –күйін, бір мәселе тұрғысындағы пікір –пайымын түсіретін хат жазу дәстүрі кеміп, бұрындары зиялы ортада хаттар арқылы кеңінен дамыған мәдени пікіралмасу, әдеби пікірталас, сұхбаттар сиреді. Хаттар-диалогтар әлемі екендігі даусыз. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеттануында Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларын зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады. Және ол әлі кеңінен ғылыми мәселе ретінде қарастырылмаған нысана.

Негізінде жазушының жеке өмірінен шығармашылық өмірбаяны орбитінін еске алсақ, жеке тұлғаның тағдырына, өміріне, отбасына, әрбір кезеңдердегі өмір белестеріне де бейғам қарауға болмайтыны белгілі. Олардың бәрі қазақ әдебиеті үшінде үлкен рухани құндылықтар, эпистолярлық мұра, мәдениет. М. Әуезовтің шығармашылығын тарихи-әдеби зерттеудегі қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін осы тұрғыдан танып, талдауға тура келеді. Мақалада М.Әуезов пен З.Кедрианың бір-біріне жазған хаттары негізінде екі тұлғаның жеке тағдырына қатысты ғана құнды деректер ғана емес, ол қазақ және орыс әдебиеті арасындағы белгілі кезеңдегі (кенестік) күрделі шығармашылық байланыстан, рухани өмірден, сөз өнері тарихынан да көптеген құнды мәліметтер аламыз.

**Кілт сөдер:** әдебиет, автограф, эпистолярлық мұра, мәдениет, тұлға, сын.

## ВОПРОСЫ КУЛЬТУРЫ И ИНТЕРПРИТАЦИИ ЭПИСТОЛЯРНОГО НАСЛЕДИЯ XX ВЕКА (НА ОСНОВЕ ПЕРЕПИСКИ М.О.АУЭЗОВА С ЗОЕЙ КЕДРИНОЙ)

**Резюме:** Процесс вытеснения письма другими связи, начавшийся еще в конце XIX в. С развитием сети железных дорог, появлением телеграфа и телефона, в наше время осуществляется особенно интенсивно: все более популярным становится общение через интернет,

посредством технологий. По своей сути отличающееся примитивизмом, не располагающее к пространным и глубоким рассуждениям в интеллектуальной среде культура письма все-таки сохраняется. В статье рассматривается ценности эпистолярного наследия и исследование этого жанра в творчестве М.Ауэзова актуально и находится в русле проблем современного ауэзоведения.

Глубокая значимость публикуемых писем заключается в том, что читательская аудитория имеет возможность впервые ознакомиться с доселе неизвестными, глубокого личностными его размышлениями, содержание щимися в посланиях к своему соратнику и другу Зое Кедринной. Высказанные им оценки видных представителей культуры Казахстана и других республик, входивших в бывший Союз, имеют непроходящую ценность и связи с тем, что времена предстваленные в публикуемых письмах, имя М.О.Ауэзова, великого писателя и общественного деятеля, пользовалось непререкаемым авторитетом далеко за пределами его родного Казахстана

**Ключевые слова:** литература, автограф, эпистолярное наследие, культура, личность, критика.

#### **CULTURE AND INTERPRETATION PROBLEMS OF EPISTOLARY HERITAGE OF THE TWENTIETH CENTURY (BY CORRESPONDENCE M.O.AUEZOV WITH Z.KEDRINA)**

**Abstract:** The process of writing the other displacement connection, which began in the late nineteenth century. At its core, characterized primitivism, not condusive to a lengthy and deep reasoning in the intellectual environment writing culture still persists. The article discusses the value of the epistolary heritage and study of this genre in the works M.Auezov overdue and be in line with the challenges of modern Auezov.

The deep significance of the published letters is that the readership has the first opportunity to get acquainted with a hitherto unknown deep personal reflections of its content schimisya in letters to his colleague and friend Zoe Kedrina. Expressed their assessment of prominent representatives of culture of Kazakhstan and other former republics of the former Union are not passing value and due to the fact that the times predstvalennye in published letters M.O.Auezov name, the great writer and public figure, enjoyed unquestioned authority far beyond his native Kazakhstan.

**Key words:** literature, autograph, epistolary heritage, culture, personality, criticism.

Тегінде тарихи әрі шығармашылық тұлғалардың эпистолярлық мұралары олардың жеке адами қасиеттері, кісілік келбеттері, бір отбасындағы және жақын араласқан адамдары арасындағы қарапайым пенделік тіршіліктерден де сыр тартады. Ұлы тұлғаның әке, сүйген жар, әріптес ретіндегі бейнесі, ішкі жан дүниелеріндегі жеке бастың сырлары мен нәзік толғаныстары хат мәтіндерінде кеңінен әрі терең танылады. Сол сәтте сырт кісіге арналмағанымен кейін ұлтымыздың рухани игілігіне айналған бұл мұралардан жазушының сол кездері толғатқан, мұңайтқан, тіпті түңілткен тұстардағы көңіл-күйлері де байқалып отырады. Әсіресе М.Әуезовтің эпистолярлық мұрасы сол кезеңдері кеңінен қолданылған хат жазу – тек қана хабар алмасу немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, ішкі құпия ойлардың ашық айтылар алаңы, жанына жақын адамына шағынар жан сыры, жана азабын, жан айғайын, үлкен аудиторияларға айтыла бермейтін ішкі сырларды бүкпесіз емін – еркін ақтаратын да сәт. Сондықтан да жеке адресаттарға арналған эпистолярлық мұралар мәтіндерінде сезімдік-эмоционалдық, психологиялық баяндаулар басым болатыны да табиғи заңдылық. Жазушының жеке адами қасиеттері терең танылатын, нәзік ашылатын эпистолярлық мәтіндер бізге жазушының өзінің жан әлемі мен оның отбасы мүшелерінің де, әріптес достарының да, кісілік келбетін, «Задачи изучения автографов многообразны. Во-первых – это задачи чисто исторического обследования материала. Изучение документов дает возможность определить время и обстоятельства их возникновения. Время определяется датой, водяными знаками бумаги, характером почерка, положением автографа среди других автографов. Все эти показаны не абсолютны, и требуется тщательное изучение документа для определения их значения», – деп пушкинтанушы ғалым, көрнекті ресей әдебиеттанушысы Б.В.Томашевский өзінің «Пушкин работы разных лет» атты іргелі еңбегінде атап көрсеткеніндей ұлы шығармашылық тұлғалардың эпистолярлық мұраларын зерттеуде әрбір қолтаңбаның жазылу, хатқа түсірілу сәтінен бастап оның иесінің сол сәттегі көңіл-күйі, мәтінді жазудағы мақсат, міндеті, мерзімі, т.б сияқты құнды даталық деректерді анықтап, сол кезеңнің әдебиеті, мәдениеті туралы терең түсініктер алуға болады [1, 32]. Мұхтар Әуезов пен Зоя Кедринаның бір-біріне жазған хаттарына бүгінгі жаңа ұрпақтың көзқарасы арқылы интерпретация жасау арқылы біз ХХ

ғасырдағы әдеби әлемдер туралы әңгімелерден, сол кезеңнің уақыт пен кеңістік категорияларынан және саяси, рухани, мәдени құндылықтарынан мол хабардар бола аламыз. Бүтін бір кезеңнің эпистолярлық мәдениетін тануға мүмкіндік беретін бұл хаттар мәтіндері ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет ғылыми және әдеби айналымға ілініп, ғылыми тұрғыдан талданып, зерделеніп отыр.

Кез-келген эпистолярлық мұра жазушының өмірбаянымен өзектесіп, оны қоршаған ортаны кеңірек тануға, сол кезеңдердегі әдебиет мәселелерінің екі тұлға арасында қаншалықты дәрежеде даулы дискурсқа, пікірқайшылықтарына себепкер болғанын білуге бастау болады. Осы ретте екі ғылыми-тәжірибелік міндеттер алға қойылады. Бірі – қолжазбаларды механикалық түрде, яғни сол қалпында оқып, түсіну, палеографиялық талдау және жариялау болса, 2-сі эпистолярлық мәдениет мұраларын-филологиялық және әдеби тұрғыдан тереңдете талдап, зерттеуші тарапынан интерпретация жасау болып табылады.

Бұл жерде мәтінді механикалық, яғни сол қалпында қабылдап жариялауда, оғаны ғылыми түсінік беруде көбінде түрлі болжамдар, (конъектуралық догадка) емеуріндер болуы табиғи заңдылықтар. Тек олардың арасындағы шекаралық шектеулерден гөрі бірін-бірі толықтыру басым түсіп жататынын да жасырын емес. Жазушының жеке өмірінен шығармашылық өмірбаяны өрбитінін еске алсақ, жеке тұлғаның тағдырына, өміріне, отбасына, әрбір кезеңдердегі өмір белестеріне де бейғам қарауға болмайтыны белгілі. Олардың бәрі қазақ әдебиеті үшін үлкен рухани құндылықтар, эпистолярлық мұра, мәдениет. М. Әуезовтің шығармашылығын тарихи-әдеби зерттеудегі қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін осы тұрғыдан танып, талдауға тура келеді.

М.Әуезов пен З.Кедринаның бір-біріне жазған хаттары екі тұлғаның жеке тағдырына қатысты ғана құнды деректер емес, ол қазақ және орыс әдебиеті арасындағы белгілі кезеңдегі (кеңестік) күрделі шығармашылық байланыстан, рухани өмірден, сөз өнері тарихынан там-тұмдап дерек беретін ғылыми дәйек те. Бір дәуірдің шығармашылық үдерісін қамтитын Зоя Кедринаның М.Әуезов пен оның жұбайы Валентина Николаевна Әуезоваға жолдаған хаттары шын мәнінде мұхтартану саласындағы эпистолярлық маңызы зор мұралар болып табылады. М.Әуезов мұражайындағы № 376 папкада (38 қорап) сақталған

З.С.Кедринаның хаттары осы күнге дейін басылымдарда жарық көрмеген. М.Әуезовтің «Шығармаларының елу томдық толық жинағындағы 50-інші томында ұлы суреткердің З.Кедрина мен оның жұбайы А.Н.Пантиелевке жазған хаттарының толық мәтіні алғаш рет жарияланып, оқырмандарға ұсынылған болатын [2, 32]. Ал, көрнекті орыс әдебиетшісі, сыншы, ғалым, аудармашы Зоя Сергеевна Кедринаның оларға жазған жауап хаттары көбінде Валентина Николаевнаға жолданғандықтан болар, сол кісінің жеке құжаттарымен бірге жазушының жиен немересі Диар Асқарұлының қолында болған. Бүгінде мұражай қорына қосылған бұл хаттар № 376-шы папкада сақтаулы.

М.Әуезовтің эпистолярлық мұрасының көлемді бөлігі ерлі-зайыпты Зоя Сергеевна Кедрина мен Алексей Наумович Пантиелевке жазған хаттарынан тұратын болса, орыс әдебиеттанушылары, қос бірдей аудармашылардың да, әсіресе Зоя Кедринаның М.Әуезов пен оның жұбайы Валентина Николаевнаға жазған хаттары да баршылық. 1932 жылы Алматыдағы «Мұғалімдер қалашығы» деген демалыс үйінде («Учительский городок») М.Әуезовпен бірге Г.Жансүгіровтың «Дала» поэмасын аудару кезінде басталған алғашқы таныстығы кейін отбасылық шығармашылық шынайы достыққа ұласқаны ақиқат [3]. Бұл мәліметтер Зоя Кедрина мен Мұхтар Әуезовтің әріптес ретінде пікірлес, сырлас, жанашыр дос ретінде араласуына, хат алмасуларына арқау болған өмірлік, әдеби фактілер.

Ал, Зоя Кедринаның хаттарында үнемі объект болып жүретін жанның бірі – Абель Наумович Пантиелев (1913-1977) – орыс жазушысы, аудармашы. З.Кедринаның жолдасы. Мұхтар Әуезовпен тығыз шығармашылық қарым-қатынаста болып, «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Түнгі сарын», «Өскен өркен», «Қилы заман» шығармаларын жоғары деңгейде орыс тіліне аударған.

«Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағының 50-інші томдағы «М.Әуезов – жеке адамдарға» деген тарауда суреткердің З.Кедринаға хаттарының мәтіні № 85-тен басталып № 92 мен аяқталады [2, 224].

1-ші хаты №85 – 18.08.1951 жылы, 2-ші хаты №86 – «З.Кедрина мен А.Пантиелевке» 16.XII.1957 жылы жазылған. 3-сі № 87 – жылы, датасы жоқ, 4-сі № 88 – 1957 жылдың 1 тамызы делінсе, 5-сі № 89 – 1957 жылы 4 қыркүйекте, ал 6-шы хаты №



91 – деп нөмірленіп, 1959 жылы 27 шілдеде Шолпан-Атадан жолданған. № 92-ші жетінші хатының датасы көрсетілмеген. Томдағы хаттарға ғылыми түсініктер берілмеген. Әрбір хатта есімдері аталған тұлғалардың өмірбаяндары, екі тұлғаға қатыстылығы, лауазымдары туралы шағын деректер бар. Жазушы хаттары тек қана тарихи дерек емес, ол кез келген тұрмыстық жазба ескерткіштерден, мұрағат жазуынан, тіпті басқа да эпистолярлық жазбалардан өзіндік ерекшеліктерімен оқшау және көркем әдебиетке етене жақын.

Ал, М. Әуезовке жазылған хаттарды мұқият жинап, мұражайға өткізудегі суреткердің жұбайы Валентина Николаевна Әуезова мен Ләйла Мұхтарқызының еңбегі елеулі. Әсіресе, Зоя Кедринаның бүкіл хаттары Валентина Николаевнаға бағытталып жазылғанымен, оның сыртында үнемі ұлы Мұхтардың елесі тұрады. Қазақ және орыс әдебиетінің кеңестік кезеңіндегі тарихы, сол кездің әдеби үрдісі, екі ел әдебиетінің шығармашылық байланысы, жеке тұлғалардың қарым-қатынасы бұл хаттар мәтінінің маңызын арттыра түседі. Жазушының хаттары ондағы адресатпен дискурсқа, өзара пікірталастарға құрылып отырады. Суреткердің сол кездегі көңіл күйі, психологиялық пошымы, эмоциясы мәтіндегі сөз ырғақтарынан, ритмдік реңнен байқалады. Ұлт әдебиетіндегі ерекше көркемдік рухани құбылысқа айналған жазушы хаттары сол кезеңдегі шығармашылық процестен мол мәліметтер береді.

Сол кездері жазылып, жолай орысшаға аударылып мерзімді баспасөздерге жарияланып жатқан «Абай жолы» роман эпопеясы айналасындағы күрделі әрі күрт қарқынмен атқарылып жатқан шығармашылық жұмыстар бірде шұрайлы болса, бірде шырайы кеткен кикілжіндерге толы болып, дау-дамайға, дүрдараз арыздыққа ұласып кететін тұстарын да бізге осы эпистолярлық мұралар мәтіндері мәлімдейді [4, 9]. «Елдестіркем елшіден» дегендей екі елдің арасындағы рухани алтын көпірді аласартпай, адалдықпен алып жүруге тырысатын Зоя Кедринаның жанкешті жанашырлығы, кейде екі оттың арасында қалып қапаланған сәттері, өзге де көңіл-күйлері бәрі де осы хаттар мәтіндерінде мольнан орын алған.

Зоя Кедрина мен Абель Наумович Пантиелев Мұхтар Әуезовтің тек қана аудармашысы, отбасылық достары ғана емес әрқашанда адал ой-пікірлерін білдіріп, жанашыр тілегін орындайтын таза сыйластықтағы жандар болғаны белгілі. Оны

Мұхтар Әуезовтің Зоя Кедринаға жолдаған хаттарындағы өтініштер де айғақтай алады. Мәселен, № 92 хатында (датасы көрсетілмеген) «Алуа» пьесасының сценарийін «Советская женщина» журналының редакциясы (Чудновский мен Вера Смирнова) жариялауға сұрап отырғанын, оның мәтінін өзі аударғанын, алайда оның жолма-жол әдеби аудармасының сапасының қандай дәрежеде екендігін оқып, шынайы пікірлеріңді білдірсеңдер деген өтініші дәлелдесе керек: «... Другая моя просьба к тебе, Зоя, вот о чем. Я на днях пошлю тебе подстрочный перевод своего литературного сценария. Пусть прочтет и посудит о нем и Абель Наумович....А тебя тогда прошу после своих телеграфных сношений с ними стать покровительницей, благожелательной тетей для моей героини Алуа....

تارال (taral), سالسا (salsa), ال (al).
27. م، م، م : M  
مول (mol), الما (alma), شام (şam), تام (tam).
28. ن، ن، ن : N  
اسان (Asan), نان (nan), ون (on).

1914 ve 1928 alfabetini, mukayesenin kolay olması açısından harfler aynı sırayla ve aynı örnekler ile vermeye çalıştık.

## **Ahmet Baytursinođlu, bu alfabeyi hazırlarken řu prensipleri esas almıřtır:<sup>9</sup>**

1. Arap Alfabesinde kırk üç sese karřılık gelen harf yoktur. Diđer milletlerin alfabelerini de Kazak Třrkleri kabul etmemektedir. Sebebini ise Ahmet Baytursinođlu řoyale ađıklamıřtır; “Arap Alfabesi Kazak Třrkleri arasında din ile yayılmıřtır. Din ile yayılmıř bir alfabeyi kaldırıp yerine bařka bir alfabeyi kabul etmek zor iřtir.” der ve bu yřzden Arap harflerini ıřlah ederek Kazak seslerine uygun hāle getirmeye alıřmıř ve 1928’de son ıřlah alıřması ile bařarmıřtır.

2. Dřnya ęzerindeki břtřn dillerin kanunları olduđu gibi Kazak Třrkesi’nin de belli kanunları vardır. Alfabeyi imlāyı ıřlah ederken bu kurallar břtřnřne bađlı kalmak gerektiđini dřřřnmřřtřr.

3. Alfabeyi dřenlenirken her sesi ayrı bir harf ile gřstermek gerektiđini dřřřnmřř ve uygulamıřtır. O, bu gřrřřnřnř 1914’de gerekleřtirdiđi ıřlah ile tam anlamıyla bařaramamıřtır. Fakat 1928’de bu gřrřřnřnř tam anlamıyla gerekleřtirmiřtir.

4. Bir kelimenin sřylendiđi gibi yazılması gerektiđini yani kelime iinde hangi ses iřtilirse o sesin yazılması gerektiđini vurgulamıřtır. Bunu temel kanun olarak nitelendirmiřtir. rnek vermek gerekirse; Kazak Třrkleri 1950’lere kadar Orenburg řehrine Orınbor demektedir. Gřnřmřzde Orenburg demektedirler. Bu sřyleniřin gerekleřmesindeki en břyřk etken Kazak Třrklerinin ok břyřk bir kısmının Ruřayayı ana dili gibi konuřmalarından kaynaklıdır.

5. nlřlerin kelime bařında, ortasında ve sonunda yazılıř kaidelerinin belirlenmesi gerekmektedir.

6. Arap Alfabesi Arapanın seslerini karřılamak iin icat edildiđinden dolayı Kazak Třrkesi’nin seslerini karřılamaya yetmemektedir. Bu durum da gayet normaldir. Bu durumda harfe bađlı kalınıp dil bozulmaz, dile bađlı kalıp harf deđiřtirilir.

## **Sonuç**

20. yřzyılın bařlarında dřnyada bir dizi deđiřim ve dřnřřřm yařanmıřtır. Bu deđiřim ve dřnřřřmler Třrk’řn yařadıđı her yerde etkilerini gřstermiř, bu cođrafyaları derinden etkilemiřtir. zellikle Rusya’da meydana gelen 1905 Meřrutiyet İnkılābıyla ortaya ıkan

---

<sup>9</sup> Tamir, Ferhat, (2008), Ahmet Baytursinođlu ve Arap Alfabesinin İřlahı, Dil Arařtırmaları Dergisi, S.3, s.32(Bu prensipler eklemelerimiz dıřında dipnot olarak verilen makaleden alınmıřtır.)

nisbî serbestlikten diğerk Türk boylarının aydınları faydalandığı gibi Kazak aydınları da faydalanmıştır.

Türkistan bozkırları bu süreci Usûl-i Kadîm'den ve Usûl-i Cedît'e geçmenin sancılarını hissederek başlatmış, "Dilde, fikirde, işte birlik" şiarıyla yola çıkan Gaspıralı İsmail Beyin kandili tüm Türk dünyasını aydınlatmıştır. Sarı Arka<sup>10</sup> da bu aydınlanma hareketinin bayraktarlarından biri olan Ahmet Baytursinoğlu, bu süreçte Kazak Türkçesinin Arap harfli alfabetini ve imlâsını tespit etmiştir. Tespit ederken de Gaspıralı İsmail Beyin Usûl-i Cedît metotları kendisine yol göstermiştir. Bu metotların ona yol gösterdiğini ise yazmış olduğu ilk kitaptan yani Oquw Quralı "Usûl-i Savtiyye Colimen Tertip Etilgen Kazakça Elifbâ" ( Ders Kitabı, Usûl-i Savtiyye Yolu ile Tertip Edilmiş Kazakça Alfabe)dan anlamaktayız. Bu kitapta Usûl-i Savtiyye'den yararlanıldığı gibi okuma ve yazma öğretimi için de Usûl-i Tedricî'ye de doğrudan uyulmuştur. 1928'de yayınlanan Âlib-Biy Jaña Qural adlı kitabında da bu iki usulden yararlanmıştır.

Onun ilk ıslah kitabı, Kazak Türkçesinin ilk imlâ ve alfabe kitabıdır. O bu eserinde, Arap Alfabetini ve Çağatay (Türkî) yazı dili imlâsını ıslah ederek Kazak Türkçesinin ses yapısına uygun hale getirmiştir. Bu kitap Ahmet Baytursinoğlu tarafından 1928 yılına kadar daha da geliştirilerek tekrar tekrar basılmıştır. O dönemde yaşayan Kazak Türklerinin büyük çoğunluğu bu kitap ve türevi sayesinde okumayı ve yazmayı öğrenmiştir. Bu kitap sayesinde Kazak Türkleri arasından okuma ve yazma oranı ve Kazak Türkçesi ile kitap basımı artmıştır.

Yrd. Doç. Dr. Ferhat TAMİR'in 2008 yılında yayınladığı "Ahmet Baytursinoğlu ve Arap Alfabetinin Islahı" adlı makale ile bu makale arasında doğrudan doğruya bir bağlantı bulunmaktadır. Ancak adı geçen makale Ahmet Baytursinoğlu'nun 1914 ıslahını kapsamaktadır. Biz bu yazımızda hem 1914 ıslahına değinmekteyiz hem de 1928 ıslahına değinmekteyiz. Bu sebeple bu makale ile Yrd. Doç. Dr. Ferhat TAMİR'in makalesi birbirini tamamlar niteliktedir.

### **Kaynaklar**

Baytursinoğlu, Ahmet, (1912), "Cazuw Tártibi" Aykap, S.4

Baytursinoğlu, Ahmet, (1912), "Cazuw Tártibi" Aykap, S.5

Baytursinoğlu, Ahmet, (1914), Oquw Quralı "Usûl-i Savtiyye Colimen Tertip Etilgen Kazakça Elifbâ", Orınbor, s.1-35

Baytursinoğlu, Ahmet, (1928), Âlib-Biy Jaña Qural, Qızıl-Orda.

---

<sup>10</sup> Sarı Arka : Kazak toprakları.

NURĠALIYEV, Rımġaliy; "Alıp Byterek", Aqjol, Almatı 1991, s. 3-14.

Samırat Kekişev, Ahan Turalı Akikat, Almatı, “Şapagat”, 1992.

Tamir, Ferhat, (1993) Maġcan Cumabayef leñderi, Trk Kltrn Arařtırma Enstits, Ankara, s.204-209

Tamir, Ferhat, (1998), Trk Dnyası El Kitabı C.IV, Trk Kltrn Arařtırma Enstits, Ankara, s.435-436

Tamir, Ferhat, (2008), Ahmet Baytursinoġlu ve Arap Alfabesinin Islahı, Dil Arařtırmaları Dergisi, S.3, s.27-33

## АЛАШОРДАНЫҢ СЫРЛЫ ШЕЖІРЕСІ

**Аманқос Мектеп-тегі,**

*алаштанушы-ғалым*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы, Қазақстан*

Ұлыттық ой-санамызды жоғары белеске көтерген, рухани жәдігеріміздің бірі «Сарыарқа» газетінің шыға бастағанына биыл маусым айында 80 жыл толады [*Бұл зерттеу 20 жыл бұрын жарияланса да, ешбір жинаққа енбеген. Ғылыми маңызын ескеріп, жарыққа шығуын мақұл көрдік – А.Мек.*]. Иншалла, бақ қонып, заман ыңғайы оңынан туып, ұлыттық саяси тізгінімізді қолымызға алғалы өрісіміз кеңіп, ырысымыз келіп жатыр! Бұл ретте Сарыарқаның саумал ауасын жұтқандай рухани жан дүниемізді селт еткізіп, сергіткен газет хақында көмейге іркілген пікірімізді ақтарудың сәтін Тәңірім енді салғандай. Үстіміздегі ғасырдың басындағы саусақпен санарлық мерзімді баспасөздің арасында шыр етіп дүниеге келісімен ұлыттық талап-талғам үдесінен шыққан газетке өкініштісі, тарихи әділ баға беріліп, байыпты талдау, білікті зерттеу жасалмай саясаттың ықпалымен белден басып, жала жапқан «Сарыарқа» газеті саф алтындай құндылығымен ұлытымыздың рухани игілігіне қайта айналды. Қазақтың төл мерзімді баспасөзінің сәби шағында аяғын апыл-тапыл басқан «Сарыарқаның» жүріс-тұрысында, мінез-кұлқында туа сала ерте есеюдің белгісі бірден байқалды. Бұл да зерттеуді қажет ететін газеттің бір ерекшелігі. Газеттің тіл тазалығы, баспасөзге тән жанрлық, стильдік ерекшелігінің қалыптасуы, ұстанған саяси-әлеуметтік бағыт-бағдары, көздеген

идеялық нысанасы һәм көтерген мәселелерін тарихи маңыздылығына орай қоғамдық ғылымдар саласы тұрғысынан жанжақты зерттеу нысанына айналуы әбден лайық. Өйткені Қазақстан Республикасы да қазір жер жаһандағы іргелі мемлекеттер Англия, Франция, Жапония сияқты өз алдына дербес саяси құқықты субъекті. Сондықтан бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген заңдар мен ережелерді басшылыққа ала отырып, ұлыттық идеологиямызға сәйкес жаңаша методологиялық-әдістемелік тұрғыдан ғылыми зерттеудің мәні ерекше зор.

Алайда кенес дәуірінде қалыптасқан қисындар мен қағидалардың бәрі бірдей бұзылып, ұлыттық ой-санамызың талап деңгейі өз үдесінен шығатындай дәрежеде қайта қаралып, ғылыми сүзгіден өтіп, түбегейлі зерттелуі үшін уақыт керек. Десек те кезінде түрлі себептермен қағажу көрген жеке тұлғалар мен көне мұраға, тыйым салынған тақырыптарға жол ашылып, өнікті жазыла бастады. Осы ретте «Сарыарқа» газетін, оған қалам қайратымен қызмет еткен ұлыт зиялыларының сол дәуірдегі дүниетаным көзқарастары арқылы қазақ қоғамындағы қалыптасқан саяси-әлеуметтік, мәдени рухани хал-ақуалын тереңірек айқындауға мүмкіндігіміз туып отыр. «Сарыарқа» газеті хақында Алаш қозғалысына қатысты жарияланымдарда ара-кідік тілге тиек етілгенімен, арнайы зерттеліп, көпшілік қауымға үні толық жете қоймаған басылым. Аталған мерзімді баспасөз 1917 жылы маусымның 15-нен бастап аптасына бір рет Семей қаласында шығып тұрды. Оның ұстанған бағыт-бағдары мен мақсат-мүддесі «Қазақ» газетінің сөзімен айтқанда «халыққа басшылық ету, жаңа тәртіпті халыққа жете ұғындыру, жаңа шыққан заң-законды жариялау, өнер-білім, тіршілік-шаруа жайынан толық мағлұмат беру, земство һәм учредительное собрание жайымен жұртты таныстыру һәм бұл туралы жолбасшылық ету» болды.

Жалпы «Сарыарқа» туралы азын-аулық бұған дейін жарияланған мәліметтердің басын құрап, жинастыра келе, оның өмір сүрген уақыты жайлы даулы пікірлерге тап болдық. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» атты Үшкөлтай Субханбердинаның мазмұндалған библиографиялық көрсеткішіндегі сөз болып отырған газеттің мақалалары мен хат-хабарларына көз салсақ, ғалымның айтары басылымның 1917–1918 жылы шығып тұрғандығы. Өйткені көрсеткіште берілген материалдар газеттің 1918 жылғы 29-шы санына дейін ғана қамтылады. «Бодан елдің санасына

тәуелсіздік рухын сіңіріп жұртты оятқан «Қазақ» газетімен үндес, бағыттас бұл басылым 1917–18 жылдары Семей қаласында шығып тұрған»<sup>1</sup>, – деп бұл пікірді нақтылай түседі. Бір қызығы, дәл осы аталған еңбектің 83-бетінде «Сарыарқа» газетінің 1919 жылғы 20-ақпанда шыққан 70-санында «Жас азамат» газетінің тарихына байланысты мәлімет берілген Жүсіпбек Аймауытұлының «Газет, журнал оқушыларға» деген мақаласынан сілтеме жасалып, зерттеушілер пікірлеріне қайшы келетін дерек көзін жылт еткізгенін өздері де байқамай қалғандай. Сонымен «Сарыарқа» қай уақытқа дейін өмір сүрген?!

Бұл жөнінде баспасөз тарихына көбірек көңіл бөлген ғалым Бейсенбай Кенжебаев «Сарыарқа» Семейде жетісіне бір, екі рет 1917 жылдың маусым айынан 1919 жылдың мамырына дейін шығып тұрды» – деп жазды. «Сарыарқаға» қатысты соңғы жылдардағы жарияланымдардың арасында кеңестік таным-түсініктің көзімен қарап, әлі де болса, бойға сіңірген «ескі әдеттің» екпінімен қабылдайтын һәм пайымдайтын төмендегідей қисынға құлақ түріп көрелік: «Саяси ағымдағы күрестерге толы сол бір қиын жылдарда ұлыттық баспасөзде де әртүрлі ауытқушылықтар болды. 1917 жылдың сәуір айында қазақтың буржуазияшыл ұлытшылдар тобы Семейде комитет құрып, Уақытша үкіметтің жоғын жоқтады... Сол жылы Алаштың «Сарыарқа» атты газетінің тұңғыш нөмірі жарық көрді. 1918 жылы өкіметті өз қолына алған Семей Совдепі арнайы шешім қабылдап, аталған газетті контрреволюциялық орган деп танып, оны жабу жөнінде арнайы шешім қабылдады. Бұл ретте ең алдымен алашордашылардың «Қазақ» газеті жабылды да «Сарыарқа» газетін жабуға кейбір жағдайлар бөгет болды. Өйткені, бұл газеттің редакторы (*Халел Ғаббасұлын айтып отыр – А.Мек.*) Совдептің мүшесі еді және Совет большевиктері қазақ комитетінің интеллигенттерімен арақатынасты бұзып алмау мақсатымен газетті жабу мәселесін кейінге қалдырған. Тек, май айының ортасында ғана... «Сарыарқа», «Халық сөзі» газеттерін және «Абай» журналын жабу жөнінде шешім қабылданды... Кейіннен өкімет ақгвардияшылар қолына көшкен кезеңде бұл газеттер қайта жаңғырып, 1919 жылдың декабрь айына дейін үзбей шығып тұрды»<sup>2</sup>.

Орталық Ұлыттық кітапхананың Сирек кездесетін қолжазбалар қорынан кездестірген, қолда бар түпнұсқа тек қана 1917 жылғылары мен 1918 жылғы үш-ақ саны /№27, №28, №29/

болғандықтан біз жоғарыдағы пікір алалықтарының қайсысы дұрыс-бұрыстығына нақты жауапты кесіп айта алмаймыз. Алайда соңғы кездері жарық көре бастаған ғалымдарымыздың зерттеу еңбектеріндегі келтірілген сілтемелерден «Сарыарқаның» 1917–1919 жылдар аралығында шығып тұрғандығы күмән туғызбайды. Демек, газеттің 29-санынан былайғылары республикамыздан тыс көршілес мемлекеттердің кітапхана, архив қорларында сақталғандығы сөзсіз. Алайда бұл шағын ғылыми еңбекте аталған дұдамал мәселенің басын ашуға мүмкіндігіміз болмады; оны тыңғылықты зерттеп, анығын айту алдағы уақыттың еншісі.

Бұл мерзімді баспасөздің редакторын сайлау 1917 жылдың 8-маусымында өткен<sup>3</sup>.

«Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,  
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.  
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,  
Не аңқау, не болмаса емес қызба.

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,  
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.  
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,  
Болса да оған мәлім жерге тыққан.

...Бізаны ұмыта алмас өшін алмай,  
Ондайға іші зәрлі, сырты балдай.  
Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды,  
Екенін жүректегі ойы қандай.

Шын деп ұққан мақсұтқа жету үшін,  
Бір істі өз ісіндей ету үшін.  
Со жолда қабылдаудан бас тартпайды,  
Болса да оған керек қандай пішін.

Сөзден де көбінесе іске құмар,  
Тез болмайтын істерді тайқып шығар.  
Мың сөзден құйқылжытқан оның көзіне,

Істеген бір азғантай ісің ұнар...»<sup>4</sup>, – деп аса көрнекті ақынымыз Сұлтанмахмұд өлең сөздің күдіретімен кейіпкерлерінің ішкі рухани әлемі мен жан дүниесін сыртқы кейіпкелбетімен тұтас бейнелеп, күллі қазаққа «Таныстыруда»

суреттеген Семей облыстық атқару комитетінің мүшесі Халел Ғаббасұлы «Сарыарқа» газетінің жауапты шығарушысы болды. Айта кететін тағы бір жай «Сарыарқаға» Халел Ғаббасұлымен қатар Райымжан Мәрсекұлы, Имам Әлімбекұлы да редакторлық қызмет еткен. Қолымыздағы бар деректерге сүйенсек газеттің алты санына Райымжан (№2, №3, №5, №6, №9, №15), жетеуіне Халел (№11–14, №21, №22, №29), ал онына Имам (№16–20, №23, №24, №26, №28) қол қойған. Сондықтан Әлімбекұлының бұл қызметін елеусіз, ескерусіз қалдыруға болмайды. Ол туралы: «Сарыарқаны» «Қазақ» емлесімен шығару мақсатымен «Қазақ» басқармасында қызмет етіп тұрған Имам Әлімбекұлын Семейге шақырады. Имам жүріп кетті»<sup>5</sup>, – деп хабарланған болатын. «Газеттеріміз жұмасына бірден артық шыға алмай жүр... Былтыр шыққан газеттер биыл жоқ, биылғы шыққандарының көбі ендігі жылға жететініне сенім жоқ, «Ет жүзге жетпейді, жүзге жетсе, күзге жетпейді»<sup>6</sup> дегеннің кері келіп тұр», – деп Міржақып Дулатұлы жазғандай «Сарыарқа» апталық газет болды дегенмен, кей уақытта араға жиырма күн салып басылған кезі де болды<sup>7</sup>. Халыққа газет журнал, кітап тарату мақсатын көздеп Семей облысының қазақ құрылтайында ашылған «Теңдік» серіктестігі «Сарыарқаны» бастыру міндетін өз мойнына алды. Бұл серіктестік «500 сом жарнамен Иемберді Әділұлы, Сатай Малдыбайұлы, 200 сом жарнамен Ж. Оразалыұлы...»<sup>8</sup>, басқа да осындай ел қамын ойлаған қолы ашық азаматтардың көптеп-көлемдеп берген көмегімен аяғын апыл тапыл басып, іске кірісті. 1917 жылғы «Сарыарқаның» бірнеше санында қаржылай қол ұшын созған кісілердің тізімі жарияланды. Қазақ оқығандарының мұрындық болуымен қара халықтан қолдау тапқан бұл басылымға оқырмандар құттықтауларын жолдап, тілеулестігін білдіріп жатты.

«Сәтімен құтты болсын «Сарыарқамыз!»

... Иншалла, кеңір енді тар арқамыз!»<sup>9</sup> – деп шын жүректен шыққан тебіренісін жасырмады.

«Ұйқы басып, еріншек асып жатқан ағайынды оятпақ болып, қара қазан, сары баланың қамын ойлап, көктен тілеген бостандықтың жерден табылғанын білдіріп, адамшылық қатарына сүйреп жеткізбек болып жатқан ардақты азаматтарымыз Аллатағала һәр уақыт жөнін қылып, халыққа ауыздарын дұғалы қылып, айтқанын қабыл алуға жазсын деп, шын ниетпен хайырлы болсын деп дұға қыламын»<sup>10</sup>. Иә, қалың



көпшілік осылай қуанып жатқанда «Қазақ» газеті де үнсіз қалған жоқ. «Семейде шығуға қам жасап жатқан «Сарыарқа» газетінің бірінші нөмірі келді... «Сарыарқа» көңілдегідей жақсы. Жолдасымызға құтты болсын айтамыз»<sup>11</sup>, – деп өзінің ыстық ықыласын білдірген пікіріне орын берді.

«Сарыарқа» – Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін жарыққа шыққан ұлыттық демократиялық бағыттағы басылым. Сондықтан оның жалпы дүниеге шығу мезгілі Ресейде басталған саяси-әлеуметтік өзгерістермен тұспа-тұс, қат-қабат келді. Қазақ зиялыларының мұрат аңсары да Ресей империясындағы мемлекеттік құрылым жүйесінің күрт ауысуын өз пайдасына шешіп, отарлық езгіден жұрдай болып таланған, әбден сирағы шығып, күйзелген ел-жұртын азаттық таңына жеткізіп, тарихи мүмкіндікті құр босқа жіберіп алмау жағына шамасы келгенше бар ықылас-пейілімен жанталасты.

«Сарыарқаның» тұтқан сара жолы алдындағы «Қазақ» газеті салған ұлытшылдық ұранын көтеріп, оның нағыз лайықты ізбасары бола білді.

Мерзімді баспасөз – қоғамдық-әлеуметтік болмыстың сырлы шежіресі, өмірлік ақиқат шындықтың айнасы. «Сарыарқа» газеті шығып тұрған дәуірде қоғам өмірінде ірі-ірі тарихи оқиғалар алма-кезек, іркес-тіркес көш керуендей созылып жүріп жатты. Әлбетте, қазақ халқының болашақ тағдыр-талайына қатысты бұл маңызды қоғамдық-саяси оқиғаларға «Сарыарқа» үнемі үн қосып отырды. Қорғансыз қазақ жұртының көрген зорлық-зомбылығы Уақытша үкіметтің құлағына кірмеді, назарына ілінбеді. Дала өлкесіне қоныс аударушы орыс келімсектері, атты казактар, қарулы әскерлердің құқайы мен қиянаты күннен-күнге үсті-үстіне өрістеп, ауадай жайылды. Уақытша үкіметтің қазақты заң жүзінде қорғап, қалыптасқан жүгенсіздіктен құтқарар қам-қарекеті байқалмады. Дәл осы аумалы-төкпелі заманда ұлыт зиялылары саяси тізгінді берік қолға алып. Айнала қоршаған өзге елдерге дербес құқылығын мойындатуға жол іздеп шарық ұрды.

Патшаны тақтан түсірген Ақпан төңкерісін езілген қалың бұқара үлкен қуанышпен қарсы алды. «Сарыарқаға» жазған бас мақаласын Жүсіпбек Аймауытұлы «Тұр бұқара! Жиыл кедей! Ұмтыл, жастар!» – деп зор шабытпен, жоғары пафоспен халқының өмір бойы армандаған ұлы оқиғасының туғанын, бұғанасы қатып үлгермеген бұл бостандықты баянды етіп, өзге

өрениетті елдердің қатарынынан қалмас үшін бай-кедейге, төре-қараға бөлінбей ортақ іске жабыла қызметтенуге шақырды.

«Құдай жарылқады: бостандық, теңдік болды!» деп түк ұғынбай бұға семіріп, дүрілдеп жүрген де бар шығар: «бұрынғыдан да қолым босады, не істесем да еркімде» деп күжілдеп жүрген де бар шығар.

Біздің қара халық бұ теңдік, бұ бостандық бұ кімге келген теңдік, бостандық, неменеге болған бостандық екенін әлі білген жоқ сияқты. Әуелі сөзге бостандық берілді. Не сөйлесек ауызға қағатын кісі жоқ; соның үшін қорғаламай ашық сөйлеу керек. «Әкеңнің өлгенін жасырарсың, көмгенде қайтерсің» деп жасыратын қылық жоқ – бұ бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық...» – деп Жүсіпбек сіңірі шығып тарыққан, еңсесі түсіп торыққан елдің жігерін жинап, намысын қайрап, рухын көтереді; болашаққа сенімін ұялатып, қолға тиген бостандық пен теңдіктің жемісін дұрыс пайдалануға үндейді.

«Мырзаның күні кетті; халық енді ойланатын кезің жетті. Қара бұқара! Аш көзінді! Кедейлер күнің туды – байға жағынып, малға бағынып, тамаққа сатылатын заман емес. Алсаң теңдесіп, тізелесіп отырып ал сыбағанды! Теңдік алатын кезіңде құлқынның құлы болып кетпе!

Екінші, бостандық – бас қосып, қаулы қылып, ұйым жасап, бірлесіп іс қылуға берілген бостандық.

Елдегілер бұған әлі түсінген жоқ. Бас қосса партия себепті біреулердің шашбауын көтеруге қосып жүр, болмаса жуаннан теңдік алуға бірлескен жан аз...» – деп бойкүйездік пен бейғамдықты тастап, кедейлерді, мұғалімдерді, кәсіпшілерді, әсіресе майдан тылына барып ысылып қайтқан жігіттерді ұйым құруға шақырды. Бұл бұқара ұйымдарының бітіретін жұмыстарын атап көрсетті: «1) Қара бұқарға теңдік әперу жолында бас қосып, түсіндіріп, партияны тоқтату; 2) комитеттерге зәбірсіз, таза кісілерден сайлату...; 7) халыққы алым шығынды әділеттікпен салдыру: кедейге – кедейше, байға – байша»<sup>12</sup>.

Алайда Керенский үкіметі қазақтың ең басты саяси-әлеуметтік мәселелерін шешіп бере алған жоқ. Қазақстанға қоныс аударып жатқан орыс мұжықтарының легі толыстамай жер мәселесі де «жабулы қазан жабулы үйінде» қалады. Қазақ пен келісек орыс арасындағы шиленіс күшейіп, ұлытаралық қарым-

қатынас күрделене түсті<sup>13</sup>. «Орыс пен қазақ арасы» – деп аталатын мақала осы тақырыпқа арналды. «Қырғалы, жойғалы жатыр, зорлық қылды» деген орыс келімсектерінің жеделхаты тексеру барысында жалған, жергілікті халыққа жала жабу болып шыққаны анықталған.

Жазықсыз жапа шеккен бейкүнә халқының жай-күйі жанын жегідей жеген қазақ оқығандары кезек күттірмейтін ұлыттық мәселелерді шешу мақсатымен жалпықазақ құрылтайын шақыруды жөн деп тапты.

1917 жылы күзде Орынбордағы ұлыт зиялылары жалпы-қазақтық екінші құрылтайын шақыруға қаулы қылып, өлкенің облыс, үйездеріне жедел хат жіберді. Онда елдегі қалыптасқан жағдайды сипаттай келіп, былай делінді: «...Оқиғалардың сүреңі жаман: қам қылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар. Соның үшін біз жанымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек. Өзімізді өзіміз қорғау үшін бізге жалпы қазақ милициясын құру керек. Бұл мәселе шұғыл аса зор болғандықтан төменде қол қоюшылар халыққа сенімді, құрметті ақсақалдарды һәм оқығандарды шақырып өз күшіміз бен қазақ милициясын құру жайын кеңесуге жалпы қазақ сиезін жинауға қаулы қылдық. ...Соның үшін милиция құрудың үстіне сиезде қазақ халқының жұрттығын жоғалтпау үшін не қылу керек деген зор мәселе де қаралады...»<sup>14</sup>. Жеделатқа ұйымдастыру комитетінің мүшелері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сағындық Досжанұлы, Елдес Омарұлы қол қойды. Қазан айының 26-да Кеңестерді бүкілресейлік екінші сиезі ашылды. Бұл сиезде қатысқан делегаттардың төрттен үшке жуығы елдегі өкімет билігінің Кеңестерге берілуін қолдады. Қарашаның 2-гі Кеңес өкіметі жариялаған «Ресей халықтары құқықтарының деклорациясында» елді мекендеген халықтарға теңдік, өзін-өзі билеу, қажет жағдайында дербес мемлекет құруға дейін құқық берілетіндігі айтылды. Сонымен желтоқсанның 5–13-і аралығында Орынборда өткен бүкілқазақтық құрылтайдың негізгі баяндамасын Ғаббасұлы Халел жасап, онда күн тәртібіне қойылған ұлыттық автономия жарялау, халықтық милиция құру, «Ұлыттық кеңес» сайлау мәселесін көтерді. Құрылтай депутаттары ұсынысты бір ауыздан қолдады. Сөйтіп құрылтай «Алаш» автономиясының, құрамында 25 мүшесі бар «Алашорда» үкіметін құру, халықтық милиция үшін жасақтау туралы қаулы қабылдады. Бұл жөнінде

«жалпы қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы» атты құжатта былай делінді: «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында уақытша үкімет түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жоқ болған соң, халық арасы бұзылып, пышақтасып кеткендігін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың күйі нашарлауына және бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуін мүмкін деп ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескеріп, сиез бір ауыздан қаулы қылады:

1/ Бөкей елі, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ үйездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірыңғай, іргелі – халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлыттық, жерлі Автономия құруға;

2/ Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын,

... 6/ Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлыттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы.

Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады»<sup>15</sup>. Бұл қазақ даласында ақ түйенің қарны жарылған ұлы оқиғаны тасқа бастырып, тарих дәптеріне түсірген саяси мәні зор құжат. Зер салып, бажайлай қарағанға аласапыран заман, жүрдек уақыт, мың құбылған, тұрақсыз саяси-әлеуметтік жағдай. Бұл ой-пікірімізді куәландыру үшін ай жарым уақыт бұрын Халел Ғаббасұлының «Сарыарқада» жарияланған «Мемлекет күйі» атты мақаласына көңіл аударалық:

«24-інші октәбірден бері Россия мемлекетін қара тұман болшевиктер «қаһары» қоршады. Болшевиктер қара жүрек салдаттар, жұмыскерлерді ертіп алып, уақытша үкіметті орнынан қуып, мемлекет тізгінін қолына алу үшін Петроград, Мәскеуге қол қойды. Екі астана – Петроград, Мәскеу қып-қызыл қанға боялды, орыс ұлытының... студенттер, оқыған жастар, ұлытшыл көсемдер қойша бауыздалды; әйелдер тал түсте басылды; мал, мүлік, қазына талауға түсті; екі астана көрген шығынын есептеп болмайды; бір ғана Ұлыт сарайындағы (Зимний дворец) бүлінген нәрселер 5 жүз миллионға барды; мемлекеттік кіндік банкасының

бар алтын қоры болшевиктердің қолына түсіп отыр...»<sup>16</sup>. Сексен жыл бұрын болған қарулы күшпен өкіметті басап алу оқиғасы дәп қазір де жер шарының түпкір-түпкірінде қайталанып жатқан бізге таныс жаймен егіздің сыңарындай ұқсас. Қазір де ондай елде береке жоқ, ол кезде де елдің шырқы бұзылып, бет-бетімен бас сауғалап, шілдің боғындай тозған. Бір халықтың дүниетанымы мен көзқарас, сенімі екіге жарылып, оның қантөгіске әкеліп тынды. Ресейдегі осы қасиетті оқиғаға қазақ зиялылары да ел-жұрттың ертеңін ойлап қатты қапаланды.

«...Міні, мемлекет басына баяғы құба қалмақ атыс-шабыс заманы туды; мемлекет ішінен іріп-шіріп, тігісінен сөгілуге айналды, мемлекет қорғау, сүйеніш біреу жоқ, үміт үзілген сияқты һәркім һәр жұрт өз басының қамын ойлап, өз күнін өзі көру жағын іздейтін көрінеді: Қапқаз, Литва, Лативиа, Башқұрдастан, Қалмақ, Ноғайлар, тағы кімдер өз бетімен өз тізгінін өзі алмақшы болып тұр. Мемлекет жұртынан елдің бәрі көше жөнелсе, біз жұртта отырып қылмақшымыз ба, жоқ, бізде бір жаққа бұрамыз ба – мұны 5-інші декәбірде басталатын жалпы қазақ сиезі көрсетер»<sup>17</sup>, – деп Халел Ғаббасұлы үлкен ой құшағында алдын ала бал ашпай күрсінген еді. Дәл осы оқиға бес жыл бұрын біздің отанымыздың басында екінші мәрте қайталанғанын көкірек көзі ояу пенде атаулы ұмыта қоймаған болар!? Жаман айтпай, жақсы жоқ жалғыз Халел Ғаббасұлы ғана емес, күллі иісі қазақтың ой-қиялын осы заматта зіл қорғасындай басқан уайым-қайғының бұлты сейіліп, екі ғасырға жуық Ресейге бодан болған халықтың желтоқсанның ызғырық желімен көңіліне медеу, бойына қуат берген «Алаш» автономиясы дүниеге келген еді. Алаш автономиясының тууын газет бетінде сүйінші сұрап, жар салған Әлімхан Ермеқұлының «Жасасын, Алаш, жасасын!» деген бас мақаласы Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Алаш ұраны» өлеңімен басталған-ды:

«Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің Алашты,  
Қорлығына бермейміз!

..Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз!  
Жасайды Алаш, өлмейміз!  
Жасасын, Алаш, жасасын!

...Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоныс қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт – отанды болды»<sup>18</sup>. Абыр-сабыр үрей мен қорлықтан мезі болған елдің еркін тыныстап, арқасы кеңуіне автономия дем берді. Ежелгі грек аңыз бойынша қаншама уақыт тазаланбаған Авгий патшаның ат қорасын, Геракл батыр бір өзеннің арнасын бұрып әкеліп, жуып-шайып, тазартқан екен деседі. Сол секілді халқының санасында тоң боп сірескен мешеуліктің, империялық саясат сіңірген гадеттің кірінен автономия «ағысы» арқылы ғана тазартуға болатындығын ұлыт зиялыларының көзі анық жетті. Бұл ретте ұлыт зиялылары мен бұқара халық арасындағы тығыз байланыстың алтын көпірі, дәм беруші рухани жан серігі – «Сарыарқа» өз міндетін толық дәрежеде орындап шықты. Ахмет Байтұрсынұлы тілімен айтқанда бұл басылым «халыққа білім таратып, естімегенін естіртіп, білмегенін білдіріп отырды».

Көлемі төрт беттен тұратын газеттің «Тілшілерден», «Газеталардан», «Ішкі хабарлар», «Сыртқы хабарлар», «Оқшау сөз», «Басқармадан», «Өлең» сияқты айдарлары тұрақты түрде берілді.

«Сарыарқа» газетінің бетіндегі көзге түсетін және бір ерекшелік түрлі жарнамалар беріп отыруы. Бұл қазіргі нарықтық экономика жағдайында қазақ баспасөзіне енді ғана сіңе бастаған пайда табудың бір көзі. Ал дамыған кез-келген өркениетті елдегі баспасөздің өзін-өзі қаржыландыратын негізгі қаражат – жарнамалау жолымен түседі. Бұл салада «Жарнама» деп тақырыпшалармен де, тақырыпшасыз жалаң да сан алуан хабарландыруларды оқимыз. Мысалы, «Ит жоғалды» деген құлақтандыруды оқыған жан бүгінгі баспасөзімізде жиі жазылатын таныс жайды қайталағандай әсер етері сөзсіз.

«5-ші августа Семейде қадірлі итім жоғалды. Түрі қызыл, ұрғашы, жас. Тапқан адам төмендегі көрсетілген адреспен тапсырса, жақсы шүйінші беріледі. Губернаторская дом Обуховской, около водопровода».

Газет өзінің алдындағы «Айқап» журналы, «Қазақ» газетінен келе жатқан дәстүрді жалғастырып шығып тұрған ана тіліндегі басылымдарды да оқырмандарға таныстырып, жарнамалап отыруды ұмытпаған.

«Ақмолада жетісіне бір рет шығатын «Тіршілік» газетіне жазылу дәптері ашылды. Қағазы 2 табақ, беті сегіз, жылдық

бағасы 5 сом, жарты жылдығы 3 сом. Адресі: Акмолинская, редакция газеты «Тіршілік».

«Алаш дуанында 15-інші гинуардан шыға бастаған «Абай» қазақша ғылыми, әдеби шаруашылық журналына жазылу дәптері ашылды. Журналдың жобасы кең, жазушылары сай, нағыз қазақ тілінде ай сайын екі рет шығады. Ылғи жазып тұрушылар: Манап Тұрғанбайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Сәбит Дөнентайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Сейіттал Мұстафаұлы. Бағасы: жылға 13 сом, жарты жылға 7 сом, 3 айға 4 сом. Бір нөмірі 60 тиын. Адресі: Заречная Слабодка, Семпалатинск. Обл. Редакция журналы «Абай».

Халқымызға тән бойына құт болып дарып, қанына сіңген тәуір мінез-құлқы: ауыз ашса жүрегі көрінетін адалдығы, дарқандығы, жомарттығы, кең пейіл қонақжайлылығы, қаріп-қасірге қарасатын адамгершілік шынайы қайырымдылығы. Бұл табиғат бауырында өсіп-өнген көшпелі ата-баларымыздан мұра боп қалған ұлық қасиетіміз. Өмір салтымыз, әдет-ғұрпымыз не істесек те қауымдасып, бірлесіп істеуімізге асыл негіз болды. Үлкенге өнеге, кішіге тірбие – көпшілігіміз, ағайынға қол ұшын беріп, үме жасап, жылу жинау осыдан қалған; «көп түкірсе – көл болады», «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халқымыздың мақалдауы да соның айғағы. Ғасыр басындағы жаңа сапалық өркениет әлемінен кенже қалған халқымызды ілгері жетелеп, оқу-ағарту дәнін сеуіп, адамшылық диқаншысы болған Ахмет Байтұрсынұлы сынды біртуар адамдардың мұрындық болуымен рухани мұқтаж жандарға жалпыұлыттық қайырымдылық майданын ашып, сауттандырып сана-зердесін шындағаны «Қазақ» газетінен белгілі. Кезінде халқымыздың аяулы перзенттері Мұстафа Шоқай мен Халел Ғаббасұлы газет бетінен Махфура Найманқожа қызының білім жолындағы қаражаттан қысылған жайымен танысып, өздері студент бола тұрып ізгілік көрсетіп, Петроградтан үш сомнан алты сом ақша жібергенін «Қазақтан» оқығанымыз бар. Қос азаматтың ұлытына шын жанашыр ретінде мәртебелерін көтеріп, ел-жұрт алдында үлгі-өнеге тұтып, еңбегін бағалаған «Қазақ» газеті сонда былай деп жазған еді: «өздері оқу жолында қымбатшылық орындарда жүрген екі студент өз ақшасынан жырып басшылық етіп тұр. Көп дүниеде еркін тіршілік етіп жүрген бауырларға бұл үлгі...».

Сөзіміз дәлелді болу үшін мыны бір газет басқармасына келген хат мәтінін оқып көрелік: «Елдегі ағалар! Мен

Павлодардағы екі класты школдың пансионы жабылғаны себепті Омбыдағы орта дәрежелі школдарды бірінен стипендия аламын деп Омбыға келдім. Мұндағы емтихан берген школда бос стипендия болмады. Алғаш келгенде бір айлық қаражатым бар еді. Оным бітті. Бірлі-жарым таныс адамдарды кепіл қылып һәм қарыздар болдым. Қарыздарды да берер күн таяды. Уағдалы күнінде бере алмай бір ұятты, оқу ақысы мен пәтер ақысын төлей алмай екі ұятты болып, оның үстіне оқудан қалатын көрінемін. Үйімнің ауқаты шамалы, маған қарайласатын жайы жоқ. Басқа орыннан келетін жәрдем, сенетін кісім және жоқ. Қаражатым болмай қатты сасып тұрмын. Оқуымнан қалып елге қайтсам, өмірімді өкінішпен өткізем бе деп қорқамын.

Оқитын школым – курс, төлейтінім 125 сом, бұл оқу ақысы ғана, ал борышым мұнан да көп, енді елдегі қолы ашық ағалардан өтінетінім: жәрдем қолдарыңызды созып, мені оқуымнан қалдыра көрмесеңіз екен. Асқар Сыдықұлы». Хаттағы көрсетілген мәселе сарыны құдды бүгінгі күннің шындығымен үндесіп жатқандай әсер, сезімде қаларымыз шүбәсіз. Құлағымыз енді үйрене бастаған меценат, демеуші деген ұғымдардың парқын ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында қандай маңыз болғанын осыдан біле беруге болады. Ал газет болса осының бәріне дәнекерлік етіп, «кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген көптің ақылымен мәселенің түйіні шешіліп отырған. Бұл да ұлытық тәлім-тәрбиенің атадан балаға мирас болып, жалғасып келе жатқан сабақтастығының үзілмегендігінің бір парасы.

Газет жарыққа шығысымен көбіне деректемелік жарияланымдарға көңіл бөлді. Жоғарыда атылған құрылтайдың қаулысын, 1917 жылдың 7–11-і аралығында өткен Зайсан үйезінің, Түркістандағы ғұламалар (Сералы Лапин жетекшілік еткен «Улема жәмияты» атты саяси ұйымның құрылтайы деген мағынада – А.Мек.) сиезінің қаулы-қаралары да басылым назарынан тыс қалған жоқ. «Сарыарқа» бетінде «Киевтегі бас қосу», «Орынборда өткен жалпықазақ сиезі», «Ұржар мәселесі», «Түркістан сиезі» сияқты сахараның әр түпкірінде өткен мәжіліс, жиылыс жайынан жиі хабар берліп тұрды.

«Алаш» партиясының Семейде уақытша облыстық комитеті ашылды. Комитетке кіргендер: Әлімхан Ермеқұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Имам Әлімбекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Тұрағұл Құнанбайұлы, Халел Ғаббасұлылар. Комитеттің



төрағалығына Халел Ғаббасұлының есімі аталып, орынбасарлығына Ахметжан Қозыбағарұлы ұсынлды. Алаш партиясының Семейлік тобы өздерінің түзген бағдарламасында өтпелі кезеннің өзекті мәселелерін қамтыды: «Мемлекет билеу туралы. Қазақ облыстары Сібірмен қосылып, өз алдына бір штат (бұл сөздің мағынасына «Сарыарқада» берген түсінік: «Штат деп бірнеше облыстың басын қосқан ел дегенді білдіреді – Авторлары) болу; жер мәселесі. «Жер үлеске түскенде әуелі тұрғын жұрттың керегін беріп ырза қылу»<sup>19</sup>. Оқу мәселесінде жалпыға бірдей міндетті оқу енгізіліп, мемлекет қазынасынан жұмсалатын қаражат оқу ордасының қай тілде жүргізілетініне қарамастан тепе-тең бөлініп, аламай бірдей берілу жағы ескерілді.

Ақпан төңкерісінен кейін ұлыт зиялыларының бостандық, теңдік үні туды деген рухани серпілісі өмірлік мақсат болған автономия атауын тілдік айналымға алып келді. Оның қаншалықты қажеттігін жан-жақты дәлелдеу мен ұйымдастыру ісіне баспасөздің ықпалы айтарлықтай еді. Ресей мемлекетінің шет аймақтағы өмір салты, шаруа қалпы басқа, даму дәрежесі әркелкі халықтарды бір ғана өзін басқарамын деуінің қателігін қазақ оқығандары дәлелдеп бақты. Өзінің шаруа жайына, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына лайықтап заң шығару өзінен басқа ешкімнің қолынан келмейтін іс екендігін, сондықтан заң, ережені шығаратын қазақ халқының Заң еңесі болсын деп ұсыныс айтты<sup>20</sup>. Автономияның мән-маңызы, бүгіні мен болашағы Халел Ғаббасұлының «Алаш автономиясы» атты мақаласының негізгі арқауы болды. Ол жоғарыда сөз еткен Әлімханның ойына ой қосып, ұлыт мақсатына жету жолындағы ең басты мәселе саяси тізгінді қолға алып, әрекет ету керектігін соқырға таяқ ұстатқандай көзге шұқып тұрып көрсетті. «Біз автономия болып, Россия мемлекетінен мүлде жырылып кетпекші емеспіз, арамызда ... қатынас көпір болмақ... Қай жағынан қарастырған күнде де жырылып өз бетімізбен автономияны жасамақшы едік»<sup>21</sup>, – деп мойындаған алашордашылардың бағдарлама жобасы кеңестік саясаткерлерге неге ұнамады!?

1918 жылы 19 наурызда Кеңес өкіметінің ұлыт мәселесі жөніндегі Халық комиссары И.В. Сталин Мәскеуден Семейдегі Алашорда бастығы Әлихан Бөкейхан һәм орынбасары Халел Ғаббасұлымен төте телеграф арқылы Алашорда автономиясы туралы ауызба-ауыз пікір алысады<sup>22</sup>. Келесі күні тікелей

байланысқа шыққан Халел Ғаббасұлына Сталин Кеңес өкіметінің атынан мәлімдеме жасады. Ол мәлімдеменің жалпы мазмұны «Алаш өкілдері Кеңес өкіметін танып, мойындауы тиіс. Осы шартты орындамасандар біз де сендердің автономияларыңды мойындамаймыз»<sup>23</sup> дегенге саяды. Бұл құжат «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы №35 санында толық жарияланған. Келіссөздің қорытындысын «Сарыарқа» келесі санында бермекші болғанымен, телеграф арқылы аулақтан сұхбаттасудың шорт үзілуі, газеттің ол уәдесін орындауына мүмкіндік бермеді. Алашорда көсемдерінің ойын сан саққа жүгіртіп, үміт пен күдіктің қым-қуыт арасында әрі-сәрі қалдырған бұл пікір алысу азамат соғысының туындап келе жатқан шағында ұлыт зиялылығын өз жағына шығара тұрудың саяси амалы еді. «Большевиктер құрылтайды әдіспен қолдаған болды. Бірақ негізінде оған қарсы болды» – деп жазған Сәбит Мұқанұлы коммунистердің саясат жолында неше түрлі пішінге өнер құбылғыш бейнесін жасап отырғанын білген жоқ болатын. Жоғарыдағы ымыраға келмей пышақ кескендей үзілген келіссөзді, осы жымысқы саясаттың жалғасы деп түсінуге әбден болатынына енді көзіміз жетті.

Желтоқсанның 5–13-і аралығында өткен жалпықазақ құрылтайында Қазан төңкерісін большевиктердің өкіметті қарулы күшпен басып алуы деп бағалап, айнала «анархияға», «тонау» мен «бүліншілікке» әкелді деп айыптады. Сондықтан төніп келе жатқан дерттің алдын алып, кесапаттан қазақ-қырғыз халқын қорғап қалу шараларын тез арада іс жүзіне асыру белгіленді. Большевиктердің Ресейдегі ылаңы күн құрғатпай газет бетінде ұдай көрініс тауып отырды. Ресейдегі саяси ахуалға қазақ әлі де алаңдаушылықпен құлақ түрді. Өйткені екі ғасырға жуық тағдырлары байлаулы келген қазақтың Ресей мемлекетінің басыбайлы билігінен шынымен мәңгілікке құтылар ма екенбіз дейтін арғы ой түпкірінде күдік пен үміт арбасқан қобалжу да сезілетін. Сол себепті мәселенің түйіні – маңдайға қонған бақты, ұлыттық тәуелсіздікті қорғап қалуға тірелетін. Газетте жарияланған «Бөлшебек бүлігі» деген бас мақала осы мәселе төңірегінде пікір өрбітеді.

Сыртқы жауын былай қойғанда, отаршылдық саясаттың пәрменді жүргізілген әдіс-тәсілдері жылдар бойы елдің санасын улап, жан-жүйесіне сіңірген, Мінез-құлқын өзгерткен залалы етектен тартып, қазақтың өз ішіндегі ала ауыздық пен

берекесіздік ынтымағын бұзып, тыныштғын алды. Жүсіпбек Аймауытұлы «Партия» атты мақаласында: «Зиянды партияшылдар да, оларды сүйеуші де, соңынан еруші де – бәрі қазақ ұлығының қазан бұзары, дұшманы...»<sup>24</sup>, – деген қорытындыға келді.

«Сарыарқаға» қаламымен қызмет етіп, жиі араласқан ұлыт зиялыларының қатарында Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Имам Әлімбекұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Әлімхан Ермеқұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Тұрағұл Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезовтер бар еді. Бұл есімдерден бір газеттің жарыққа шығарып тұрған шығармашылық ұжымның сол дәуірдегі ұлыт зиялыларының білікті жас буыны екендігін көреміз. Бұған дейін «Айқап» журналында қызмет етіп, қаламы ұшталған қазақ поэзиясының көгіндегі жұлдызы Сұлтанмахмұт Торайғырұлынан басқасының жазу өнеріндегі тұсауын кескен «Сарыарқа» газеті деуге болады. Жүсіпбек пен Мұхтардың алғашқы қаламгерлік қолтаңбасы да осы мерзімді баспасөзден басталады.

Газет бетінде осы тақырыпқа қатысты әлеуметтік көтерген жүгі салмақты, мән-маңызын бүгінгі күні де жоя қоймаған Мұхтар Әуезовтің «Окудағы құрбыларыма» (1917, №13), «Қайсысын қолданамыз?» (1917, №17), атты мақалаларын атаған жөн. Соңғы мақалада Мұхтар Омарханұлы ғылым тілі туралы өзінің көкейдегі ой-тұжырымдарын ортаға салып, оқырман қауыммен бөліседі. Ол: «Қандай тілге бай жұрт болсын ғылым жолына түсе бастағанда, тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып, қарастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанады. Бір халықты ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күніндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді. Бұл ғылым тілі деген мәселе өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретуіміз бола бастаған сайын «шеш» деп дікілдеп қысатын мәселе...»<sup>25</sup>, – дейді. Мұханның сексен жыл бұрын көтерген мәселесі қазіргі таңда да күн тәртібінен түскен жоқ.

«Сарыарқа» газеті тіл мәдениетіне де аса зор мән берді. Көңілден шыққан көрікті ойдың қағазға түскенде кібіртіктемей, көркем де келісті болатыны тілші-қаламгерлердің белден баспай бейнелеп айтуынан, тапқыр тенеулерінен айқын аңғарылады. Мысалы: «Апасы кигенді сіңілісі де киетін жалаңаш бұқара». Ескіні кимейтін дейтіндей мінез-құлықты көтермейтін елдің

кедейшілік кейпін еріксіз көз алдына әкелетін әдемі тіркес. «Шыттың кезі теңгеден асып, былғары, ұн, қант, шәй табылмай, табылса нардың шөлін сұрап...». Байқасақ, «Нардың шөлі» де «әкесінің құнынан» бір де бір кем емес сияқты. Бұл тұрғыда баспасөз тіліне арнайы лингвистикалық талдау жасап зерттеу жүргізуге тұрарлық.

Түйіп айтқанда, «Сарыарқа» хақында, оның жарыққа шығуына сүбелі үлес қосқан жеке тұлғалардың тағдыр-талайына байланысты алдағы уақытта әлі талай еңбектер жазыларына күмән жоқ. Кезінде кеңестану ғылымы Ресейдің ішкі саяси үдерісіндегі таптық күштердің ара салмағы тұрғысынан қарауды, сол өлшемді Қазақстанға да таңып жергілікті ұлыттық буржуазия деп көш бастаған ат төбеліндей білімпаз зиялыларды халықтан бөліп, ажыратуды мақсат етті. Және осы астары қырық қатпар пиғылын рухани-идеологиялық диверсия арқылы шым-шымдап санаға сіңіріп, қоғамдық пікір туғызды. Сөйтіп, «ұлытшыл» деген сөзді орыс тіліндегі «националист», «национализм» ұғымымен байланыстырып саяси «бояу» жағып, мағыналық реңк беруі де түпкі көздеген мақсатын білдіреді. Енді міне, ардақты алаш перзенттері арамызға қайта қосылды, «Сарыарқа» да бұлыттан шыққан күндей шапағын шашып қайта туды.

Жалпы, таптық бостандықты емес, ұлыттық, халықтық азаматтықты шығармашылығына желі еткен газет авторлары Ресейдегі сапырылысқан саяси өзгерістер кезеңінде еліне жолбасшы бағыт сілтеуші бола білді. Дәуір тынысын терең сезіне отырып, өз заманының келелі мәселелерін сөз еткен мазмұнды мақалалар тудырды. «Қазақ» газетінің сүтін еміп, сол салып берген сара жолдан ауытқымай ұлыт тәуелсіздігі ұранын көтерген «Сарыарқаны» ұлыт ұраншысы деп бағалауға толық негіз бар.

#### **Әдебиеттер:**

<sup>1</sup> Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразай. «Қазақ журналистикасының тарихы». – Алматы, «Рауан», 1995 жыл., 66-бет.

<sup>2</sup> В. Кашляк. «Бастау». – «Семей таңы» газеті, 1989 ж., 11-август.

<sup>3</sup> – «Сарыарқа» газеті, 1917 ж., №11.

<sup>4</sup> Сұлтанмахмұд Торайғырұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы, «Ғылым», 1993 ж., 149–150-беттер.

<sup>5</sup> – «Қазақ», 1917, №234.

<sup>6</sup> – «Қазақ», 1918 ж., №264.

<sup>7</sup> – «Сарыарқа», 1917 ж., №27, 2-ақпан – №28, 22-ақпан.

<sup>8</sup> – «Сарыарқа» газеті, 1917, №5.

<sup>9</sup> – «Сарыарқа», 1917 ж., №2

<sup>10</sup> Бұл да сонда.

<sup>11</sup> – «Қазақ», 1917 ж., №234.

<sup>12</sup> – «Сарыарқа», 1917 ж., №2.

<sup>13</sup> «Орыс пен қазақ арасы» – «Сарыарқа» газеті, 1917ж., №5.

<sup>14</sup> – «Қазақ», 1917, №250.

<sup>15</sup> – «Сарыарқа», 1918, №22.

<sup>16</sup> Халел Ғаббасұлы. «Мемлекет күйі». – «Сарыарқа», 1917, №22– 23.

<sup>17</sup> Бұл да сонда.

<sup>18</sup> – «Сарыарқа», 1918, №28.

<sup>19</sup> – «Сарыарқа», 1917 ж., №19.

ӘОК: 323.32:003 075(574)

УДК: 323.32:003 075(574)

## М. ШОҚАЙДЫҢ САЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ МАҚАЛАЛАРЫ

**Әшірбекова Г.Ш.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

*Қорқыт Ата атындағы*

*Қызылорда мемлекеттік университеті*

*Мақалада М. Шоқайдың әр жылдары баспасөз ісін ұйымдастыру мен қоғамдық-саяси көзқарастарын айқындайтын мақалалары, хаттарының проблемалық қырлары сөз етіледі. М.Шоқайдың «Бірлік туы», «На рубеже», «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» басылымдарында жасаған қызметі мен мақалаларына шолу жасалады. Қайраткер публицистің хаттары мен олардың мазмұнына байланысты көзқарастар мен пікірлер сарапталады.*

**Кілт сөздер:** газет, журнал, публицист, хат.

*В статье рассматриваются организационные работы в печати и проблемные аспекты отражающие общественно-политические взгляды М.Шокая в статьи и писем. Дается обзор работы и статьи в изданиях «Бірлік туы», «На рубеже», «Йени Түркістан», «Яш Түркістан». А также анализируется мнений и взгляды по содержанию письма публициста.*

**Ключевые слова:** газет, журнал, публицист, письмо

*Organization works in the press problem, aspects reflecting M.Shokay's social and political views articles and letters have been investigated in the article.*

*Works and articles in the publications «Бірлік туы», «На рубеже», «Йени Түркістан», «Яни Түркістан» have been survived. Open inions and views on letters and publication contents have also been analyzed in the article.*

**Keywords:** newspaper, magazine, publicist, letter

Халқымыздың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың өмір жолы мен ауыр тағдыры туралы деректер тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жарияланды. М.Шоқайдың қайраткерлік тұлғасы мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларынан және өткір саяси сараптамаларынан айқын көрінеді. Олай дейтініміз, Алаш арыстары сол кезеңнің китүрқы саясаты туралы пікірлерін бұқара халыққа түсіндірудің бірден-бір жолы баспасөз екенін жақсы түсінді. Қазақ журналистикасының тарихында осындай мақсатта бірнеше газет-журналдардың жарық көргені сөзіміздің дәлелі. Алдымен 1907 жылы «Серке», 1910 жылы «Қазақстан» газеттері, 1911 жылы «Айқап» журналы, 1913 жылы «Қазақ», 1915 жылы қолжазба «Садақ» журналы, 1916 жылы «Алаш», 1917 жылы «Сарыарқа», «Бірлік туы», 1918 жылы «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналы алмағайып кезеңде халық санасын оятуға белсенді түрде қызмет етті. Мерзімді баспасөзді ұйымдастырушыларға жарыққа шыға салысымен тоқтатып тастау, қатаң бақылауда болу, жиі-жиі тексеру мен жауап беру оңай болмағанын тарихтан білеміз. Соған қарамастан елдегі саяси жағдайды түсіндіріп, қазақ жұртының ел болып бірігуіне, мемлекет құруына күш салды.

М.Шоқайдың саяси көзқарасы осындай қиын кезеңдерде шыңдала түсті. Бұл туралы шоқайтанушы Ә.Қара «Ташкентте лицейде оқып жүргенде Шоқай қоғамның құқықтық және мәдени өміріне қатысты көп нәрсені жақыннан бақылады. Оның рухани салада өсіп-кемелденуіне башқұрттан шыққан атақты фольклорист ғалым Әбубәкір Диваев көп әсер етті» [1, 17] – деп жазады. Диваевпен жақын араласа жүріп, ол «Қазақ» газетінің 1915 жылы 31 қазандағы №156 санында М.Шоқай «Әбубәкір Диваев» атты мақала жариялайды. Шағын ғана мақалада ғалымның қазақ фольклорын зерттеудегі еңбектерін жұртшылыққа таныстыра келіп: «Биыл Әбубәкір мырзаның бұл

қызметіне 25 жыл толды. Газеттің қысқа жолында бұ кісінің бізге қанша пайда келтіргенін айтып шығып болмайды. Бұл жазып отырғанымыз жұртымыздың дос адамына орны келген жерде сәлем беріп өтейік деген. Және бір-екі сөз. Ташкентте оқып жүрген азын-аулақ қазақ балаларына Әбубәкір мырза қолынан келген жәрдемін тартынбай тигізіп жүреді. Әсіресе, Ташкент гимназиясында оқитын бір қазақ баласын өз үйіне, бір тиын пұл алмастан сақтап оқытып жүрді. Ол жігіт гимназияны бітіріп, студент болып жүрген кезінде де таршылықта Әбубәкір мырзадан көп жәрдем көріп тұрды. Әбубәкір ағайға шын көңілімізден рахмет оқып, барек-алла демекті міндетті борышымыз деп білеміз»[2, 321]. М.Шоқай лицейде оқыған жылдарында жергілікті халықтың орыс әкімшілік орындарымен болған әр түрлі оқиғалары мен проблемаларын көзімен көріп, куә болды деп жазады шоқайтанушы Ә.Қара. Бұл оның саяси көзқарасы мен бағытын айқындй түсуіне көмектеседі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында көптеген қазақ жастары Ресейде білім алды. Олардың қатарында Алаш арыстары Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, Б.Қаратаев, Б.Құлманов, Б.Сыртанов, Ж.Сейдалинов, А.Тұрлыбаев, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақпаев, С.Асфендияров, С.Шәлімбаев, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсекөтер[1, 19] бар. Аталған алаш қайраткерлерімен қатар Петербургте білім алу М.Шоқайға да бұйырды. Осы кезеңде М.Шоқай баспасөз ісіне араласа бастайды. Алғашқы мақалалары «Қазақ» газетінде жарық көрді. Басылымның шығуына тікелей атсалыспаса да, оның қазақ қоғамы үшін қаншалықты маңызды екенін білді. Бұл туралы ғалым Ә.Қара «Петербург университеті заң факультетінің алғыр студенті Шоқайдың қазақ қоғамына терең ықпал еткен осы басылымдарды жіті қадағалап оқып отырғаны күмәнсіз. «Қазақ» газетінің баспасөз өміріне қадам басуына байланысты студент жолдастарымен тізе қоса отырып, газет редакциясына хат жазды. Бұл оның жарық көріп жатқан қазақ басылымдарына мұқият көңіл бөліп отырғанын көрсетеді»[1,20], - деп жазады.

М.Шоқайдың саяси публицистикамен айналысуына бірден-бір себеп оның Ресей Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының жұмыстарында белсенділік танытуы еді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында «Қазақ» газеті барынша елдегі жағдайдың тұрақтануын, қазақ халқының жазықсыз жапа шекпеуін қадағалады. Бұл істе Ә.Бөкейхан, М.Дулатов

басылымда үздіксіз мақалалар жарияласа, М.Шоқай тек аудармашылық, жол көрсетушілікпен қоса оқиғаға қатысты деректер мен мәліметтер жинады. Нәтижесінде «Мұсылман фракциясы атынан Думаға ұсынуға бір сұрау дайындады»[1, 32]. 1916-1917 жылдары М.Шоқай Ә.Бөкейхан, М.Дулатовтармен бірге саяси оқиғаларға белсене араласты. Әсіресе қазақ елін аман сақтап қалу, әскерге жіберілген қазақ жастарының жағдайын көру, олардың талап-тілектерін билікке жеткізу қажырлы еңбекпен табандылықты қажет етті. Алаш арыстары «Қазақ» газетінде аталмыш тақырыпты тұрақты жазып, болған оқиғаларды баяндап, талдап отырды. Басылымның Қазақстанның барлық аймағына жетуін қадағалады.

1917 жылы 15-17 наурызда ресей мұсылмандарының жалпы Конгресі өтеді. Осы жиында құрылтай өткізу жоспарланады. Артынша «Қазақ» газетіне Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, М.Дулатов үндеу жариялайды. Онда уақытша үкіметті қолдауға шақырады. Алаш арыстары Қазақстанның әр аймағында болып, азаттығымызды қорғап қалу үшін жеке мемлекет құру қажеттігін түсіндіреді.

М.Шоқай 1917 жылы Ташкентте «Ықтият» ұйымын құруға атсалысады. Бұл туралы ақпарат «Қазақ» газетінде жарияланады. Түркістан мұсылмандарының бірлігі мен ынтымақтастығын нығайтуды көздеген ұйым «Бірлік туы» газетін шығарып, оның басшылығына М.Шоқайды тағайындайды. Қайраткердің баспасөз ісімен айналысуы да осы жылдардан басталады. Газет тарихына қатысты алғашқы мәліметтер 1991 жылы «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» басылымдарында сөз етілді. Белгілі публицист Ә.Әлімжанов «Мұстафа Шоқай!... Ол кім?» атты мақаласында М.Шоқай негізін қалаған «Бірлік туы» газеті сол кезеңде және өзінен кейінгі басылымдарға қарағанда мазмұны жағынан сапасы өте жоғары болғандығын айтады. Басылымда Алаш автономиясын құру мәселесі кеңінен талқыланды. 1918 жылдың сәуір айына дейін жарық көрген газетте М.Шоқайдың хаты жарияланған. Бұл туралы «Қазақ журналистикасының тарихы» атты еңбекте: «Мұстафа Шоқайдың хаты былай аяқталған: «Бірлік туы арқылы алаш азаматтарына сәлем. Құдай тірлікте күліп-ойнап жолықтырсын. Жатқан жерім белгісіз, жария қылып болмайды. 13-ғинуардан 10 фиуралға дейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндері адам-хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті.



Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер», - деп соңына (4. II-фиуарл), «Тау арасы» Мұстафа» деп қол қойған[3,80].

Бұдан кейінгі М.Шоқай өмірі шет елде өтіп, саяси күресін жат жерде жүріп жалғастырады. «Большевиктер Түркістанға өз биліктерін орнатқаннан кейін Тбилиси мен Бакуге барып уақытша тұрақтағанда баспасөзге мақала жазумен қатар журналдар да шығарды. Тбилисиде біреуі түрік тілінде және екіншісі орыс тілінде екі газеттің шығуына мұрындық болды. Тбилиси большевиктердің қолына өткеннен соң, Стамбулға кетіп бара жатып жолшыбай біраз күн Батумиге аялдады. Жергілікті газетке Тбилисидегі саяси жағдайға байланысты бірнеше мақала жазып үлгерді. Содан ағылшындардың қол астындағы Стамбулға өтіп, бірнеше апта «Таймс» газетін мақалалар беріп тұрды»[1,258], - деп жазады Ә.Қара. М.Шоқайдың қайраткерлік қызметі, публицистік позициясы Парижде айқын әрі белсенді көрінді. М.Шоқайдың публицистикалық мақалалары осы жылдары бірнеше тілдерде жарық көреді. Ол елдегі саяси, экономикалық жағдайларды талдай келіп, түркі халықтарының бірлігін насихаттады, соған үндеді. Ол Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде: «... Түрік халқы - батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! ... Түрік баласы, ұмытпандар, бастарындағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар!»[4, 64] – деген болатын.

М.Шоқай Тбилисиде «На рубеже», «Шафак» газеттеріне, Стамбулда «Йени Түркістан» журналында, Берлинде «Яш Түркістан» журналында публицистикалық мақалаларын жариялады. Қайраткердің публицистикалық мақалалары Түркістан автономиясын құру, туыстас елдердің ұлттық мүддесін қорғау мәселесіне арналды. М.Шоқай публицистикасында ерекше көрінетін басылым «Яш Түркістан» журналы. Бұл туралы Ә.Қара «Яш Түркістан» журналы Түркістанның саяси, экономикалық, әдеби және мәдени мәселелеріне терең талдаулар жасаған журнал» деп бағалай келіп, «Түркістанның тәуелсіздігі мен халқының өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізуі жолындағы күрес ...негізін саясат, мәдениет және тіл салаларындағы жұмыстарды құрайды»[1, 263],- деп жазады.

Аталмыш журналда жарық көрген мақалаларын жанрлық жағынан сараптасақ, көбінесе корреспонденция мен сыни мақалалар, тақырыптық тұрғыдан халықаралық мәселе, қоғамдық-саяси ахуал, нақтылай айтқанда М.Шоқайдың саясаткер-публицист екендігін айқын аңғарамыз. «1936 жыл ішіндегі халықаралық жағдай», «Көпірме сөздерге көмілген бағдарлама», «Кеңес патриотизмінен орыс ұлтшылдығына», «Америка мен Кеңес үкіметінің Жапонияға қарсы жоспары», «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз», «Ұлт жолбасшыларының назарына», «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы», «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе», «Халықаралық саясаттағы Кеңес үкіметінің бүгінгі ролі», «Ататүріктің реформалары» атты талдамалы мақалаларында халықаралық жағдайды жан-жақты талдаған. 1937 жылы жазған «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» мақаласында: «Бізді азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт азаттығы жолында күрес жүргізіп жатқан басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес. Төңкерістің жиырмамыншы жылында осы ақиқатты бір сәт еске алып, зердемізге мықтап түйгеніміз абзал»[5, 108] – деп жазады. М.Шоқайдың сыни мақалаларында большевизмді сынға алу, кеңестік биліктің қателіктерін ашық жазу жиі байқалады.

Қайраткердің публицистикалық мақалалары мен хаттарынан нақтылық, білімділік пен саяси сауаттылық, деректілік айқын аңғарылады. Ол шетелдік басылымдарда кеткен тарихи деректің бұрмалануын нақты дәлелдер келтіре отырып, хат жолдап, редакцияның жауап беруін қадағалап отырады. Мәселен, 1923 жылы 15 наурызда «Последние новости» газетінің Париж редакциясына «Орыс монархистері бағдарламасының сынына байланысты осы айдың 10-дағы «Последние новости» газетінің бас мақаласында Александрия кітапханасын өртеуге халиф Омар тарапынан бұйрық берілгені туралы аңызға (өкінішке орай, көп таралған кәдуілгі тарих оқулықтарының барлығында) байланысты, Брокгауз бен Эфронның энциклопедиялық сөздігінен (1891 ж.) төмендегідей анықтамаға Сіздің газетіңізден орын беруіңізді сұраймын», - деп хат жазады. Газет редакторы М.Шоқай келтірген деректің шынайылығын мойындайды.

Белгілі ғалым К.Есмағамбетов М.Шоқайдың «Яш Түркістанды» шығарудағы еңбегін зерттей келіп, «журнал беттерінде М.Шоқайдың жалпы қоғам дамуына, дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларға және ұлт-азаттық қозғалысының формалары мен күрес тәсілдеріне, түрік халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған жүздеген мақалалары жарық көреді. Ол түркістандықтарды өз елі мен жерін шексіз сүйеге, мақтан тұтуға шақырады, себебі атажұртын жанындай көретіндер ғана оның тәуелсіздігі үшін күресе алады деп ой түйеді. Алғашқы күндерден бастап М.Шоқай журналда басылатын материалдардың шындыққа толық сәйкестілігіне, мазмұны мен идеялық бағытына ерекше көңіл бөледі. Мұстафа Берлиндегі «Яш Түркістан» журналын Парижде тұрып басқарудың кейбір қолайсыздықтар тудыратынын жасырмайды[6], - деп жазады. Бұл туралы ғалым Ә.Қара да өз еңбегінде оның себептерін ашып көрсетеді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қазақ тілінде «Жас Түркістан» журналын шығарып, онда қайраткердің бірқатар мақалалары жарық көрді.

М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасын құрастырушы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бас сарапшысы Ғ.Исахан екі томдықтың он ерекшелігін атап өтеді. Сонымен қатар Париждегі университет-аралық кітапханада сақталған құжаттарды мазмұндық жағынан сараптай келіп, «аталмыш мұрағатта М.Шоқайға М.Мұхити, Т.Заһир, Ә.Оқтай, А.Исхаки, В.Каюм, С.Бахтияр, А.Ибрахим, Искандер, Н. Шамсуллах, Ж. Ақшора-оғлы, Али Мардан бей, И.Акунин, В.А. Чайкин, Т.Шағатай, Дж.Кастанье және тағы басқалардан келген хаттар, ішінара жауап хаттардың көшірмелері сақталған. М.Шоқайдың мұрағат, серіктес достарымен жазысқан хаттары Қазақстан мен Орталық Азия тарихын егжей-тегжейлі зерттеудегі айнымас дереккөз болып табылады. Бұл құжаттар қазақ қайраткерінің эмиграциядағы саяси қызметі туралы мол мағлұмат береді. М.Шоқайдың 276 хаттарының 268-і алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылды.

Хат мазмұндарына қарағанда, аяулы азамат өз Отанынан тыс жерде жүрсе де халқының тағдыры үшін Ауғанстан, Қытай, Үндістан, Мысыр, Түркия, Ресей, т.б. елдерде тұрып жатқан қоғам қайраткерлерімен хабарласып тұрған. Оның үстіне М.Шоқайдың кіммен араласып, хат жазысқаны, Кеңес Одағынан шыққан эмигранттар жөніндегі деректер де елеулі мұра

саналады»[7]. М.Шоқай хаттарында қозғалатын негізгі мәселе – елдегі саяси жағдай. Әсіресе В.Қаюмға жазған хаттарында тұтқындағы отандастардың халі, елдегі саяси ахуалдың ушығуы туралы кеңінен сөз етіледі.

М.Шоқайдың публицистикалық мақалалары мен хаттары әлі де болса арнайы зерттеуді қажет етеді. Әсіресе «Яш Түркістанда» жарық көрген мақалалары әлі күнге маңызын жоймаған мәселелерге арналуымен құнды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / түрік тілінен аударған Г.Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.
2. Қазақ /Құр: Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 560 б.
3. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 244 б.
4. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы: Жалын, 1992. - 184 б.
5. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т.2. -1999. - 520 б.
6. Есмағамбетов К. «Яш Түркістан» журналы – тәуелсіздік жаршысы //Ана тілі газеті, 2010. -14 қаңтар.
7. Тоқсанбай Қ. Шоқайдың соңғы құжаттары //Егемен Қазақстан газеті. 2010. - 29 желтоқсан.

## **МЕДИАТАНУДАҒЫ ЕҢ ҰТЫМДЫ ТҰЖЫРЫМ**

**Бейсенқұлов А.А.,**

*филология ғылымының кандидаты, доцент.*

*Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан*

**Резюме:** В статье рассматриваются вопросы теории медиапознания в контексте формализации видного деятеля казахской лингвистики Ахмета Байтурсынова «Газета – глаза, ухо и язык народа» от 1913 года. Эта емкая фраза сравнивается с высказываниями теоретика медиа Маршалла Маклюэна и современными реалиями. Подчеркивается роль информации в повседневной деятельности человека. Медиа познание неотъемлемо от природы человека и оно постоянно совершенствуется.

**Summary:** The article examines the issues of the theory of media knowledge in the context of the formation of the prominent figure of Kazakh linguistics of Ahmet Baitursynov "Newspaper - eyes, ear and language of the people" from 1913. This capacious phrase is compared with the statements

of media theorist Marshall McLuhan and modern realities. The role of information in everyday human activities is emphasized. Media knowledge is indispensable from the nature of man and it is constantly being improved.

Медиатанымда есімі жиі аталатын Маршалл Маклюэнді бұқаралық коммуникация теориясының негізін қалаған, болашағын тап басып болжаған ғалым ретінде танимыз. Ал, Алаштың кемеңгері Ахмет Байтұрсыновтың медиатануда озық ой айтқаны айтыла бермейді.

Алдымен дәйексөзді толық келтіріп алайық. **1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында жарық көрген «Қазақ» газетіндегі мақаласын редактор Ахмет Байтұрсынов мына сөздермен бастайды:** «Әуелі, газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүтін дүние жүзіндегі халықтар телеграмм, телефон, пошталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жұртқа жайып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер — кімге пайдалы? Кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады. Екінші, газет — жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет — халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртінші, газет — халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады. Халыққа газеттің осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет-журналдары көп».

Жүз жылдан аса уақыт өтсе де бұл сөздер мәнін жойған жоқ және бүгінгі журналистика теориясы тұрғысынан қарастырсақ та өзекті. Ал, «газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген фраза ең бір ауқымды да нақты ғылыми тұжырым деп айтуға толық негіз бар.

Біріншіден, мұнда газеттің, ол арқылы барлық бұқаралық ақпарат құралдарының мәні шығып тұр, яғни оның халықтығы мен әлеуметтігі дәл көрсетіледі.

Екіншіден, ақпарат тікелей адамға, оның сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін күш екендігі мықты тұжырымдалады.

Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының эстетикалық қыры көрініс табады, яғни, жақсы тұрмыс, дамып жетілудің жолы ретінде көрсетіледі.

Төртіншіден, ақпараттың психологиялық қыры ашылып тұр. Әңгіме көз, құлақ, тіл туралы болғанымен, оның астарында ақпараттың әр адамға тұлға, жеке индивид ретінде әсер ететіндігі туралы емеурін білдірілген. Ал, психология ғылымы соңғы 40-50 жылда ғана оның ақиқатына жетіп, Байтұрсынов байламының дұрыстығын мойындады.

Бесіншіден, жоғарыдағы дәйексөзде журналистиканың міндеттері толық ашып көрсетіліп тұр. Бүгінгі медиакоммуникация теориясында да БАҚ функциясына: ақпарат беру, білімді молайту, қоғамды ұйыстыру, кемшіліктерді сынау және түзетуге бағыттау екендігі баса айтылады.

Кезінде социалистік идеология тұсында Владимир Ильич Лениннің «Газет – үгітші, насихатшы және коллективтік ұйымдастырушы» атты ұрансөзі салтанат құрған еді. Мұнда баспасөздің белгілі бір топ, партия мүддесіне қызмет атқаратындығы баса көрсетіліп тұр. Ал, Ахмет Байтұрсынұлының кемеңгерлігі сонда, халықтық мүддені бәрінен жоғары қойып, үш-ақ сөзбен шегендеп берген.

Бүгінгі іргелі ғылым медиатанудың негізін қалаушылардың бірі Маршалл Маклюэннің тұжырымдары да кей тұстарында Ахмет Байтұрсыновтың айтқандарымен үндеседі. Маклюэнді батыста ұзақ уақытқа дейін мойындамай, «оның жазғандары ғылым емес» деп келді. Дегенмен, соңғы жылдары ақпараттық қоғам идеялары дамыған сайын оның жазған еңбектерінің құндылығы арта түсуде, жиі ауызға ілігуде, ғалымдар соған сілтеме жасап, ары дамытуда. Жазушы әрі публицист Том Вульф: «Маклюэн мүмкін, Ньютон, Дарвин, Фрейд, Эйнштейн мен

Павлов дәуірінен кейінгі ең ғұлама ойшыл болар» деген пікір білдіреді. Қазіргі ғаламдық ақпараттық коммуникация зерттеушілерінің бірі Мануэль Кастельс: «Маклюэн коммуникация саласындағы ақпараттық қарым-қатынас пен ойлау жүйесін ғылыми тұжырымдауда төңкеріс жасаған ұлы сәуегей» деп бағалайды.

Маршалл Маклюэннің еңбектерінің басты ерекшеліктері, ғылымға жаңалық болып енген тұжырымдары мыналар:

- ақпараттың өзі медиа болып табылады;
- «медиа» деген термин адам мен табиғат арасындағы байланыс, дәнекер ретінде танылады, әлеуметтік дүниетанымның негізі;
- адамның ақыл-ойы, білімі мен тәжірибесі, еңбегі мен ізденісі арқасында пайда болған дүниелердің барлығы коммуникация құралдары;
- адамның бес сезу органдарының сүзгісінен өткенде қана ақпараттың мәні ашылады, мақсатына жетеді;
- медиа адамның мүмкіндіктерін кеңітеді, оның сезу органдары мен орталық нерв жүйесінің жалғасы, яғни ойлау, толғанғыс үдерісінің көрінісі;
- жаңа технологиялар адамның уақыт пен кеңістікті игеруіне жол ашады;
- медиа тұтынушысына сөзсіз әсер қалдырады және ол зиянды болуы да бек мүмкін;
- медиаортаның төрт заңдылығы бар: 1) жаңа дүние адамның мүмкіндігін кеңітеді, жақсартады; 2) орнын басқан ескісі тек көмескіленеді, мүлде жойылмайды; 3) жаңа технологиямен адамның тәжірибесі мәнін өзгертпейді, тек жаңа дағдысы қалыптасады; 4) инновация салдарсыз болмайды, бір нәрсені жаңартқанымен, екінші бір мәселені, таукіметті туындатуы мүмкін;
- адамзаттың даму тарихы медианың жетілуімен тікелей байланысты, коммуникациялар қоғамдық қатынастарды да түбегейлі өзгерте алады;
- өркениет үш сатылы: бірінші кезең ауызекі қарым-қатынас дәуірі; екінші - жазба және баспа мәдениеті; үшінші - электр мен желіге құрылған аудиовизуальді қоғам.

Электрлік және коммуникациялық құралдардың жетілуін қоғамдық өзгерістермен байланыстыра отырып М. Маклюэн

«Гутенберг галактикасы», «ғаламдық деревня», «электрондық қоғам» деген терминдерді айналымға енгізеді. Ол өзінің «Медианы тану: адамның сыртқа кеңеюі» атты еңбегін 1963 жылы жарыққа шығарады. Яғни, Ахаң жазған мақаладан 50 жыл өткенде ғана медианың жаңа тұжырымдары баспа бетін көреді. Ал, оның мойындалуы үшін тағы ондаған жыл кетті.

Маклюэннің ерекше бір назар аударатын тұжырымдарының бірі «құлақ пен көз» концепциясы. «Көз құлақтың орнын басты» («Око за ухо»[1]) дей отырып, ол тұтас бір тарихи дамудың кезеңдерін сипаттап, оның ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мұндағы «құлақ» ауызекі мәдениеттегі адамның ақпаратты тұтынуының көркемдік сипаты, яғни метафора. Жазуға дейінгі мәдениет өкілдері «құлағымен жетілді», яғни ақпарат алмасуда көбіне ым, дыбыстау, сөз арқылы түсіністі, бірге әрекеттесті. Маклюэн былай деп жазады: «ауызекі айтылған сөз адамның барлық сезімдеріне ерекше әсер етуімен ерекшеленеді»[2,87-б.], яғни, ауызша айтылған сөз адамның санасынан гөрі, тікелей оның сезім органдарын тітіркендіреді, сол арқылы жеке адамның барлық сезім мүшелері: есту, иіс, сезу, көру және дәм сезімдерінің үйлесімді қабылдауына жол ашылады. Білімді сақтау жолы әлі қалыптаса қоймаған уақытта адамдар бар білгенін өз жадында, миында сақтауға тырысты. Ал, өзара алмасатын ақпарат аса маңызды болып табылды, өйткені, күнделікті тыныс-тіршілігі, ертеңгі ас-ауқаты, жеке қауіпсіздігі, ұрпағын сақтау және жетілдіру сол ақпаратпен тығыз байланыста еді. Тікелей тілдесім өзара қарым-қатынастың өзегі болса, кейін дами келе қауымдасып шешетін мәселелер шықты, білім жинақталды, діни және мифологиялық таным қалыптасты.

Маклюэнше «құлақ» дүниесіне ақпараттың тікелей адам санасы, дұрысы бейсанасына жол табатын қасиет тән. Ал, «көз» дүниесі ақыл мен санаға негізделген ақпараттық арна болып табылады.

Маклюэн «Миф дегеніміз күрделі үдерістің тұтастай қиялмен танылуы» («Миф есть мгновенное целостное видение сложного процесса»)- деп жазады. Бқылым заманнан ұлы даланы мекендеген бабаларымыз да көбіне ауызекі ақпаратқа бек сүйенді, небір таңғажайып аңыздар мен ертегілерді, өлең шумақтарын дүниеге әкелді.

Бүгінгі қазақ қоғамы да ескі дәстүрлерден қол үзген жоқ. Ауызекі ақпараттың мәні күні бүгінге дейін әлсіреген жоқ.



Табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің таңғажайып үлгісі ретінде тәңіршілдік ұғымдары әлі де тұрмыста жиі кездеседі. Киіз үйдің өзі, көшіп қону, жаз жайлау, қыс қыстау дәстүрі экологиялық тұрғыдан озық үлгі екендігін уақыт дәлелдеп берді.

Ауызекі мәдениеттің шырқау биігі - біздің аса бай сөздің қорының басын құрайтын фольклорымыз, соның ішінде ерекше аталатыны - поэзия. Дала өркениеті, көшпенділер салты басқа елдерге ұқсамайтын, еш елде қайталанбайтын ауызша әдебиетті дүниеге әкелді. Таңнан таңға, бірнеше күн қатар жырланатын дастандар мен толғаулар, тұтас бір тарихи кезең оқиғаларын суреттейтін эпикалық жырлар, адам қиялын шарықтатып, танымын кеңітетін ертегілер мен аңыздар соның айғағы.

Мысалы, Мұрын Сеңгірбекұлы (1859-1954) - қазақ халқының рухани асыл қазынасының бірі «Қырымның қырық батыры» жырын Сыпыра жыраудан бес ғасыр кейін жырлап, біздің заманымызға ұластырған ұлы жыршы. Қырық тараудан тұратын жыр бір миллионға жуық өлең жолын құрайды. Мұра көлемі жағынан Шығыстың ұлы туындысы - «Мың бір түннің» өзін кейінге қалдырады. Жырлардың мазмұны, сюжеті мен композициясы ерекше назар аударуға лайық. Шет жерлік басқыншылардың шабуылынан елін қорғаған батырлар ерлігі мұнда халқының қорғаны, жат жұрт езгісінен азат етуші қаһарманы ретінде көрсетіледі. Ержүректілік, әділдік, ақылдылық, туған халқына деген махаббат секілді қасиеттер оларға тән болып келеді... 1942 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті, академик Қаныш Сатпаевтың араласуымен Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанына, қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстан үкіметі қазынадан қаражат бөлгізіп, жыршыны Маңғыстаудан Алматы қаласына алдыртып, қасына хатшылыққа ақын Мәриям Хакімжанованы қосып, Мұрын жырауға барлық жағдай жасайды. Нәтижесінде, он ай бойы жыршы «Қырымның қырық батырының» 36 батыры туралы жырларын ауызша айтып, сол жерде қолжазба күйіне түсіріледі, одан кейін қосымша 4 батыр туралы жырды 1947 жылы жаздырып жіберген.

Түркі дүниесіне ортақ, қырғыз ағайындар ие болып қалған «Манас жыры» ақындық өнердің ұлы үлгісі және өзінің тарихи тағдырымен де, көркемдік болмыс-бітімімен де адамзат үшін зор бағалы, мәдени әлеуметтік маңызы өте жоғары әдеби ескерткіш болып табылады. Манас эпосын алғаш зерттеген қазақ ғұламасы Шоқан Уалиханов. Ол 1856 жылы қырғыз жерінде болған

сапарында манасшыдан «Көкентай ханның асын» жазып алып, орыс тілінде жариялады. Манастың басқа тілге аударылуына, орыс және европа ғалымдарының ден қоюына жол ашты. Жазушы Шыңғыс Айтматовтың: «Қырғыз елінің байырғы ата мұрасының ең биік шоқысы-ұлы Манас эпосы» деген пікірі бар. Шындығында «Манас жыры» өзінің қайталанбас қуатымен талай ғасырлардың қайғылы, зарлы оқиғаларын бойына сіңіріп, философиялық мазмұнды жинақтауы тұрғысынан, елдің тарихына, тұрмыс-тіршілік, отбасы жағдайы, әртүрлі салт-сана, әлеуметтік, қоғамдық тұрмысын кеңінен және толық қамтуы жағынан дүниедегі ең сирек кездесетін әлемдік поэтикалық ескерткіштерінің үлгілеріне жатқызады. «Манас» эпосы Гиннес рекордтар кітабына енген. Толық мәтінін жарияласа 40 томға жетеді екен. 1958 жылы кітап күйінде шыққан көлемі 500 000 жол.

Міне, осы дүниелер еш жазба нұсқасыз ауызша айтылып, құлаққа құйылып, жадыда сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетті және күні бүгінге дейін дәстүр үзілген жоқ.

Ауызекі түркі-қазақ өркениетінің келесі бір қайталанбас құбылысы, өнерінің биік шоқтығы - күй шығару. Домбырамен, қобызбен саз шығару және оны басқалардың бір кісідей түсініп, қабылдауы сирек мәдени феномен. Далалықтардың жадының тазалығы сонша, жаңа шығарылған ұзақ күйді келесі тыңдаушы сол күйінде айнытпай қайталап орындаған, сөйтіп келесі аудиторияға жеткізген. Қазақтың күй өнеріне терең ғылыми баға беріп, сарапқа салған, табиғатын ашып, ерекшеліктерін дәл көрсеткен профессор Ақселеу Сейдімбек болды. Келесі бір қазаққа тән мәдени құбылыс айтыс өнері. Осының бәрі далалықтардың «құлаққа», тыңдауға негізделген ауызекі ақпаратты меңгерудегі биік жетістіктерінің, таланты мен шеберлігінің айқын көрінісі. Маклюэнше айтсақ, қазақтың ойлау мен тыңдау, сөзді, дыбысты қорыту мен зерделеу машығы жоғары интеллектуальді дәрежеге көтерілгендігі, ұлттық менталитет пен сананың сапалық қасиеттерінің аса жоғары екендігінің айғағы.

«Құлақ» сөзінен туындайтын қазақта фразеологизмдер мен қанатты ұғымдар көп екен. Мысалы, бас десе құлақ деу, құлағының тесігі бар, құлақ естігенді көз көрер, құлағымды кесіп берейін, құлағына алтын сырға, құлағына жағу, құлағына кірмеу, құлағына құю, құлағына тию, құлағынан күн көрінеді, құлағын шулату, құлағы түрік, құлағы шалу, құлақ асу, құлақ естімейтін, көз көрмейтін жерге жіберу, құлақ етін жеу, құлақ жару, құлақ

кесті құл, құлаққа ұрған танадай, құлаққа ілу, құлақ қою, құлақ құрышын қандыру, құлақ салу, құлақ сарсыту, құлақ тесу, құлақ тұну, құлақ түру, құлақ шерін тарқату, ақпа құлақ, аш құлақтан тыныш құлақ, екі езуі екі құлағында, кәрі құлақ, қара құлақ болу, құйма құлақ, сақ құлақ, салпаң құлақ, тас құлақ, ұзын құлақ[2] және басқалар. Көз түбір сөзінен тарайтын ұғымдар да аз емес. Осының өзі біздің мәдениетіміз бен дүниетанымымыздың акустикалық басымдығын, яғни табиғатпен көбірек үйлесетіндігін айғақтайды.

Жазу-сызудың пайда болуымен адамның ойлау жүйесінде, қоршаған ортаны және өзін танып-білуінде ғаламат сілкініс, жаңғыру болды. Маклюэн бұл құбылысты адамның ақпаратты қабылдауы мен өңдеуіндегі тәсілдің өзгерісімен байланыстырады, яғни, адам енді «құлағымен» емес, «көзі» арқылы өмір сүруге дағдыланды деп тұжырымдайды. Басқаша айтқанда, құлақ екінші қатарға сырғыды да, танымда көз жетекші мәнге ие болды. Әліпби мен сан жүйесінің бір ізге түсуі бұл үдерісті күшейте түсті, көптеген сапалық секірістердің іргетасын қалады. Маклюэн бұл құбылысқа жаңа бір теңеу келтіреді: «сапалы» ойлау («грамматное» мышление). Яғни, жаңа қатысым құралдарының дүниеге келуі адамның санасында және қоғамдық қатынастарда таным-түсінік, әдет-дағдыны жаңғыртып, сапалы ойлау дәрежесіне дейін көтерді. Бұл бір күнде жүзеге аса қоймағанымен, біртіндеп күш алды және іргелі түсініктердің өзін жаңғыртты. «Гуттенберг Галактикасында»[3] Маклюэн осы өзгерісті тәптіштеп жазып, жаңа жазу мәдениетімен қатар адамдар бұрынғы ауызша «дыбыстап оқу» («акустическое чтение») дәстүрін де сақтағанын айтады. Дыбыстық танымнан өмір шындығын көру арқылы зерделеуге көшуді жеделдеткен катализатор кітап басу станогының ойлап табылуы және кең тарауы болды деп тұжырымдайды.

Әліппенің жүйеге түсуі адамның ақпаратты өз бойында, жадында ғана емес, бөлек сақтауына жол ашты, түрліше жеткізу құралдарын өмірге әкелді. Ғалым бұған «білім адамнан ажырап шықты» деген баға береді.

Жаңа технология есту мен көрудің жеке дара өмір сүруіне жол ашты. Уақыт өте келе, дыбыстап оқу технологиясының орнын «үндемей оқу» («молчаливое» чтение) жүйесі басты, сөйтіп жазуға дейінгі дәуірде салтанат құрған ауызша диалог бұрынғы басымдығынан айырылды. «Баспа - ажыратым құралы.

Ол адамға қашықтықтан әрекет ету мүмкіндігін (билігін) берді, бұрынғыдай тікеле қатысу, эмоциялық күш жұмсау, ортақтасу қажет болмай шықты»[4]. «Үндемей оқу» техникасына жаңа үйрене бастаған адам бұрынғыдай ақпарат жеткізуші ұстаз-тәлімгерінен қара үзді, енді өз миына салмақ түсіріп, жеке дара шешім қабылдап, әрекет ететін болды.

Маклюэннің келесі бір даралығы оның бүгінгі компьютерлік және интернет технологиялардың болашағын болжап білуі, ол әкелетін өзгерістерді дөп бағалап, саралап жеткізуі болып табылады. Адамдарды жеке дара да, топтап та бір желіге көгендейтін қоғамды көрегендікпен «ғаламдық деревня», «желілік серіктестік» деп бағалайды. Электр қуатынан тарайтын жаңа ақпараттық коммуникацияны Маклюэн аудиовизуальді қоғам деп сипаттап, адамзат өз тарихына кері оралды, бұрынғы ауызша ақпарат алмасу дәстүрі түрленеді дегенді 20-30 жыл бұрын алдын-ала болжап, жазып кетеді. Маклюэннің коммуникациялық теориясын дамыта отырып, зерттеуші Уолтер Онг «Екінші ауызшалық» («Вторая устность»[5]) деген тенеуді қолданады. Қазіргі ақпараттық тасқынға жеделдік тән. Оның бәрін терең түсініп, ақыл сүзгісінен өткізуге уақыт жетпейтіндіктен адам бұрынғы «құлақпен» қабылдау, яғни сезім арқылы түйсінуге оралды. Осыдан келіп ақпаратты үстіртін, бөлшектеп қабылдау тән, көп жағдайда оқиғаның себеп-салдарына, тамырына көңіл аудара бермейді, оған уақыты мен мұршасы жетпейді. Жазу, сызуға дейінгі «естуге» негізделген қоршаған ортаны эмоциялық қабылдау қайта жаңғырды деуімізді себебі осы.

Жалпы қазіргі ақпараттық коммуникацияның даму үдерісі жеке адамның, мәдениет пен қоғамның дамуына шешуші ықпал етіп, сапалық жақсаруын қамтамасыз етуде. Байтұрсынов пен Маклюэн ілімінен шығатын басты қорытынды: адам табиғатынан жаңалық пен өзгеріске бейім, ақпараттық орта өзгергенімен, технология жаңарғанымен жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі, мінез-кұлқы, түйсік-танымы көп өзгеріске ұшырамайды, жеке дағдылары мен әдеттері ғана уақытқа, сол кезеңге бейімделеді.

#### **Пайдаланылған дереккөздер:**

1. *Маклюэн М.* Понимание медиа: Внешние расширения человека / Пер. с англ. В. Николаева; Закл. ст. М. Вавилова. – 3-е изд. – М.: Кучково поле, 2011. – 92-б.
2. <https://sozdik.kz/>

3. *Маклюэн М.* Галактика Гуттенберга: Становление человека печатающего. — М.: Академический проект: Фонд «Мир», 2005. — 134-б.
4. *Галкин Д.В.* Технолога новых медиа: к проблеме генезиса цифровой культуры // Гуманитарная информатика. Открытый междисциплинарный электронный журнал. – 2005. – Выпуск 3. URL: <http://huminf.tsu.ru/e-journal/magazine/3/gal.htm>
5. *Orality and literacy: the technologizing of the word.* London; New York: Methuen, 1982.

## «САРЫАРҚА» ГАЗЕТІНДЕГІ АЛАШ КӨСЕМСӨЗНЕ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ТАЛДАУ

**Жакупова И.Ж.,**

*Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан*

**Түйін сөз:** Алаш партиясының үні мен шежіресі болған «Сарыарқа» газетінің көтерген тақырыптары сол кезеңдегі саяси ахуал мен Алаш партиясының қызметінен нақты деректер мен дәйектер келтіргендіктен тарихи құндылығы өте жоғары мәдени жәдігер болып табылады. Мазмұндық құндылығымен қоса «Сарыарқа» басылымы қазақ журналистикасының жаңа деңгейге көтерілуінің үлгісі. Ал, онда жарияланған материалдар алаш публицистикасының жарқын көрінісі. «Сарыарқа» газетінде жарық көрген материалдар әлі де терең зерттелсе біршама ғылыми еңбектерге өзек болар еді.

**Түйін:** «Сарыарқа» газеті, Алаш көсемсөзі, Алаш баспасөзі, Х.Ғаббасов, Р.Марсеков, Ж.Аймауытов.

Алаш қозғалысы - жиырмасыншы ғасырдың басында ресей патшалығының екі ғасырдан астам отарлау саясаты мен кеңес үкіметінің жетпіс жылға созылатын геноцидтік саясатының аралығында жиырма жылдай азғана уақыттың ішінде саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік қыруар іс-шараның ұйытқысы болды. Олардың негізгі мақсаты ұлт тәуелсіздігі еді. Қазақ халқының тек легитимді ғана емес, санасымен, ойымен, жүрегімен тәуелсіз ел болуын аңсады. Сондықтан да алашшылар екі бағытта жұмыс жасады: біріншісі - ұмытылуға шақ қалған ұлттық құндылықтарды жаңғырту арқылы ұрпақ жалғастығын сақтау болса, екіншісі – өркениет көшінен кешеуілдеп қалған қазақ халқының ой-санасын ағарту арқылы дамыған ел қалыптастыру еді.

Алаш баспасөзінің мазмұндық құрылымына көз жүгіртер болсақ, бұл жағдай айқын байқалады. Мысалы, «Айқап» журналының беттерінде қазақ шежіресін, халық аузындағы әдеби мұраларды жинастыруға деген ұмтылыс пен халықты отырықшылыққа, білім-ғылымға насихаттауы немесе «Қазақ» газетінің беттерінде Абай, Шәкәрім еңбектерінің жариялануымен қатар дамыған Еуропа елдерінің ілімдегі жаңалықтарынан халықты хабардар етуге ұмтылысы, әрі түрлі ғылыми салаларда мақалалардың берілуі осының айғағы. Ал, осы басылымдардың ізімен жарық көрген «Сарыарқа» газетінен мүлде жаңа қарқын байқалды. Басылым беттеріндегі материалдардан қазақ зиялыларының белсенді саяси өмірімен әрі жасалып жатқан нақты іс-шаралардың барысымен танысуға болады. Мұнда «болайық», «жасайық», «қажет» дегеннен гөрі, «жасалған», «жасалу процесіндегі», «ұйымдастырылып жатқан», «нәтиже берген» саяси-әлеуметтік хал-ахуалды байқаймыз.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы өзін заңды түрде партия ретінде жариялағанымен, автономия ретінде жариялауға «әліптің аяғын бағып» көрмек болады. Алашорда партиясының алғашқы шешімдерінің бірі партия мақсат-мүддесін халыққа жеткізетін, халықтың саяси сауатын ашатын газет шығару болды. Соның нәтижесінде Семей қаласында «Сарыарқа» басылымы жарық көрді. «Сарыарқа» газетінің алғашқы редакторы - Райымжан Марсеков, кейіннен бұл қызметті ұзақ уақыт Халел Ғаббасов атқарды. Ал, соңғы кезеңінде Имам Әлімбекұлының редакторлық басқаруымен жарық көреді. [1.] Бағыт-бағдары айқын газет ә дегеннен-ақ батыл материалдар жариялап, халықты қам жасауға, ұйымдар құрып, жаңа заманға бейімделіп, болып жатқан саяси өзгерістерге бей-жай қарамай атсалысуға насихаттады әрі халықтың қалаулылары атқарып жатқан қызметтерден хабардар етіп отырды.

Сарыарқа газеті 1917 жылдың маусым айынан бастап, Семей қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығып тұрды. Бастырушысы - «Теңдік» серіктігі.[2.] Газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зиянын, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қазақ елінің саяси-экономикалық жағдайы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруаларымен қазақтар арасындағы қарым-қатынас, Құрылтай жиналысы, жалпы қазақ сиезі, қазақ елінің мәдениеті, оқу-ағарту ісі, т.б. сол кезеңнің өзекті мәселелері жайлы Ә.Бөкейхановтың,

М.Дулатовтың, Р.Марсековтың, Х.Ғаббасовтың, Ә.Ермековтың, М.Малдыбаевтың, Ж.Ақбаевтың, М.Тұрғанбаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтың, И.Әлімбаевтың мақалалары, С.Дөнен-таевтың, С.Торайғыровтың өлеңдері, Б.Майлиннің әңгімелері жарияланған.

«Сарыарқа» газеті толыққанды қалыптасқан қазақ журналистикасы мен публицистикасының көрінісі десек артық айтқан болмаймыз. Себебі газет бетінде тұрақты айдарлар аясында жүйелі түрде түрлі жанрдағы материалдар жарияланып тұрды. Ақпараттық хабарлар, талдамалы мақалалар, жарнамалардың арнайы айдармен берілуі, оқырман хаттарымен жұмыстың жасалуы, өткізілген әрбір комитет кеңестерінен есептердің берілуі, саяси және экономикалық, әрі құқықтық тақырыптарда жан-жақты ашылған әрі сериялы мақалалардың берілуі. Осының бәрі газет редакторларының біліктілігін, әрі газет шығару ісінің бірізділікке түскендігін байқатады. «Сыртқы хабарлар», «ішкі хабарлар», «газеттерден» деген айдарлармен қысқа әрі нұсқа құнды мағлұматтар жарияланып отырды.

Тағы бір назар аударарлық жайт – «Сарыарқа» газетіндегі қазақ тілінің тазалығы, алдыңғы басылымдардағыдай ноғай, татар тілдерінен енген сөздердің кездеспеуі. Елу жылда ел жаңа демекші, жаңа замандағы жаңаша өмір салтына қарай жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы табиғи заңдылық. Мұның мысалын осы басылымда жарияланған материалдарға көз жүгірте отырып байқауға болады. Орыс тілінен енген сөздердің сол қалпы жазылмай, қазақша жазылу емлесіне бейімделіп, айтуға әрі жазуға ыңғайлы, көзге қораш көрінбейтін қазақы терминдердің қалыптасқанын көреміз. Мысалы; обласной, үйез, гүбірне, сиез, пошта, нашалнік, т.б. Сонымен бірге, кейбір орысша терминдер өте сауатты аударылып, қолданысқа енгізілген; кооператив – игілік қауымы, кредитное товарищество – уақ қарыз серіктігі, член – ағза, сот председателі – төбе би, т.б. Дегенмен, саяси-экономикалық әрі құқықтық терминдердің бәрінің бірдей баламасы табыла қоймағаны анық. Сол себепті де газет бетінде орысша сөздер көптеп кездеседі.

Сарыарқа газетіне дейін жарнамалардың үлгісі кездескенімен, арнайы жарнама тақырыбымен берілмейтін еді. Мұнда жұмысшы іздеп немесе бос жұмыс орнын жариялап, жеке қызметтерін ұсынып арнайы берілген жарнамаларды байқаймыз. Тағы бір қызықты айдар - «Тәңір жарылқасын». Бұл айдармен

көбіне көмек көрген мұқтаж кісілердің алғыстары, қаржылай көмек алған шәкірттердің ризашылықтары, әртүрлі жағдайларда игі іске себеп болған кісілерге рахметтерін білдірген хаттар жарияланған.

Газет бетіндегі мазмұндас материалдар көбіне тұрақты бір тақырыппен беріліп тұрған. Мысалы, «Азық-түлік» атты мақаланы басылымның №2, №5, №9, №13 сандарынан кездестіруге болады. Немесе «Сиездің қаулысы» (№3), «Семей сиезінің қаулысы» (№5), «Сиездің қаулысы» (№6), «Жалпы қазақ сиезінің қаулылары» (№9); «Алаш балалары!» (№17), «Алаштың балалары» (№21); «Земство» (№6), «Земство туралы» (№13), «Земство жайы» (№21). [3.] Азық-түлік пен земство жайлы мақалалар сериялы болғанымен авторларының бөлек кісілер екендігін ескерсек, «редакция арнайы тапсырыспен жаздырды ма екен» деген ой келеді. Осы жерде «Азық-түлік» атты материалдарға назар аударар болсақ, қазақ жерінде болған аштық нәубәтінің алғышарттары сол кезден-ақ төбесін көрсете бастағаны байқалады. Ал, Обласной қазақ комитеті атынан жазылған «Алаш балалары» (1917.19.10/№17 ) атты мақалада учредительное собрание (құрылтай) қазақ баласының түгелдей қатысуын насихаттап, нақты дәйектермен қанша кісі дауыс бергенде құрылтайға неше депутат өтетіні, көбірек өз ұлтымыздан өткенде не болары, өтпеген жағдайда қазақтың халі нешік болатынын дәлелдеп, әрбір адамның дауыс беруі қаншалықты маңызды екенін басып көрсеткен. «Жалпы қара халық қайткенде қазақтың запискасы азаятынын, жоғарыда жазылған қауіп-қатерлерін ескермейді. Сондықтан әр елдегі оқығандар, саңлаулы ақсақалдар, жас пікірлі мырзалар қазақты «записка кему» отынан қорғаңыздар: жатпай-тұрмай елдеріңізге жар шашып, біздің осы сөзімізді оқып түсіндіріп, осы үстіміздегі бір айды өткізіп жіберіңіздер... Біз де бар қазақ болып, «Алаш!» деп Николай тұсында еріксіз ұмытқан ата ұранын шақырдық, жарысқа түстік. «Алаш» атты бәйгеге қосылғанда жүрегінде қазақ қаны, намысы бар бауырларымыз құлағын салмай саңырау болып, ізденбей қамсыз болып, аз күндік пайдаға, шаруаға боламың жылдық іске көз жібермей отырмас!» - деп көкірек көзі ашық азаматтарды қамсыз қалмай, қалың бұқараға осы ақпаратты кеңінен таратуға үгіттейді. Мақаланың ішінде Алаш партиясынан құрылтайға депутат ретінде ұсынылған 14 қайраткердің тізімі де берілген. Бұл баспасөздегі кәдуілгі сайлау алды науқанының



агетациялық жұмысының көрінісі. Келесі №18 санында (1917.30.10) «Учредительное собрание сайлауы қалай болады?» атты тақырыппен қысқаша ақпарат беріліп, артынша «Алаш» партиясының атынан сайлауға түсетіндердің тізімі мен дауыс беру процесін толық түсіндіріп өткен. Дәл осы нөмірде алғашқы репортаж – С.Торайғыров жазған «Әлиханнның Семейге келуі» материалының 1-бөлімі берілген. Мұнан кейінгі № 20, 21 сандарында Алаш партиясының жоспары беріліп; № 20, 21, 22, 23 сандарында «Алаш партиясы атынан учредительное собраниеге аталған депутаттар» деген тақырыппен Алаш мүшелерінің тізімі және олар жайында қысқа ақпараттар берілген. Мұнан біздің байқайтынымыз, Алаш қайраткерлері сол кезеңдегі ең мықты құрал баспасөз екенін дәл түсініп, оны дұрыс игере білген. Жәй ғана халықты үгіттеп қана қоймай, нақты іс-әрекетке итермелеген. Яғни баспасөз және көсемсөздің мүмкіндіктерін толығымен қолданғанын айта аламыз. Өкінішке орай, күнімізде көптеген басылым немесе бұқаралық ақпарат құралы аудиториямен осыншалықты нәтижелі кері байланысымен мақтана алмайды.

Ү.Сұбханбердинаның «Қазақ, Алаш, Сарыарқа» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде Сарыарқа газетінің материалдарын тақырыптық жағынан саяси-шаруашылық мәселелері; мәдениет, әдебиет, тіл туралы; оқу-ағарту, баспасөз деп жіктеген екен. Ғалым-ұстаз Т. Қожакеевтің «Мақала – газет, журналдардың идеялық-саяси деңгейін аңғартатын жетекші жанр,»[4.] - деген анықтамасы осы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген мақалаларға дәл айтылғандай. Басылымда жарық көрген мақалалардың қай-қайсысына көз жүгіртсек те газеттің негізгі мақсаты айқын көрінеді. Мысал үшін «Сарыарқа» газетінің №2 санында (1917.25.06.) Ж.Аймауытовтың «Мемлекет құрылысы» атты мақаласының басында патша кезеңіндегі елдің жайын айта келіп, сол кезеңдегі жаңа хукіметке өздерін ұсынып отырған партияларды қысқаша баяндап өтеді. Сол партиялардың негізінде құрылатын мемлекеттің басқару жүйесімен, биліктің Заң шығарушы, атқарушы және орындаушы тармақтарымен таныстырады. Сонан келе; «Мемлекет негізі қандай жақсы болса да, адамның бостандығына бір қорғаншақтық болмай қоймақ емес. Бірақ қорғаншақтық мемлекеттің бүтіндігі, көптің пайдасы, тәртіп салу үшін керек нәрсе. Сондықтан бұған көну керек. Бірақ хукімет қатысқанын қаламайтын кейбір орындар бар. Олар

мынау сықылды: кім қай дінді қаласа, сол дінге кіруге ықтиярлы болу керек. Бұл хукіметтің жұмысы емес, әркімнің жүрегінің ісі. Жиылып бас қосып, кеңесуге бөгет қылмасқа керек. Жиылыста керек мың кісі болсын, керек хукіметті қараласын, оған хукімет шамданбау керек. Әйтпесе жұртқа бостандық болмақ емес, баяғы құлдықтан құтылмағандық. Газета, кітап жүзінде ой-пікірін жазушыларға, я еркін ашық сөйлеушілерге тыю салынбау керек. Мұның бәрі азат адамның адамдық құқығы,» - деп елі мен халқының мәдениеті, тілі мен дініне қол сұқпайтын - демократиялық қоғамды аңсайтынын білдіреді.

«Сарыарқа» газеті жалпыхалықтық газетке айналған, саяси-экономикалық, құқықтық басылым болды десек жаңылмаймыз. Мұнда насихатшылық публицистиканың мысалын молынан кездестіруге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Р.Садықова «Жұлдыз» журналы, 2010 №10 қазан, 196-198 бб.
2. Аллаберген Қ. Нұсқабайұлы Ж. Оразаев Ф. «Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008жж.)» – Алматы, Білім, 2010
3. Омашев Н. «Алаш көсемсөзі» Алматы, Өнер – 2011ж.
4. Жақып Б. «Публицистикалық шығармашылық негіздері» - Алматы, Қазақ университеті, 2007 – 305б.
5. Сұбханбердина Ү. «Қазақ Алаш Сарыарқа» мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, Ғылым, 1993 ж.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ҒАЛЫМ

Әбдіжәділқызы Жидегүл,

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан*

*«Дәл бүгінгі күні елімізге іс тетігін білетін азамат қана емес,  
әр нәрсені елдік мүдде тұрғысынан ойлайтын,  
адамгершілігі мол, өткен тарихымызға  
құметпен қарайтын ұлт жанды  
тұлғалар керек» [1].*

Ең алдымен, мақала «Алаш» тақырыбына жазылып отырғандықтан алаш арыстарының елжандылығын ерекше ата айтуды парыз санадым. Өйткені, олар өмір мен өлімнің ортасында жүріп, өздерінің ертеңгі күні не болатынын білген жоқ, ал ел үшін не істейтіндерін жақсы білді, тіпті, сол үшін тәуекелге бел буып, ажалға да қарсы тұрды. Дәл осылайша елінің ертеңін ойлаған алаш азаматтарының бірі Ахмет Бейтұрсынов болатын. «Тарихи деректерге жүгінсек, 1905 -1907 жылдары Ресей патшалығы Столыпиннің реформасына сәйкес қазақтың қазба байлыққа тұнған кен орындарын күштеп ала бастағаны, Соколов-Сарыбай, Риддер кеніштерінің солардың қарамағына өтіп кеткені туралы мәліметтерді кездестіреміз. Сол кездері «Айқап» журналына мақала жазып, «қазақтар өнер мен ғылымды меңгеріндер! Біздің жеріміздің байлығы орасан зор, соны өз ректер қолдарыңа алындар» деп ұран тастап, большеиктердің көсемі Ленинге барып, шекараны белгілеткен Ахмет Байтұрсыно бастаған зиялы топ болатын» [1]. «1919 жылдың желтоқсанында Ревком атынан Кеңестердің VII съезіне Мәскеуге Байтұрсынов екеуміз бардық. Съезден соң Ленинмен кездесуге сұрандық» деп жазады С. Пестковский «Советская степь» газетінде жарияланған мақаласында». [2]. Профессор Н.Омашев осындай деректерге сүйеніп, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ еліне радиохабар тарату ісін жүзеге асыруға тікелей атсалысқанын баяндайды өзінің «Ахандар ашқан арна» атты аталатын мақаласында. «Қазақ

үшін отқа түскен Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын көрсетіп бергендердің бірі Сәкен Сейфуллин болатын. Ол өзінің Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» де аталатын мақаласында: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам, қулықты атарман –шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі» деп жазады [3].

«Халық үшін ең басты байлық денсаулық болса, жан үшін басты байлық білім мен өнер. Басты міндет – жастарға білім беру, оларды кәсіпке үйрету, оларға мамандық беру» [4]. Бұл - ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өзі бас редактор болған «Қазақ» (1913-1917жж.) газетінде жариялаған мақаласынан алынған үзінді. «Қазақ» газетінің тарихы - Ахмет Байтұрсынов салған сара жолдағы қазақ деген халықтың сөзі, ұлт шежіресінің көзі екеніне уақыт төреші. Осынау тарихи мәліметтер Ахмет Байтұрсыновтың өзінің туған халқының қамын жеп, елінің келешегін көздегенін дәйектейтін деректер. Дәл сол кездері радиохабар тарату ісін қолға алғанын растайтын айғақтар бар болғанмен, эфирде сөз сөйлегені, немесе сұхбат бергені туралы қолма-қол дерек табылған жоқ. Әйтсе де, лингвист-ғалым телевизияның, радионың эфирінде камера мен микрофон алдында сөйлеу кезінде қандай талатарды сақтап, қандай мәселелерге назар аудару керектігін, қандай келеңсіздіктерге жол бермеу керектігін анықтап айтып,, нақтылап жазып тіл мәдениетінің алты ережесін ұсынды:

**1. Тіл анықтығы - айтылған лебіз ашық мағыналы түсінуге жеңіл болуы –шарт.**

Негізінде, тіл мәдениеті мемлекеттік мүдде мен ұлттық идеологияны жандандыру үшін қызмет ету керек. Қазақтың қанына сіңген асыл қасиеттер ұрпақтар санасына асыл сөздің құдіретімен сіңген болса, оның бірден бір жеткізушісі тележурналистика. Түптеп келгенде, Абай ақын әдемі дәріптеген «Толғауы тоқсан қызыл тілдің» өзіне тән тармақ-тармақ заңдарын танып білген адам сөйлеу өнерін өзіне бойтұмар етіп тақпақ. Көрерменнің талғампаз қабылдауы мен тікелей эфирдегі тіл мәдениетінің арасында әр хабар сайын ашыла беретін нәзік қырлар мен құпиялы сырлар жетерлік. Тележүргізушінің аузынан шыққан әрбір сөз анық, айқын айтылып, сөз бен дыбыстың

естілуінде бұлыңғырлық болмауы тиіс. Сол арқылы тұтас мәтіннің мән-мағынасын көрермендерге түсінікті етіп жеткізуге мүмкіндік туады. Сөздің анықтығы – ойдың мөлдірлігі. Мөлдір ойдан шыққан шынайы сөз көрерменнің жан дүниесін баурап, жүрегін жаулап, еркін билеп алып, ақыл-ойын тұсаулап, экран алдында ұстаудың бірден-бір кепілі. Ал тілдің бағасын, тілдің қызметін белгілі ғалым, публицист Ахмет Байтұрсыновтай ешкім жеткізе алмас: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын алдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау».

## **2. Сөз дұрыстығы – әрсөздің, әр сөйлемнің дұрыс өз орнында қолданылуы:**

Тележурналистикадағы маңызды да, құнды бір белес – сөйлеу мәдениеті. «Сөз – барлық фактінің, барлық ойлардың киімі» деген екен М. Горкий. Ал шығыс даналығында сөзге мынадай анықтама берілген: «Сөз – қандай да бір ойды аңғартуы тиіс». Тележүргізушілердің көпшілігінің қателігі сонда олар ең алғаш аузына түскен, тілінің ұшына үйірілген сөзді ешбір ойланбастан айналымға қосып айтып жібереді де, сөздің қадірін кетіріп, құнын түсіріп алады. «Сөз құдіреті» деген ұғымға терең мән бермейді. Көгілдір экрандағы жүргізушінің шеберлігі – өмірдегі болып жатқан оқиғаға, құбылысқа ынта-ықыласпен беріле отырып, зор ыждахатпен, ұғынықты да тартымды әңгімелеу. Факті құндылығы, оқиға маңыздылығымен бірге тележүргізуші немесе тележурналист бейнематериалды эфирге беру формасын, телетуындыны көпшілікке жеткізу әдістерін, көрерменге әсерлілігін есепке алу – шарт. «Егер сіз жаттандылықтан қашып, ұсынып отырған дүниеніздің өзіне ғана тән кілтін таба білсеңіз, онда көрермендерді елең еткізіп, бір серпілтіп тастайсыз». Сондықтан да сөйлеу мәдениетінің басты қағидасы – сөз қадірін білу, ал сөз қадірін білу үшін өмірді терең зерттеп білу, оның қыр-сырын жан-жақты талдап түсіну, әрбір айтылған сөз үшін жауапкершілікті сезіну, яғни, үнемі іздену қажет. Мұның бәрі аса күрделі әрі ауқымды іс-әрекеттер болғанымен, кәсіби шеберлікті меңгеру жолындағы ең керекті нысаналар. Сол себепті де оларды бір рет орындап, біржола тындырып қоюға болмайды, әрдайым басшылыққа алып, дамытып отыру қажет.

## **3. Тіл әуезділігі – сөздің біркелкі үйлесіммен үндесіп айтылуы:**

Сөйлеу тілін жазба тілден ерекше етіп тұратын интонация, яғни, дауыс ырғағы. Әдетте, интонация сөздің мағынасын кеңейтуге мүмкіндік береді. «Сөйлеу дегеніміз – көңіл көзімен суретті образ жасау» деген екен К. Станиславский өзінің «Работа актера над собой» деп аталатын еңбегінде. Шындығында, сөйлеу техникасы мен дыбыс заңдылықтарын таза меңгерген, ашық дауысты қоңыр үнді шебердің мәтінді оқығанда әдемілікке, әуезділікке аса мән беретіндігі байқалады. Тіл дыбыстарының артикуляциясын дұрыс меңгеріп дыбыстаса, сөздегі әр дыбыс анық айтылады. Дыбыстың таза, анық айтылуы буындардың анық, ашық айтылуына, буындардан тұратын сөздердің анық, таза естілуіне жағдай жасайды. Дыбыстың иазалығын, икемділігін, тұрақтылығын сөйлеу кезінде ескере отырып, дыбыстық, буындық қатарларын байқап, сөзге, сөз тіркестеріне қойылатын екпінге мән бере білу керек. Сөйлеген кезде дыбыстың құбылуы, қатты, орташа, немесе баяу шығуы, дыбыстың толастауы дауыс екпінінің мағынасына арнайы ерекшелепайтатын сөзге түсінуде қосымша реңк беретін дауыс сарыны да болады. Эфирде жұмыс істейтін жүргізушілер үшін дауыс ырғақтығын қалыптастыра білудің және мәнерлеп сөйлеудің маңызы ерекше.

4. **Тіл дәлдігі** – ойлаған ойдағы ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі;

Сөз жауапкершілігін жете түсінген тележүргізуші әрбір сөзін байыппен, мағынасына мән бере, асықпай, бабына келтіре, табиғи қалыпта айтуға тырысады. Кәсіби тележүргізушінің тұлға болып қалыптасу мақсатымен айқындалатын экрандағы өзіндік өрнегі, ешкімге ұқсамайтын өзіндік стилі. Ізденіс әркімнің өзінен басталады. Суреткер экранда өзінің шығармашылығы арқылы өз халқының рухани әлемі, оның проблемеларын бейнелей алғанда ғана ол ұлттық телетуындыға айналады.

5. **Тіл тазалығы – ана тіліндегі сөзді басқа тілдің сөздерімен шұбарламау;** Теледидар арқылы берілетін хабарларды, Батыс Еуропаның, Ресейдің, Американың ақпарат құралдары не айтса, соны тәржімалап, сол күйінде қайталап айтпай, оларды еліміздің, әсіресе, қазақ ұлтының мұқтаж-мүддесіне, менталитетіне лайықты түрде іріктеп беру жағын ойластырған дұрыс болар еді. Телеарна басшыларына білікті, ұлт тіліне, мәдениетіне, тарихына, ең бастысы, келешегіне жаны ашитын кәсіби журналистерден тағайындау керек».

**6. Тіл көрнекілігі – дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттелуі тиіс;**

Теледидар тілі сөйлеу тілінің әдеби нормасын, дыбысталатын сөздің сипатын танытатын тіл мәдениетінің үздік үлгісіне айналуы тиіс. Сондықтан да жүргізуші-журналист шектеулі межесі бар эфир уақыты заңдылығына сәйкес, қалыптасқан сөздік қор, терминология, орфография, орфоэпия ережелері мен грамматикалық, фонетикалық заңдылықтарды сақтап, жанрлық-стилистикалық, психолингвистикалық, жеке-дара стильдік тұрғыда тіл қатуға міндетті. Сонымен қатар, біріншіден ұлттық тіл ерекшелігін есепке алып, екіншіден, көрермен мен тыңдарман талғамына сай қажеттілікті қанағаттандыратын тәсілдерді ұтымды пайдаланып, үшіншіден, кәсіби этиканың негізгі принциптеріне сүйену – шарт. Сонда ғана теледидар тілі қалың жұртшылық құлақ түретін жоғары кәсіби деңгейдегі сөйлеу мәдениетінің сапалық көрсеткіші рөлін атқаратын болады.

Қазіргі заманғы қазақ журналистикасында зерттеуді қажет ететін мәселелер жеткілікті. Бұл саладағы деректік маңызы бар дүниелердің бәрі бірдей егжей-тегжейлі зерттеліп, жан-жақты қарастырылып болған жоқ. Солардың бірі – телеарналардағы мемлекеттік тіл саясатын жүргізу үрдістері. Мемлекеттік тіл саясаты елімізді мекен еткен барлық ұлттар мен ұлыстардың басын қосатын негізгі құндылық болу керектігін Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Халықтары ассамблеясында сөйлеген сөзінде де шегелей айтып, жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында оған айрықша назар аударатынына баршамыз – куәміз. Бұл тұжырым – БАҚ-тың мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы алтын қазығы болуы – тиіс. Бұл тұжырымды іске асырудың іске асырудың негізгі мәнісі – мемлекеттік тіл саясатын қалың бұқараға қалай насихатталуында, әрі осы бағыттағы ақпараттардың қандай деңгейде жеткізілуінде. Шын мәнінде, мемлекеттік тілді дамыту жайы – еліміздегі БАҚ үшін ең маңызды мәселердің бірі болып қала бермек. Бұл толғақты мәселе парламент мінберінде де, мемлекеттік органдар өткізген кеңестерде де, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар бас қосқан жиындарда да жиі қозғалады, сөйтіп, бұл тақырыпты БАҚ арқылы насихаттаудың тиімділігі үнемі сөз болады. Ал соның ішінде телевизияның баспасөзбен,

радиомен салыстырғанда әлдеқайда пәрменді ықпал ете алатындығы ақиқат. Дәл осынау телевизия мен радио тіліндегі кәсіби этика мен эфир эстетикасы тұрғысынан тіл мәдениетінің ережесін екшеп, қағидасын қазық қаққандай негіздеп берген лингвист – ғалым Ахмет Байтұрсынов екенін заманауи телевизия және радио саласындағы кәсіби мамандар білуге және басшылыққа алуға тиісті.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мұтанов Ғ. «Білім. Ғылым. Инновация». Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 202 б.
2. Омаше Н. «Ақпарат әлемі». – Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2006, – 14-15 бб.
3. Жақып Б. «Қаақ баспасөзіндегі ұлттық педагогика мәселелері», «Ұлттық БАҚ пен ұлттық білім беру жүйесіндегі сыни көзқарас мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар-тренинг материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті» 2017. – 9-10 бб.
4. Байтұрсынов А. Ә «Тіл тағлымы». – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 17-18 бб.

## **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЖУРНАЛИСТОВ ГАЗЕТЫ «КАЗАХ»: ВЗГЛЯД ИЗНУТРИ**

**Есхуатова Н.Б.,**

*старший преподаватель  
кафедры «Печати и электронных СМИ»,  
магистр социальных наук*

Газета «Казах», в полной мере можно сказать, стала той самой «ласточкой народа», тем самым вестников далеко не самых радужных проблем казахского общества. В годы независимости, т.е. на протяжении более четверти века казахские ученые, да и российские, кыргызские тоже, упорно исследовали «белые пятна» истории в лице деятелей исторической, легендарной партии «Алаш Орда». Это, в первую очередь, три столпа казахской интеллигенции, три великих общественных деятеля, которые заложили основу казахской журналистики, при этом демократической и прогрессивной в те далекие времена начала XX века – это Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсынов и Мыржакып Дулатов. Они и другие казахские журналисты вложили свой вклад в развитие периодической печати Казахстана и выступили против царской колониальной политики:



Ж.Аймауытов, Б.Айбасов, И.Арабаев, Ж.Акбаев, М.Ауэзов, Г.Байгурина, А.Бырымжанов, А.Досжанова, Х.Досмухамедов, С.Донентаев, Г.Дулатова, А.Ермеков, И.Жансугуров, М.Жумабаев, Ш.Кудайбердиев, Г.Карашев, Б.Майлин, М.Шокай, М.Сералин и многие другие. Вышеперечисленные борцы за свободу казахского народа подверглись жестоким гонениям со стороны царского правительства, а затем и советской власти только лишь за то, что отстаивали интересы своей родины.

Газета «Казах» просуществовала всего лишь 6 лет, как и другие прогрессивные печатные издания того времени, которые закрывали один за другим. Но за эти годы это издание в полной мере представила все проблемы и трагедию казахского народа, который стал объектом геноцида – в годы голодомора, преследований со стороны официальных властей тех времен, а следом за народом и казахская интеллигенция оказалась подвергнута пыткам и расстрелам со стороны НКВД советской власти.

Трагедия казахского народа особенно приобрела драматизм после установления советской власти с 1917 года и именно в середине своей деятельности газета «Казах» наиболее четко выразила свою позицию по отношению к лицемерной политике компартии империи СССР.

Печатное издание «Казах» начало выходить с 1913 года, и в этом же году вышло 44 номера, в 1914 году вышли с 45-ти до 100-го номеров газеты, в 1915 году в свет вышли 101-163 выпуска издания, в период 1916 года всего вышло с 166 по 211 номеров газеты. В кровавый 1917 год свет увидели всего лишь 34 выпуска газеты с №212 по №245-й и в последний трагический год закрытия газеты в свет вышло всего 8 выпусков «Казаха»: с №258 по №265. Судя по годам, редколлегия газеты до последнего отчаянно боролась за существование «Казаха», но жестокая, беспощадная политика царской, а затем и советской властей, просто задушили «глас народа».

Если вкратце рассматривать и анализировать все номера газеты «Казах», то в первую очередь в глаза попадает самая основная, главная и важная тема: это проблема получения независимости Казахстаном, если переместится в наше время 1991-й год, то по сравнению в теми суровыми временами 1913-1917 годов, то нам, относительно легко, досталась свобода. Благодаря жертвам декабрьских событий 1986-го года мы

получили независимость. А в те времена с каким трудом добывалась свобода нашей казахской интеллигенцией.

Также, не менее важные темы периодического издания являются следующее: проблема отстаивания казахских земель у переселенцев-захватчиков, проблема перехода казахского народа на оседлый образ жизни, проблема насильственного изъятия земель у кочевого казахского народа, проблема проживания казахов-мигрантов в Китае, проблема образования, проблема установления самоидентичности казахской нации, проблема доказательства истинной истории народа алаш («казах» - прим. автора Есхуатовой Н.Б.), проблема религии и духовности казахского народа, проблема демографии казахского народа, проблема сохранения казахских традиций и обычаев, проблема грамотности казахской нации и сохранения казахского языка, проблема выборов представителей коренного населения, проблема социального неравенства (в годы царизма), проблема нехватки пропитания (в годы советской власти), проблема принудительной тыловой работы казахов во время военных действий, проблема отстаивания прав казахского населения по всем направлениям, проблема нерационального уничтожения скота, как основного источника пропитания народа и многие другие важные проблемы коренного населения.

Следует особо отметить, что руководители партии «Алаш» и основатели газеты «Казах» Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов и Мыржакып Дулатов работали по трем направлениям, как общественные деятели и журналисты: если А.Букейханов занимался основными политическими вопросами, то Мыржакып Дулатов – идеологией, т.е. поднимал дух и самосознание родного народа, а А.Байтурсынов отстаивал сохранение и усовершенствование грамотности и казахского языка.

Алихан Букейханов упорно через газету «Казах» и через деятельность партии продвигал интересы казахского народа и настаивал о необходимости отделения казахских земель от колонии российской империи и, таким образом, провозгласить о независимом государстве «Алаш Орда» как свободная страна.

Ахмет Байтурсынов преследовал цель сохранить идентичность нации в форме образования и грамотности, казахского языка как языковед №1 в стране. Ведь культура и

развитие нации напрямую зависит от знания своего родного языка.

Мыржакып Дулатов как главный идеолог казахского народа поднимал дух нации, ведь он был талантливым поэтом и душой болел за свой народ.

Общеизвестно, о интеллектуальном споре между газетой «Казах» и журналом «Айкап», но следует особо отметить, что каждое издание преследовало одну общую и единственную цель – помочь своему народу выжить в столь жестокие времена. Если «Казах» все же отстаивала сохранить исконно казахское наследие: традиции и обычаи, основы кочевого образа жизни, то журнал «Айкап» во главе с Мухамеджаном Сералиным настаивал на полный переход на оседлый образ жизни, что было своего рода, шоком для казахского народа, который веками вел кочевой образ жизни.

Но с учетом того, что казахская интеллигенция ни в коей мере не преследовала самоутвердиться как в общественной жизни, так и в сфере журналистики, ее основное направление было, как в деятельности, так и в спорах со своими коллегами – это сохранить народ в целостности и сохранности, сохранить наследие предков и стремиться вперед на пути в независимости своей родины.

**Ссылки:**

“Қазақ”, издание под ред.Ү.Субханбердина, С.Дәуітова и Қ.Сахова, издательство “Қазақ энциклопедиясы”, Алматы, 1998г., 558 стр.

## **«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ**

**Әлімбекова С., Каримова Б.Ж.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің PhD докторанттары*

Бұл мақалада ғасырға жуық тарихы бар «Егемен Қазақстан» басылымы жайында айтылады. Газеттің бүгінгі таңдағы жаңа тынысы сарапталды. Көтеріп отырған мәселелері, жазылып жатқан жаңалықтары жайлы зерттеу жасалады. Оқырманның осы басылым арқылы қандай ақпараттармен қамтылып отырғаны анықталады. О бастан алаш халқының мұң-мұқтажына бірге мұнайып, елдің рухын көтеруде бас

газет болып жұмыс атқарған басылымның бүгінгі бет алысы қандай деген зерттеулер жасалады. Онлайн нұсқадағы медиа бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігі қалай деген сұрақтарға осы мақала барысында тоқталамыз.

Бүгінде бұл басылым заман талабына орай жаңа тынысқа көшті. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті қоғамдағы орнын нығайту мақсатында биыл ауқымды ребрендинг жұмыстарын жүргізді. Газеттің келбеті мен мазмұны заман талабына сай жаңғыртылып, жаңа ізге түсірілді. 2017 жылдың басынан бері еуропішімде шыға бастаған газетте сараптамалық материалдарға басымдық берілді, төл авторлары мен колумнистері қалыптасты. Әр салаға арналған жаңа айдарлар мен арнайы беттер, тың жобалар пайда болды. (Елімен етене «Егемен», 21-11-2017, [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)) Газет аудиториясын кеңейту мақсатында осы жылдың басынан бері сайттарының орыс тіліндегі нұсқасын, одан кейін ағылшын тіліндегі нұсқасын іске қосты. Осылайша, қазіргі таңда «Егемен Қазақстан» үш тілде ақпарат таратып отыр. Мақала барысында газеттің интернет-редакциясына талдау жасалады. Мақаланың нәтижесінде басылымның бүгінгі таңдағы жаңа тынысы, қоғамдағы орны жайлы қорытындылар жасалады.

#### **Түйін сөздер:**

«Егемен Қазақстан» газеті, ақпарат, қоғам, байланыс, оқырман.

Алғашқы саны Орынбор қаласында 1919 жылдың 17 желтоқсанында жарық көрген бұл «Егемен Қазақстанда» Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ғабит Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев сынды белгілі тұлғалар әр жылдары бас редакторлық етті. Өз тарихында газеттің аты сан рет өзгеріп, көптеген жаңарту мен жаңғыртуға кезікті. Алғашында газет «Ұшқын» деген атпен белгілі болды, «Еңбек туы» да атанды, «Еңбекшіл қазақ» та, «Еңбекші қазақ» та болды, «Социалды Қазақстан» да болды, ондаған жылдар бойы «Социалистік Қазақстан» ретінде танылды, аз уақыт «Егеменді Қазақстан» күйінде жарық көріп келіп, 1993 жылдан бері «Егемен Қазақстан» болып орнықты. Алайда, газеттің аты өзгергенімен, мақсаты өзгермеді. Республиканың астаналары ауысқан сайын ұлттың бас басылымының шығатын орны да Орынбор, Қызылорда, Алматы болып ауысып жатты. Бүгінде «Егемен Қазақстанның» редакциясы Астанада орнығып, өзіне жүктелген аманатты абыроймен арқалап келеді. Мемлекетімізде болып жатқан саяси, мәдени және экономикалық жаңалықтар аптасына 5 рет «Егемен Қазақстанда» толығымен жарық көреді. (Ғасырға

жуық тарихы бар «Егемен Қазақстан», 1 шілде, 2015 жыл, e-history.kz)

Газеттің 90 жылдық мерейтойында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Егемен Қазақстан» бір кездегі «Ұшқыннан» бастап, елдің тағдырымен бірге өсіп, бірге есейіп келе жатқан басылым болып саналады, - деп баға берген болатын. «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің жанынан құрылған интернет-редакциясы портал ретінде 2010 жылдан бастап қызмет етуде. Кейін интернет-редакция ретінде техникалық құрылғылармен жабдықталып, журналистер мен дизайнерлер жұмысқа кірісті. Жаңа технологияның қарқынды дамуына орай, газет сайтының оқырмандары да күн санап артуда. Редакция газетінің басшылығы өз ерекшеліктерін былайша түсіндіреді. «Біздің өз ерекшеліктеріміз бар. Мәселен, қандай да бір ақпараттың байыбына әбден жетіп, байсалдылықпен қарап барып жазамыз. Сенсацияның артына түсіп, жеңіл материалдардың шығып кетуіне жол бермейміз. Көтерген көкейтесті әрі күрделі мәселелер үлкен резонанс туғызып, парламентте талқыланып, арнайы заң қабылдауларға түрткі болуда. Осылайша, маман ретінде журналистік мақсатымызға жетіп отырамыз. Әр порталдың өз форматы мен аудиториясы бар. Біз салмақты әрі салиқалы позициямызды сақтаймыз. Халықтың еңсесін, рухын көтеретін материалдар көбірек салуға тырысамыз», деген еді 2015 жылы интернет-редакцияның редакторы Серік Қожамқұлы (e-history.kz).

Басылымның бүгінгі тынысы жайлы «Егемен Қазақстан» газетінің басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі Qamshy.kz ақпарат агенттігіне сұхбат берген еді (04 қазан 2017, [www.qamshy.kz](http://www.qamshy.kz)). «Егемен Қазақстан» газетінің электронды нұсқасы Zero.kz рейтингісінде алғашқы отыздыққа кіріп, қазір ең жиі қаралатын елу сайттың ішінде тұрақтағанын айтты. Этнография, мәдениет, тіл, білім секілді тақырыптардағы авторлық мақалалар жарияланып тұрады екен. «Егемен Қазақстан» еліміздің басты қазақтілді ресми басылымы болғандықтан, Елбасының жолдаулары мен мақалалары, нормативтік-құқықтық актілердің өзгерістері мен толықтырулары, мемлекеттік білім гранты иегерлерінің тізімі секілді ресми құжаттарды халық осы басылымнан іздейтіні анық. Мәселен, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ең бірінші «Егемен Қазақстанда»

жарияланды. Бүкіл әлем осы мақалаға байланысты «Егеменге» сілтеме жасап, «Егеменнен» аударып отырды. Осылайша Елбасы өзінің мақаласы арқылы қазақ елімен қатар «Егемен Қазақстанға» да сілкініс әкелген. Баспаөз басшысы Дархан Қыдырәлінің айтуынша, рухани жаңғыру сайттарындағы жиі ізделетін тақырыптардың көшін бастаған. Және ол қанша жерден бірегей мақала жазсаңыз да сайттың іздеу жүйесі жолға қойылмаса, оқырман санын көбейту қиын деген пікір айтқан. Сол себепті де редакция SEO-оңтайландыру жұмыстарына көп көңіл бөлген. Мақаланың атын дұрыс қою, мәтінді іздеу жүйелеріне бейімдеу секілді талаптар қатаң сақталады екен. Сонымен қатар, олар әлеуметтік желідегі белсенділіктерін де арттырған. Мәселен, Фэйсбуктегі парақшаларында тұрақты 13 мыңнан астам оқырманы бар екен.

Осы мақаланы жазу барысында «Егемен Қазақстан» газетінің интернет редакциясында 2017 жылдың қараша айында жарық көрген біраз материалдар бойынша контент анализ жасалды. Редакция: жаңалықтар, саясат, экономика, өскен өңір, спорт, қоғам, руханият сияқты айдарлар негізінде мақалалар жариялайды. Қосымша инфографика айдары бар. Бұл айдарда айты айтып тұрғандай, сататистикалық деректер, ақпараттар графика түрінде беріледі. Мақаланы жазудағы басты мақсат рухани, танымдық салада қандай жарияланымдар бар екендігін саралау болатын. Әрине газетте экономика, саясат саласында ресми ақпараттар үнемі беріліп тұрады. Ол түсінікті де себебі республикалық бас газет. Енді осындай жауапкершілік жүктеп отырған аға басылым рухани, мәдени, әлеуметтік, танымдық жазбаларды қаншалықты жариялауда деген шолу жасалды. Мәселелерді көтеру жағы сараланды. 20 қарашада Қарағандыдан Төрехан Майбас атты этнограф-жазушының (Egemen.kz сайты) «Ауыз өзіміздікі дегенмен» атты мақаласы берілген. Мұнда автор, «Бүгінде жазуымызды әбден шатыстырып біттік. Алдымызда сөздік жатпаса күнделікті баспасөзді түсініп оқу мүмкін болмай барады. Ал сөйлеу мәдениетіміздің төмендегені соншама – телеарналардағы хабарларды қайтып көруге мәжбүр боласыз. Соның барлығы сөз табиғатын білместіктен шығып жатады» деп қынжылады. Сөйлеу мәдениетіндегі олқылықтарды, сөйлеудегі қате тіркестерді таразылап береді. Бұл әсіресе, сөз өнеріне таласы бар қауым үшін таптырмас мақала. Ал мына бір «Аграрлық ғылымның жайы алаңдатады» атты мақалада (20 102

қараша, 2017, Egemen.kz) отандық ғылымның мәселелері айтылған. Автор аграрлық саланы негізге ала отырып, жалпы қазақстандық ғылымның мәселелерін көтерген. «Шындығында, еліміздегі аграрлық ғылымның әлеуеті және талап етілген инновациялардың үлесі өте төмен. Мұның себептерінің бірі – мамандармен қамтамасыз ету ойдағыдай емес. Ғылым саласын қаржыландыру жалғасып жатқанына қарамастан, кадрлардың кетуі, ғалымдардың кәсібилігінің төмендеуі байқалады. Әрі ғалымдардың орташа жалақысы экономиканың басқа салаларындағы әріптестерінің еңбекақысымен бәсекелесе алмайды. Осының салдарынан соңғы он жылда, мамандар саны 8 пайызға қысқарыпты. Сондай-ақ кадрлардың алды зейнет жасына жеткен, ғылым саласы қызметкерлерінің орташа жасы – 57, бас ғылыми қызметкердің орташа жасы – 65, жетекші және аға ғылыми қызметкерлердің жасы – 54 және кіші ғылыми қызметкерлердің жасы 30-ды құрап отыр. Зейнет жасына жеткен ғылыми қызметкерлердің үлесі 15 пайыз. Саладағы зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек, 2012 жылдан бері ғылыми мақалалардың саны 40 пайызға, шетелге тәжірибені шыңдау үшін оқуға бару 26 пайызға қысқарған. Осыдан-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғалымдарды даярлау шараларының төмендегенін аңғаруға болады» деген зерттеулер келтіреді. Ғылымның қартайып бара жатқандығы, жас кадрларды дайындау мәселесі де зерделенген. Павлодар облысы, Екібастұз қаласынан журналист Дария Ерғазина (15, қараша, 2017, Egemen.kz) «Білім ордасы балаларға ғана қызмет көрсетуі тиіс деген ойдамыз» деген түйінмен Екібастұздағы Қыздар гимназиясының ғимараты тарлық етіп отырғандығын жазады. «Қазақ мектептерінде бала санының көптігіне қарамастан, кейбір мемлекеттік мекемелерді білім ордасының ошағына көшіру қандай қажеттіліктен туды» деген мәселені ортаға тастайды. Парламент Сенатының депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаев: «Отбасылық саясатты қалыптастыруда атқарылатын шаруалар әлі көп. Отбасылық құндылықтарды насихаттау және көп балалы отбасыларды ынталандыру бағытындағы жәрдемақы түрлерін әр кезеңнің талабына сай жетілдіріп отыру маңызды мәселе. Мысалы, бес бала немесе бес баладан көп баланы дүниеге әкелген аналарға айлық еңбекақы тағайындау арқылы олардың еңбек өтілін сақтап қалу мүмкіндігін қарастыру маңызды шаралардың бірі болар еді. Бұл өз кезегінде қоғамда көп балалы отбасы

болудың беделін бекемдеп, абыройын арттырары хақ. Аталмыш жәрдемақы түрінің әлеуметтік маңызын да ешкім жоққа шығара қоймас. Себебі бала тәрбиесімен айналысудан қиын, әрі маңызды, пайдалы әрі құнды еңбек бар ма?» деп өткір мәселені алға тартып, елімізде отбасы құндылықтарын насихаттауды ұсынады. Ол ұлтты, отбасылық құндылықты сақтаудың маңыздылығына өзінің «Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие» (13 қараша, 2017, Egemen.kz ) мақаласында кеңірек тоқталған. Шу ауданының орталығы Төле би ауылын көгілдір отынмен қамтамасыз етудегі баға тұрақсыздығы, ауылды газбен қамтамасыз ету мәселесі Хамит Есаманның «Тұрғындарды толғандырған түйткіл» мақаласында жарияланған. Тағы бір өзекті мәселе, еліміздегі әуе ұшу қауіпсіздігі. Соңғы кездерде адам шығындары болған авиациялық апаттар бәрімізге белгілі. Осы орайда Сенат депутаты, Қазақстанның ұшқыш-ғарышкері Талғат Мұсабаевтің «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету – өзекті мәселе» (13 қараша, 2017, Egemen.kz) мақаласы жарияланған. Онда автор Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың атына осы мәселені айтып депутаттық сауал жолдағанын жазады. Үкімет басшысының назарына азаматтық және басқа да авиация түрлерінде бүгінгі таңда қалыптасып отырған сын көтермес жағдайларды жеткізгенін айтады. Сертификация беру функциясы мен қадағалау және бақылау қызметтерін бір ведомствоның қарауында қалдыруға болмайтынын, бақылау мен қадағалау функцияларын апаттың себебін тексеру жұмыстарымен біріктіріп, Үкімет құрамында Мемавиақадағалау қызметін құруды ұсынады. Ұшу қауіпсіздігін жіті назар аударуға мәселе көтереді.

«Соңғы жылдары еліміздің биологиялық алуантүрлілігі мен экологиялық жүйесіне орны толмас соққылар беріліп және осы тенденция ұдайы жалғасып отыр. Осының өзі биосфераның тұрақтылығын бұзып, қоршаған орта генофондының сапасын төмендетуі мүмкін жағдайлар тудыруда» (13 қараша, 2017, Egemen.kz) деген мәселе «Емдік шөптер түп тамырымен жұлынуда» мақаласында көтерілген. Мақала авторы, Мәжіліс депутаты Роман Ким экологиялық мәселені қозғайды. Ал мына бір «Тұлғаға орта керек тұғыр болар» атты мақалада философия ғылымдарының кандидаты Дархан Жазықбаев (7 қараша, 2017, Egemen.kz) Азаматтық санаға тән сипат – жеке мүдделерден биік болу, жеке бастың қамынан елдің қамын, тұтас қоғамдық ізгілікті жоғары қою. Ол қоғамдық ізгілікті қалыптастыруға негіз болатын



мінездің көрінісі. Азаматтық сана өзіне тілемегенді өзгеге тілемеу, өмір сүріп отырған ортасы, әлеуметі үшін әр адамның жауапкершілік сезімінің жоғары болуы, адамшылық парызы жолында атқарар қызметі арқылы өлшенбек деген мәселелерді қозғайды. Хәкім Абай да бір сөзінде «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», деген түйінді пікір білдірген. «Адам қоғам жоқ жерде адам бола ала ма?», деген сұраққа жауап іздеу көркем әдебиетте де бар тәжірибе деген ойларымен бөліседі.

Тұңғыш санынан бастап алаш жұртының жаршысы, бірге күйініп, бірге күлетін баспасөзі болған «Егемен Қазақстан» әлі де сол мақсат мүддесінен таймағандығын анықтадық. Аға газет әрі республикалық ресми бас газет болғандықтан бұл газеттің билік пен халық арасындағы дәнекер болуы айтпаса да түсінікті. Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин: («Абай-ақпарат») «Қазақстандағы әзірше ел құлақ түретін, сеніммен қарайтын беделді институттардың бірі - баспасөз. Оның сөзі ресми мәлімдемелер мен дипломатиялық рауттардағы спичтерден де дуалы екенін іш те, сырт та аңғарады, журналистиканың ілгерінді ой мен идея инвестициялайтыны және мәлім» деген пікірін негізге алайық. Бұл пайым бойынша «Егемен Қазақстанға» деген оқырман сенімі ерекше. Басылым басшысы Дархан Қыдырәлінің сөзінше айтсақ, (04 қазан 2017, [www.qamshy.kz](http://www.qamshy.kz) ) «Қазақ басылымының қарашаңырағы болғандықтан, әр нөміріміз 200 мыңға жуық тиражбен шығатындықтан, біз үшін мақала сапасы бірінші орында. Бұл ретте, сүзгі дегенді цензура деп қабылдамау керектігін еске салғым келеді. Мұндағы басты мақсат материалдың айтар ойының ұғынықты болуын және деректерінің дәлдігін қадағалау. Оқырманға ұзын-сонар сылдыр сөз емес, маңызды ақпарат пен сараптама қажет». Контент анализ жасау барысында көз жеткізгеніміздей, баспасөз осы мақсатта жұмыс жасап жатыр. Алда баспасөз бетінде көтерілген мәселелердің шешім табуы жайлы жарияланатын болса деген ұсыныс бар. Баспасөз басшысының «еліміздің басты қазақтілді ресми басылымы» деген бағасының өзі бұл газеттің пәрменділігін байқататындай. Сарапшылар бұған дейін де БАҚ-тың қоғамдағы маңызын зерттеп, зерделеп тастады. Сол пәрменді күшті негізге ала отырып «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола берсін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
2. e-history.kz
3. [www.qamshy.kz](http://www.qamshy.kz)
4. К. Қамзин. Мен ұлттық журналистикаға қызмет етемін, abai.kz
5. Wikipedia.kz

## **АЛАШ БАСПАСӨЗІ ҒӘМ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ**

**Әшірбекова Г.Ш.,**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

**Ақынбекова А.Б.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің PhD докторанты*

Қазақ журналистикасының тарихында азат ойдың, еркін сөздің нағыз үлгісін көрсеткен ХХ ғасыр басындағы Алаш басылымдары десек қателеспейміз. Алаш қайраткерлерінің ұлт бірлігі жолындағы азаматтық ұстанымы мен идеялары күні бүгінге дейін маңызын жоймай келеді. Ұлт жанашырлары мемлекет құрудың алғышарты мен жұртқа саяси жағдайды насихаттаудың бірден-бір жолы баспасөз ісімен айналысу деп білді. Баспасөз арқылы сол кезеңдегі биліктің кемшілігін көрсетіп, ұлттық мемлекет құрудың маңызын түсіндіру арқылы елді бірлікке, ынтымаққа шақырамыз деген мақсат өз дегеніне жетті деуге болады. Еркіндік пен тәуелсіздік ұлт үшін қаншалықты қымбат екенін ескерсек, ұлт зиялыларының ортақ ойы мен мүддесі де осы жерде бір-бірімен тоғысып, толысты.

Қазақ баспасөзінің тарихында ұлттық демократиялық бағыттағы басылым шығаруға деген талпыныс бірнеше рет қайталанғанын білеміз. Алдымен 1906 жылы «Қазақ газеті», «Серке» газеттерін шығаруға уағдаласып, жарық көргенімен бірінші нөмірінен бастап цензураға ұшырады. Одан кейінгі 1911 жылы «Айқап» журналы айналасына жиналғанда да Алаш зиялыларының көзқарастары екіге айырылды. 1913 жылы «Қазақ» газетін ұйымдастыруда олардың негізгі мақсаты мен ұстанымдары жүзеге асты десек болады. Одан кейінгі «Сарыарқа»,

«Алаш», «Бірлік туы» газеттері, «Абай» журналында ұлт жанашырларының идеясы барынша насихатталды. Әрине, аталған басылымдар арасында кейбір пікір қайшылығы болғанын да жасыра алмаймыз.

Алаш зиялыларының баспасөз ісімен айналысуға байланысты алғашқы ұсыныс Қарқаралы петициясында айтылған. 1905 жылы жолданған арыз-талапта қазақ жұртына қатысты бірнеше ұсыныстар жазылады. Бізге белгілі дерек бойынша бұл арыз-талапқа 14500 адам қол қойды десе, ғалым Қ.Сақ бірнеше деректі ұсынады. Арыз-талапқа қол қойғандардың санынан гөрі бізге маңыздысы, онда жазылған ұсыныстар екені шындық. Профессор М. Қойгелдиев арыз-талапты орыс тілінен аударып талдайды. Онда көтерілген негізгі мәселе жер болатын. Ғалым ұсынған үзінді отарлау саясатының салдарынан әбден ұшыққан жер мәселесі туралы халықтың жанайқайынан сыр тарқатады. Патша өкіметінің жер бөлудегі әділдетсіздігіне төзе алмаған қазақ зиялылары мұндай арыз-талапты бірнеше рет жолдаған. Қарқаралы петициясында жер мәселесінен бөлек, тіл, ұлт тәуелсіздігі, ақпарат құралын шығаруға байланысты нақты ұсыныстар айтылады. Арыз-талаптың авторы А.Байтұрсынұлы екенін М.Әуезов өзінің «Ақ жол» газетіндегі «Ақанның 50 жылдық тойы» портреттік очеркінде атап көрсетеді. Осы күнге дейін алаштанушы ғалымдар аталған пікірді негізге алып келеді. Өкінішке орай, біз сөз етіп отырған арыз-талаптың түпнұсқасы сақталмаған. Тарихшылар мен зерттеушілер оның кейбір үзінділерін ғана пайдаланып жүр.

Ұлт тағдырында маңызды саналатын жер, тіл, дін мәселелері күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Алаш қайраткерлері тіл мәселесін «қазақтың өлі я тірі болуы» деп түйіндеген. Тілге қатысты басты ұстанымын осы бір ауыз сөзден-ақ аңғаруға болады. Аталған үш мәселені негізге ала отырып, алаштанушы ғалым Қ.Сақ 2014 жылы 3 томдық жинақ шығарды. Онда 10 шақты Алаш басылымдарындағы тілге, дінге, жерге қатысты жазылған мақалаларды жинақтаған. Осы мақалалардан Алаш зиялыларының тілге байланысты қандай ұстанымда болғаны, қандай ұсыныстар білдіргені жайлы нақты тұжырым жасауымызға болады.

Тіл мәселесінде шоқтығы биік тұратын тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлт қайраткерінің өлшеусіз еңбегін саралай келіп, ғалым Қ.Сақ «тіл мәселесін ең көп көтерген көсемсөзші –

тұңғыш қазақ лингвист-ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің алдына жүйелі мақсат, айқын бағдарлама қойып, сол бойынша өз бетінше жұмыс істеген тәрізді. Мәселен, оның бірінші мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, осыдан барып «Оқу құралы» пайда болды, содан кейін қазақ тілінің грамматикалық құрамын ана тілінде талдап беруді мақсат етеді де, «Тіл-құралды» жазады. Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты ойға қалады да, «Тіл жұмсарды» ұсынады, оқытудың методикасын жасау мақсатында «Баяншыны» береді. Кезінде әлденеше басылуының өзі бұл еңбектердің зәрулігі мен ағасының қаншалықты дәрежеде болғанын аңғартса керек», - деп жазады[1, 5].

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі «Оренбург, 10 февраль» атты мақаласында тілдің ұлт үшін маңызын барынша түсіндіріп береді. Сол кездегі саяси ахуалдың ауанын аңғарған публицист өзінің ішкі қаупін жасырмайды. «Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда хәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал», - деп жазады[1, 56].

Тіл мәселесіне байланысты ең көп жазған Алаш баспасөзі «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетіндегі тіл мәселесіне байланысты мақалалардың көпшілігін Ахмет Байтұрсынұлы жазған. Бұл туралы қазақ публицистикасының қалыптасу, даму кезеңдерін зерттеген Б.Жақып[2], аталған басылымдағы Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметін талдаған профессор Ө.Әбдіманұлы[3] да өз еңбектерінде айтқан болатын.

Тіл мәселесіне қатысты мақалаларды оқи отырып, мына ерекшеліктерді аңғаруға болады. Біріншіден, сауаттылық. Жазу

емлесіне байланысты қандай әліпбиді қолдаған жөн. Қазақ сөздерінің сол күйінде ұрпақтан ұрпаққа жетуі үшін алдымен әліпбиді дұрыс таңдау қажеттігі айтылады. Бұл орайда көптеген алаш арыстарының ойы Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әліпбиді қолдайды. Жазу емлесіне байланысты дискуссиялық хаттар «Қазақ» газетінің бірнеше нөмірінде жарияланады. Ахмет Байтұрсынұлының «Жазу мәселесі» деп аталатын мақаласына Ғабдолла Шоқаев емледегі кейбір дыбыстарға байланысты қарсы пікірін жариялайды. Сауат ашуға байланысты бұл талқыға Ғалия медресесінің шәкірттері де араласады.

«Әр тілдің өзіне арнаулы емлесі болу керек. Қанша тартып созғанмен бір тілдің емлесі екінші тілге үйлесіп жетпейді. Жақсы-жаман болса да осы күні мынау қазақ емлесі деген жаңа бір емле шықты. Бұл емле басқаларға еріп емес, бәлкі қазақтың өз тілінен алып жасалған емле. Соның үшін бізге осы күні бұдан басқа ұнамды емле жоқ деп білеміз. Әрине бұл емле бастан-аяқ түп-түгел, тіпті келіспеген жері жоқ деп айтпаймыз. Бірақ келіспеген жері болса тұра-бара түзетілер. «Енді мұны қабыл еткен соң бір қылына тиме!» деп ешкім айтпас. Әр нәрсе бірден түп-түгел болмайды. Дүниеде заман өзгерумен өзгермейтін бір нәрсе де жоқ. Емле сондай нәрсе. Қос жүре түзеледі емес пе? Енді кітап турасына келсек, осы күні бізде «мынамен оқытайық» деп айтарлық әліпбиден басқа кітап жоқ, бірақ бұл кітап жоқтық өмірде тұрмас, бүгін болмаса ертең болар. Міне Ахмет Байтұрсынов һәм Міржақып Дулатов мырзалар қазақ емлесінде ибтидаи үш жылдық мектеп кітаптарын жазып жатыр. Келер жазға даяр болар деп «Қазақ»-тың өткен нөмірінде жазылды. Енді қазақ емлесін қабыл еткен соң оның кітаптарын да қабыл ету тиіс екендігі өзінен-өзі мағлұм, - деп жазады.

Ашық хатта Ахмет жазған емлені қолдау керек деп ұйғарады. Хаттың авторы Медресе «Хүсейни»-де қазақ шәкірттері есімінен Хайреддин Болғанбаев. Келесі бір хатта қазақ балаларының атынан жолданған. Біз де қабыл етеміз деп Орынборда 5-нші махалледе қырық шамалы қазақ шәкірттерінің өтініші бойынша: Жанғазы Жолаев, Әбуәллис Садықов, Аймұхамет Жанатаевтар да хат жолдайды. Медресе «Ғалие» шәкірттері»[1, 125] делінген.

Тіл мәселесі жалғыз «Қазақ» газетінде ғана емес, Алаш басылымдарының барлығында дерлік сөз болады. «Сарыарқа» газетінде бастауыш мектептегі оқу бағдарламасы ұсынылады.

Онда редакцияға бастауыш мектептегі оқытуға байланысты сауалдарды негізге ала отырып, газет өз бағдарламасын ұсынады. Онда бастауыш сыныптарда әліппе, оқу, әдемі жазу міндетті түрде оқыту керек деп көрсетеді. Осы жерде айта кететін бір нәрсе, Алаш қайраткерлері негізін қалапған «Әліппе» биылғы оқу жылынан бастап мектеп бағдарламасынан алынып тасталды. Аталған мәселеге байланысты қоғамда қарсы пікірлер айтылып, біраз дау-дамайға ұласқаны көңілге қаяу түсіреді. Өйткені Алаш қайраткерлері ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қойғанын ескерсек, олар ұсынған мектеп бағдарламасының да еш қателігі жоқ деп білеміз.

Тілге байланысты көтерілген келесі мәселе – тіл тазалығы. Алаш басылымдарында кірме сөздер, сингармонизм заңына байланысты өзгерістер, ғылым тілі, әдеби тілдің тазалағына байланысты пікірталастар жиі жарық көрген. Алаш қайраткерлері қазақтар арасына келіп қоныстанушылардың кесірінен кірме сөздердің көбейіп кеткені, соның салдарынан газет тілінің де шұбарлануын алға тартады. Егер осымен кете берсек, қазақ тілінің тазалығын бұзамыз деген жанайқайын «Абай», «Сана», «Шолпан» журналдарындағы мақалалардан анық аңғарамыз. Мәселен, М.Әуезов «Биылғы Омбыда болған жастар съезінде де ғылым тілін Европадан алуды қаулы қылып жасаған жобалары: әуелгі ғылым тілдерін жеткенше қазақтың өз тіліне аудару керек. Қазақ тіліне аударуға болмағанмен тілдерге ғана Европадан алу болатын. Жастар съезінің қаулысында қазақ тілінде шығатын журналдарда ғылым тілі деген бір бөлімі болып, сол бөлімге Европа қолданып жүрген ғылым тілдерін әркім өзінше перевод қылып оқушының сынына берсін дескен. Бұл жоба да әркімнің есінде болсын», - деп жазуы бекер емес.

«Абай» журналына белсене атсалысқан М.Әуезов «Тіл жанды нәрсе сияқты: тіріледі, өседі, жоғалады. Өнер ғылымға аяқ басқан жұрттың тілі өсіп көбеймек, көркеймек. Тілі күшейген жұрт өнерлі де болмақ. Тілі жоғалған жұрт ғұрып-ғадетінен, мінезінен айырылып, ақырында жұрттығы да жойылмақ. Тілін тірілту, жоғалту әр халықтың өзінен һәм оқымысты, білімді адамдарынан. Мәдениетке кірісе бастаған жұрт өз тілінен айырылып қалуға мүмкін. Себебі: мәдени жұрттың ғылымы, әдейі көп тілін өзінің шағын тіліне аударуға жетпейді. Жетпеген жерде біреудің даяр тілін ала салады. Жүре-жүре біреудің тілімен сөйлеуді сән көріп, өзінде бар сөзді де басқадан алатын болады.

Сонымен бір халықтың тілі жоғалып кетуге ықтимал, бұл тарих қараушыларға белгілі, - деп жұртты тілді жоғалтудан сақтандырады.

Тілге қатысты жазылған публицистикалық мақалаларды оқып отырып, ресми іс-қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуіне байланысты нақты ұсыныстарды кездестіреміз. Отарлау саясатының өрескелдігі сондай қазақ баласына өтінішті де орыс тілінде жазуға мәжбүрлеген. «Қазақ» газетінде жарық көрген бір мақалада мал жоғалған қазақ заң органдарына арыз түсіру үшін орыс тілінде жазуы керек. Орысша білмейтін қазақ амалы құрып, тілмаш таба алмай еліне қайтқандығы туралы айтады. Сонда малы жоғалған қазақ қаладағы тілмашқа ақша төлеп, арыз жаздыратын болған.

Алаш баспасөзіндегі тіл мәселесіне байланысты ойымызды қорыта келіп, мына мәселелерді айрықша атап өткеніміз жөн. Біріншіден, Алаш баспасөзіндегі тіл мәселесі күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығымен құнды. Өкіншіке орай, тіл жанашырларының ғасыр өтсе де сауаттылыққа байланысты ойлары бүгінгі ұрпақ та қаперіне алса артықтық етпейді.

Екіншіден, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оның мемлекеттік мәртебесін көтеруге байланысты пікірлер тіл тазалығы жайлы ұстанымдармен үндесіп жатыр. Бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан тіл тазалығын сақтауда Алаш қайраткерлерінің идеясын қолдауымыз қажет. Ең маңыздысы, латын әліпбиіне көшуде А.Байтұрсынұлының ұстанымын негізге алғанымыз дұрыс болар еді.

Үшіншіден, тілді оқыту мәселесінде де Алаш қайраткерлерінің ұсынған бағдарламасын негізге алғанымыз жөн. Өткені бұл бағдарламада қазақ тіліне басымдық бере отырып, баланың ұлттық рухани дүниесін байытуды көздейді. Бұдан асқан ұлт мұраты жоқ білеміз.

Бір сөзбен айтқанда, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайын Қазақстан халқына жолдауы мен мемлекеттік бағдарлама, стратегиялық жоспарларында айтылып жүрген қазақ тілінің мәртебесін көтеру – бүгінгі және келер ұрпақ алдындағы негізгі міндет.

**Әдебиеттер:**

1. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі. Көптомдық. 2-том. – Астана: Қазақ энциклопедиясы, 2014. -253б.

2. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. -350б.
3. Әбдіманұлы Ө. «Қазақ» газеті. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. -187б.

ӘОК: 323.32:92-4 (574)

УДК: 323.32:92-4 (574)

## **«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТІЛДЕ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНЫЛУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН ТАРИХИ ҚҰЖАТ**

**Құламанова З.**

*ф.ғ.к., доцент*

*М.Х.Дулати атындағы ТАРМУ*

*Тараз қаласы*

Елбасының пайымдауынша, біз қайта түлеудің айрықша екі сатысы – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды толықтай қолға алдық. Келелі табыстарға жеттік. Ал енді, амбициялық тарихи маңызы бар алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарына ену – күн тәртібіне қабырғасынан қойылған мәселе. Тарихтан білетініміз қоғам ошағының тең үш тағаннан: саясат, экономика және қоғамдық санадан тұратынын ескерсек, ендігі кезек – кешеуілдеп қалған қоғамдық сананы үлкен қарқынмен дамытып олқылықты тез арада жоюда.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамның рухани дамуының өзегі тіл екендігін айқындап берді [1]. Байқап қарасақ, адамзат тарихында қоғам дамуының алғашқы екі компонентіне қарағанда рухани даму аса күрделі, әрі ұзақ уақытты талап ететін консервативті құбылыс.

Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономика мен саясат жағынан терең күйзеліспен бетпе-бет келген халқымызға мынадай тарихи терең мағыналы тоқтам айтқан-ды: «халқым, ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар», сабырлылық пен төзімділікті рухани қару етіңіздер, әлі – ақ қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз. Ел басы айтқандай алғашқы екі компоненттегі жетістіктерімізбен әлемдік өркениеттіліктің додасына еркін ендік. Ал рухани дамуымыздың деңгейін сөз еткенде, әлі тер төгуімізге тура келеді. Қоғамда келеңсіз



жағдайлар баршылық. Мысалы, коррупция, жастардың ұлттық салт – дәстүрін сырттатып батысқа еліктеуі, отбасындағы олқылықтар, діни – экстремизм мен терроризм, патриотизмнің толықтай жетілмеуі, қарттар үйінің көбеюі, ақша феноменінің бірінші орынға шығуы, т.б.

Ширек ғасыр артта қалғанымен, ентелетіп айтқанымыз болмаса, мемлекеттік тілдің өз статусына көтеріле алмай кенжекеп өрістеуі рухани дамуымызға да өз салқынын тигізуде.

Ендігі жерде Елбасының жиі еске алатыны ғылым феномені. Қоғамды пұшпаққа көтеріп асқақтататын бұл ғылым екенін айтып жатудың қажеті жоқ десе де болады. Өйткені, ғылым өндіріс пен технологияның өзегі десек қателеспейміз. Сондықтан да Ел басы, ғылым дамуына приоритет беріп, оған жұмсалатын қаржының көлемін әлемдік деңгейге жеткізуге тырысуда.

Ал тілдің, ғылымның оң қанатын көтеруде халықаралық терминдердің маңызын әсте естен шығаруға болмайды. Оның бергі жағында үштұғырлы тіл санамызға дендеп ене бастағынына орай халықаралық терминдер ғылым мен рухани дамудың ажырамас бір бөлігіне айналуда. Глобализация кезінде ғылым мен мәдениеттің, тіл мен әдебиеттің, т.б. араласып, бір-біріне кіріге дамуы заңдылық. Өйткені, уақыт сүзгісінен өткен терминдер ғана әр елдің тілдік қолданысына енеді.

Нақтыласақ, халықаралық терминдерді қазақ тіліне сапырылыстырып аударудың қажеттігінің жоқ екендігі туралы Елбасының пікірімен үндесіп жатыр. Оның пайымдауынша, халықаралық терминдерді енгізгеннен қазақ тілі шұбарланбайды, қайта байиды.

Қазіргі кезеңде, Елбасының пікірінше, біз 100 жылдық дамуды 20-30 жылдың ішінде өту үшін халықаралық терминдерді технологияға сол күйінде енгізіп пайдалану керек. Былайша айтқанда, термин үш тілде де (ағылшын, орыс, қазақ) ортақ күйінде пайдаланылуы керек, ал аударылған термин толық мағына бермеуде. Екіншіден, еліміздегі басқа этностардың мемлекеттік тілді тездетіп меңгеруіне кең жол ашылады. Бұл мемлекеттік тілдің көсегесінің көгеруіне жедел септігін тигізетіні хақ.

Шынуайтқа келсек, ширек ғасыр өтсе де мемлекеттік тілдің еңсесі тіктелді деп айту қиын. Көбінесе жалған ақпараттың аясында жүрген жағдайымыз бар.

Біздегі халықаралық терминдердің жағдайы Елбасын бей-жай қалдырмайтыны анық. Қазақ тілінің жанашыры ретінде, қай елге барса да сол елдің тілінің қалыптасуына жіті назар аударады. Әсіресе, халықаралық терминдерді қолдану аясы жағдайы туралы толық мағлұмат алуға тырысады.

Елбасының халықаралық терминдердің актуальділігі туралы классикалық қалыпта айтылған ғылыми пікірін келтірелік. 2006ж. мамырда «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Егемендік алған жылдары мемлекеттік терминком тым асығыс шешім қабылдау себепті кейбір «әттеген-айлар» кезікпей қалмады. Мәселен, дипломат сөзі. Бұл халықаралық терминді ғалымдарымыз «мәмлегер» деп бекітті. Сонда «дипломатия» деген қорғасындай салмақты сөз жеңіл – желпі «мәміле» болып шыққан. Мәмілені тура мағынасында аударсақ – «делка». Сонда «дипломатические отношения», «дипломатический паспорт» дегенді қалай тәржімелеуіміз керек? Сондықтан «дипломатты» - дипломат күйінде қайта бекітіп, жоғарыдағы тіркестерді «дипломатиялық қатынастар», «дипломатиялық қарым-қатынастар», «дипломатиялық паспорт» күйінде терминдер тізіміне енгіздік [2].

Ілкі кездегі мемтеркжмнің үстірттігінен бекіп кеткен сөздер кейін нормативтік – құқықтық актілерге еніп, әбден сіңісті болып кетті де, қатені түзете алмай өкінген жайттар да аз емес. Сол тұста паспортты – төлқұжат, архивті – мұрағат, музейді – мұражай т.б. деп жаңаша атау еншіледік. Мәселен, дүние жүзінің қай еліне барсаңыз да «паспорт – паспорт. Маған салса, осының бәрін қайтадан қалпына келтіру керек деп ойлаймын!».

Жақында менің қабылдауымда болған Е.Рахмадиев ағамыз «композитор» деген халықаралық терминнің мәнді деңгейін төмендетіп, сазгер – мелодист, барлық тілде бірдей «пианино» деп аталатын сөзді «күйсандық» деп жібергендерге өкпесін білдірді. Дұрыс айтады. «Класс» деген сөзді «сынып» деп атаудың, бұған процент – пайыз деуді қосса болады. Айта берсе, біраз сөздерді келтіруге болады. Ендігі жерде, асықпай, аптықпай осыларды қарауымыз керек.

Демек, түбірі латын, грек тілдерінен алынып, Европа тілдерінің бәріне сіңісті болып кеткен термин сөздерді орынсыз қозғаудың қажеті жоқ!

Демек, талай ғасырдан бері тарихы бар, қолданыс аясы әлемнің түгелге жуық елдерін қамтыған... халықаралық терминдерге абай болайық!

Жоғарыда айтқандай, орыс тілі (сол тіл арқылы енген терминдер – З.А.) дәл бүгін бізге қажет қазына. Дүниедегі өркениетті елдердің білім технологиясына біз осы тіл арқылы шығып отырмыз!

Дүниеде қазір ағылшын тілі бизнестің, ең жоғарғы технологияның тілі болды. Ал, біз ағылшынның орысшаға аударған білімімен жүрміз. Қазақ тілін сол дәрежеге жеткізуге уақыт тар.

Биыл, 2017ж. - он бір жылдан кейін Елбасы халықаралық термин мәселесіне қайта оралуы кездейсоқ емес. Бұл жолы пәрменді қатқыл сөйледі.

Біріншіден, Елбасы қандай мәселе болса да, толғағын жеткізіп, пысықталған соң ғана дөп басып айтады. 2006жылғы (Ана тілі газеті) сұхбатынан кейін псевдопатриоттар (ішінде мемтерминком да бар) орынды қорытынды шығарып, орынсыз аударылып кеткен терминдерді, Елбасы мен көпшіліктің талап етуіне сай, қайта қалпына келтірудің орнына, қайта өршеленіп: интернетті – «ғаламтор», операцияны – «ота», баклажанды – «жертатақ», т.б. деп атап мемлекеттік тілдің абыройын түсіріп, берекесін алуда. Бұны Елбасының орынды пікіріне көрсетілген «қыр» деп бағаламасқа амал қалмады. Өйткені, Елбасының сөзін екі етуді халқы қаламайды.

Елбасы тілге мемлекеттік биігінен мүдделі көзбен қараса, псевдопатриоттар шеңбері тар ведомстволық тұрғыдан келуде. Елбасы мемлекеттік тілдің әлемдік деңгейде пайдалануын қалайды. Ол үшін терминдер үш тілге де ортақ болуы керек. Сонда ғана мемлекеттік тілдің көсегесі көгеріп, дамыған 30 елдің қатары есігін айқара ашпақ.

Екіншіден, Елбасы мемлекеттік тілдің қорғаушысы һәм жанашыры деп түсінсек, көп этносты елімізде мемлекеттік тілді мойындайтын, таза ауылдан келген қазақтар болмаса, қалғаны («асфальтта туғандар», басқа этнос өкілдері т.б.) мемлекеттік тілді көбінесе менсінбеуде десек қателеспейміз. Басқа этностың өкілдері «Қазақ тілін неге үйренгің келмейді?»- деп қатқыл сұрағанның өзінде тіксініп, былай жауап береді: «Сіздер неге ғасырлар бойы қалыптасқан халықаралық терминдерді қазақ тіліне оңды-солды аударып, сөйле деп қинайсындар, олар қазір бірнеше мыңдап саналады, оларды қазіргі заманда жаттау жарты

өмірімізді алады. Одан да біз қазақ тілін пайдаланбай төте жолмен күн көруге бет бұрдық, ол ресми орыс тілі деп уәж айтады. Орынды айтылған сөзге неге құлақ аспасқа?!

Үшіншіден, халықаралық терминдерсіз білім мен ғылымның, технологияның біздің елде көсіліп дами алмайтындығын байқау қиын емес. Олай болса 30 өркениетті елдің қатарына ену, үштұғырлы тілдің халықаралық терминдермен біріздендірілуі шарт деп білу қажет. Мысалы, процент - пайыз емес, класс – сынып емес, лифт – қозғалмайтын саты емес, витамин - дәрумен емес, т.б.

Ұлы Маркс былай дейді: «Кімде-кім өз тарихын ұмытар болса, ол міндетті түрде өткен тарихын қайталайды». Олай болса, тарихты ұмытуға ешкімнің қақысы жоқ. Біз де халықаралық терминдерді еркін қолданған кезімізді ұмытпауымыз керек.

Айтайын дегеніміз, ұлы Абай да, Назарбаев та өткен тарихты жиі еске алуға салғырт қараған емес. Абай орыс тілінің құдіреттілігіне меңзеп, дүниенің кілті орыс тілінде десе, Н.Назарбаев тарихи шындыққа бет бұрып: «Орыс тілі арқылы қазақтар әлемдік ғылым, әдебиет, мәдениет деңгейіне көтерілді», - деп тұжырымдайды. Аса көрнекті ел зиялыларының көпшілігі (М.Әуезов, Қ. Жұбанов, А.Жұбанов, Д.Қонаев, т.б.) Москва, Санкт-Петербург, т.б. сияқты орталықтың шекпенінен шыққанын жасыру қиын. «Өзі болған қыз төркінін танымайдының» кері келмегей. Өйткені, әлемде екі жүзден астам мемлекет болса, олар БҰҰ тек 6 тілдің шеңберінде (ағылшын, орыс, француз, қытай, араб, испан) сөйлейді. Мұндай тілдік іріктелуді соғыс біткеннен кейін Сталиннің басшылығымен, штабы Нью-Йоркте орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылып, онда өкілдер тек алты тілде ғана сөйлейтін болып шешілген.

2015 ж. Н.Назарбаев бұл қалыптасқан канонды бұзып, Нью-Йорктегі саммите мемлекеттік тілде сөз сөйлеп аудармашыларды састырғаны есімізде. Залдағылар шешеннің сөзін түсінбей оның батылдығына таңғалыс-ты. Оның бергі жағында, оның сөзін ағылшын тіліне жалма-жан аударатын маман табылмай ұйымдастырушылар қатты сасқан-ды. Мұндайда халықаралық термин қалыбында пікір айтқан басшының сөзі өтімді болмақ. Қазақ тіліне қиқаланып аударылған, мазмұны толық қамтылмаған пікірді кең ұлтты аудиторияның қабылдауы екіталай. Сондықтан Елбасы шетелдерде сөйлегенде халықаралық терминдерді сол қалпында келтіреді.

Айта кетер болсақ, мемтерминком тарапынан қабылданып, аударылған терминдерінің заңды күші жоқ. Совет дәуірін еске алсақ, ол кезде халықаралық терминдердің мұрты бұзылмай пайдаланудың нәтижесінде ешнәрседен кенже қалған жоқ едік. Ал псевдопатриоттар тілді саясатпен шатастырып, мемлекет тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен теңестіріп, халықаралық терминдерді жөн-жосықсыз аударып, қоғамды үлкен проблеманың қақ ортасында қалдыруда. Әрине, бұдан терминдерді жаппай аудармай қалдыру керек деген ұғым тумайды. Олар аударылғанда мағынасы толық қамтылатын сөздер бар, оларға тиісудің қажетті шамалы. Мысалы, демонстрация – шеру, фондкор, конкуренция-бәсеке, т.б.

Елбасы тіл тағдырын мемлекет биігінен, оның болашағына зор үмітпен қараса, ал псевдопатриоттар – шеңбері тар ведомстволық тұрғыдан әрекет жасауда. Елбасы псевдопатриоттардың керттартпа тірліктеріне халық назарын аудара отырып, бұрынғы пікірін жылдар аралатып тағы қайталап отыр. Халық атынан мемлекет мүддесін қорғап отыр.

Тіл тарихында біздің елдегі псевдопатриоттар сияқты кірме сөздерсіз орыс тілінің «тазалығын» сақтау керек деген мақсатпен барынша күресіп баққаны жиі кездеседі. Бірақ мемлекеттердің өзара ықпалдасуының нәтижесінде бір елдің сөзі екінші елдің сөз құрамына енуі объективті көрініс болған. Ал бұған қарсы күресу тарихта баршылық. Бірақ тарихтың желі ондайларды жолынан ысырып тастап отырған.

Тарихтан білетініміз еш уақытта «псевдо» (жалған), прогрестің аяғынаншалғаны болмаса, оған қызмет жасамаған. Ал, душ деген сөзді «шаптырма», балкон – «қылтима», стюардесса- «аспансерік», лифт- «қозғалмайтын баспалдақ» т.б. қазақ көшпелі тарихында болмаған.

Елбасы мына принципке сәйкес іс-әрекет жасайды: замана сенімен санаспайды, санассаң сен санас. Оның кеменгерлігі сонда, ол не істесе де замана талабына сай қалыптасқан қоғам заңдылықтарынан ауытқымай, тыңғылықты бірақ шешім қабылдап, оны орындауда асқан табандылық танытып іс жүзіне асырады. Өйткені ол прогресс игілігіне қызмет етіп, елді өркениеттілікке батыл бастайды. Елбасының мұндай ұтымды бастамаларын халқы қолдайды, әсіресе жастар терминдегі псевдопатриоттардың күлкілі әрі түрпілі әрекеттерінен бойын алыс ұстайды.

О.Сүлейменов пен Н.Назарбаев айтқанындай халықаралық терминдер, оның арғы жағында кірме сөздер кез келген тілді (оның ішінде қазақ тілін) байытады. Ал псевдопатриоттар тілді «шұбарбарлайды» деп безек қағады. Псевдопатриоттар «бақ десе де, шақ десе де» терминдер аударылмайтын даму заңдылықтарынан ауытқымайды, өйткені, ол әлемдік мәдениет ықпалдастығының даңғыл жолының бойында жатыр. Елбасының халықаралық терминдер туралы пікірін ғасыр адамы О.Сүлейменов те қолдайды: «на вопрос, что языковой патриотизм порой переходит такие границы... Сейчас происходит бурный процесс казахизации международных терминов, он ответил: «русский словарь еще XIX в. прошел период, который только сейчас переживает казахский. Это один самых важных вопросов, как пополняются родной словарь терминами. Термин надо перевести или надо принять как есть. Русские, боровшиеся против засорения родной речи, не пожелали в пустить в словарь итальянское слова - фортепиано, буквально перевели его тихогромом. В итальянском форте - сильно, громко, пиано – тихо». В русском языке такой термин не устоял. Не прижил и мокроступы. Удержалось иностранное слово - колоши. Наши лингвисты-сочинители из терминкома как будто не слышали об этих примерах, высмеянных во всех учебниках языкознания. Или учебниках этих не читали. Потому не стали переводить, а решили передать «адекватно, образно» (или «лифт» - жылжымайтын саты, техникалық термин «лебедка» - аққудың ұрғашысы). Официально в вели в современный русско-казахский словарь: Фортепиано - күйсандығы, буквально - сундук кюев. А как тогда называть пианино, клавиесик, синтезатор? Тоже ведь в какой-то степени сундуки...»

Такие кальки - признак невежественного вмешательства в процесс межкультурного обмена, идущие с древнекаменного века. Заимствование обогащает язык. Английский, признанный языком мирового общения, на 70% заимствований. Потому и велики» [3]. («Свобода слова» 13.XI.2008.) Әрі қарай жалғастырсақ, оның айтуынша: «Тап-таза тілді табу мүмкін емес. Корей тілінің 75% қытай сөздері, француз тілінің 25% араб сөздері құрайды екен, орыс тілі 70% кірме сөздерден тұрады екен. Солардың соған намыстанып жатқанын көрмеппіз. Өркен жайған мәдениет ғасырлар бойы араласып-құраласудың жемісі! Сөз алмасу деген тілдің кедейлігінің белгісі емес, бұл оның үздіксіз

даму (баю т.ж) үстіндегі тіл еркіндігінің белгісі. Қазақ тілінің 80% шамасында парсы, араб, монғол, қалмақ, орыс тілі құрайды. Мұны псевдопатриоттар қазақ тілі халықаралық терминдер кіруінен тіліміз шұбарланады деп байбалам салады. Тіліміздің әлем тілдеріне ұқсап, объективті шұбарланып үлгергенінен хабары жоқ сияқты.

Елбасының пікірлерін топтасақ, ХХІ ғ. ширек мезгілі Қазақстанның ғасыры болмақ. Осындай амбициялық мәні бар «Қазақстандық арманды» іс жүзіне асырудың бірден-бір жолы - ғылым мен жаңа технологияға салмақ салу болып табылады. Бұл «Мәңгілік Ел» болудың алғышарты болса керек. Оның негізгі тетіктерінің бірі – әлемдік тілдік бәсекелестікке төтеп бере алатын сол күйінде аударылмаған халықаралық терминдермен байытылған мемлекеттік тілімізді Қазақстанды мекендеген барлық этностар өз тілі ретінде қабылдауы абзал. Бұл мемлекеттік тілдің өз статусына көтерілуінің бірден-бір даңғыл жолы болса керек. Олай болмағанда, Елбасы мемлекеттік тіліді байытатын халықаралық терминдердің тағдырына екі рет ормаса керек еді. Әдетте, Елбасы кез келген мәселені шешуде бір-ақ рет кесіп айтынын жақсы білеміз. Сонымен қатар болашақта шешімін табар латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің емле ережелері мәселелері тұр.

**Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Сәуір 2017ж.
2. «Ана тілі» газеті. 2006ж. мамыр.
3. «Свобода слова» газеті. 13.XI.2008.

## **АЛАШ ПУБЛИЦИСТЕРІНІҢ БАТЫСТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ**

**Жақсылықбаева Р.С.,**

*ф.ғ.к., доцент*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы, Қазақстан*

Рухани мәдениеті ауыз екі дәстүрге негізделген көшпелілер қоғамында айтылған сөз ерекше мәнге ие болды. Орта ғасырлық Майқы және Жиренше, «Ақтабан шұбырынды» дәуіріндегі Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бұқар сияқты би, шешен, жыраулардың айтқан

сөздерінің қоғамдық пікір қалыптастыруда аса үлкен мәнге ие болды. Ой-толғаулары іс жүзінде қазақ даласына тереңдей еніп келе жатқан патшалықтың отарлау саясатына, оның қазақ қоғамы үшін тиімсіз нәтижелерге қарсы жаңа бағыт болды. Осы тұста белгілі тарихшы Ханкелді Әбжанов: «Зиялы қауымның бастау бұлағы этнос тарихының қойнауында жатыр. Себебі, халыққа тән саяси, мәдени, экономикалық, әдет-ғұрыптық, тағы басқа толып жатқан әлеует пен қасиет алғашқыда табиғи-географиялық орта, тіршілік қисыны, сыртқы фактор әсерімен қалыптасса да, осылардың бәрін өміршен, бәсекеге қабілетті дәрежеге көтеретін күдірет – этнос зиялысы», -деп қандай ұлт болмасын тарих сахнасына зиялыларымен шығатынын атап өтеді. Шынында да, тарихи тамыры тереңге тартқан арғы қазақ зиялылары халқына қызмет етудің, ұлтты ұйыстырудың қатал сынағынан абыроймен өткенін мақтанышпен айтуға болады.

Қазақ халқын ағарту, жаңа дүниеге тарту мақсатында ең алғаш Шоқан, Ыбырай, Абайлар аз еңбек етпеді. Білім терең ойы зерек, данышпан Абайдың «Сократ хакімнің сөзі» (27-сөз) деген шығармасынан Сократ, Платон, Аристотельдің еңбектерімен таныс болғандығын көреміз.

Абайдың:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздерінді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,-деген сын мектебі  
Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға да үлгі болды.

Ойшыл ақын, ғылым мен дінді жете меңгерген Шәкәрім білімін толықтыру мақсатымен өткен ғасырдың басында Мекке, Мәдина, Ыстамбулға дейін барып қайтқан екен. Шәкәрім қажының білімділігімен қоса, киім киіну мәдениетінің де ерекше болғандығын білеміз.

Небәрі 27 жасында «Біз қазақ ежелден, еркіндік аңсаған» республикамыздың кеңес дәуіріндегі гимнінің авторы, 1951 жылы Мұхтар Әуезовтің ғылыми жетекшілігімен «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған ғалым Қайым Мұхамедхановтың Шәкәрім, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып сынды Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылығын тереңнен қозғайтын «Абай мұрагерлері» атты құнды еңбегінің орны ерекше.



Нағыз ұлт жоқшысы – зиялы. Зиялы – қай кезде де ар тазалығын жоғары ұстаған тұлға. Кез келген уақытта тек ақиқат, әділдік жолында жүріп, сол үшін міндетті түрде күресе білсе, ол тіпті оқу-білімнің терең болмауы, дипломының жоқтығына қарамастан, ұлтының зиялысы деп есептелмек. Алаш азаматтары кезінде қарақан басының рахаты емес, ел қамы, ел зары, ел тағдыры үшін күресті. Қандай да қысылтаяң заман болсын, ұлттың рухын түсірмеу үшін, қазақ жерінің тұтастығын қалай болса да сақтап қалу үшін жанын қиюға дайын тұрған. Мысалы, Қытайға босқан қырғыздардың ауыр тұрмыс халіне көмек көрсетуге шақырған қазақ зиялыларының 1917 жылғы 11 маусымындағы Үндеуіне халқымыздың аяулы арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Сейдәзім Кәдірбаев, Имам Әлімбеков, Елдес Ғұмаров қол қойғанын байқаймыз. Бұл үндеу «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №233-санында басылған.

Ұлттық элита болмысына ой жүгірткенде, Мұстафа Шоқайұлының бейнесі ерекше көз тартады. Азат Түркістан идеясының жаңа тарихи кезеңдегі үні бола білген Мұстафа Шоқайұлы ұлт зиялыларының ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметін ашық талдауға алды. Оның баға жетпес еңбегінің бірі Кеңестік биліктің Түркістандағы отаршыл саясатын ымырасыз сынға алғандығы. Оны тура осы еңбегі үшін коммунистік идеология «Отанын сатқан опасыз» деп жариялады. Ал, бүгін біз «Яш Түркістанның» кез келген бетін аша отырып, М. Шоқайұлы сынының әділ екендігіне көз жеткізе аламыз. Мұстафа жазған түрлі тақырыптағы мақалалар Англия, Франция, Польша журналдарында жарияланып тұрды. Жалпы, М. Шоқай – өз заманында шетел баспасөзіне батыл қалам сілтеген тұңғыш қазақ журналисі.

Ал, Тұрар Рысқұлов этнограф-фольклорист Әбубәкір Диваевқа берген уәдесін орындап, Орта Азияда (қазіргі Ташкент университеті) отау тігуіне ұйытқы болды. Бұдан өзге де білім-мәдениет ордаларының бой көтеруіне, өнеркәсіп орындарының ашылуына басшылық жасады. Солардың бірі – Түркісіб темір жол құрылысын жүргізді. Тұрар халық комиссарлар кеңесінің Бакудегі өкілі болды. Моңғолияда жаңа өкіметтің жалауы желбіреуіне атсалысып, оның айтуымен мемлекеттік астанасы Улан-Батор деп аталынды.

Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Бақтыгерей Бейсенов – нәубет жылдары қазақтарға арнап алғаш емхана аштырған жан.

Оны жұртшылық 1921-1937 жылдары ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індеті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерттің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, ұлтын сүйген азамат ретінде бағалайды.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін тауып, тұңғыш анықтама беруі – болашаққа сенген арман-тілегі, үміті еді. Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары профессор А.Смайлович, Е. Поливанов бағалы пікірлер айтқан болатын.

Кезінде Міржақыппен бірге Алаш партиясында болған Ғазымбек Бірімжановтың Кеңес өкіметі мен Германия арасында жастар алмасып, жаңа заманға лайық, жаңа қоғам құру ісін жүргізе алатын тың тұрпатты кадр даярлау келісімі бойынша Германияда оқып, 1928 жылы агроном-ғалым атағын алып оралғанын біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. 1921 жылы Ғазымбек Бірімжанов «Ақ жол» газетінде жарияланған «Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылу керек» (10 мамыр) мақаласында: «...Жаңа заман тұсында қазақ халқының бір орында тұралап тұра беруге хақысы жоқ. Енді қазақты тарихи халық қылу керек. Қазақтың ілгері басып келе жатқандығын жұртқа көрсету керек. Сондықтан шет елдерден оқу үйрену – заман талабы. Біздің қазақтың баласы барса, Лондон, Париж, Берлиннің көшесі ойылып кетпейді. Қайта саясат жағынан жер жүзі жиһангерлерінің алдында Кеңес үкіметіне зор мақтаныш, үлкен абырой болады», -деп жазады. Ғазымбектің бір ғасыр бұрын айтылған арманы 1993 жылы 5 қарашада Н.Ә. Назарбаев қаулысымен «Болашақ» дарынды жастарға жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясымен жүзеге асырылды. Өйткені, тәуелсіз мемлекет ретінде 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу

Шынында да, зиялы қауым – қоғамның қозғаушы күші. Онсыз ешқандай ұлт алға қарай дамыған емес. Сонау ескі замандардан бастап, көшпелі кеңістіктерден күні бүгінгіге дейін қоғамның алға жылжып, дамуына игі себеп болған, итермелеуші күші болған осы – ұлт тізгінін ұстаушылардың, зиялылардың ой-қуатының, қажырлы іс-әрекеттері. Басқаны былай қойғанда, кешегі біртұтас Алаш идеясы кезеңіндегі биікке көтерілген

зиялылар рухы одан кейін қаншама тезге түссе де, өзінің ерікті ой-қуатын әлі күнге дейін төмен түсірген емес.

Еуропа жұртшылығы Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасымен бұдан 100 жылдан астам бұрын-ақ танысқан. Оның парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін ағылшын отаршылдары Үндістаннан тауып, аударып 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған. Осы аударма Мұхаммед Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында даңқты тарланбоз жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып халқымыздың тарихының тылсым тереңде екеніне көңіл аударған.

Кешегі Ілияс Омаров, Жұмабек Тәшенов, Дінмұхамед Қонаев, Асанбай Асқаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды біртуар азаматтар ұлт мұратын көксеген, қайталанбас тұлғалары болды. Ал, Қ. Сәтбаевтың Жезқазған кен орнын ашуы, Ғылым академиясын ұйымдастырудағы кеменгерлігі бір төбе десек, күрішші Ыбырай Жақаев, тарышы Шығанақ Берсиев, қойшы Жазылбек Қуанышбаев өз ортасының мықты элитасы болды.

Зиялылықтың бір белгісі – әрбір жеке адамның заман мен қоғам алдындағы жауапкершілікті қаншалықты дәрежеде сезінуінде әрі өз отанын жан-тәнімен сүюінде десек, қайта құру тұсында Ж.Молдағалиев, О.Сүлейменов, С.Зиманов, Ә.Қайдаров, С.Сартаев, М.Қозыбаев, З.Қабдолов, Т. Кәкішев, Ө.Сұлтанғазин, Ө.Айтбаев, М. Жұрынов тәрізді азаматтар зиялылығымен бірге, қайраткерлігін көрсетсе, тәуелсіздік жылдары М.Шаханов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, А.Айталы сынды тұлғалар қашанда қоғамның барометріне айналып отырды.

Ал, бүгінде Шығыстың, Батыс Еуропа және Американың көптеген неғұрлым бәсекеге қабілетті елдерінде зиялы бетке ұстар топты өсіріп шығаруға ерекше көңіл бөлінеді екен. Мәселен, Жапонияның Тагасакиіндегі «Коносукэ Мацусита атындағы мемлекеттік басқару және өнеркәсіптік менеджмент мектебінің» құрылысына электронды магнаттың 7 миллиард иені мен 5 миллиард конценрнге тиесілі иесі салған екен. Көп жылдар өткен соң Мацусита мұрагерлеріне скипетр мен электронды державаны тапсырып, өз ғұмырын тұтастай тәрбие туралы ойлауға бағыттады. Бүгінде зерттеуші ғалымдар осы оқу

орнында тәрбиеленіп жатқан ұлттың бетке ұстар тобының міндеті – ойлау, құру, болжау, пайдалы бағытқа адамдардың күшін бағыттау екендігін жазып жүр.

Коносукэ Мацусита – осы аттас компанияның негізін қалаушы және әлемге әйгілі Panasonic дінің негізін салушысы, бизнес әлемінде бүкіл әлемге орасан зор ықпалын тигізді.

Шығыстың Оңтүстік Корея, Тайланд, Сингапур сияқты елдеріндегі тұрғындарға білім беру деңгейінің артуы ұлттық стратегияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуда. Ал, бетке ұстар зиялы топты қалыптастыру ісі бірінші кезектегі мәнге ие екен. Америка ғалымдарының зерттеулерінің қорытындысы бойынша, ұлттың зиялы әлеуетінің көшбасшысы болып Оңтүстік Корея мектеп оқушылары болып шықты.

Қазіргі таңда білім беруге жұмсалатын шығындар Англия, Германия, АҚШ, Жапонияның ұлттық өнімінің 5-7 пайызын құрайды. Барлық акциялар білім беру және қоғамдағы білімділік мәртебесін көтеруге бағытталған ортақ саясатқа жиналады. Осылайша, индустриалды елдер тәжірибесі зиялы бетке ұстар топты іріктеу және даярлаудың біздің заманымыздағы кез-келген мемлекет дамуының міндетті шарты екенін білдіреді. Бір қызығы Жапонияда мемлекеттік тілді меңгерген маман ғана жұмыста өсе алады екен.

Біздің Қазақстанда керісінше, білім беру беделі түсіп кетті. Білім беру мәселелері жөніндегі бағдарламаларға тың өзгеріс керек тәрізді. Сондай-ақ, «Болашақ» президенттік бағдарламасы шеңберінде оқып жатқан қазақ жастары оларға халық пен мемлекет көрсеткен ерекше сенім екендігін естен шығармауы қажет дер едік. Шетелге оқуға жіберілетін жастарға қатаңдау талаптар белгілеу қажет.

Кезіне Елбасының қолдауымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» бағдарламасы жаңа зиялы қауымды қалыптастыру бағытында жақсы жұмыстар атқарып еді.

Латын тілінен аударғанда зиялы сөзі – түсінетін, білетін, ақылды деген ұғымдарды білдіретіні белгілі. Зиялылық – білімнің емес, алдымен тәрбиенің жемісі. Зиялының санасына жоғары құндылықтар жас басынан тек ата-ананың тәрбиесі арқылы беріледі. Бала олардың айтқанын ғана емес, істегенін үнемі көріп өскенде ғана нағыз зиялы болып өседі. Демек, зиялылық текке де байланысты. Зиялылықтың шарттары осыдан туындайды. Тектілік – ауқымы кең, терең ұғым. Тектілік

қанмен дарымайды, тәрбиемен беріледі. Демек, тектіліктің тетігі – тәлім-тәрбиеде!

Біздегі бүгінгі зиялы қауым өкілдері билікке қоғамдық пікірді жеткізетін, қалың бұқараның көзін ашып, ірі адамгершілік құндылықтарын жасайтын және оны сақтау жолында күресетін адамдар болуы тиіс. Зиялы қауым дегенде ауызға бірінші ақын-жазушы, журналистер, ғалымдар, дәрігерлер алынып жатады. Бір жағынан дұрыс та шығар. Дегенмен, әрбір жоғары білімді көзі ашық, көрегі ояу қазақ азаматы осы ұлттың зиялысының қатарына кіретінін ескеруіміз керек. Өйткені, зиялылар қатарына ауылдың қарапайым ақсақалынан бастап, жоғары білімді, иманы мен адамгершілігі бар адамды айтуға болады. Оқымысты, бірнеше дипломы бар адамнан кейде зиялылықтың ешбір нышанын байқай алмауымыз мүмкін. Кезінде академик Ә. Қайдар ағамыз: «Ауылға барғанда ақсақалдардың алдында екі тізем дірілдеп қоя береді. Мен білмейтін бір дүниелерді сұрап, ұятқа қаламын ба деген ойда отырамын», - деген сипатта келетін бір естелігін оқығаным бар еді. Осыдан-ақ, ғалым ағамыздың ауыл академиктерін мойындап отырғанын білуімізге болады. Шын мәнінде зиялылық деген – адалдық, имандылық деген атаумен қатар айтылатын ұғым. Кезінде Ахмет Иасауи бабамыз: «Білімің – шырақ, халің – пілте, жағатын май – көз жасың, яғни, қайрат, жігерің», - деп, ақылдың жолын иманмен нұрланған білім арқылы табуға болатынын меңзейді.

Зиялы қауымды екі топқа бөліп қарастырып жүрміз. Біріншісі – мұғалімдер, дәрігерлер, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, ғалымдар. Ал екінші топқа – саяси элита мен шенеуніктер арасындағы белсенділер. Екінші топтағалардың көпшілігі мансап пен мадақ буына мастанған, абыройды сұрап алатын «мәдениетті» мырзалар дер едік. Бүгінгі зиялыларға жазушы Қабдеш Жұмаділов былайша сипаттама береді: «Қазіргі зиялы топ билік пен бай адамдарға тәуелді. Зиялылар тамағын солардан айырып отыр. Оларда жоғары білім туралы диплом ғана бар. Біз шенеунікті зиялы топтан ажырата алуымыз керек. Меніңше, зиялы топ өкілдері аз, өйткені тіреуі жоқ. Сондықтан да олар батыл емес, ал олардың бірқатары жағымпаздарға, бас пайдасын ойлаушыларға айналды. Дегенмен де бізде болашақта лайықты зиялы топ пайда болатын күн алыс емес дегенге сенеміз». Кезінде Ф.Вольтер: «Мемлекетті ақшаға деген жетіспеушілікке емес, дарынды адамдарға деген жетіспеушілік әлсіз етеді», - деген екен.

Демек, зиялы қауымның атқа мінетін, ащы ақиқатты ашық айтатын кезі келді.

Ақтанберді жыраудың «Қап түбінде жата ма болаттың асыл сынығы, халқы тозып кем болмас, әділ болса ұлығы», - дегендей, адам мен қоғамның дамуын жан-жақты танып, түсіне білген, елдің басын, ердің басын қосатын ұлтжанды зиялылардың ғана беделі арта түспек.

## «ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІНДЕГІ» ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ

**Құрманбаева А.Ә.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан.*

Қазақтың төл мәдениетінде табиғатты қорғау экологиялық мәселе этикалық тұрғыдағы обал мен сауап деген ұғымдармен тікелей байланысты. Қазақ халқы ежелден төрт түлік мал бағып көшпенділік өмір сүрген, табиғатпен етене жақын болған.

Көшпелі қазақ табиғаттан өз орнын таба білген. Басы мен аяғы жоқ кеңістікте адам табиғатпен жеке қалып, оңаша сұхбаттасу, сырласу үстінде болған. Ол өзінің бүкіл рухымен, қиялымен табиғатпен шынайы жақын екендігін сезінген.

Ш.Айтматов былай деп жазады: Құдай айтты дейді – «Мен адам баласына бәрін бердім, тек ниетін өзінде қалдырдым»/1/ - деп. Бас мәселе сол ниет пен пейілде жатыр. Біз рухани тазармай тұрып, ешқандай игілікке қол жеткізе алмаймыз. Озық өркениет – табиғаттың жауы деседі. Ол – олай емес. Ең басты айыпкер – сол өзі құрған өркениет пен ақыл-ой, парасатын ғылыми түрде ұштастыра алмаған адамдар.

Егер адамдар табиғатқа және бір-біріне деген қарым қатынасын қалпына келтірмесе, рухани азып-тозуын, құлқын құмарлығын, имансыздығын, тоқтатпаса, биосферадағы жағдайлар апаттық күйге түсетіні анық/2/.

Халық даналығы: «Ақылды адам қолайсыз жағдайдан әр уақытта құтылып шыға алады, ал дана адам мұндай жағдайға түспейді» - деген сөз бар. Өкінішке орай адамзат даналығы жетпей, экология қиын дағдарысқа түсті. Ендігі амалымыз, бүкіл

ақыл-ойымызды пайдаланып, осы қиыншылықтардан кешігіп қалмай, шыға білуіміз керек.

Сонау 1892 жылдың өзінде “Дала уалаятының газеті” он бірдей санында “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” тақырыпты проблемалық очерк жариялаған.

“Экология” терминін жұрттар біліп жарытпаса да сол очеркте аталмыш табиғатқа жанашырлық білдірген пікірлер кеңінен қозғалған.

“Шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта қыс мұндай емес, күн жақсы, жер-су мол, шөп көп, халық әділетті, қулық-сұмдық жоқ екен... Осы күнгі қазақтардың тұрған жерлерінің жер-суы жақсы болған соң қазақтар неше мәрте қалмақтармен ұрысып, соғысып, қалмақты күшімен айдап шығарған екен...”

Енді бұрынғыны айтып отыратын қарттар байқай ма екен бұрын күннің жылы болатыны сол замандағы орман ағаштың көптігінен екенін, осы күнде сондағы ағаш, таулар да аз, қырып бітірісіпті.

Бұрынғы заманда тауларда орман көп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды екен. Сол себепті жердің шөбі жақсы болып, мал да артық болады екен. Бұ күнде ондай емес.

Қазақтар барша орманды қырып, қалғанын осы күнге шейін тауысып жүр. Қазақтарға көп ағаштың керегі жоқ дегеннің зиянды екенін ойламай, тек малға кең болса – болды, һәм өткір көздерімен қарап, қарауылдап жүруге дала болса – болады. Сол себептен бұрынғы өзен-бұлақтар тартылған соң, бірдеме қылып құдық қазатын болысты, көбінесе сулары ащы болады.

...Осы күнде қырда сондай жақсы еш нәрсе қалмаса да біліп тұр бұрыннан қалған сым тастарға, қорғандарға қарағанда, баяғыда бұ далаларда тұру жаман болмағаны»/3/, - деген пікірлерді ұшырастырамыз одан.

Демек, біздің қазіргі кезде аузымыздан тастамай, күделікті айтып жүген экологиялық мәселелерімізге қазақ халқы ертеден-ақ ерекше мән беріп, тіршілік әрекетін соған сәйкес жүргізе білгенінің айқын бір дәлелі – аталмыш очерк. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде табиғаттың барлық жанды, жансыз туындыларына қиянат жасауға үнемі қарсы тұрып, “обал”, “сауап” деген ұғымдарды кейінгі ұрпағына ұлағат етіп қалдырған. Халықтың

бұл тұрғыдағы экологиялық тағылымы осы күнге дейін толық мәнінде зерделеніп, зерттелмей келеді.

Әрбір жеке табиғат байлықтарына және оның дара туындыларына да арнайы айтылған экологиялық тыйым сөздер де халық арасында кеңінен таралған. Мысалы: күнделікті өзіміздің мұқтажымызды өтеп жүрген ауыз судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздер – “суға түкірме”, “суды ылайлама”, “өзін ішетін суға өлген ит тастама”, “су ішкен құдығына түкірме”, “бұлақты былғама” т.б.

Жер бетінің сән берер сәулеті мен бағалы байлық дәулеті деп есептелінер жасыл желекке, орман-тоғайға қатысы бар тыйым сөздер қаншама! “Көкті жұлма!”, “көкті таптама”, “құрыққа орақ салма”, “жас көшетті сындырма”, “орманды өртеме”, “орманды отама”, “жалғыз ағашты кеспе”, “бауға балта шаппа” т.б.

Жан-жануарларды аялау, қорғау, мейрімділік көрсету жайы да тыйым сөздер көптеп кездеседі. “Құмырсқаның илеуін бұзба”, “өрмекшіні өлтірме”, “аққуды атпа”, “құндызды аулама”, “ұларды шулатпа”, “жаралы аңға оқ атпа”, “ұяны бұзба”, “үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығар” т.б.

Қазақ ұғымында “табиғат” деген ұғым “туған жер” деген сөзбен мағыналас, мазмұндас айтылады. Мысалы: “Туған жерге туынды тік”, “Туған жердің топырағы да киелі”, “Жері байдың – елі бай”, “Қара жер қарыз арқаламайды”, “Жер – ана, ел – бала”, “Тозған жерде тоқшылық болмайды”, “Күте білсең – жер жомарт”, “Туған жердің түйе аунайтын топырағы да киелі, түйе жейтін жантағы да киелі”... Осылай кете береді.

Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын сөз еткенде, даламыздың данышпан абызы әрі ақылгөйі Асан қайғы бабамыз асқар таудай алыстан көрінеді. Сондықтан да қазіргі кезде Асан қайғы бабамызды қазақтан шыққан тұңғыш эколог деп мақтан етуімізге болады. Оның Желмаяға мініп алып, Жерұйықты іздеуі, қазақ жерінің әрбір өзен-суына, кең-байтақ даласына берген бағасы осы күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

Филология ғылымының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиев: “Ел аңызының айтуынша, Асан Желмаяға мініп, жер кезіп кетеді. Ақыры, “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” Жидебайсындай “жигегі жаз, суы – бал” жайлы қоныс табады-мыс”, – дейді/4/.

Күллі түркі халқының данышпаны саналатын Қорқыт атаның қалдырған мұраларында да “асқар тауларың құламасын, саялы



ағаш сынбасын, қанаттарың қырқылмасын” деген ұғымдар–туған жеріңнің табиғатын аялай біліңдер деген аталы сөздер!

Шығыс халықтарында имандылықтан келетін үш сауап бар: шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен. Шөлді жерде құдық қазып, халық шөлін қандырса, малын суарып, айналасына жасыл желек отырғызса – табиғаттың көркі емес пе! Бұл – адамдарды жақсылық істерге жұмылдырудағы өнегелі өсиет.

“Бабалар еккен шынарды балалары саялайды”, “Бағбан болсаң – бақ өсір, балама деп тағы өсір”, “Өкеңнен мал қалғанша, тал қалсын” деген нақылдарда қаншама ұғым бар!

Сыр бойының жыр сүлейлерінің бірі – Нұртуған Кенжеғұлы: “Байладым басты өлімге мақпалдай шөбі түрленген атамекен жері үшін!” деп жырлап өткен.

Бекет ата туралы айтылатын аңыз -әңгімеде ұстазының: “Келер жылға жетерлік отын жинап келіңдер”, – деген өтінішін орындау кезінде, басқа шәкірттер көбірек отын әкелсе, Бекет ата аздаған қураған ағаш әкеледі. Оның мән-жайын сұраған ұстазына: “Жас ағашқа жаным ашып, кесуге батпадым, сондықтан қурағандарын ғана алдым”, – деп жауап берген. Оған әбден разы болған ұстазы Бекет шәкіртіне ақ батасын берген көрінеді.

Қазіргі таңда да, ақын-жазушыларымыз табиғат, экология мәселесіне үлкен көңіл бөліп келеді. Мысалы ақын Қадыр-Мырза Әлі ағамыздың “Заман-ай” экологиялық поэмасының “Табиғат пен тасырлық” тарауында: “Безендіріп құмдағы, //Саздағы аңды, //Жер соқтарды, //Жылатты маз даламды. //Қоғам азған, //Ел азған, // Заман азған... //Бірақ жер дәл бұлай азбаған-ды! //...Сайқал заман түсті де ер ізіне, //Салды ауызын шалқар мен теңізіме... //Мың бұлақтан қалмады жүз бұлақ та, //Сексен көлден қалмады сегізі де! //Полигондар – құрық та, //Аралдар да! //Өстіп жүріп адамзат арандар ма! //Таба тұрып ақы-адал еңбегіңмен, //Күдікпенен қарайсың тағамдарға!”/5/ - деп қазіргі хал-күйімізді әсем поэзия тілімен әспеттеп бергенінің куәгеріміз.

Қазіргі таңда қай-қайсымызды болсын планетаның алмағайып халі алаңдата береді. «Соңғы 300 жыл беделіндегі қиялды қамшылайтын адамзаттың ғылыми жетістіктері кісі қылығының даналығы және көрегендігімен үзенгілес жүре алмағанына» автордың көңілі құлазиды. Алаңдаушылық білдіреді. Оқырмандарын да сондай халге итермелейді.

Қазақстанда соңғы бес жылда түрлі өндіріс орындары мен өнеркәсіптер саны көбейіп, олар жыл өткен сайын қарқынды дамып келеді. Дегенмен, бұлардың барлығы ауаның ластануына, Қазақстан экологиясының бұзылуына әкеп соғатыны белгілі. Осының салдарынан республика өңірінде жиырма миллиард тоннадан артық қалдықтар пайда болған, оның үштен бір бөлігі токсидті болып табылады. Бұлардың дені қара металлургия, мұнай химиясы, құрылыс материалдарын шығаратын өнеркәсіпорындарынан шыққан қалдықтар. Өз кезегінде мұндай алып кәсіпорындар мемлекеттік тапсырма бойынша арнайы жобаларды қолға алғанымен, Қазақстан экологиясы әліде жақсы нәтижелерді күтуде.

Жалпы, бүгінде еліміздің он бес бірдей қаласының атмосфералық ауасы ерекше ластанған. Олардың қатарында, Алматы, Шымкент, Ақтау, Теміртау, Тараз, Петропавл және Зыряновск сынды ірі қалалар бар. Ауаны ластаушы негізгі заттар: шаң, азот диоксидтері, көмірқышқылдар, фенол, қорғасын, аммиак т.б. Ал, бұл зиянды қоспалардың барлығы да адам денсаулығына кері әсер ететіні тағы бар. Мәселен, шаңның салдарынан адам тыныс жолдары, бүйрек пен қанның айналымына да зиян келеді. Ал Ақтау, Атырау, Жезқазған, Семей және Өскемен сынды қалалар Қазақстанның ең шаң аймақтары болып саналады екен. Жүйке жүйесінің бұзылуын дәрігерлер ауа құрамындағы көмірқышқылдың көптігінен екенін айтып жүр. Ал оның соңғы бас ауруы, есте сақтау қабілетінің нашарлауы, ұйқының бұзылуына әкеліп соғады. Көмірқышқыл газдарының ерекше көптігі Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Петропавл және Семей мен Павлодар қалаларында жиі байқалады. Ал егер ауа құрамында бірнеше зиянды зат болса, бұл екі есе кері әсерін тигізеді сөзсіз. Ал ондай аймақта тұратын адамдарды иммундық жүйесі нашарлап, көбіне онкологиялық ауруларға ұшырайды.

Қазақстан экологиясы өзектілігін жоймайтын күрделі мәселелердің бірі. Бүгінде бұл мәселеге еліміздің тұрғындары ғана емес, күллі әлемнің жұртшылығы оның шешілу жолдарына атсалысып, назарларын аударып отыр. Ал, отандық бұқаралық ақпарат құралдары экология тақырыбын қаншалықты қозғап жүр? Ол жарияланымдар халыққа жетіп жүр ме? Ауаны ластанудан қалай сақтау керек және оның қандай жолдары бар деген сұрақтарға жауап бере алып жүр ме? Осы мәселеге тоқталайық.

Бүгінде ең жылдам әрі тиімді ақпарат түрлерінің бірі интернет желілері арқылы оқырман кез-келген ақпарат алуға құштар. Ақпарат агенттіктері өзге тақырыптарды қозғағандай экология мәселесінде жиі көтеріп жүр.

«Жазиралы жеріңнің емес, көгілдір суыңның қанша екендігін айт» деген шығыс мәтелі бар. Ол бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Су мәселесі экологиялық маңызынан бөлек халықаралық қатынасты қалыптастырушы тіпті, кез келген табиғи ресурс ретінде тауарға айналып, сауда нысаны бола алатындығына көзіміз жетіп отыр. Алайда еліміздегі судың жағдайы көіл құлазытады. Одан өзге Қазақстан жағдайында экологиялық бірнеше мәселелерді топтастырып көрсетуге болады. Олар: су-экологиялық мәселе, шөлейттену мәселесі, қоршаған ортаның ластануы, генофондты сақтау мәселесі, әскери қызметтің экологиялық мәселелері, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану мәселелері.

Экологиялық проблемалары әлі күн тәртібінен түспей тұр өлкелердің бірі Семей жермай көлі, Павлодардағы сынаппен, Шымкенттегі қорғасынмен ластану ошақтары.

#### **Әдебиеттер:**

1. Человек и мир. Казахская национальная идея. Алматы, 1994, с.5
2. Біздің дауысымыз бүкіл әлемге есітіледі. «XX ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды» атты халықаралық конференцияның есебі.// Егемен Қазақстан. 2001, 30 тамыз.
3. Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз// Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құрастырушы Ү.Суханбердина. – Алматы: Ғылым, 1989. 392-401- беттер
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. 253-бет
5. Мырзалиев Қ. Заман-ай// Жалын. 1991, №3. 11-бет.

## М.ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әшірбекова Г.Ш.,

*филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

Мақалада М.Шоқайдың қайраткерлік тұлғасын тану және ұлт тарихындағы саяси көзқарастарын бүгінге жеткізген ғылыми еңбектер жайлы сөз етіледі. М.Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер кезеңдік тұрғыдан қарастырылады. Шоқайтанушы ғалымдардың ізденістері мен мұрағат материалдары жайлы мәліметтер келтіріледі. М.Шоқай мұраларының саяси, әлеуметтік мәні айқындалып, шығармашылығы жанрлық тұрғыдан сараланады.

**Кілт сөздер:** публицист, саясат, газет, журнал, ғылыми еңбек.

В статье рассматриваются научные труды которые отражает политические взгляды в истории наций и признание личности М.Шокая. А также по периодам анализируется научные труды о жизни и творчестве М.Шокая. Предоставляется архивные материалы и научные поиски ученых шокаеведцев. Анализируется жанровые аспекты, политические и социологические ценности наследие М.Шокая.

**Ключевые слова:** публицист, политика, газет, журнал, научный труд.

Scientific works reflecting political views in the nation history and recognition of M.Shokay as a personality have been investigated in the article. Scientific works about M.Shokay's life and creation during various periods have also been analyzed. Archive materials and scientific researches of Shokastudies scientific given. Genre aspects, political and social values M.Shokay's heritage have been analyzed in the given article.

**Keywords:** writer, politica, newspaper, magazine, a scientific work.

Қазақ тарихындағы ұлт санасын оятуға деген талпыныс, белсенді күрес Алаш арыстарының есімімен тығыз байланысты. Қазіргі таңда алаштану мәселесі оның ішінде жеке тұлғалардың өмірі мен қайраткерлік болмысын айқындайтын зерттеу еңбектері көптеп жарық көруде. Ұлт тарихын қоғамда орын алған, оқиғалармен емес, оны жасаушы тұлғалар арқылы тануымыз керек деген ғалым Қ.Салғараұлының пікіріне жүйінсек, біз енді ғана тұлғатану мәселесімен айналысудамыз. Елі үшін өз өмірін қиған арыстардың қызметі мен шығармашылығы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Туған жерінен

қуғындалып, сұрқия саясаттың құрбанына айналған М.Шоқай тағдыры бүгінгі жастардың бойына отансүйгіштік сезімін ұялатары сөзсіз.

М.Шоқай туралы сөз еткенде ең алдымен еске түсетіні, ол туралы деректердің тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ғана жария болғандығы дер едік. Оған дейінгі тарих және оны жасаушылардың М.Шоқай туралы теріс пікірде болып келгендігін білеміз. Бұл туралы Ә.Әлімжанов бірқатар мәселелерді айта келіп, «Мұстафа туралы шындықты бастан-аяқ білгісі келген адам ...аса көрнекті түрік тарихшы-публицисі Хасен Оралтайдың кітабын оқысын (Стамбол, 1986ж.). Мұстафа Шоқайдың өміріне арналған зерттеулер неше қайтара Оксфорд баспаларында шықты (соңғы рет 1986 ж.), Берклиде (1960 ж. Калифорния, АҚШ), Кеембридж (1957, 1964 ж.ж.) жарық көрді, талай мәрте Берлинде, Парижде, Мюнхенде (1950, 1960 ж.ж.), Кельнде (1962 ж.), Нью-Йоркте (1957 ж.) жарияланды»[1,47] - деп жазады. Аталған еңбектермен танысу мүмкіндігінің жоқтығына байланысты біз М.Шоқай мұраларының қазақ оқырмандарына жету жайын сөз етпекпіз.

М.Шоқайдың қайраткерлік тұлғасын танытатын ол шығарған және қатысқан басылымдар. Қазақ журналистикасының тарихы тәуелсіздікке дейінгі жылдарда біржақты көзқараспен, кеңестік биліктің қатаң бақылауымен жазылды. Азаттық алған алғашқы жылдары ғалымдар мен ізденушілердің бас қоя зерттеген саласы Алаш зиялыларының өмірі мен еңбектері. Мұстафа жайлы алғашқы сөзді біздің топшылауымызша 1991 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Ә.Әлімжанов «Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?» атты мақаласында айтты. Онда М.Шоқайдың «Бірлік туы» газетін ұйымдастыру мен шығарудағы мақсаты, саяси бағыт-бағдары сөз етіледі. Осыдан кейінгі жылдары М.Шоқай туралы танымдық, ғылыми мақалалар «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Түркістан» газеттерінде жариялана бастайды.

М.Шоқайдың Түркістан тағдырына байланысты пікірлерін елге етене таныстырған еңбек Б.Қошым-Ноғай Серікбайұлының «М.Шоқай Түркістанның қилы тағдыры» атты кітабы дер едік. Алғы сөзін Ә.Әлімжанов жазған бұл еңбекте Мұстафа Шоқайдың өмір жолы, шығармашылығы, сөйлеген сөздері мен естеліктері жинақталған. Кітап соңында түсінік беріліп, аталған туындылардың қайда жарық көргені туралы мәліметтер келтіріледі. Кітапта М.Шоқайдың «Түркістан», «Автономиядан

азаттыққа!», «Қазақ жеріндегі ашаршылық» атты мақалалары мен 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзі, «Кеңестер билеген Түркістан», 1917 жыл естеліктерінен үзінділер берілген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл еңбектің оқырман үшін маңызы өте жоғары болғанын білеміз. Кітапта жарық көрген мақалаларды сол кездегі бірқатар басылымдар қайта көшіріп беріп отыруы осыған дәлел. Мәселен, «Ана тілі», «Азат» газеттерін атап өтуге болады.

1996 жылы «Рауан» баспасынан Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразайдың «Қазақ журналистикасының тарихы» атты оқу құралында М.Шоқай шығарған «Бірлік туы» газеті жайлы мәліметтер беріледі.

1997 жылы Стамбулдан Ә.Такенов, М.Қойгелдиевтің құрастыруымен шыққан «Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай (естеліктер)» кітабы. Бұл еңбектің М.Шоқай тұлғасын терең тануға, кейбір көзқарастарды тиянақтауға септігі тигені шындық. Аталмыш еңбек көптеген шоқайтанушылардың дерек көзіне айналды.

1998 жылы белгілі ғалым Ә.Бәкірдің «Мұстафа Шоқай» атты деректі хикаяты жарық көрсе, 1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің тарихи-зерттеу орталығы М.Шоқайдың таңдамалы шығармалар жинағын «Қайнар» баспасынан шығарды. Бұл еңбекті құрастырып дайындаған А.Нүсіпхан М.Шоқайдың өмірі мен әртүрлі басылымдар жазған мақалаларын, естеліктерін үш томға жинақтайды. Аталған еңбектерде М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа байланысты жазған мақалаларын ерекше атауға болады. Әлемдегі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас жайында сараптамаларын береді. «Ұлы Антанта» одағы және Еуропа елдері арасындағы жағдайды қарапайым оқырманға түсіндіреді. Сондай-ақ қайраткер «Яш Түркістанның» әр жылдары шыққан нөмірлеріне сараптама ретінде «Яш Түркістанның 8 жасқа толуына орай», «Яш Түркістанның 9-шы жылы»[2,76] атты мақалаларынан оның баспасөзге қаншалықты мән бергенін байқауға болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы тарихты тануға, ақтандақтар ақиқатын ашуға, тыйым салынған мұрағат материалдарын жарыққа шығаруға арналды. Осы жылдары М.Шоқайдың таңдамалы шығармалар жинағын (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан, 1-2 том, Алматы, «Қайнар», 1998-

1999), Архан Кыдырәлінің «Мұстафа Шоқай: өмірі, танымы, күресі» (Анкара, 2001 түрік тілінде) атты еңбектерді ерекше атап өтер едік.

М.Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы, оның қайраткерлік қызметі жайлы мұрағат материалдарын сараптаған ғылыми еңбек кандасымыз А.Қараның «Мұстафа Шоқай» атты 2004 жылы «Арыс» баспасынан шыққан кітабы[3]. А.Қара Еуропа тілдерінде жазылған, түрлі шетелдік мұрағаттарда сақталған құжаттарды алғаш рет ұсынып, қазақ оқырмандарын Шоқайдың беймәлім қырымен таныстырады. Кітап «Отанда», «Шет елде», «Баспасөз саласындағы қызметтері» атты бөлімдерден тұрады. М.Шоқайдың өмірі, саяси күрескерлік келбеті, шығармашылығы, библиографиялық көрсеткіш берілген. А.Қара М.Шоқайдың саяси көзқарастарының қалыптасуын, оның өміріне қатысты мұрағат материалдарын ыждағатпен сараптаған. Әсіресе «Париждегі алғашқы күндер және орыс демократтарымен байланыс», «Түркістан Ұлттық Одағы», «Прометей одағы», «Шоқай өлтірілді ме?» атты тақырыптарымен берілген зерттеуде М.Шоқайдың жан-жақты тұлғасы айқындалады.

М.Шоқай мұраларын танытудағы тың серпілістер 2000 жылдардан басталады. Мерзімді баспасөз, ғылыми басылымдар және шоқайтанушы ғалымдар мен ізденушілер, тарихшы ғалымдардың М.Шоқайдың өміріне қатысты пікірлері мен еңбектері жиі жарық көре бастады. Соның ішінде Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай» атты романын ерекше атауға болады. Ғылыми бағыттағы ізденістер тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға»[4] атты еңбегімен толықты. Бұл еңбек шоқайтану ғылымына қосылған сүбелі үлес десек қателеспейміз.

Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасына арналған 2 томдық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында орындалған нәтижелі жұмыстардың бірі. Осы уақытқа дейін жарияланбаған хаттары мен естеліктері жинақталып, түсініктеме жасалған бұл еңбектер алдағы уақытта қайраткерді терең тануға мүмкіндік береді. Дәл осындай игі істердің қатарында 2015 жылдың қаңтар айында жарық көрген 2012 жылдан шыға бастаған 12 томдық шығармаларының толық жинағын айтар едік. Бұл жинақтың әр кітабы бір-бір зерттеу нысаны боларлықтай маңызды деректерге, тың ізденістерге толы.

М.Шоқай мұраларының зерттелуіне байланысты мына мәселеге ерекше назар аударғымыз келеді. Біріншіден, қайраткер мұраларын зерттеушілер оның саяси көзқарастарын барынша танытады, екіншіден, М.Шоқайдың шет елдерде атқарған қызметтері мен газет, журнал жұмыстарын ұйымдастырудағы белсенділігі, публицистикалық мақалаларындағы өткір пікірлерін ғылыми айналымға түсіруді көздейді. Бұл біздің мемлекетіміздің әр қарай қарыштап дамуына ықпал етеді. Әсіресе жастардың отансүйгіштік сезімін оятатыны сөзсіз. Үшіншіден, М.Шоқайдың қайраткерлік портретін көркем образы арқылы беруге арналған туындылар. Аталған көркем және деректі шығармалар жас ұрпақ тәрбиесіне әсер етіп қана қоймай, тарихты білуге, халқымыздың киын тағдыры туралы мол мағлұмат береді. Төртіншіден, М.Шоқайдың қолжазбалары мен естеліктері, хаттары тарихты сол кезеңнің шындығын танытатын нақты деректер. Бұл деректер ұлт тарихына қосылған қомақты үлес десек артық айтқанымыз емес.

Қорыта келе айтарымыз, М.Шоқай мұралары осымен зерттеліп бітті деген сөз емес. М.Шоқай мұраларын зерттеуді шартты түрде жүйелесек, тәуелсіздікке дейінгі және одан кейінгі жылдар деп қарастырғанымыз жөн. Өйткені тәуелсіздікке дейін М.Шоқай тек шет елдерде ғана танылды. Ол туралы мақалалар мен зерттеулер бірнеше шет мемлекеттерде жарық көрді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары М.Шоқай мұрасымен танысу, ескерткіш орнату, ғылыми еңбектер жазу жұмыстары жалғасты. Бүгінгі таңда М.Шоқай туралы деректі, көркем фильмдер, спектакльдер көрсетілуде. Мерзімді баспасөз, ақпараттық сайттарда М.Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы танымдық мақалалар жариялануда. Бір сөзбен айтқанда, қазақ ғылымында шоқайтану ғылым саласы ретінде қалыптасып, даму үстінде. Алдағы уақытта осы игі істер жалғасын табады деген үміттеміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы: Жалын, 1992. -184 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы Үш томдық. - Алматы : Қайнар, 1999. - 520 б.
3. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / түрік тілінен аударған Г.Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. -320б.
4. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504б.



## ҒАСЫРДЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ

**Рушанова Н.,**

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы.  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан*

«Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйінерге жарар ол».

**Абай Құнанбаев**

«Атадан жақсы ұл туса, Елінің қамын жейді» демекші, қазақ ұлтының біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері, дара тұлға, ерекше дарын иесі, жазушы, журналист, өнер танушы, экономист, инженер-құрылысшы Смағұл Садуақасов халқы үшін аянбай тер төккен, елінің қамын ойлаған абдал азамат.

Смағұл Садуақасұлының есімі көп жылдар бойы буржуазияшыл, ұлтшыл деп ұмытылып, ол туралы ақиқатты тарихшылар да, әдебиетшілер де айта алмаған. Тек, 1957 жылдың 25-ші қаңтарында «Қазақ әдебиеті» газетінде профессор Бейсенбай Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» деген мақаласынан кейін ғана алаш азаматтарының есімі атала бастаған. Бұл мақалада «Смағұл Сәдуақасов революцияның басынан бастап жауапты партия совет жұмысында болды», деп жазылып, оның қаламынан туған кітабын, жазған роман-повестерін айқындап, көптеген саяси әдеби мақалалардың авторы болғандығын айтып кетеді. Көп ұзамай-ақ, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті «Қазақ әдебиеті» газетін партияның басты бағытына қарсы болған адамда қайта көтерді деп айыптап, оның басшыларын, яғни майдангер ақындар Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Төкен Әбдірахмановтарды қызметтерінен қуған. Аталмыш жазадан мақала авторы Бейсенбай Кенжебаев пен әдеби қызметкер Рахманқұл Бердібаев та құр қалмаған. /1/

Смағұл Садуақасұлы 1900 жылы сол кездегі Ақмола губерниясы, Омбы уезі, Қорған болысында (осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы) дүниеге келген. Ол туып-өскен ауылда екі Садуақас болған. Бірі, Смағұлдың әкесі Тұрабайұлы молда Садуақас болса, екіншісі, Тоғжанұлы бай Садуақас. Бұл белгілі сыншы, журналист, қоғам қайраткері, Ғаббас

Тоғжановтың әкесі. Екі Садуақастың да өмірі қуғын-сүргінмен өткен. Ғаббастың Садуақасы жер аударылса, Смағұлдың Садуақасы 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, кейін хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен. Анасы Мәжікен қайғыдан қан құсып, қос жанарынан айырылып, көп ұзамай құсадан көз жұмған.

1909 жылы Жарқын ауылындағы Әбіл молда салғызып берген алты бөлмелі мектеп үйінде татар, орыс мұғалімдерінен дәріс алған Смағұл Ислам діні негіздері мен өзге де пәндерді зердесіне тоқып шығады. 1912 жылы ауылдан елу шақырым жерде орналасқан Полтавка ауылындағы орыс-қырғыз (қазақ) училищесіне түсіп, оны 1915 жылы үздік аяқтап, «Халық мұғалімі» деген дәрежемен Сиыршы ауылына ұстаздық етеді.

Бойында білімге деген ұмтылысы басым, жастайынан дарынды Смағұл 1916 жылы Омбы қаласындағы ауыл шаруашылық училищесіне оқуға түседі. Осы білім ордасының қабырғасында жүргенде-ақ, көзі ашық, көкірегі ояу жас жігіт қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға белсене араласып, өзінің пікірін білдіріп жүреді. /2/

1918 жылы сол кездегі көзі қарақты қазақ жастары бірігіп, «Жас азамат» деген жаңа ұйым құрады. Оның құрамына Мұхтар Мырзаұлы, Смағұл Садуақасұлы, Мұратбек Сейітұлы, Гүлшара Досымбекова, Әбдірахман Байділдаұлы сынды азаматтар кіріп, олар «Жас азамат» деген газет шығармақшы болып келіседі. Бұл ұйымның басты мақсаты – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі болады. /3/

Смағұл Садуақастың қаламының ұшталуына Омбы қазақ жастары құрған «Бірлік» мәдениет-ағарту ұйымының Мағжан Жұмабаев басқарған «Балапан» қолжазба журналы әсер етеді. Осы тұрғыда Смағұлды «Жас азамат» ұйымы есейтіп, оның қаламынан туындаған дүниелер оның журналист болып қалыптасуына жол ашып, ақыл-ойын, ой-өрісін тереңдете түседі.

Жігітке жетпіс өнер де аз десек, Смағұл Садуақасұлы өзін экономика саласында да сынап көрген тұңғыш қазақ экономистерінің бірі. 1918 жылдан 1920 жылға дейін Батыс Сібірдегі «Центросибирь» кооперативтер бірлестігінде қызмет етеді.

1919 жылғы «Трудовая Сибирь» журналының №1санында жас Смағұлдың «Киргизская литература истории-критический очерк», -деген көлемді зерттеу еңбегі жарияланады. Онда ол қазақ

әдебиетінің атам заманан бері ақындардың суырып салып шығарып айтатын өлеңдерін, айтыстарға қатысып, өз руларының, билерінің, байларының артықшылықтарын жырлайтындықтарын суреттей келе, халықтың сүйіспеншілігіне ие болған, аттары алты алашқа мәлім Шөже, Біржан сал, ақын Сара сынды талант иелері туралы да суреттеп жазады. Смағұл Садуақасұлы «Айқап», «Қазақ газеті», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат» газеттерімен қоса «Абай», «Балапан» сынды журналдардың шығу тарихымен таныс болып, осы басылымдар туралы зерттеу жасаған тұңғыш зерттеуші. Осы орайда Смағұл Садуақасұлының орыс, татар, қазақ тілдерін жетік меңгергендігін байқауға болады.

Ал 1920 жылы Смағұл Садуақасұлы Орынборға келіп, РКЖО қазақ облыстық (алғашқы жастар ұйымының) бюросының хатшысы болып сайланады. Ол жан-жағына оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу қыз-жігіттерді жинап, арнайы курстар оқытып, «Еңбекші жастар» атты комсомол газетін ашады. 1921 жылы «Жастарға жаңа жол» атты кітабы 20 мың данамен жарық көреді.

1920 және 1921 жылдары Бүкілқазақстандық Советтердің I және II съезінде Смағұл Садуақасұлы Ақмола губерниясынан делегат болып қатысып, екеуінен де Қазақ Орталық Атқару комитетінің президум мүшесі болып сайланады. Ал Қазақстанның I съезінде Орталық Атқару комитетінің президум мүшесі болып сайланып, саяси хатшылық, төрағаның орынбасары қызметтерін атқара отырып, «Еңбек туы» газетінің шығарушысы да болады.

1925 жылы сәуір айында Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға көшкеннен кейін, Қазақстан Советтері V съезінің республика тарихында алатын орны ерекше еді. Дәл осы тарихи съезде бұған дейін патшалық отаршылдық саясатпен бұрмаланып келген қазақ халқының ежелгі атауы қалпына келді. Съез шешімдерінде бұдан былай Қырғыз республикасы Қазақ республикасы деп, ал оның астанасы Ақмешіт-Қызылорда қаласы болып аталсын деп ұйғарылды. Осы съезде Смағұл Садуақасов халық ағарту комиссары болып тағайындалып, РК (б) П Қазақстан өлкелік партия конференциясында өлкелік партия комитетінің мүшелігіне сайланды. Сол жылы ол Бүкілодақтық Коммунистер (большевиктер) партиясының XIV съезіне делегат болып қатысты. С. Садуақасов осы мезеттен бастап бүкіл Қазақстан тағдыры үшін жауапты басшы қатарына көтерілді. Біртұтас Қазақстан болып біріккен республиканың мәдениетін

дамыту, оқыту-ағарту жұмысын жандандыру, жергілікті кадрларды оқыту, тәрбиелеу, мекемелерді қазақыландыру сынды жұмыстардың басы-қасында жүріп, оларға өзіндік үлесін қосты. /2/

Осы орайда айта кететін жайт, С. Садуақасов ұлттық өнерді насихаттауда алдына жан салмай, сол кездегі өнер майталмандарын халықтың алдына ұсынып, оларды көрсетуге ұмтылған. 1925 жылдың қазан айында «Еңбекшіл қазақ» («Егеменді Қазақстан») газетінде «Ұлт театры туралы» деген мақаласын жариялап, онда Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров сынды ұлттық өнердің мақтаныштары туралы мақтана жазады.

Қазақ Автономиялы республикасының үкімет басшылығында отырған С. Садуақасов тек қана экономикадағы келеңсіздіктерді ғана емес, идеологиялық жұмыстарға да етене араласып, ондағы ұлт мәселесіндегі жолсыздықтар туралы бетке айтудан жасқанған емес. Бұл әрине, өз кезегінде қылышынан қан тамып тұрған Ұлы Ресей Империясына, оның ішінде бірінші кезекте Голощекинге ұнамайды. Ақыры не керек, бетке айтқан қайсарлығы мен өткір тілінен қорыққан қатал басшы С. Садуақасовты Қызылордадан, артынша Қазақстаннан қуып шығады.

Садуақасовтың Голощекинмен келісе алмаған мәселелері төмендегідей:

- мекемелерді жергіліктендіру, қазақыландыру (коренизация);
- оқығандарға (интеллигенция) және байларға көзқарас;
- өндіргіш күштерін дамыту жолдары.

Сол кезде ерекше талас тудырған мәселелердің бірі «оқығандар туралы бір ғана саясат ұстануға тиіспіз. Олардың білімін пайдалануымыз керек. Бізде совет тұсында білім алып, жоғары оқу орнын бітіргендер аз, оқу орындарында сабақ беретіндер жоқтың қасы. Сондықтан да, өз мамандарымыз өсіп, жетілгенше біз оқығандардан мүлде бас тарта алмаймыз». С. Садуақасов өз пікірін айтп қана қоймай, көп жерлерде жүзеге асырып отырған. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедовтерге және басқаларға оқулықтар жаздырып, оларды жұмысқа орналастырып, қамқорлық жасап отырған.

1925-1926 жылдары С. Садуақасов «Еңбекшіл қазақ» («Егемен Қазақстан») газетінің жауапты шығарушысы, әрі «Қызыл Қазақстан» («Ақиқат») журналының редакторы, 1925-

1927 жылдары Қазақ АССР Халық ағарту комиссары қызметтерін, 1927 жылдан 1928 жылға дейін орта дәрежелі мұғалімдер даярлайтын Қазақ ағарту институтының (ҚазИНО) негізінде Ташкентте шаңырақ көтерген тұңғыш ұлттық педагогикалық институттың (Қазпедвуз) негізін қалап, директорлық лауазымын абыроймен атқарып шығады. /4/

С. Садуақасов 1928 жылдың қыркүйек айында Мәскеудегі Сталин атындағы транспорт инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түсіп, оны 1932 жылы тәмамдап, Москва-Донбас темір жол құрылысына инженерлік қызметке орналасады. 1933 жылдың күзінде С. Садуақасов белгісіз жағдайда уланып, ауруы асқынып, Мәскеудегі Кремль ауруханасына жеткізіледі. Өкінішке орай, көп ұзамай сол жерде көз жұмады. /2/

С. Садуақасов 1923 жылы Елизавета Әлиханқызы Бөкейхановамен шаңырақ көтерген. Ескендір атты жалғыз ұлдары Ұлы Отан соғысына аттанып, ақыры сол жерде ерлікпен қаза табады.

Елизавета 1927 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетін, 1931 жылы аспирантурасын бітірген. Кейіннен медицина ғылымдарының докторы, профессор атағын алады. 1971 жылы 68 жасында қайтыс болды.

Артына өшпес мұра қалдырған Смағұл Садуақасовтың көзі тірісінде көптеген мақалалары, ғылыми-публицистикалық еңбектері қазақ, орыс тілдерінде он екі газет пен бес журналда жарияланып, жеті кітабы түрлі баспалардан жарық көрген. Жазушы Смағұл Садуақасовтың «Салмақбай-Сағындық», «Сәрсенбек» романдары мен «Күміс қоңырау», «Күлпәш» атты повестері бар.

Смағұл Садуақасов - ұлтжандылық қасиетке, азаматтық өрге қай кезде де мүмкіндік бар екендігін дәлелдеген, соған қарамастан кезінде тоталитарлық жүйеге қарсы тегеурінді позиция ұстанған қайраткер, халықтың адал ұлы.

Отыз үш жасына дейін бүкіл ғасырлар арқауына жеміс болатын құнды дүниелерді артындағы ұрпағына аманат етіп кеткен, намысын жалау етіп, басын бәйгеге тіккен даланың дара перзенті биыл 117 жаста.

Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлғаның есімі халық жадында мәңгілік сақталады.

**Әдебиеттер:**

1. Кенжебаев Б. Өтелмеген парыз // Қазақ әдебиеті, 25 қаңтар, 1957 ж.
2. Сансызбаев Н. Дала аңызы// Дала мен Қала, 28 қаңтар, 2005 ж.
3. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы // Алматы, Қазақстан, 1996 ж.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық // Алматы, Аруна Ltd. ЖШС, 2005 ж.

## **«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ РЕДАКТОРЫ**

**Каримова Б.Ж., Әлімбаева С.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің PhD докторанттары*

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы Семей өңірінде жарық көрген мерзімді басылымдардың ел өмірінің тарихы мен мәдениетінде алатын орны зор. Әсіресе «Қазақ тілі» газеті өз заманында халық санасын оятып, мәдениетін көтеруге жолбасшы болған басылым. Тұрақты шығып тұрған осы газет халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын да, оның болашаққа жетер жолдарын да қарастырды. «Қазақ тілі» газеті белгілі бір дәрежеде сөз бостандығын сақтап қалып, кеңестік баспасөз саясатының аясында қалыптасып, дамыды. Басылым халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайында, әдеби-мәдени өмірінде, білім жетілдіру ісін жазумен қатар үлкен насихат жұмысын жүргізді. Қазақ баспасөзінің дамуына белгілі дәрежеде үлес қосты.

1919 жылы 1 желтоқсанда Семей өңірінде Кеңес орнады. Өкімет билікті өз қолына алған әскери-революциялық комитеттің алғашқы шешімдерінің бірі – қазақ тілінде газет шығару болды. Ертіс өңірінің еңбекші бұқарасына арналған, қоғамдық мүддеге сай шыққан газеттің алғашқы саны 4 желтоқсанда жарық көрді. Тарихшы Мұсатай Ақынжанов «Қазақ тілі – тұңғыш Советтік қазақ баспасөзі», - деп аталған еңбегінде: «1919 жылғы 4 декабрь күні дүниеге келген тұңғыш қазақ совет газетін теріп, басып шығарған, Семей қаласында тұңғыш коммунист жастың бірі Мұқсын Қордабаев еді. Мұқсын Семей қаласында Совет өкіметі орнаған күні түнде Ертістің арғы бетінде жиналып, теріліп қойған «Сарыарқа» газетінің қалпын ағытып, қапқа салып, түнде жаяу қайықпен судан өтіп келіп, сол түні М.Тұрғанбаев, М.Әуезов т.б. азаматтар ақылдасып, газеттің атын «Қазақ тілі» деп өзгертуді ұсынған жастың бірі болды» [1, 83 б.], - деген деректер береді.

«Сарыарқа» газеті мен тұңғыш Кеңестік «Қазақ тілі» газеті арасында үлкен сабақтастық жатыр. Оның бірнеше дәлелдерін келтіруге болады:

1) «Қазақ тілі» газеті «Сарыарқа» газетінің заңды жалғасы; 2) Екі басылымның да жарық көруіне М.Тұрғанбаев, М.Әуезов атсалысты; 3) «Сарыарқа» газеті 1919 жылы жабылып, осы жылы «Қазақ тілі» газеті жарық көрді; 4) Екі газет те бір баспаханада басылды; 5) «Қазақ тілі» газетінде ұлттық мүддеге лайық мақалалар жарияланып, «Сарыарқа» газетімен идеялық, мазмұндық жағынан ұқсас болды. Көптеген көкейтесті мәселелерді сөз еткен басылымның белгілі, алдыңғы қатарлы авторлары да көп болды. Қазақ зиялылары қазақ кеңес баспасөзінің тұңғышы «Қазақ тілінің» ашылып, өркендеуі жолында жан-тәнімен қызмет етті.

«Қазақ тілі» газетінің алғашқы бас редакторы белгілі журналист, белсенді қоғам қайраткері Мәннан Тұрғанбаев болды. Ол – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтап, ұлт – азаттық қозғалысын жаңа сатыға көтергені, қазақ елін әлемдік өркениет қатарына шығаруға бар білімін, күш – жігерін жұмсаған ұлттық интелегенция өкілдерінің көрнекті қайраткері.

М.Тұрғанбаев 1886 жылы бұрынғы Қарқаралы уезі, Семей губерниясы, Абыралы болысы №2 Сарыапан ауылында дүниеге келген. Ата – мекені Мәмбет қыстауы. Руы – Қара Кесек, Қамбар тегінен. Әкесінен ерте айырылған Мәннан әкесінің інісі Шәденнің тәрбиесінде өседі. Бала кезінде-ақ зеректігімен көзге түскен Мәннан он жастан асқанша ауыл молдасынан дәріс алып, арабша сауат ашқан. 1900 жылы Семей қаласына келіп, 6 жыл бойы медреседе оқиды. 1906-1909 жылдар аралығында елге оралып, мұғалімдік қызмет атқарады. Оқуға деген ынтасы бұрынғыдан да арта түскен Мәннан 1909 жылы Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне оқуға түсіп, оны 1915 жылы тәмамдайды. Білімін жетілдіруді мақсат тұтқан жас 1915-1917 жылдары Түркия еліндегі Каир мұсылман рухани академиясы мен Стамбул университетінде қысқа мұғалімдік курстарын оқып, бітіреді. Медресені тәмамдап, Семейге оралған Мәннан 1917-1919 жылдары қаладағы мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курстың меңгерушісі болып қызмет атқарады.

М. Тұрғанбаев Семей қаласында облыстық, қазақ комитетінің белді мүшесі ретінде ел үшін, халқы үшін алуан түрлі қызметтер атқарады. Семейде жарық көрген «Сарыарқа», «Абай» атты ұлттық-демократиялық басылымдардың тілшісі қызметінде жүріп, қазақ халқының сауатын ашуға өз үлесін қосты. «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 15 шілдедегі және «Абай» журналының алғашқы санында жарық көрген «Шежіре» атты мақаласы осының айғағы. «Орыс пен қазақ» деген мақаласында: «Өскеменнің оңтүстік жағындағы Шар өзенінің бойындағы мұжықтардың «Қазақтан зиян шегіп жетырмыз», - деген арыздары жаңбырдай жауған соң, П.Колтсов екеуімізді алты күнде орыс пен қазақ дауын бітіріп, ажырастыру үшін областной қазақ комитеті мен орыс комитеті шығарды... Арыз берген қалаларға келіп қарасақ, көбі жалған екен: 16-шы жылы қазақ жерін ойып алып, мұжықтарға беруге уағда қылған землемерлер биыл бере алмай қалғандықтан мұжықтар алмақ болады, қазақтар бермейді, қонып отырады, қыстауларын бұзбайды. Бұл орындарға қазақтар ерегесіп отырған жоқ. Не жаз қонарға, не қыс қорасын аударып саларға жер жоқ болған соң отыр екен. Және де қазақ мұжықтарға қисынсыз көп кесіп берген жайлау шыбындық күзеуден айырылған, ірге салар жер таба алмай, тау араларында шошайған қораға ғана ие болып қалған», - дей келе ата-қонысынан айырылған ел қамын ойлап «қазақты шағып, «қырғалы, жойғалы жатыр, зорлық қылады деген мұжықтардың телеграммалары мен арыздарына әкімшілік басындағы тұрған адамдар тезінен сене алмай толғап тексеріп орындау керек», - деп мұжық пен қазақ арасында орын алған дау жанжалды дұрыс шешуді талап етеді.

Бүгінде мәнін, құнын, маңызын жоймаған «Шежіре» атты мақаласында: «Шежіре баяндалған оқиғалар мен мінезге үлгі, ғұмырға жоба», - деп өзінің анықтамасын беріп, бір ұлттың ұлылығының сақталуына, әрбір адамның адамшылығын берік ұстауына үлкен сабақ, үлкен үлгі, шежіре – пайдалы ғылым. Жалғыз-ақ шежіреде оқиғалар анық жазылған, тұрақтылықтан таймаған кітап болу керек. Бір мақсатқа қызмет қылдыру ниеті шындық жолдан шығып, қиыстан жазылған шежіре ғылым емес» [2, 42 б.], - деп білмек болған дүниенді, іздегенінді шежіреден табасын», - дегенді меңзейді.

Ел өміріне ерте араласқан Мәннан қазақ халқының қайраткер ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, әсіресе



Ж.Аймауытов, Н.Нұрмақов, Ә.Ермековтермен серіктес әріптес болып, өте жақын араласқан.

Белгілі жазушы, ғалым Қайым Мұхамедхановтың «Семей таңында» жарық көрген «Әлихан Бөкейханов» атты мақаласында халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған Бөкейханды Семейде қалай, кімдер күтіп алғанын жазған. «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Әлиханның Семейге келуі» [4], - деген мақалада оқытушылар атынан сөз алған мұғалім Мәннан Тұрғанбайұлының сөзі берілген: «Сүйікті басшымыз! Еңбегіңіз жанды, ұлтымның жандана бастағанын көзің көрді, өзінің оқытушы екенін жасырып жүретін оқытушылар мына отырған. Бұрынғы келгендерінде, дидарыңды көрсетпей жауып қойған уақыттары болды. Дүзіқаралардан қорқып, біз де бүйтіп көрініп, алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді бүйтіп қарсы алуға жеткізді. Біз оқытушылар пікіріңізді жайып, елімді тірілтуге даярмыз. Көп жаса, басшымыз, сені көрумен өзімізді бақытты санаймыз», - дейді. Бұл айтылған Мәннанның бар саналы ғұмырын еліне арнаған Әлиханмен бір мақсат, мүдделес екенін көрсетеді.

«Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 22 тамызындағы №136 санында жарияланған «Бияш» атты мақала авторлары Ж. Аймауытов мен М.Тұрғанбаев. Мақала Орынбор қаласындағы Қазақстан оқу комиссариатының мүшесі, ағартушы-ұстаз, көрнекті қайраткер Бияхмет Шегедекұлы Сәрсековтың өмір жолы мен атқарған қызметінен мәліметтер береді. «Бияхмет Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіріп, алғашқы кезде ел ішінде бала оқытып, соңынан әкімшілік ісіне кіріскен. 17-ші жылы революциядан кейін қазақ азаматтары әлеумет жұмысына араласып кетті. Бияш та солардың ішінде областной қазақ комитетіне мүше болып, Павлодар уезінде комитеттерге сайланды. Соңғы Алашорда земство болған замандарда Бияш көрнекті орында қызмет етті. 1920-шы жылы совет үкіметі орнаған соң, Орынборға кетті. Онда алғашқы уақытта, соғыс комиссариатының саяси білім беретін жұмысын басқарып жүріп, артынан оқу комиссариатына шығып еді. Ол басқа қызметтермен қатар Семейде ашылған мұғалімдер курсына, қазақ семинариясында, Орынбор курстарында оқытушы болып жүрді», - дей келе, Бияхмет Шегедекұлының атқарған қызметіне «Ол әкімшілік ісіне өте жетік, табанды, құнтақты болатын. Қол астындағы қызметкерлерді бір жағынан тілімен, бір жағынан

қызымен өзіне мойынсұндырып, жүгіртіп қоюға онан шебер өтпейтін. Сондықтан оның жұмысы өрге домалайтын қиын істі оңай бітіретін» [5],- деп іскерлігі мен еңбегін бағалайды. Ж. Аймауытов пен М. Тұрғанбаев – жазушы, қоғам қайраткері, тек Семей өңіріне ғана емес, Қазақстанның түкпір-түкпіріне аты белгілі әрі ағартушы-ұстаз, көрнекті қайраткер Бияхмет Сарсековпен қызметтес жолдастық, достық қарым-қатынаста болған жандар, бұлар бір мақсат, бір мүдде бастарын қосқан күллі Алаштың белді азаматтары. М.Тұрғанбаев Семей өңірінде Кеңес үкіметін орнату ісіне белсене ат салысқан, жаңа кадрларды даярлауға көп еңбек сіңірген қайраткерлердің бірі. «Сарыақа» газеті мен «Абай» журналы жабылғаннан кейін баспасөз саласындағы қызметі «Қазақ тілі» газетінде жалғасады. «Қазақ тілінің» тұңғыш редакторы болып, газетті қаз тұрғызып қатарға қосады. Мәннанның өзі жазған «Ұмытпадым» деген мақаласында «Оқу Комиссариаты бұйрығымен Семей губерниясына жіберілдім. Семей мені май айында, ақтың қашқындары қырып кеткен, иесіз қалған Қарқаралыға жіберді. Онда бір ай қызмет істеп, өкіметті орнатысып, Семейге жаңа келіп орнаған кіндік Орталық Комитетінің толық құқықты уәкілі Тагзинов шақырған соң, июльдің ішінде қайтып Семейге келдім.Кісі жоқтықтан тоқтап қалған «Қазақ тілі» газеті маған берілді. Мен газетті тірілттім. Оқытушылар курсіне дәріс бердім. Әр түрлі топтарды өткердім. Губерниялық халық билері кеңесінде жауапты қызмет, Губерниялық Кеңес партия мектебінде мұғалімдік «Қазақ тілі» газетінде жауапкер – жазушылық. Бұлардың үстіне КОП атқару комитеті кооперация кеңестеріне мүше болып, мәжілісте болу, осы жоғарыдағы қызметтерден ешбір уақытта сейілгенім жоқ», - деп атқарған қызметтерінің көп қырларына тоқталады. Мәннан Тұрғанбаев газетте редакторлық, журналистік қызмет атқара жүріп, губерниялық оқу бөлімінің мектеп инспекторы ретінде қазақ мектебін негізінен қайта құру, оның түрлерін белгілеу, оқытудың мазмұнын анықтау, мұғалімдердің әдіс-шеберлігін жетілдіру жұмыстарына іскерлік танытты. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5-ші қыркүйек күнгі №138 санында жарияланған «Қазақ, құқына ие бол!» деген мақаласында М.Тұрғанбаев қазақтың ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолында әрбәр азаматтың ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын аянбай жұмсауын және Орынбордағы комитеттің бұрынғы құқықты қайтарып беру жөнінде шығарған декреті мен кеңседе тілдің

қолданылуы туралы шығарылған декреттің елдікке апарар жол екенін меңзейді.

1921 жылы ашаршылықта қырылған қандастарымыз жайлы сол күндердің өзінде Мәннан Тұрғанбаев баспасөз беттерінде бірқатар маңызды мақалаларын жариялайды. Мысалы, «Қазақ тілі» газетінің №140, 148 сандарында 1921 жылы жарық көрген «Ашаршылықпен күрес», «Аштарға жәрдем бер, келесі күнінді естен шығарма!» деп аталатын мақаларын ерекше атауға болады. «Ашаршылықпен күрес» мақаласында «Ашаршылық елді, яки жерді таңдап келмейді. Табиғаттың сараңдығы болған орында ашаршылық болады. Ашаршылық болуына өкімет, яки халық айыпты емес. Аңғал табиғаттың қысымшылығы. Ашаршылық табиғаттың істеген қысымшылығы болған соң құтқару жолында көмек көрсету жалпы адам баласының міндеті... Қазақ, көмегіңді көрсет, балаларыңды өлімнен құтқар» [3], - деп адамгершіліктің ақ туын арқаланған қазақ азаматтарын ашаршылықпен күресу жолында көмекке шақырады.

Баспасөздің мәні мен мағынасына ерекше ден қойған арыстарымыз, газетті алғаш ұйымдастырушылар – М.Тұрғанбаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов газетке қояр атын көп ойланып, мың толғанып, «Қазақ тілі» дегенге тоқталуы тектен-тек болмаса керек. Ана тілінің қуатын сезініп, келері күндерде де сол қасиетті аялай білуді мақсат еткен. Мәннан сөз күдіретін, тіл тазалығын, ой тереңдігін қадір тұтқан. Оны осы газетте 1923-1924 жылдары жарияланған бірнеше құнды мақала еңбектері айғақтайды. Олар: «Қазақ тілі жүзге шығады», «Оқуға талаптан», «Қазақша мәшинелер алынсын», «Қазақ тілі» газетін алушыларға», «Қазақ тілі» жүзге шықты ма?» т.б. тақырыптардағы бас мақалалары мен еңбектері газеттің идеялық дәрежесін көтеруге өзіндік үлесін қосқан. Қысқасы, «Қазақ тілі» газеті – көптеген баспасөз қайраткерлерінің қаламын ұштаған, қанатын қатайтқан өмір мектебі болды.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Тәбәрікұлы С. Қайран Мәннан. – Алматы: Қанағат, 2002.–257 б.
- 2 Молдашева Р. «Семей таңы» – 90 жыл. – Семей: 2009. –202б.
- 3 Тұрғанбаев М. Ашаршылықпен күрес // «Қазақ тілі» газеті, 1921 ж. №140, 148.
- 4 Р.Молдашева «Сарыарқадан» – «Семей таңына» дейін. Фил. ғ.д ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2003.– 336 б.
- 5 Тұрғанбаев М. Бияш //«Қазақ тілі» газеті, 1921 ж. №136.

## ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВ – ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ

Тілепберген А.,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Журналистика факультетінің PhD докторанты*

Тәуелсіз мемлекетке айналып, Еуразия құрлығында беделіміз артқан сайын өткенімізге көз жіберіп, жоғымызды түгендей бастадық. Әсіресе, ұлт болып ұйысу жолында қыруар еңбек сіңіріп, жанын да, қанын да аямаған Алаш қайраткерлерінің есімдерін анықтап, ұлт жадында қайта жаңғырта бастадық. Бірақ, өкінішке орай Алаш қайраткерлерінің барлығының есімі мен ерлігі жұртқа беймәлім. Оған себептер де жоқ емес, өйткені, сол кездегі нақты оқиғаның бізге жеткенше жартылай жоғалып, жартылай бұрмалануы үлкен кедергі. Биылғы жыл Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл. Осы айтулы жылға байланысты тарихшыларымыз бен зерттеушілеріміз біраз еңбектеніп, Алаш қайраткерлерінің ісі мен өмірін елге танытуда. Солардың ішінде халқы үшін күресіп, жандарын аямастан еліне еңбек еткендердің бірі Жетісудағы алаш қозғалысының басшысы, ағартушы-публицист, халық мұғалімі Отыншы Әлжанов.

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының №6 ауылында ықпалды болыс Әлжан Сақауовтың отбасында дүниеге келген. Сақаудың (шын есімі Мұхаметқан Нұранұлы) баласы Сүлейменнің әйелі Тайбала – Құнанбайдың найман еліне ұзатылған туған қарындасы еді. Көкірегі ояу Сақауовтар әулеті балаларын заман талабына сай орысша оқытуды қолға алады. Осылайша, Отыншы жастайынан орысша білім ала бастайды. Ол 1887 жылы Зайсан қаласындағы орыс-қазақ бастауыш училищесін үздік аяқтайды. Білімін тереңдете түскісі келген Отыншы 1890 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына қабылданған жалғыз қазақ баласы атанады. Студенттік жылдарын Отыншы Әлжанов көп ізденіп, сапалы білім алуға арнайды. Ресей мемлекетінің тыныс-тіршілігінен хабардар болып санасы оянған Отыншы өз халқының өткені мен бүгінгі жағдайын білуге талпынады. 1894 жылы семинарияны үздік бітірген білікті маман Дала генерал-губернаторының кеңесіне қызметке қалдырылады. Осы кезден бастап Отыншы Әлжанов шығармашылық ізденіспен жүйелі

түрде айналыса бастайды. Омбы қаласында 1888-1902 жылдары шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» («Киргизская степная газета») бетінде елдің сол кездегі тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық қызметі, діни наным-сенімге қатысты ғылыми мақалалар жариялап тұрды. Оның, «Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-қапалықта екенінің баяны» (Дала уалаяты газеті 1894, №33-35), «Қазақтардың кедей болып бара жатқан себебі» (Дала уалаяты газеті 1898, №19,20,22,23), «Қазақ балаларын тәрбиелемек турасында өсиет» (Дала уалаяты газеті 1898, №13) «Қазақтарға пайдалы кітаптар» (Дала уалаяты газеті 1894, 2 октябрь), «Қарынбайдың хикаяты» (Дала уалаяты газеті 1894, 1 май), «Қазақтарға бала оқытушы ұстазды өздері ұстауға қажет екені»» (Дала уалаяты газеті 1895, 18 июнь), «Қазақтардың медресе ашқандары» (Дала уалаяты газеті 1895, 3 декабрь), «Қырдағы Рамазан айты» (Дала уалаяты газеті 1895, №11-12), «Ғылымға қарай тағы бір қадам» (Дала уалаяты газеті 1896, 21 январь) сияқты мақалалары мен «Қарынбайдың хикаяты» (Дала уалаяты газеті 1900, №17), «Толағай һәм Бөрітастаған деген таулар турасынан бұрынғыдан айтылып қалған сөздер» (Дала уалаяты газеті 1894, №29) атты ауыз әдебиеті құнын жоғалтпаған асыл қазыналарымыздың бірі. Отыншы Әлжановтың жазған ғылыми еңбектері әлі де толықтай жиналмаған. Белгілі библиограф ғалым Ү.Сұбханбердинаның айтуынша, Отыншы Әлжановтың «О.А», «О.А-ов», «Орта жүз», «Бабайбүркіт» т.б. анықталмаған бүркеншік есімдері болған.

Бір жылдай қызмет атқарған Отыншы Әлжановты генерал-губернатор 1895 жылы 30 наурыздағы №13 бұйрығымен Ақмола округтік сотының аудармашысы етіп тағайындайды. 1907 жылға дейін осы қызметті мінсіз атқарады. Қызметінен бос кезінде Омбы қаласындағы қазақ-орыс мектептерінде сабақ беріп, өзінің кәсіби мамандығын жетілдіре түседі. Осы кезде оның сабақ беру шеберлігіне тәнті болған белгілі миссионер, округтік оқу инспекторы А.Алекторов оны оқу-ағарту саласына шақырады. Бұл ұсынысты бірден қабылдаған Отыншы аудармашы қызметімен қош айтысып, педагогтік бағытқа бет бұрады. Оқу инспекторы А.Алекторов Отыншыны бірден Көкпекті қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесіне меңгеруші етіп тағайындайды. Меңгерушілікпен қоса, Өскемен, Зайсан уездеріндегі бастауыш мектептерді басқару және қазақтар арасында орысша оқытатын жаңа типті мектептер ашуды

ұйымдастыру міндегі қоса жүктеледі. 1905 жылы Санкт-Петербуркте өткен «Шығыс бұратаналарын» оқыту мәселелері бойынша Ерекше мәжіліске «Дала уалаятындағы» қазақ мұғалімдері атынан О.Әлжанов сөз сөйледі. 1907 жылы өткен мәжілісте де Отыншы тағы да сөйлеп, «бұратана халықтарды» оқыту туралы «Ережеге» сын айтып, қазақ мектептерінің жұмысын қадағалайтын инспекторлық орынға қазақ мұғалімдерін тағайындау, қазақ мұғалімдерінің құқын және діни сабақтарды беретін мұғалімдердің жалақыларын орыс мұғалімдерінің құқы мен жалақыларымен теңестіруді және басқа да өзекті мәселелерді ортаға салады.

Көкпектіде ол тек ұстаздықпен айналыспай, істі болған, зәбір-жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек береді. Көкпектіде тұрып жатқан орыс мұжықтары мен татар көпестері және қала тоғышарлары қала маңайында қазақтардың жаз жайлауға шығатын жерлерін ешқандай ақы төлемей қалай болса, солай пайдаланып, қазақтарды басынып, астамшылық жасап, құқықсыз адам санатында қарады. Бұған ашынған О.Әлжанов заң жүзімен жерлестерінің талабын орындауға кіріседі. Оқыған қазақтың бұл әділетті қимылынан қауіптеніп, орыс келімсегі мен татар саудагерінің атынан пәле-жала ұйымдастырылып, О.Әлжанов 1909 жылдың 3 қазанында 5 жыл мерзімге Жетісу облысының Лепсі уезіне жер аударылады.

Бірақ, сотталу мерзімі аяқталса да сол өңір халқының бастан кешіп жатқан азабын көріп, **«мұндағы қазақтың сөзін сөйлейтін оқығандары жоқ»** деп, сонда қалып қояды. Мұндай іс әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Ал, 1916 жылғы көтеріліс кезінде Міржақып Дулатовқа жазған хаттарының бірінде **«Мұндағы жұрттың басына қиямет қайым туды, қатын бала-шағамды алып кетіңдер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырап жатқанда мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын, өлсем де, тірілсем де бірге көремін»** делінген. Осыдан Отыншы Әлжановтың халқына берілгендігін байқауға болады. Жоғарыда жазылғанның барлығы Отыншы Әлжановтың бір қыры ғана. Отыншы Әлжановтың көтеріліс кезінде полк басқарып, соғысқан ерліктері бір төбе.

Отыншыны ғалымдардың сипаттауынша, соғыс қаруын жетік меңгерген, тиын ататын қас мерген, сұңғақ бойлы етсіз, арық қара-торы адам болыпты, даусы зор, үнді екен дейді. Жетісуда жергілікті қазақ руларының жігіттерінен құрылған үш алаш полкі

болған. Отыншының полкінде 12 болыс елден шақырылған мың жарымнан астам сарбаз болған. Оның басқаруындағы алаш полкі Лепсі төңірегінде небір сәтті соғыстар жүргізген. 1918 жылы күзде Отыншыға Алашорда үкіметі тарапынан «Семейге тез жет!» деген жедел хабар жетеді. Отыншы Семейге аттанарда, полк алдында: «Сарбаздар, көз алдарыңа елестетіндер. Ресейде бұрын ақ өкіметі – ақбоз ат сияқты болатын. Қазір сол ақ өкіметінен аттың қасқасындай ғана ақ өкімет қалды. Бара-бара қасқа төбелге айналып, ақбоз ат жирен болады. Жеті зәлімнен үкімет келеді. Ол – жауыз, ол – дінсіз, ол – имансыз, ол – өтірікші, ол-надан, ол – қатыгез, ол – құл және т.с.с. Бұл өкіметтен жеті атаның ұрпағына иненің жасуындай жақсылық келмейді»-деп, сөйлеген әсерлі сөзі сарбаздарының жадында мәңгіге қалған көрінеді. Отыншы Семейге полктің 20 шақты мергенімен барады. Отыншы сапар барысында Тарбағатайдың күнгейіндегі Сартөбе асуында «Тарбағатай қызыл қырандарының» тосқауылына тап болады. Бұл асуда 180 жендеттен тұрған «қызыл қырандардың» эскадроны шоғырланған еді. Бұл, ары-бері асқан жүргіншіні тонап, көзіне түскенді өлтірумен ғана айналысқан аса қатыгез, айналасын зар қақсатқан қандықол, қарақшы топ болатын. Отыншы сарбаздары бірден шабуылға шығып, олардың бекінісін бұзып өтеді. Қырандар да ізіне өкшелей түсіп қалмайды. Атысатыса жазықтағы Мұқаншыға жақындайды. Жайтөбе мен Балатөбе арасында «қызыл қырандардың» көрнекті қолбасшыларының бірі оққа ұшады. Отыншының сарбаздарының да оққа ұшқандары болады. Күн кешкілікке айналған мезет. Отыншы өзінің оққағары Нұғыманды шіркеуге бекінген соң, жанында қалдырмай бұйрықпен аттандырып жіберді. Нұғыман кетерінде шіркеудің мұнарасына пулемет орнатып кеткен. Отыншының мақсаты: мұнарадағы пулеметпен оқ жаудырып, қуғыншыны бөгеп, серіктерін ұзатып жіберу болған. Соңынан қуып келген қызылдар Отыншы жаудырған пулемет оғынан сескеніп жақындай алмайды. Отыншыны ала алмай амалдары таусылған қызылдар, шіркеуге от қояды. Лаулап жатқан шатыр шіркеудің ортасына құлап, Отыншы екі жолдасымен от ішінде қалып қояды. Отыншының өліміне қайғырған Міржақып Дулатов 1918 жылы «Қазақ» газетінде «Тағы құрбан» мақаласында *«Марқұм айтқанын қылды, елді бәлеге тастап өзі бас амандап кеткен жоқ. Алаш жолында құрбан болды. Қымбатты Отыншы, Алаштың көркейгенін*

*көре алмай арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем емес». Ал енді, Алаш қайраткері Жүсіпбек аймауытов: «Ұлт қызметінде жүріп құрбан болған Отыншы Әлжановтың мезгілсіз қазасына қайғырамыз. Марқұм Алашорданың бір мүшесі еді, Құрылтайдың өкілі еді. Алаш баласына Отыншының шығыны батады. Орны ойсырайды, әсіресе, балиықтан кісі жасап ала алмай отырған жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айырылғаны жан ауырарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма? Марқұмның жаны жақсы жайда болып, қалғандарына сабырлық берсін деп тілейміз» деп жазады.*

Алаш ісіне араласып, ұлтқа қызмет еткен беймәлім тұлғаларды анықтап, халыққа кеңінен таныстыру басты парызымыздың бірі болуы тиіс.

**Әдебиеттер:**

1. А. Қапаева, С. Әлжанова «Отыншы Әлжанов», Түркістан 1999, 13 тамыз.
2. Х. Сәтиев «Сіз Отыншы Әлжановты білесіз бе?», Семей таңы 2009, 4 маусым, №22, 3 бет.
3. Р. Нүсіпов «Отыншы Әлжанов өмірінің соңғы кезеңдері», Семей таңы, 2016 жыл 16 тамыз.
4. З. Мұхтарханқызы «Отыншы Әлжанов – Алашорда қыраны», Мәдениет журналы, №4(128) сәуір 2017.

## **ТЕЛЬЖАН ШОНАНҰЛЫ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ**

**Аманқос Мектеп-тегі,**

*алаштанушы-ғалым*

**Қуанышқызы Л.,**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің*

*2-курс магистранты*

**Резюме:** В статье исследуются жанры произведений известного деятеля. Также показаны основные направления деятельности писателя и ученого. Его усердное участие в правительстве Алашорды описана детально. Дается высокая оценка его разносторонним талантам, тем самым отметили самые важные аспекты жизни известного публициста.

**Summary:** The article studies types of research works famous activity person. Such shows important directions activities of writer and researcher. His zealous participation in the government of Alashorda is described detail.



The article highlights for his versatile talents, there by highlights the most important aspects the live of famous publicist.

Азаттықтың иісі аңқыған, көгімізде көк туымызды желбіретіп, халық ретінде қалыптастырып кеткен Алаштың арыстары. Халқы дегенде қасықтай қан мен шыбындай жанды мұң етпеген Алаш көсемдерінің арқасында бүгінгі жарық таңымыз арайлап атты. Олар қазақ жастарын ғана емес, көкейінде патриоттық сезімі жалындаған әр адамның бойына нұр сәуле, Отанға деген өшпес сезім сыйлап кетті. Дегенмен, Алаш қайраткерлерінің ішінде есімі аса танымал бола қоймаған әз азаматтар жетерлік. Олардың қатарында, Т. Шонанұлы да бар. Ұлы қайраткер өзге асылдардай қалың қазақтың қамын жеп, күйін күйттеді. Халқына адал қызмет етті. Есіл ер 1894 жылы Ырбыз уезі, Аманкөл болысында қазіргі Ақтөбе облысы, Құлымбетов ауылында дүние есігін ашқан. Көрнекті қайраткер тіл білімін ұйымдастырушы, ғалым. Жоғары білімді ол орыс, қырғыз, қазақ тілдерін еркін меңгерген. Тельжан Шнанұлы жастарды білім мен ғылымға үндеген бірегей азаматтардың бірі. Олардың қолына қалам ұстатып, өмірдің ғибадатын үйренкен ұлы ұстаздардың қатарынан көрінді. Өзі жоғары білім алған соң, тәлімгер Тоқырауын болысындағы ауылдарды аралап, жастарға білім береді. Хат танымайтындардың сауатын ашып, сауабы мол істің қожайынына айналады. Халық арасында ол туралы тек мақтау сөздер өріп жүретін. Бұл, дәйекті дереккөздерден табылған риясыз шындық. [1]. Жарқын тұлғаның есімі құлаққа таныс болғанымен, оның Алаш қайраткеріне қалай айналғанынан көп адам бейхабар. Жалынды жас өрендерді жақсылыққа шақырып, тағылымды тәрбиелеп жүрген Телжан Шнанұлының ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі дүйім жұрт арасында тез таралады. Осылайша, ол 1917 жылы I Жалпықазақ съездіне шақырылады. [2]. Зиялы қауым бас қосқан бұл алқалы жиыннан кейін қажырлы қайраткер Алашорданың білім комиссиясының комиссия мүшесі болып тағайындалады. Түрлі ірі жиындарда сөз сөйлеп, таныла бастайды. Халықтың жағдайын ойлаған ұл бұнымен тоқтап қалмайды. Түрлі құзырлы қызметтер атқарып, кейіннен ұайраткер әскери білі м алу мақсатында қайта оқуға түседі.

Білімпаз ғалым қазақ өлкесін зерттеу қоғамдық жұмысына етене араласқан. Қазақ мемлекеттік педагогика институтын

экстерн жүйесімен тәмәмдап, сол жерде сабақ береді. Бүгінде 18,000 – ға жуық қазақ жастары білім алып жатқан қара шаңырақ Қазақ мемлекеттік университетінде де 1934 жылы доцент болып жұмыс істейді. Жігітке жеті өнер де аз демекші, ағартушылықпен айналыса жүріп өзінің көркем туындыларын да шығарумен айналысады. Мәселен, «Сауаттан», «Жаңалық», «Тіл дамыту», «Оқу құралы», «Қазақ тілі», «Жаңа арна», «Бастауыш мектептердегі қазақ тілінің әдістемесі», «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «орыстар үшін қазақша әліппе» сияқты еңбектері қалың жұртты сауаттылықпен сусындатты [3]. Қайраткердің әу бастан – ақ, асыл армандарының бірі қараңғылықтың көлеңкесінде жатқан халықты білім нәрімен нұрландыру еді. Одан өзге ол сол кездегі өзекті мәселелерді қозғаудың жалықпайтын жаршысы болды. Әдебиет мәселесін зерделеушілердің алдыңғы қатарындағы адам Телжан Шонанұлы. Ол «Абай кітабын бастыру керек», «Сәкеннің тілі туралы», «Бейімбет» сыңайлы келелі мақалаларында зиялылардың руханиятының өзекті қырларының сырын шерте отырып, қазақты бірлікке жетеледі. Жеке ұлт ретіндегі мәртебемізді жоғалтпауға, білім мен ғылымға деген құштарлықты арттыруға, тілдің тазалығын сақтауға ұрандады. Алаш қайраткері емле, әліпби, терминология туралы еңбектері одақ көлемінде танылып, түріктанушылар тарапынан лайық бағасын алған болатын. Қоғам белсендісі, халық жанашыры ұйғыр тілін де жетік меңгерген. Себебі, ол Д.Снегинмен бірігіп «Уйгурская поэзия» жинағын ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады. Тельжан Шонанұлы 1923 – 1937 жылдар аралығында, небәрі 14 жылда 72 мақала, 32 оқулықты келер ұрпаққа мирас етті [4].

Өкінішке орай, жан-жақты білімпаз, энциклопедист, публицист ғалым 1937 жылы 19 шілдеде тұтқындалады да, КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» үкімімен ату жазасына кесіледі. Артынша қайраткердің отбасы ойрандалып, аяулы жары Шаһзода Аронқызы да қуғын-сүргіннің құрбанына айналады. Ол да өзге арыстар сияқты өлім құшып кете барды. Алайда айылын жимай, қазақ үшін шыңғырып шындықты айтатын әділдігіменде ерекшеленген дара тұлға еді. Басқа тағдырластары сияқты қайта ақталу бақыты оған бұйырмады. Кеңес саясатындағы жылымық тұстарында қатыгездіктің сойқаны қамшыдан да ауыр тиіп, қабырғасын қайыстырды. Одақ

тарағанға дейін цензура органдарының шығармаларына тыйым салынған үш қазақтың бірі болып қара тізімде тұрды. Бұған қарағанда есіл азаматты сұраушы, жоқтаушы болмағандай. Оның қадіріне жете алмағандардың да қатары сирек емес екені байқалады [5]. Халықтың әлеуетін көп көрген асыл азамат 1916 жылдан бастап Алаш қайраткері ретінде белсене түсті. Ол осы жылғы қарулы көтеріліске қарсы болған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған зиялы қауымға қолдау білдірушілердің бірі еді. Ол Ақпан революциясынан кейін де Алаштықтан адасқан жоқ. Мұрағатта «мен мұңдалап» тұрған мәліметтерге қарағанда, Тельжан Шонанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырбаяны сол кезде кезектесіп астана мәртебесіне ие болған қалалар Орынборда басталып, Қызылордада жалғасын тауып, Алматыда аяқталған. Ғалымның соңында қалған мұрасын шартты түрде бес тақырыпқа жіктеуге болады:

1. Тіл туралы еңбектері;
2. Тарих жөніндегі зерттеулері;
3. Әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары;
4. География ғылымын меңгертуге арналған оқулықтары;
5. Көсемдік туындылары.

Бұған қоса, Тельжан Шонанұлының шебер аудармашы ретінде орындаған аудармаларын ұмытпаған жөн [6]. Дарынды да жанашыр қазақтың біртуар ұлы, ұлағатты тұлға туралы сағаттап сыр шертуге болады. Алаш қайраткерінің үзеңгілес замандасы Ахмет Байтұрсыновтың талай мысалдары мен өлеңдерін орыс аудиториясына таратты. Оларды аудару жолында аянған жоқ. Ол 1928 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50-жылдығына арналған кітап шығару жөнінде көлемді мақаласын жариялады. Бәрін айт та бірін айт демекші, бірегей ғалым, Алаш зиялысы өзгенің қарымтасында кеткен қазақ жерлері үшін жан ұшырып, үндеу салды. Талай еңбектер жазып, аддын-ала туатын қауіп-қатерді болжай білді. Қорыта келе айтарым, қазақ ғылымын қалыптастыру жолында боөторғайдай бостандығын аямай еңбек еткен Алаш қайраткерінің ерен еңбегін атап айтпау мүмкін емес. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Алаш зиялыларын ғалымдардың, тарихшылардың Тельжан Шонанұлының ғылыми аманат мұрасына бейжайлық танытқаны күйіндірді. Оның сауатты мақалаларын, ғылыми еңбектерін, танымдық оқулықтарын, жалпы азаматтық ісін Кеңес үкіметінің бірмойын

басшылары қаперіне де алмады. Тіпті, қазақ арасында қазақты отырықшыландырудың мемлекетке де, халыққа да тиімді жолын көрсете алатын адам барын ескермей, ақырында қазақты ашаршылыққа апарып соқтырды. Ал Тельжан Шонанұлын мұны бірінші болып айтқаны үшін ұлтшыл деп айдар тағып, репрессияға іліктірді. 1937 жылғы тоталитарлық жүйе ұйымдастырған саяси террордың құрбаны болған қайраткердің есімі мен шығармашылық мұрасы 60-жылға жуық тарихымыздың «ақтандық беттерінде» жүрді. Тек 1990 жылы 13 тамызда КСРО Президиумның «20-25 жылдардағы саяси репрессия құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» Қаулы негізінде Телжан шонанұлы толық ақталды. Бұнымен елін сүйген есіл ердің тарихын зерттеу тоқтап қалмайды. Соңғы уақытта қайраткердің өмірін және шығармашылығын зерттеуге мүмкіндік туды. Өлі де оның тиянақты да тағылымды туындыларын іздестіріп, талай баспа бетінде жаңғыртамыз деп сенемін!

**Әдебиеттер:**

1. Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Сардар, 2014. – Б. 430-431
2. Алаш. Алашорда: Энциклопедия – құрастырған Ғ.Әнес, С.Смағұлова – Алматы «Арыс» баспасы, 2009. – Б.350-352
3. Есқалиев С. Ұлт намысын биік ұстаған тұлға – Ана тілі. – 2014 – 4 желтоқсан
4. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы: Оқу құралдары, оқулықтар. Т2. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015 – 288 б.
5. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы: Оқу құралдары, оқулықтар. Т2. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015 – 2 56 б.
6. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы: Оқу құралдары, оқулықтар. Т2. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015 – 248 б.
7. Т.Шонанұлы Шығармалары: Оқулықтары мен оқу құралдары. Т.1. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013 -384 б.
8. Шонанұлы Т. Шығармалары: Оқулықтар, оқу құралдары, зерттеулер, мұрағат материалдар Т2. - Алматы: : Ел-Шежіре, 2013 -385 б.

# АДАМЗАТ ЭВОЛЮЦИЯСЫМЕН ҚАТАР ДАМЫҒАН АҚПАРАТ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТ АЛМАСУДЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Кәкімбек А.,**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің  
2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекшісі:**

*Жақсылықбаева Р.С.*

*филол. ғ.к., доцент*

Адамзат өмірі ақпаратпен тығыз байланысты. Адамдар ерте кездері сөйлеу және жазу білмегендіктен ақпаратты жадында сақтап, тастарға сурет салу немесе ауыздан-ауызға жеткізген. Кейінірек жазу пайда болғаннан соң адамдар ақпаратты сақтап қалдырудың жаңа жолдарын қарастыру арқылы тақтаға, папирусқа және пергаментке жазу арқылы көне кітапханаларда сақтайтын болған. Осының нәтижесінде тас тақталар, саз балшықтан жасалған хабарландырулар мен кодекс жинақтары сақталған.

Көпшілік қағазды ақпарат сақтаудың немесе таратудың ең қолайлы түрі деп есептеген. Сондықтан ұзақ уақыттың ішінде газет, журнал, көптеген кітаптар басылып шыққан болатын. Алайда адамдар бұнымен ғана шектеліп қалмай басқа да ақпарат таратудың және ақпарат сақтаудың жолдарын қарастырған.

Компакт дискілер мен видео касеталар да ақпарат сақтаудың жаңа құралдары ретінде қарастырылып келген болатын. Заманауи ғасырда жаңа технологиялардың қарқынды дамуына орай компьютерлер дәуірі басталды. Осы кезеңде дискілер, ақпаратты жеңіл әрі тез сақтайтын флеш карталар ойлап табылған.

Ал дәл қазіргі уақытта ақпаратты өзіміздің жеке компьютерімізде сақтаудың да қажеті жоқ. Ғаламторға қолжетімділік бар болған кез келген жерден ақпаратты интернетке салу арқылы бөлісе аламыз.

Осындай мүмкіншіліктер кез келген адамды ақпарат алуға, оқуға және танымын кеңейтуге міндеттейді. Қазіргі заман адамы тек қана жазу және оқуды ғана біліп шектеліп қалмайды. Ол сонымен қатар дұрыс ақпаратты табу, оны зерттеу және

бөлісумен ерекшеленеді. Аз білген сайын адамның көкжиегі таяз болады, ал болашақтың кілті білімді әрі сол алған білімді дұрыс қолдана білетін адамдардың қолында. Жаңа технологиялар адамзат үшін шексіз кеңістікке жол ашты. Бүгінгі күнге дейін адамды саналы күйге жеткізіп, дамуына тікелей әсер еткен әлеуметтік эволюцияға тоқталу орынды болмақ [1].

Жер бетіндегі миллиондаған жаратылыстан өзге болып жаратылған адам баласы саналы тіршілік иесі ретінде өмір сүреді. Ми арқылы адам ойлайды және алдағы даму стратегиясын құрады. Әр адам баласында таңдау еркі бар. Жақсы нәтижеге қол жеткізу жолында адамзаттың дамуы, жетілуі басты тақырыбымыздың өзегін құрайды.

Өзіне қолайлы орта, жұмыс табу және жақсы өмір сүру үшін адамзат тарихында прогресс пайда болған. Жеке индивидумның дамуы толық қоғамның алға жылжуы жайында он тоғызыншы және жиырмамыншы ғасырда Герберт Спенсер айтып кеткен болатын [2].

Әлеуметтік даму теориялары Дарвинның эволюция жайлы зерттеулерінен бұрын жарыққа шыққан еңбектер ретіне қарастырылады.

Адам баласының өткенінен бүгінге қарай саяхат жасалатын болса, жер бетінде адамзаттың пайда болған тас дәуірінен бастау аламыз. Антропогенез үдерісінің әрбір сатысындағы адамның саналы түрде жетілуіндегі өзгерістер бүгінгі адамның пайда болуының ірге шарттары [3].

Антропогенездің маңызды сатылары: саналы адамның қару жарақ жасай білуі, от жағуы және сөйлеп үйренуі. Адам баласының сөйлеп үйренуі оның көптеген басқа салаларды игеруіне және ары қарай қарқынды дамуына жол ашты. Жалпы тілдің пайда болуы мен ерекшеліктерін зерттейтін лингвистиканың глоттогония саласындағы зерттеулерге сүйенетін болсақ, тілдің пайда болуы антика дәуірінің өзінде өте маңызды тақырып ретінде қарастырылған. Антика дәуірінде тілдің пайда болуы жайында табиғаты бойынша және реті, құрастырылуы бойынша деген екі теория болған [4].

Бұл екі бағыт он тоғызыншы ғасырға дейін сенімді дерек ретінде қоғам санасынан орын алған. Маңызды қадам ретінде Нуаренің тілдің пайда болуы адамдардың еңбек етуі және тілдің осы еңбек ету барысында өзара шешім қабылдау, ақылдасу мақсатында жасалған теориясын айтуға болады. Карл Бюхер де

бұл көзқарасты ұстанып, тілдің пайда болуы еңбек үдерісінің пайда болуынан шыққан деген [5].

«Роль труда в процессе превращения обезьяны в человека» (1876) деген еңбегінде Энгельс тілдің пайда болуы еңбектің жетілуі және адамдардың еңбек ету барысында ақылдасу және психологиялық даму да осыған байланысты екенін атап өткен. 1866 жылы Париждық лингвистика қоғамы тілдің пайда болуы жайлы зерттеулердегі полемиканың сенімсіз екеніне көз жеткізгендіктен әрі қарай зерттелуіне тыйым салған [6].

Сөйлеу тілі қалыптасу үдерісі бойынша рет-ретімен асықпай даму барысында пайда болған. Тілдің пайда болуы бойынша нақты уақыт немесе мерзімді айту қиын және қисынсыз. Дәл осы дәуірде де деп айту, тілдің пайда болу процесіне шектеу қоюмен бірдей. Алайда тілдің пайда болуы жайлы адамзат эволюциясының ізін басып келе отыра көз жүгіртуге болады. Якушин Б.В. “Гипотезы о происхождении языка” атты еңбегінде екі мың жылда екі жүзге жуық гипотеза қарастырылған. С.Васильев антропологиялық зерттеу орталығының меңгерушісі аталмыш еңбекке сүйене отырып тілдің қалыптасу мәресін үшке бөлген [7].

Біріншісі ғылыми емес немесе ғылымға сәл жақын гипотеза. Бұл жерде адамның пайда болуы діни қағидалар жайында, адамды Құдай жаратқан немесе адам бірден сөйлеу қабілетіне ие болған деген дерексіз көзқарастар. Ғылымға сәл жақын теория ретінде мутация процесін де атап көрсетуге болады. Адам баласы өмір сүре келе, кенеттен, мутация арқылы сөйлеп кеткен.

Екінші гипотеза физикалистикалық болып табылады. Ежелгі адамдар немесе кішкене сәби естіген дыбыстарды жадына сақтап, сол дыбыстарға еліктеу арқылы сөйлеу пайда болды деген көзқарас. Физикалистикалық зерттеулерде тілдің пайда болуын тек қана физикалық тұрғыдан қарастырады. Алайда тілдің пайда болуындағы психологиялық және когнитивлық жағына мән берілмейді. Демек, дыбыстық сигналдардың пайда болуы, бірақ олар қалайша ақпараттық код жеткізеді және қалайша түсіністік құрады деген сұрақтарға жауап бере алмайды [7, 31-34 бб.].

Жоғарыда айтылған екі гипотеза да тілдің кенеттен пайда болуын алға тартады. Адам мутация арқылы немесе табиғат дыбыстарына еліктеу арқылы бір мезетте сөйлеп кетті деген ойға саяды.

Соңғы гипотеза сөйлеу тілінің адамзат эволюциясы барысында пайда болғанын алға тартады. Эволюция нәтижесінде адам баласы приматтардан тарады деген көзқарасқа сүйенетін болсақ, сол приматтардың коммуникация құру процесіне көз жүгірту қажет. Ресейлік антрополог Бунак, Луридің зерттеулерінде тілдің пайда болуына табиғат көп әсер еткен. Виктор Бунак табиғи шулардың, приматтардың бір бірін шақыру сияқты дыбыстардың тілдің пайда болуын қалыптастырды десе, Луридің тіл сол приматтардың өзара ашулы, ызалы дыбыстарынан пайда болды деген гипотезасы бар [7,39-42 бб.].

Гордон Хьюз 1973 жылы вербалды әрекеттер жайлы теориясында ең алдымен жестердің содан кейін тілдің пайда болуын алға тартқан. Демек, алғашқы ақпарат әрекеттердің көмегімен таратылған. Бұл теория 70-80 жылдарға дейін өз маңыздылығын сақтап қалған. Алайда сол жылдардың кейін адам тектес маймылдар, мысалы, шимпанзенің жасайтын әрекеттері туа біткен, генетика бойынша берілетіні анықталған. Маймылдар туа біткен жестерден бөлек жаңа жестерді ойлап таба алмаған. Бұның айқын дәлелі ретінде Кеңес одағы кезіндегі приматологияның танымал зерттеушісі Леонид Фирсовтың келтірген мысалы қарастырылады. Фирсовтың лабораториясында бір шимпанзе өз баласына дұрыс қарай алмағандықтан, ол оны өз үйіне алып, Чингиз деген ат қояды. Чингиз адамдардың арасында өмір сүргеніне қарамастан, басқа маймылдар білетін жестерді қолданады, алайда қай уақытта және не үшін қолдану керектігін білмейді. Бұл Чингиздің генетикасында осындай әрекеттердің коды бар екендігінің дәлелі, алайда оларды дұрыстап қолдану үшін өзі тектестердің арасына жетілуі керектігінің дәйегі. Приматтар жаңа әрекеттерді үйрене алған. Көптеген зоологтардың айтуы бойынша, жануарлар дыбыстау арқылы тек қана өздерінің эмоцианалды жағдайлары жайлы ғана хабарлаған. Фирсов болса, шимпанзелердің әрекеттерінде мағыналық жестердің бар екенін айтқан. Мысалы, приматтардың алға созған қолы: маған жақында немесе бер деген екі мағыналық жест. Хьюздің гипотезасы осы жерде орынды болып табылады [7,42-44 бб].

70-жылдары мағыналық әрекеттердің пайда болуы жайлы ойлар қарқынды дамыған. Бұл сұрақтарға адам отогенезін зерттеу нәтижесінде сәбидің тілі пайда болуы барысы жауап беруге



көмектескен. Польшалық зерттеушілер 12 айлық сәби нұсқау арқылы кейбір атауларды көрсететінін дәлелдеген. Кейін келе бере нұсқаудың қасында дыбыс пайда болып, нұсқаусыз ары қарай тек дыбыс арқылы ақпарат берілген. Нұсқау жестері жайында америкалық зерттеуші Осборн, Выготский де айтып өткен [8].

Алайда эволюция процесінде мағыналық жестердің ақпарат беретін акустикалық сигналдарға өзгеруі жайында нақты шешім жоқ, тек қана құр гипотезамен шектелеміз.

1951 жылы Бунактың “Происхождение речи по данным антропологии” атты еңбегінде ежелгі адамдардың антропологиясы, қаңқасы және ауыз құрлысы зерттелген болатын. Алайда, адам қаңқасының дыбыстарға немесе дыбысталуға ешқандай әсер етпейтіні анықталған [8].

Маргарита Дерягина жоғарыда көрсетілген Энегельстің еңбек студиясы барысында сөйлеу тілінің пайда болуын зерделеген. Алайда әр приматтың өзінің генетикасына немесе жыныстық бөлінуіне байланысты еңбек құралдарын индивидуалды түрде қолданылуы байқалған. Демек, еңбек ету барысында пайда болған сөйлеу тілінде әр приматтың сөйлеуі өзгеше болуы керек еді, олар ортақ тілде түсінісе алмаушы еді деген ой тұжырымдалады. Осы жерге келгенде гипотезалар арасындағы шымшытырақ пайда болады. Антропологиялық еңбектерде адамның бас сүйегіндегі сөйлеу функциясына әсер ететін аумақтар бар екені анықталған. Брок және Вернике зоналары адамның дыбыстау және сөйлеуіне әсер ететіні анықталған. Бұл зоналар приматтарда да кездеседі. Питеканторп бас сүйегінде бұл зоналардың кеңеюі байқалады. Бұл олардың сөйлеп үйренді дегеніне гипотеза жасауға жол ашады. Алайда Брок және Вернике аумақтары приматтарда бар болғанына қарамастан, адам бас сүйегіндегідей қызмет атқармайды.

FOXP2 гені арқылы сөйлеу қабілеті таратылады десек, сөйлеу тек қана ақпарат беру немесе алу емес, сонымен қатар ойларды зерделеу, есту деген функцияларды атқарады. Ал бұл ген тек қана сөйлеу қабілетіне жауап береді. Сөйлеу коммуникативтік және ойлаудан құралғандықтан оның қалыптасуы жайлы көптеген гипотеза қарастырылған [7, 44 б].

Психологиялық зерттеулердің нәтижесінде сөйлеу ақпарат алмасу, ойлау және бейнелеу деген үш функцияны атқаратыны айтылған. Мысалы, физика саласында белгілі бір конструкцияны

көз алдына елестету арқылы бейнелеу функциясы да сөз арқылы айтылады.

Бейнелеу арқылы ақпарат беру ежелгі адамдардың өзара тілдесуге деген мұқтаждығынан туындаған. Біздің заманымыздан 33 мың жыл бұрын палеолит дәуірінде ежелгі адамдардың жартастарға салған сурет өнері пайда болған. Кроманьон деп аталатын ежелгі адамның кезінде жартастарда салынған суреттер өзіндік ақпараттық мағына тасыған [8].

Адамдардың сөйлеу тілінің пайда болуы жартастарда салынған суреттерге сүйене отырып қарастырылған. Ең көрікті және көркем суреттері бар жартас 1940 жылы Франциядағы Дордонида табылған. Бұл ескерткішті серуендеп жүрген бір топ бала абайсызда итін жоғалтып алып, соны іздеу барысында тауып алған болатын [9].

Адамдардың сөйлеу тілінің пайда болуы жартастарда салынған суреттерге сүйене отырып қарастырылған. Ең көрікті және көркем суреттері бар жартас 1940 жылы Франциядағы Дордонида табылған. Бұл ескерткішті серуендеп жүрген бір топ бала абайсызда итін жоғалтып алып, соны іздеу барысында тауып алған болатын [10].

Жалпы, ортақ эволюция теориясына сүйенетін болсақ, ежелгі адамдар бірнеше онжылдықтың көлемінде тек қана аң аулау, терімшілікпен айналысып, кенеттен, жартастарды сурет салу, ақпарат қалдырумен шұғылданған. Освальд Тобиш өз зерттеулерінде бірталай петроглифтерді қарастырған қай жақта немесе қай уақытта қашалғанына қарамастан әр суреттердің арасында өзінік мән және мағына сақталған. Олардың өзіндік ақпараттық коды бар [11].

Жалпы ортақ эволюция теориясына сүйенетін болсақ, ежелгі адамдар бірнеше онжылдықтың көлемінде тек қана аң аулау, терімшілікпен айналысып, кенеттен, жартастарды сурет салу, ақпарат қалдырумен шұғылданған. Освальд Тобиш өз зерттеулерінде бірталай петроглифтерді қарастырған қай жақта немесе қай уақытта қашалғанына қарамастан әр суреттердің арасында өзінік мән және мағына сақталған. Олардың өзіндік ақпараттық коды бар [12].

Жалпы, тастардағы суреттер арқылы адамдар өзара ақпарат алмасқан болатын. Сөйлеу тілі болмай тұрып ақ ежелгі адамдар невербалика арқылы өзара тілдескен. Әрбір суреттің, әрекеттің өзіндік ақпараттық коды болған.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Рыженко Т. О происхождении человека. [http://biblionetika.blogspot.com/2009/09/blog-post\\_08.html](http://biblionetika.blogspot.com/2009/09/blog-post_08.html)
2. Татьяна Рыженко. О происхождении человека [http://biblionetika.blogspot.com/2009/09/blog-post\\_08.html](http://biblionetika.blogspot.com/2009/09/blog-post_08.html)
3. Социальная эволюция, <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. Байчунков А.В. Антропогенез // БРЭ. Т.2. М., 2005.
5. Верлинский А. Л. Античные учения о возникновении языка. СПб.:Филологический факультет СПбГУ; Издательство СПбГУ, 2006.
6. Глоттогония. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Глоттогония>
7. Бурлак С. А. Происхождение языка: новые материалы и исследования. — М., 2007.
8. Выготский С.Т. «Мышление и речь», Воронеж, 2001
9. Блог Васильева В.С. [http://polit.ru/article/2013/07/29/ps\\_vasiliev\\_talk1/](http://polit.ru/article/2013/07/29/ps_vasiliev_talk1/)
10. Древние наскальные рисунки. <http://phototravelguide.ru/top10/drevniye-naskalnye-risunki/>
11. Хронология Земли, <http://earth-chronicles.ru/news/2011-04-27-686>
12. Петроглифы, <http://turbomba.ru/planet/122-petroglyphy.html>

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҰСТАНЫ – АЛАШ ПУБЛИЦИСТЕРІ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ МАҢЫЗЫ

**Қастай Д.,**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті*

**Ғылыми жетекшісі:**

*с.ғ.д., профессор Сұлтанбаева Г.С.*

Қазақ халқының тарихында, мәдениеті, ғылым-білімінің қалыптасуында Алаш қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тікті, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құру үшін күресті. Өз идеяларын жүзеге асыру барысында өркениетті елдердің дәстүрімен партия құрып, азаттың жоспарын саяси жолмен жүргізді. Соның нәтижесінде олар қазақ жерінде тұңғыш рет қағазға түскен қаулы-шешім негізінде бекітілген егеменді үкімет құрды. Мемлекетті басқару, қазақ елін дамытып-өркендету жөнінде жаңа дәуірге сай сауатты, жүйелі жоспар-бағдарлама жасады. Әрине, өз алдына жеке мемлекет болу процестерінің барлығы дерлік баспасөз беттерінде көрініс тауып, қазақ халқын ұлы мұраттарға жетелейтіні кәдік. Қазақтың

көрнекті зерттеушісі, кемел акын, кенен қаламгер Ахмет Байтұрсынұлы да бұл жайлы өз сөзінде: «Көсемсөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады» деген пікір айтуы да осы көзқарасқа саяды.

Көсемсөзде ой оқырманға ашық түрде ұсынылады. Публицистика газет-журнал бетінде жарияланғанда ғана, өзінің қоғамдық сананы қозғау, әсер ету функциясын толық атқара алмақ. Осы мақсат негізінде: Қазақ публицистикасы жаңа сипат, жаңа түр, жаңа маңыз алып XIX ғасырдың екінші жартысында айрықша дамыды. Алаш публицистері ұлт мүддесі, халық мұраты биігінен көрініп, азаматтық пікірлерін баспасөз беттерінде батыл жариялады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, М.Шоқай, Ж.Ақпаев, М.Тынышпаев, А. Ермеков, сонымен қатар ұлт-коммунистер С.Ходжанов, Т.Рысқұлов, С.Мендешев, С.Сейфуллин, С.Асфендияров, С.Сәдуақасовтар қазақ аумағының бүтіндігін қамтамасыз ету үшін барлық күштерін салды. Алаш Орда басшысы Әлихан Бөкейханов өзінің публицистикалық мұрасында: «Мен өз отанымның ішкі істерімен өмір сүремін, мен үшін оның тағдыры бәрінен артық... Егер ол қандай жағдайда екенін білмесем, ұйықтай алмаймын» деген жалынды пікір айтады. Алаш қозғалысының қайраткері, қазақтың мемлекет алу жолында күрескен Жанша Досмұхамедовтің: «Біздің мақсатымыз – өз тағдырын шешу мүмкіндігін халықтың өзіне беру. Тек автономияға ие болған жағдайда ғана халық тағдырды өз қолына алады», дегенінен-ақ зиялылар идеясының жүзеге асу процесі оңайға соқпағанын байқауға болады. Зиялылардың мақалалары жиі жарияланған «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің көптеген түйінді, көкейкесті мәселелерін сөз етті. Соның бәрін де шаруашылық пен мәдениеттің өркендеуі тұрғысынан алып жазды. Ол үнемі «бізге не істеу керек?», «қайтсек біз ілгері басып, ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұраулар қойып, солардың шешімін, жауабын табуға тырысты. Осы басылымдардың бетінде: «Алаш партиясын құрған кезде басшылыққа алған негізгі мақсаты — қазақ халқының тағдыры, аумағы және мемлекеттілігіне бай дамыған жоғары мәдениетті халықтармен бірге тәуелсіз мемлекетті құру болды», — деп айтты Әлімхан Ермеков.

Сонымен қатар, сол кезеңдегі «Сарыарқа» газетіне алаш қаламгерлерінің бірталайы: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсекұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев сынды тұлғалар шоғырланды.

Газеттегі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі» репортажындағы жанды сурет, көркем тіл өрнегі тамсантпай қоймайды: «Міні, қайықтағы автомобиль алаш туының астында Әлиханын тосқан халық ішіне кірді. Автомобильден түсіп, аман-сәлем көрсеткен соң доклад оқитын үйдің алыстығына қарамай, халықпен бірге жаяу жүрді. Мұнымен Әлиханның қайда болса жалпы халықпен бірге екендігі көрінеді». Бұл өткен ғасыр басында жазылған репортаждың үлгісі болуымен де қымбат.

Газет алғашқы сандарынан-ақ саяси ұстанған бағытының айқындылығымен, өткір мақала, батыл ойларымен ерекшеленді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Тұр, бұқара! Жиыл кедей! Ұмтыл жастар!», «Мемлекет құрылысы», «Партия» сынды бас мақалалары жарық көрді. Міне, осы сынды жарияланымдар ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылардың ұрпақтары ұсынған идеялары мен идеалдары, орны мен қағидаттары мағынасын сақтайды және бүгінгі күні де қажетті болып табылады. Өркениет құндылықтарының ішкі және сыртқы қауіп, дағдарыс жағдайында жаңа уақыт шақыруларына қарсы тұру, ұлттық мүдделерін сақтап қалу — қазіргі ұрпақтардың міндетінде. Әр уақыт өзінің жаңа талаптарын қойса да, «Алаш» идеялары өмір сүруді жалғастырады және елдегі түбегейлі өзгерістер кезеңінде өзі жайлы қайта еске түсіреді. Себебі, Алаш басшылары өз дәуірінің озық талаптары, еуропалық либералдық-демократиялық құндылықтар-деңгейінде демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекеттің қағидаттары, мемлекеттік басқарма және өзін-өзі басқару жүйелері, президент институттары, парламентаризм, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту идеяларын ұсынды. Өз кезеңінде олар ұлтты сапалы түрде жаңаруға, озық түрде жетілуге шақырды және бұл белеске бүгін, қуантарлығы, олардың ұрпақтары қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, Алаш қайраткерлері халықтың ұлттық сана сезімін мемлекеттік деңгейге көтерді. «Алаш» партиясы сол

кездегі қоғамның мәселесін шешу үшін жасалған алғашқы саяси ұйымы болып қалыптасты. Алашордашылардың негізгі идеясы — халықтың бірлігі болды, осы ұран, айта кетерлігі бүгінгі күнде де аса өзекті. Бұл міндетті бізден ұлты үшін ұлы қызметтер атқарған Алашордашыларымыз ғана емес, бүгінгі дәуірдің өзі-ақ талап етіп отыр.

**Әдебиеттер:**

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/1566>
2. Жақып Бауыржан. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы. Білім 2004. 154-155-б.
3. Нұрғалиев Рымғали. «Алаш» деп ұран салған // Жалын. 3-4-9
4. Тілешов Е., Әріпбекова Г. – Алаштың ардағы. Астана: «Зерде», 2008.– 240 б.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. Алматы: «Білім», 1993.-248 б.
6. Нұрпейісов Қ. Алаш һәм Алашорда.- Алматы: «Ататек», 1995.-256 б.

## **ҒҰМАР ҚАРАШ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ШІКІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Адильченев И.,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*Журналистика факультетінің студенті*

*Ғылыми жетекшісі:*  
*ф.ғ.к., профессор К.Қабылғазина*

Казан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда саяси-құқықтық, қоғамдық және философиялық ой-пікірдің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін ірі тұлғалардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол туралы соңғы бір-екі жылдар аралығында ғана баспасөз беттерінде бірнеше мақалалар басылды. Көп жылдар бойы философиясы терең, өте көкейтесті мәселелерді көтерген баға жетпес еңбектері коммунистік идеологияның тікелей әсерімен шаң басып, кәтап қоймаларының түкпір-түкпірінде «қажетсіз» болып жатты. Халық тарихи мен оның рухани мұрасына балта шапқан коммунистік партияның бір жақты идеологтары Ғұмар Қараштың есімін жазуға да, айтуға да тыйым салды. «Қын ішінде пышақ

жатпас» демекші, тарихи ақиқаттың орнауы нәтижесінде Ғұмар Қараштың құнды мұралары ортамызға қайта оралды.

Оның есімі ХХ ғасырдың басқы кезінде татар, башқұрт, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген газет, журналдар, мен кітаптардың беттерінен түскен емес, оның өз заманында Ресейдің бүкіл түрік тілдес халықтарын аузына қаратқандығын мақтан тұтуға болады. Отарлық саясаттың тікелей салдарынан, жаппай орындастыру әрекетінен жапа шеккен, халқын ұлттық бірлік пен ынтымастыққа шақырып, іштей күрең қабақ болып жатқан қазақ еліне даналы ақыл бергендердің бірі осы Ғұмар Қараш еді. Оның «Алаш» партиясын жақтап, құрамында белсенді мүше болуы коммунистік идеологияның ұлттық нигилистеріне «оңынан» келіп, көрнекті қайраткер есімін тарих бетінен мүлдем сызып тастауға барынша “көмек” көрсетісті.[1]

«Кемелденген социализм» дәуірінің ызғары өңмен өтіп, зерттеушілердің соңынан ит жүгірткен заманның өзінде-ақ Ғұмар Қараштың қызметі мен қоғамдық саяси, философиялық еңбектері зерттеушілер назарынан тыс қалмаған еді. Ол туралы мәліметтер оқтын-оқтын болса да баспасөзде басылып жатты. Дегенмен, үлкен қаламгердің газет пен журналдарда жариялаған мақалаларының бағыт-бағдарын ғылыми тұрғыдан бес бағанға бөліп қарастыруға болады. Олар:

1. Халықты білімге шақыру;
2. Көшпенділік салтынан арылу;
3. Өнер мен ғылымға бет бұру;
4. Кемелденген егеменді мемлекет құру;
5. Рухани бірлікті қалпына келтіру;

Мысалы, Ғұмар Қараш өзінің «Бедел қажы» атты публицистикалық еңбегінде Меккеге сапар шегушілердің әрекеттерін қолдамайды. Сапарға шыққан мол қаржыны оның орнына мектеп салуға және кедейлерге қайырымдылық көрсетуге жұмсаса, пайдасы зор болатынын ерекше атап өтеді. Бұл тұрғыда Ғұмардың халық үшін жан-тәнімен күйе білген азамат есебінде де, жұртшылық қамын ойлаған қайраткер ақын дәрежесіне де ұлт руханиятының биіктігіне батыл көтерілуін ерекше бағалауымыз қажет.

Ғұмар Қараштың өзінің қоғамдық-саяси, құқықтық, философиялық, көзқарасында ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында әлеуметтік шиеліністер мен отарлық саясаттың тікелей әсерінен туған экономикалық, саяси-құқықтық дағдарыста дәлмедәл, баз

қалпында көрсете білді. Ресейге қосылғанға дейінгі қазақ халқының еркін өмірі мен нұрлы даласының ерлік пен имандылыққа толы, ізгі ниетті қасиеттерінің күрделі шиелініске ұшырауы ойшылдардың дара туындыларының негізгі арқауы еді. Оның шығармаларында патшалық отарлау саясаты да, өкімет екіжүзділігі де, жергілікті үстем топтың надандығы мен тостастығы да өлтіре сыналды. Оның өлеңдері өмірдің мәні туралы, болмыстың заңдары туралы, сол кезең дүниесіндегі өз халқының орны туралы философиялық ой-толғауларға толы. Ұлтты қайта өрлеуге бастайтын жол ағарту арқылы өтеді.[6]

1919 жылы қаламгер большевиктер партиясына қатарларына өтеді. Өзінің жазған мақаларында езілген халықтың, әсіресе кедей шаруалардың жаңа өмірде алатын орнына, кеңес өкіметінің жариялаған демократиялық идеяларына сеніммен қарайды. Мысалы, ол өзінің “Дұрыстық жолында” атты газет баслымында Кеңес өкіметін діптеу, мадақтау сарыны анық байқалады. Оның өз кезегінде үш себебі бар:

1. Кеңес өкіметінің демократиялық ұрандары мен “завод-жұмысшыларға”, “жер-шаруаларға” деген тартымды идеяларына сенімен қарады.

2. Ғасырлар бойы ұлттық езгінің тепкісін көріп келген қазақтың отарлық қанаудан босануын үлкен жетістік деп ұғынды, бірақ сонау болашақта Қазақстанға қандай қайғы-қасірет әкелетінін көргенділікпен болжай алмады.

3. Алашорда үкіметі талқандағаннан кейін Кеңес мемлекетінің күшіне қазақ халқының қарсы тұра алмайтынына көзі жетті. Сондықтанда тек бірлік пен ынтымақтықтың негізінде нығайып, күшті мемлекет болуды көксейді.

Жалғыз бұл ғана емес, “Екеуі екі басқа” публицистикалық мақаласында Ғұмар былай деп жазды: «Жұмыскерлер табының тұтқан жолында ұлттастыру деген бір мақсат бар. Мұның мағынасы – бүкіл мемлекеттің жерін, суын, заводын, фабригін, байлығын, кенін, салулы бинасын, жұмыс ететін күшін, басқа да неше түрлі керекті нәрселерін халықтың ортақ мүлкі деп тану. Танығында құр сөзбен емес, іспен жарыққа шығару. Мәселен, қаладағы зор биналар байлардың өз қолдарында тұрса, биналардың ұлттастыру деген сөзден ешнәрсе шықпайды. Ал, енді ол биналар советтер қолына алынып, онда жиналып, лекциялар оқылып, басқа халық жұмыстары өтеліп тұрса, міне бұл жарыққа шыққаны болады».[5]



Патша үкіметінің саналы түрде қазақ халқының мүддесіне қажетті әлеуметтік, саяси-құқықтық институттарды басын жаншып, керісінше оның орнына талауды, тонауды, зорлық-зомбылықты, ұлттық езгіні үстемдікке айналдырған саясатты Ғұмар Қараш ашық айта білген. Оның ауыр зардабына халық бұхарасы үреймен қарап, болшақта ққырып кетудің қаупі төніп тұрғанын көрегенділікпен сезеді. Өз сөзінен ешқашан тайынбаған Алаш қайраткері: “Патша үкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгертіп, көркейтумен ісі болмайды: ол әрдайым халықты көтере алмастай, оларды өзінің мейірімсіз тырнағында тілегенінше жанашумен болды. Һәм миллиондаған халықты, әсіресе, шет ұлттарды қалайша қараңдылықпен аяусыз айуандықта өз пайдаларын білместей меніреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіп ұстау қамында болып, сонымен ғана шұғылданады... Патша үкіметі шет ұлттарды ағарту, олардың ғылым, өнерде артта қалғандарын алға бастыру туралы тіпті де қам жеген жоқ. Ол әрдайым ұлттарды бір-біріне айдап салып, өшіктіріп, араларында қанды соғыстар ашып, әлсізін күштісіне талатумен болды. Мекенді аударып, аяғынан тоздырып жіберді... өздеріне қас болған ғұрпы-ғадетін қалдырып, діндерін жойып, бүтіндей орыстыққа айналдыру сықылды ең нашар ғамалдары болды.” – деп бұл мақаланы “Дұрыстық жолында” жария қылды.[2]

Ұлт қайраткері үнемі саяси көзқарасы аса терең мағыналы, әлеуметтік талабы жоғарғы ауқымды қатынастар мен мәселерді қамтиды. Мақсат-мұратының мән-мазмұны – қазақ халқының әлеуметтік-саяси прогреске көтерілуі, құқықтық жаңа реформа, ағартушылық және қазақ халқының отарлық езгі мен ұлттық теңсіздіктен арылу қаламгердің ой түйсігінде жатқандығында. Осы категориялар мен ұғым төңірегінде ол өзінің ұшқыр ойы менсаясм құқықтық көзқарасын айқындайды, ішкі толғаныс, жан дүниесін ортаға салады.

Олардың бір дәлелі, “Алаш” партиясының програмасының жобасының құруына Ғұмар Қараштың жеке өзінің араласуынан байқалады. Бұл жобада мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік Һәм соты, ел қорғау, салық, жұмысшылар жағдайы, ғылым-білім үйрету және публицисттің ең көп жұмыс атқарған жобасы – жер мәселесі. Бұл тұрғыда Ғұмар Қараш баптағаны:

1. Жер сыбасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі;

2. Отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі;

3. Бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандарға қазаққа қайтуы;

4. Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі;

5. Жер заңдарында жер сату, пайдасынан артық сатылмай, земствоға алынсын;

– деген осындай мемлекеттік маңызды іс-шараларды қалдырмай, ұлт игілігіне қызмет ету барысында аса зор еңбектенді.[3]

Ғұмар Қараштың саяси-құқықтық көзқарасының тағы бір ерекшелігі – оның Ұлыбританияның ойшыл-философы, мемлекеттанушы Томас Гоббстың адамзаттың табиғи құқық идеясынан туындайтын құлықтылық пен тақуаллықтың “Алтын ережесі” мен “барлық адамдардың заңы” философиясына үндестігі. Томас Гоббс адамның табиғи құқығының ең негізгі мазмұнын мынандай “Алтын ережемен” түйіндеді. “Не делай другому того, чего ты не желал бы, чтобы было сделано по отношению к тебе.” Ғұмар Қараш өзінің “бақытты мемлекеті” құру үшін Томас Гоббс еңбектерінен електеушілікпен қарады. Бірақ ол Гоббстың ойларына әрн қарай жеткізіп, өз тұжырымдамасын берді: “Өзің нені сүйсең, басқа, ада соны сүй деген сөз, қанша ескі болса да ескіріп, мезгілі өтіп, жұмысқа жараудан қалып отырған сөз емес...” Ағылшын жерінде Гоббс осы насихатты таратса, қазақ өлкесінде бұл идеяны Ғұмар Қараш айналаға жайды.

Қортындылай келе, XX ғасырда қалыптасқан Қазақстанның құқықтық-саяси ой-пікірін тарихынан Алаш арысы Ғұмар Қараштың есімі ерекше орын алады. Назар аударатын бір ерекшелік, Қазан төңкерісіне дейінгі қайраткерлермен салыстырғанда, Ғұмар Қараштың реформаторлық бағдары терең философиялық ой деңгейімен, абстракциялық ұғым сарынымен көркемделген. Оның прозалық шығармаларын, өлең, жыр, толғауларын ерекше көңіл аударып, мұқият зерттемей ұғыну мүлкін емес.[4]

Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси көзқарасы зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілгендей қайшылықтарға толы емес, керісінше сол заман мен әлеуметтік хал-ахуал тудырған қайшылықтарды біршама шешуге бағытталған. Қазақ даласында

дүниеге келген осындай дара тұлғалардың өмірі мен халықтың игілігі үшін атқарған қызметін кең жан-жақты зерттеп, оны еліне кенінен таныту – бүгінгі зиялы қауымға жүктеліп тұрған жауапкершілік.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. С. Өзбекұлы. Арыстың алаштары: тарихи очерктер. – Алматы, «Жеті жарғы», 1998. 48-66 бет.
2. М. Қ. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1995. 358 бет.
3. К. Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. 220-222 бет.
4. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Сардар», 2014. 260-262 бет.
5. С. Өзбекұлы, А. Исмайылов. Ғұмар Қарашев (Өмірі мен қызметі). – Алматы, «Алматы», 2000. 28-29 бет.
6. Ғ. Қараш. Алматы. «Арыс», 2002, 11-14 бет.

## **АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРҒА ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМЫ**

**Оразымбет Д.,**

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының  
2 курс магистранты*

**Резюме:** В статье анализируется распространенная идея Алаша зарубежным казахстанцам. Деятельность и развитие Алаша в казахской аудитории зарубежом. Анализируется мнением исследователей Алаша.

Определяется социальная значимость Алаша на зарубежной казахской печати.

**Summary:** The article analyzes the common idea of Alash foreign Kazakhs. Activity and development of Alash Kazakh audience abroad. Analysed by the researchers of Alash. Is determined by the social significance of Alash Kazakh foreign press.

XX ғасыр басында қазақты біріктірген «Алаш» идеясы XXI ғасырда тәуелсіз Қазақ еліндегі Мәңгілік ел идеясының негізгі ұстанымы болуы тиіс. Алаш – тарихымыздағы елеулі кезең, болашақ күнге, арман мемлекетімізге жету жолындағы тағылымды құндылық. Сол құндылықты мәңгі сақтау үшін бүгінгі қазақ қоғамына, болашақ жас ұрпаққа біз «Алаш»

идеясының мәні мен маңызын түсіндіруіміз қажет. Ендеше, «Алаш» жөнінде зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына зер салсақ осы қозғалыстың тарихы мен мақсат-мұратын терең зерттеген ғалым Мәмбет Қойгелді өз пікірін төмендегідей түйіндейді.

«Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру. Яғни, оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін әлемге мойындату. Ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына сай өзгерту, демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды». [1]

Міне, «Алаш» партиясы осы идеяны қазақтың барлық аймағына тарату жөнінде шешім қабылдап, оны жеткізуші өкілдерін оқытушы түрінде аттандырады. Әр мұғалімге бірнеше міндеттер жүктеледі. Барған жерлерінде мектеп ашып, қазақ балаларына хат танытса, бос уақыттарында «Алаш» идеясын халық арасында насихаттап, көзі ашық азаматтардың саяси сауатын жетілдіру болады. Мәселен, Жетісу өңіріне сол кезде ел арасында Жүсіпбекқожа атанған Жүсіпбек Шайхысаламұлы атты ағартушы барады. Ол Уфа мен Қазанда шыққан жыр, дастандардан бөлек Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы қазақ әліпбиімен жарық көрген оқулық кітаптарын да елге таныстырған. Осы аймақтағы халыққа беделді Ұзақ Саурықұлы, Жәмеңке Мәмбетұлы, Жаңабай Құдайбергенұлы секілді билер мен батырлар бастаған ел ағалары салдырған мектепте мұғалім болады. Осы мектепте білім алған қазақ балалары арасынан кейін Қапез Байғабылұлы, Көдек Байшығанұлы, Ыдырыс Көшкінов, Бұхара Тышқанбаев секілді қазақтың руханияты мен жалпы қоғамының дамуын орасан зор үлес қосқан ақындар және қоғам қайраткерлері шыққан. Бұл жөнінде Қытайдан келген ағартушы ғалым Әскер Тойғанбекұлының «Қайран елім» атты тарихи-деректі романының 2-ші және 3-ші кітаптарында жан жақты баяндалады. Кейін «алашордашыларды» кудалау басталғанда 1931 жылы Жүсіпбекқожа Шайхысаламұлы да қуғынға ұшырап, аспан асты еліне бассауғалайды. Бұл жөнінде ол сол елдегі шәкірті Көдек ақын және басқа да жанашыр елмен табысқанда былайша баяндайды.

«Бүкіл өмірімді, бойымдағы бар білімімді қазақ ұрпағына арнап өтсем дегеннен басқаны ойламаған екенмін. Осы жолды ұстанғандардың түп қазығы да «Қазақ үшін сал малды, сал жанды еді». Осынымыз үшін қудаланарды, қуғынға түсерді ойламаған екенмін. Жетісу бойындағы «Алашордашылардың» ат байлар түбірі есептеп, қолға алмақ болғанды нақ естідім. Достарым да тез кетуді ұқтырды».[2]

Қытайға қазақтардың алды 1870 жылғы Жетісу өңірін орыс генералы Калпаковскийдің жаулау жорығы кезінде ауып барған болатын. Кейін негізгі бөлігі туған жерлеріне оралғанымен аз уақытта сол жақтағы қызай, дүңген, ұйғырлармен құдандалы болып қалған біраз бөлігі қалып қояды. 1916 -17 жылдардағы үркіншілік кезінде үдере кешкендердің жармысы тағы қалып қойып, бір жылдан соң туған жерді қимағандары қайта оралады. Бірақ қызыл империяның қыспағы жыл сайын қатайған соң Қытайға көшкен елдің қарасы көбейе түседі. Алайда ол жаққа барған қазақ балаларының сауат ашуы күрделі жағадайда тұр еді. Міне, Жүсіпбек Шайхысаламұлы секілді ағартушылар ол жақтағы елдің көктен сұрағанын жерден бергендей болып, аухатты ел азаматтары орталарынан арнайы үй сайлап беріп, Жүсіпбекқожа да көрші елдегі ағартушылық жұмысын жалғастырады. Және сонымен бірге қазақтың көзі ашық азаматтары арасында «Алаш» идеясын насихаттай жүреді. Қалайда өз алдымызға дербес ел болуға шақырады. Әрине, сол уақытта Гоминдан мен Кеңес үкіметі басшылары қазақ халқын екі жақтан қыспаққа алып, елдің бас көтерер азаматтарын қуғындап, соттап, ату жазасына кесіп, адам жалдап өлтіріп, сұрқия әрекеттер істеп жатқан-ды. Жүсіпбекқожаға да жансыз арқылы астыртын у беріп өлтірткен деген әңгіме бар, ел арасында...

«Алаш» идеясы Жетісумен шектес Қытайдағы қазақтар арасына Жүсіпбек Шайхысаламұлы және оның талантты шәкірттері Көдек Байшағанұлы, Қапез Байғабылұлы секілді ақындар мен 1916 жылғы «Қарқара» көтерілісінің ұйымдастырушы батырларының қатарында болған Әубәкір Сұлтанбекұлы, Тұрлықожа Жансеркеұлы секілді ерлер арқылы да жетеді. Себебі олар Қарақол түрмесінде Ұзақ, Жәмеңке бастаған қазақ, қырғыздың ел ағалары атылған түрмеден қашып шыққаннан кейін елге жетіп, халықты жазалаушы отрядтан құтқару қамына кіріседі. Қытайға көшкен елге бас-көз болып,

оларда жұртпен бірге сол жаққа өтеді. Саяси сауаттары ашылған олар көрші елде орнығып қалған қазақтарға орыс империясының қысымын, «Алаш» зиялыларының өз алдына ел болу мақсаттарын жеткізеді. Бұл жөнінде 2016 жылы «Ан-Арыс» баспасынан жарық көрген «Қарқара қаһары» атты деректі кітапта нақты құжаттармен дәлелдей жазылған.

«Алаш» идеясын Қытай қазақтарына таратуда өзіндік орын алған тұлғалардың бірі белгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы. Ата-бабалары ертеректе Қытай мен Қазақ арасындағы ортақ аумақта өмір сүріп келген қазақтың қызай руынан шыққан әйгілі ақын бала кезінде ауыл молдасынан хат таныса кейін 1919-20 жылдары Қытайдағы мұсылман балаларына арналған мектепте оқып, қытай тілін үйренеді. Қазақ жерінен ауып барған көзі ашық азаматтардан «Алаш» көсемдерінің мақсаттары мен сол жолдағы күрестерін естиді. Олармен өзі жақын танысу үшін 1923 жылдың қаңтарында Жетісу өңіріне қашып келіп, Алматыға дейін жетіп, Әлихан, Міржақып, Ахмет, Мағжандардың өздеріне жолыға алмаса да шығармаларымен танысып, олардың армандарына қанығады. Қазақ жерінде 3 жыл жүрген осы сапарында орыс тілін де үйренеді. Алайда, ұлтжанды ақынның қызыл империяны сынаған өлеңдері мен компартия белсенділеріне қарсы айтқан пікірлері үшін қудалауға түсіп, Қытайға қашуға мәжбүр болады. Ол жаққа барған соң «Алаш» көсемдерінің халықты сауат ашуға жұмылдыру ісін насихаттап, көптеген өлеңдер жазады. Ол өлеңдер кезінде сол өңірде тараған «Іле Шыңжаң» газетінде басылады. Бұл өлеңдерінің кейбірі кейін 2003 жылы «Көркем» баспасынан жарық көрген Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Таңжарық тағылымы» деген жинақта да басылған. Енді содан бір үзінді келтірейік:

*Оқы, жастар, қалам ал,  
Талтынар күнің туылды.  
Біліммен шыққан даналар,  
Босатпай оқы буынды.  
Енді жатпа тұншығып,  
Шық көтеріп туыңды.[3]*

Бұл келтірілген деректер «Алаш» идеясының Қытай секілді алып мемлекеттегі қазақ арасына жетуі болса, оның жемісі Оспан, Ыдырыс, Мақсұт секілді батырлардың тәуелсіздік үшін күрескен 1956 жылға дейінгі арпалысына ұласты. Жүсіпбек Шайхысаламұлы мен оның талантты шәкірттерінің

шығармалары қазіргі таңда да аспан асты еліндегі қандастарымыздың ұлтжандылық қасиеттерін шыңдауда. Соның жарқын бір көрінісі 1962 жылы мыңдаған отбасыны туған жерге бастап көшкен белгілі жазушы Қабдеш Жұмәділұлы, ақындар Оразақын Асқар, Қажытай Ілиясұлы секілді тұлғалар шықты. Одан кейін де еліміз тәуелсіздік алған бетте туған жерге туын тіккендердің бәрі «алаштық» рухта тәрбиеленгені анық. Олардың арасында да «Көк тудың желбірегені» деп, ұрандата келген Алмасбек Ахметбекұлы, Дүкен Мәсімханұлы, Керім Елемесұлы сияқты ақындар мен ғалымдар да баршылық. Әлі де сондай жүздеген, мыңдаған азат ойлы ұлдар мен қыздар оралары даусыз.

Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы тұрып, одан кейінгі коммунистік-шовинистік кезеңде ұлт мүддесін қорғап, ұлттық саяси партия құрып, қазақтың мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға талпынған қазақ зиялылары мен оқымыстыларының жарық жұлдыздарының ірі қайраткерлерінің бірі найман-терістанбалыдан шыққан Райымжан Марсек еді. Ол сол кездегі «алашордалықтардың» астанасы болған Семей өңірінен шыққан азамат. Алаш арысының артында қалған ұрпақтары жөнінде, Райымжанның туған інісі Шериязданның қызы Тұрдықан апайымыздың «Кешулер» атты кітабында толығымен айтылған.

Төңкерістен кейін Райымжан Марсектің контрреволюцияшыл аталғаны белгілі. Байжігіттің атақты шежіресі болған, Дәулетбай батырдың егізі Есенгелді бидің ұрпағы Мәлік Мұқашұлы Тарбағатай ауданының әскери комиссариатында қызмет жасап жүріп көптеген құпия деректерді білген. Мұны шежіреші Қайрат Зарыпханға айтқан. Бүгінде Райымжан Марсекке байланысты көп дерек сол Қайраттың жазуында «Алаштану» еңбектеріне қосылуда. Алаш қозғалысына шексіз берілген Райымжан Марсек қызылдардың Семейде үстемдікке ие болып, Алаштан Райымжанды күшпен айырған кезде ол Зайсан қаласына келіп Алашорда комитетін құрып, оған басшылық жасаған. Демек, Ұлан ауданының тумасы Райымжан Зайсан-Тарбағатай халқына да танымал болған. Ең алдымен ол өзінің батырлығымен, алғырлығымен көзге түскен. Кезінде Зайсандық татар Рашид Меркурбанов шекара офицері болған. Ол басқарған «Тарбағатайдың қызыл қырандары» атты большевиктердің әйгілі әскери отряды Қытаймен шекарада контрреволюцияшылдардың шабуылдарына төтеп беруге жұмылдырылғаны

белгілі. Осы Меркурбанов пен Ақжар ауылының азаматы болған Интин Қасен атты ақсақалдар, Қытайға өтіп кеткен Райымжан есімінің Зайсан-Тарбағатай өңірінде жаңғырып тұрғанын айтқан. Ондағы мұсылмандар арасына «Алаш» идеясын таратқан Райымжанның: «Көкпекті, Тарбағатай, Қалба, Бөкен, Қызығын қайта айналып көрер ме екен?!» деп кезінде өлең айтып жүргені бекер болмаған. Бақты арқылы Қытайға өтіп кеткенде контрреволюцияшыл топ жинап, екі күннің бірінде «қызылдарды шабамын!» деп жүреді екен. Сол кезде Қытайдағы Қызыр төре Райымжанның осы қызбалығын біліп, елімен ақылдасып: «Осыған арамыздан бір қыз беріп қосалық, балалы-шағалы болған соң, сотқарлығын қояр!» деп керейдің Нұржамал деген қызына қосқан. Райымжан үйленіп, бала оқытып жүрсе де, өзінің контрреволюцияшыл әрекеттерін қоймағаны жөнінде, Мәлік Мұқашұлының қолынан алған деректен де аңғаруға болады. Өзінің іс-әрекеттерін Райымжан жанұясына сездірмеген дейді. 1992-ші жылы «Ақиқат» журналында жарық көрген бұл деректе былай делінген екен:

«Қытайдағы қазақтың Контрреволюциялық Орталығының қызметі туралы», Шекараның арғы бетінен түскен материалдардағы мәлімет бойынша, шекараның арғы бетіндегі ұлтшыл қазақ контрреволюциялық орталығының жетекшісі Марсеков өткен жылдың соңғы күндерінде Жанрдан Шара-Сумэ қаласы ауданына келген: жолшыбай Мәрсеков қабықтағы бай Ақыш Шерединовқа тоқтаған. Марсеков кейбір қазақтарға өзінің Алтайдағы маңғол байларымен бірігуді көздейтінін мәлімдеген, Мәрсековтың ізінше-ақ қаңтардың алғашқы күндерінде қабық арқылы үш линиялы винтовкамен 30 адамдық Алаш отряды жүріп өткен. Дам мекенінде отряд Қонысбаев Хасенге тоқтаған. Міне, осы мәліметтерден кейін арғы беттегі Райымжан чекистердің нысанасына мықтылап алынған еді. Анау-мынау қашқын емес, орыстың Савинковы сияқты, Қытайдағы контрреволюциялық Орталықтың басшысы болған Райымжанның қазасы туралы әртүрлі нұсқалар айтылады. «Тірідей көмді» дегеннің қайдан айтылғаны жөнінде Мәлік аға, Меркурбанов пен Интин Қасеннің аузынан естігендерін де маған айтып берді. 1938-ші жылы Сталиннің тапсырмасымен Қытайдағы контрреволюционерлердің бәрі де тұтқынға алынып, жүз шақты адам өлім жазасына кесіледі. Үкімді орындаушылардың көбісі қытай коммунистерінің қатарындағы ұйғырлар екен. Олар



қолдары арттарына байланған қазақтарды Саяпіл даласына апарып шеттерінен бауыздап өлтіре бастағанда, Райымжан бой бермей кеткен соң, соны ғана басынан атып құлатқан. Қазақтарды әкеткенде сатырлатып атылған мылтықтардың дауысы әдеттегідей естілмеген соң, ел арасында «тірідей көмді» деген лақап тарап кеткен. Міне, бергі жақта атағынан ат үркіген, қызыл қырандардың назарында болған Райымжанның қазасы жөнінде қызыл қырандар отрядына осындай мәлімет келген екен. Бұл нәубеттен қаратайдың Әбдікерім болыстың батыр ұлы Шабдан ғана құтылып кеткен. Ол да кезінде «Алаш» ардагерлерінің қасында жүріп, солардың идеясына қаныққан ұлтжанды азаматтардың бірі болатын. Мұны партизан-жазушы Әди Шәріпов өзінің бір естелігінде жазыпты. Кеңес дәуірінде Лондонға барғанында осы Шабданды көріпті. Ағылшын әйеліне үйленген, екі қызы бар екен. «Мен Әбдікерімнің Шабданымын, мен тірімін!» деп айқай салған дейді ақын-жазушы Шекербану Рахметолдақызы өзінің жазған «Есте қалар есімдер» атты кітабында.

XIX ғасырда өмір сүрген ұлы ағартушылар Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейінгі дәуірде тарих сахнасына шыққан Алаш қайраткерлері Ресей империясының ыдырау кезеңіндегі туған ұлтының болашағы үшін саяси күрестері сол империяның белгілі дәрежеде тарауын жеделдетті. Алаш қайраткерлері, сонымен қатар, империяның отарлық формасының бір түрінен екінші үлгісіне ауысу кезеңінің куәсі болды. Осы қиын-қыстау, күрделі тарихи-формациялық кезеңде өмір сүрген Алаш қайраткерлері жанкештілікке, құрбандыққа баруға даярланды. Біле білсек, империяның бір аймақтары отарлаудың бір формасы екінші үлгіге ауысқан кезеңде тәуелсіздікке қол жеткізе алды. Балтық теңізі жағалауындағы республикалар, поляктар мен финдер алмағайып кезеңде, Ресей Империясы Кеңес Одағына айналған уақытта тәуелсіздігін жариялауға мүмкіндік алды. Оларға азаттық әперген, ең алдымен, сол аймақта өмір сүрген халықтың санасында елдік идеясының күштілігі еді. Яғни, халықтың тәуелсіздікке деген аңсарының биіктігі, оқыған азаматтарының, бостандық үшін күрескен қайраткерлер бірлігінің жоғары тұрғандығы деуге болады.

Қазақпен туыстас, тағдырлас түркі халықтарының біразы XX ғасыр басында Ресей империясында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерден кейін әрқилы тағдырды басынан кешті.

Қазаққа қарағанда олардың дені бүгінгі таңда тәуелсіз ел бола алмай қалды. Мысалы, соның ішінде татар, башқұрт, чуваш, алтай, хакас, тува, саха секілді халықтарды айтуға болады. Осы орайда Алаштың тарихи ролін көрсететін мынадай пікір келтіруге болады. Егер қазақ топырағында Алаш қозғалысы пайда болмай, Алаш қайраткерлері елдік үшін күреспегенде, Алтай мен Атырау арасындағы бүгінгі біртұтас Қазақстан да шаңырақ көтермес еді. Қазіргі Қазақстан – Кеңестер Одағынан бөлінген Қазақ ССР негізінде пайда болған мемлекет те, ол – өз кезегінде Алаш автономиясының аумағында құрылған Республика. Яғни, осы күнгі Қазақстан Республикасы – Алаш автономиясының мұрагері. Бұл фактіні жоққа шығара алмайтынымыз қанша шындық болса, оның бірінен-бірі туындайтын мұрагерлік жолын зерттеу керектігі сонша қажет деп санаймыз. Жоғарыда аталған түркі халықтарында Алаш секілді саяси-ұлттық қозғалыстың күшті болмауынан, немесе жоқтығынан, олар әуелі жеке одақтас республика құра алмады, кейін одақ ыдырағанда тәуелсіз мемлекет ретінде шаңырақ көтермеді.

Алаш жолы, Алаш ұстанымы дегенге қысқаша қайыру қиын. Сонда да біздің айтарымыз: Алаш жолы – қазақ ұлтын және тәуелсіз қазақ мемлекетін сақтау жолы. Мысалы бүгінгі таңда ұлттық сипатта мемлекет құрған Жапон мен Оңтүстік Корея елдерінің жолы да – бір қарағанда, Алаш жолы дей аламыз. Егер Жапон мен Оңтүстік Корея өз елдерінде мемлекеттік институттарды құруда, мемлекет ісін жүргізуде туған топырақтан өрбитін ұлттық салт-дәстүрге негізделген құндылықтарға, сол елде тұратын титулдық ұлттың мүддесіне берік болса, сол секілді біз де осы ділгір мәселеде қатал болуымыз керек. Заманында Алаш арыстары Жапон елінің даму жолын бекер таңдамағаны да белгілі.

Алаш қозғалысының бастауында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, Б. Құлманов, М. Дулатов т.б. тұрғандығын ұмытпағанымыз жөн. Олар, біздің ойымызша, ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы аға буын өкілдері де, Мұстафа Шоқай осылардан кейінгі буынның көрнекті өкілі. Оның эмиграциядағы 20 жылға жуық күреске толы өмірі ұлтымыздың азаттық идеялары тарихындағы аса бір жарқын беттер. Міне, Мұстафа Шоқай сол «Алаш» идеясын өзімен бірге сақтай жүріп, Еуропа төріне дейін жеткізді. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы

ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді.[4]

Қорыта айтқанда, «Алаш» қозғалысының елдік идеялары ғалымдар тарапынан әлі де зерттеліп, жас ұрпаққа ұлтжандылықтың озық үлгісі ретінде танытар уақыт алда. «Алаш» тарландарының тағылымы тарихпен бірге жасай берері даусыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 бет.
2. «Қайран елім», 308-бет, 2016 жыл, Алматы, «Сардар» баспасы.
3. «Таңжарық тағылымы» 2003 жыл, Алматы, «Көркем» баспасы 244-бет.
4. Назарбаев Н.Ә.Тарих толқынында. - Алматы, 1999. 172-173 бб.

## **НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ**

**Ибрайымов А.,**

*эл Фараби атындағы ҚазҰУ  
Журналистика факультетінің  
I курс студенті*

**Ғылыми жетекшісі:**

**ф.ғ.к.,доцент Ғ.МАЙКОТОВА**

Қазақ қоғамында маңдайына біткен асыл ер-азаматтермен қатар, елі үшін жан беруге даяр қаракөз қыздарымыз да кенде қылмаған. Сонау ерте заманнан бері аттары бізге мәлім-Томирис, Зарина сияқты патшайымдарымызбен қатар, жаугершілік заманда өз ағасының сауытын киіп жауға қарсы ұмтылған Гауһар, Ақбикеш, Назым сияқты апаларымыздың еңбегі де ерен. XX ғасырдың басында да қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздік жолының күрес жолында, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайреткерлерін шығарды. Ел арасында өз дарынымен, асқан білімділігімен, рухани парасаттылығымен суылырып

шыққан асыл ер-азаматтардың арасында да қаракөз қыздарымыз да ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмірдің жанашырларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Соның бірі, қазақтан шыққан тұңғыш журналист қыздарының бірі-Нәзипа Құлжанова еді.

Шын мәнінде, олар өмір сүрген ХХ ғасырдың басында ақылды адамдарды қажет еткен әрі осыған орай өзінің ойлау, болжау қасиеттері айырықша, энциклопедиялық білімді, талғамы мен талғамдары жан-жақты алыптардың дүниеге келтірген дүбірлі заман еді.

Нәзипа Сегізбайқызы да дәл осындай дүбірлі заманда алдыңғы шепте жүрген қазақ қыздарының бірі болған еді. Себебі, 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітіріп, сол жылы Торғайдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесінің мұғалімінің көмекшісі қызметін атқарады. Кейінен Орынбордағы екі жылдық мұғалімдер мектебін аяқтаған. Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан ол 1913 жылы [Орыс](#) география қоғамының [Семей](#) бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады. 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырады. 1915 жылы 13 ақпанда Перттроградтағы [мұсылман](#) ауруханасы мен мұқтаж [қазақ](#) шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кеш ұйымдастырады /1/. Нәзипа екі ірі мәдени шараны ұйымдастырды деп саналады. Аталған шара «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің назарына ілікті. Нәзипаның әдеби-сазды қайырымдылық кештерін ұйымдастыру тәжірибесі ұлттық театр құрылуына баға жетпес үлес қосты. Өзі атқарған істерінде Нәзипа үнемі жастарды тәрбиелеу мен халықты мәдени сауаттандыру тақырыптарын қозғап отырды. 1923 жылы ол «Қызыл Қазақстан» журналына ауысады да, журналистика мен әдеби-аудармашылыққа бет бұрады. Екі тілді жетік білген Нәзипа Құлжанова аудармаға бет бұрады. Атап айтқанда В.Г.Короленко мен Б.А.Лавреневтың кітаптарын аударды, кейде қазақшадан орысшаға да аударды. Нәзипа қазақ және орыс халқы арасында Абайдың поэтикалық шығармашылығын алғаш насихаттаушы болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық ай» («Безветренная ночная луна») өлеңдерін орысшаға аударды. Соңғысының аудармасы 1915 жылы «Сибирский студент» журналында басып шығарылған

болатын. «Жаңа мектеп» (бүгінгі «Қазақстан мұғалімі») журналына талантты қайраткердің аудармаларын да жарияланған. Мысалы, М.Горькийдің «1905 жылғы январьдың тоғызы күні», А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсер», Б.Лавреневтің «Қырық бірінші» шығармаларын атауға болады.

Қазақстанда алғаш көзі ашық қазақ әйелі ретінде, Нәзипа әйелдер қозғалысының дамуына үлкен үлес қосты, әйелдердің қоғамдағы ұстанымдарының белсенді болуын қолдап отырды. Нәзипа Құлжанова бірінші Шығыс әйелдері съезінің ұйымдастырушылары қатарында болды.

Оның жазған мақалары да бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймай келеді. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты әдістемелік кітапты жарыққа шығарады. Бұл кітапта әр елдің балалар бақшасын өз көзімен көргенін баяндайды. Мысалы, Италиядағы балалар бақшасы жөнінде кішкене үзінді келтірейін: «Бұл айтылған кішкене дүниенің иелері– балалар, фабрикаға кеткен жұмысшылардың балалары. Тап қазір жуынған, аппақ алжапқыштары бар, аяқтарында жеңіл туфли (кебіс), бәрі жұмыс істеп жүр. Әрқайсысының арналған үстел, орындығы бар, көңіл сүйген жұмысын істейді. Біреу биік қорған жасайды, біреу түрлі-түсті қарындаштармен сурет салады, кейбіреуі бөлек-бөлек кеспе әріптерді қосып сөз шығармақ болып тырмысып жатыр. Бірнеше кішкентайлары тақтай үстінде ойнап отыр. Басшы әйел жайымен келіп, бірінің жасаған қорғанын мақтап кетеді, бірінің сұрағына жауап береді, бірінің шақырғанына барып, керегін айтып беріп, тағы біреуі керек қылғанша бір бұрыштағы өз орнына барып отырады. Бұл айтылып отырған–Италия үкіметінің мектепке жасы толмаған жас балаларды тәрбиелейтін «баланың үйі» деген орны» /2/. Яғни бұл мақалада әр елде «балалардың үйі» қызмет жасайтынын атап өткен. Олардың не істеп, не қоятынын, барлығы үйлеріне қайтқанда «амандық өлендерімен» қоштасатындығын жазған. Оқулықта Н.Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізсе, ұрпақ тәрбиелеуде зор үлесін тигізер еді деп санаған. Нәзипа Сегізбайқызы әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнау, [енбекке дағдыландыру](#), тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне

көңіл бөлді. Одан бөлек, «Міне, мәселен, үш жасар бала» атты мақаласында: «Күні бойы ойнауға шамасы бар. Ойын–оның шын тіршілігі. Көзіне көрінген, қолына түскен нәрсенің бәрімен ойнайды. Ат болады, түйе болады, шешесі болып ойнайды, не керек, еліктемеген нәрсесі қалмайды. Ойында ол өзінің сол ойын дүниесіне бүтіндей кіріп кетіп, үлкендер дүниесі мүлдем есінен шығып кетеді. Бір уақытта бұл ойын жалықтырады, басқа бір түрлі ойын тағы бастайды. Тапқыштығы адам таңқалатындай. Үш жасар көбінесе жалғыз ойнайды. Кей-кейде ғана екеу-үшеу болып ойнайды. Көппен бірігіп ойнауды ол әлі көтере алмайды. Шаршайтын бола бастайды. Төңірегіндегі бар нәрселердің өзіне қызықсызы ғана көзіне түсіп, ықыласын кейін тартады.

Үш жасардың бір мінезі– сөйлеуге жалықпаушылығы. Ойыны сияқты, сөздің де түбі жоқ. Ұзақ-ұзақ әңгімелер айтады. Әңгімесінің буындары, әрине, кішкентай келеді. Біреудің айтқан әңгімесін тыңдауға, ертегі тыңдауға және һәм ықыласты. Тынымсыз қимылының бәрі сөзбен жалғас жүреді. Әр нәрсені жеке-жеке айтуға көңілді. Көпті біріктіріп, қысқартып айтуға шамасы жоқ» /3/. Яғни бұдан байқайтынымыз, үш жасар баланың тек қана ойынмен ғана емес, сөздан де жалықпаушылығы баланың дамуына өз әсерін тигізеді деп ойлаған. Нәзипа Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түр-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтады. Ресейдегі ата-анасынан айырылып қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі» (приют), үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санады.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек. Себебі, мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Нәрсенің түр-түсін тану», «Дененің қимылын түзету», «Шеберлігін көтеру», «Баланың білімін арттыру», «Бала тілінің шеберленуі», «Еңбекке машықтандыру», «Әдемілік сезімін көтеру», «Көпшілік және еңбек» деп бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, сипаттама береді.

Қазақ елі тәуелсіздіктің таңы атқанына ширек ғасырдан асты. Осы уақыт аралығында қазақ жерінде Нәзипа Құлжанова арман еткен көптеген балалар бақшасы өз жұмысын бастады. еді. Алайда қазіргі қазақ қоғамында бұндай кітаптардың сирек болуы қынжылтары белгілі. 1923 жылы жарыққа шықса да өз маңызын жоймайтын теориялық та, тәжірбиелік құндылықтары ешқашан да жоймақ емес. «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбектің бірі деп толық айтуға негіз бар.

Қазіргі қазақ қоғамындағы бала тәрбиесіне көптеп көңіл бөлінді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік "Балапан" бағдарламасы қабылдады. Соның нәтижесінде қазақ жеріндегі балалар бақшасының саны күрт өскендігі көңіл қуантады.

Қорытып айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы қазақ қоғамына тигізген пайдасы мол. Әсіресе, мектепке дейінгі бала тәрбиелеу үшін қосқан еңбегі зор. Себебі, сол заманның өзінде елеулі жаңалық болған, бүгінде жарты ғасырдан асса да, өз маңызын жоймай келе жатқан «Мектептен бұрынғы тәрбие» әдістемелік кітабын жазып қалдырды. Одан бөлек Нәзипа Құлжанованы тек қана журналист қана емес, аудармашы екеніне де көзіміз жетті. Жоғарыда айтып өткендей қазақтың маңдайына біткен асыл қыздарымыздың бірі болды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тілешов Е, Қамзабекұлы Д, «Алаш қозғалысы»-Алматы, «Сардар» 2014 ж. 283 б.
2. Негимов С (құр.), «Нәзипа Құлжанованың шығармалары»-Алматы, «Ана тілі» 2014 жыл. 19-20 б.
3. Негимов С (құр.), «Нәзипа Құлжанованың шығармалары»-Алматы, «Ана тілі» 2014 жыл. 25-26 б.

## АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

*Қастай Д.,*

*ал –Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Журналистика факультетінің студенті*

**Ғылыми жетекшісі:**

с.ғ.д., профессор Сұлтанбаева Г.С.

Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының азаттығы жолына арнаған казактың біртуар ұлдары: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы – Алаш қозғалысын ұйымдастырудағы аса көрнекті тұлғалар ретінде тарихта қалғаны белгілі. Империялық жүйені қиратып, Кеңестік биліктің көсемдері В.И. Ленин, И.В. Сталин ресми мойындаған Алашорда автономиясын құру – әлі бізге беймәлім талай құпия сырларды бұғып жатқандығына ешбір пенде күмән келтіре қоймасы сол дәуірлерде анық еді. Өйткені большевиктер қарулы көтеріліспен билікті басып алған сәттен бастап орыс шовинизміне қарсы шет аймақтағы ұлыттық потенциалды зияткерлік күштердің барлығына бірдей жойымпаздық жоба дайындығына шындап кірісті. Бұл ретте сол кездегі Ресей империясының қол астында болып келген ұлыттардың күн тәртібіндегі ең өзекті мәселесі – дербес автономияға қол жеткізу, сонан соң толық тәуелсіздік жолында жан-тәнімен күресу еді. Ал ғасырлар бойы халқымыз армандаған саяси автономияға қол жеткізу – оңай шаруа емесі белгілі. Өйткені патшалық империя Қазақ Даласында ұлыттың мемлекеттік билігіне тән белгілер мен нышандарды түгел жойып жіберген еді. Осы ретте Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы ұлыттық мемлекеттік билік жүйесінің негізі қандай болу керектігі жөнінде, неден бастаудың, істің тетігін қалыптастырудың саяси-әлеуметтік, экономикалық-шаруашылық, рухани-мәдени кешенді бағдарламасын әзірлеуге ұйытқы болды. Және осы бағытта әлеуметті саяси-рухани ағартушылық бағытта дайындауға барынша алаш зиялыларын белсенді әрекет етуге жұмылдырды.

Әлбетте, көшпелі қазақ қоғамында мұның бәрі оп-оңай шешіле салар іс еместігі түсінікті жәйт. Көшпелі қазақ қоғамдық



пікірін қалыптастырып, рухани ағартушылық бағытта ел-жұртты дайындауға азын-аулақ оқығандарды бір ортаға топтастыру қажет еді. Бұл идеяны орындауға 1911–1913 жылдары Ордада, кейін Оралда Елеусіз Бұйраұлының (Бұйрин) редакторлығымен жарық көрген "Қазақстан" газеті мен Тройцкіде Мұхамеджан Сералиннің басшылығымен 1911–1915 жылдары басылып тұрған "Айқап" журналы зор күш жұмсады. Бұл екі басылым бұған дейінгі тәуекел еткен бастамалардың заңды жалғасы болып қана қойған жоқ, шығармашылық, ұйымдастырушылық сыннан сүрінбей өткен, жан-жақты тәжірибе жинақтаған үлкен мектеп, жіберген кемшілік пен қате басып, дағдарған, есепке алып, санаспаған сыртқы күштердің қақпаны мен тұзағынан шығудың әдіс-тәсілдерін меңгерген, алдын ала сақтану шараларына мүмкіндік берген, сабақ болды. Сондай-ақ 1907 жылы империяның астанасы Петерборда "Серке" атты газеттің жарыққа шығар шықпаста ресми билік тарапынан "орыс пен қазақ халқы арасына от жағып, ұлыт араздығын туғызғысы келді" деген желеумен жабуы, 1905–1907 жылдар аралығында Оралда Камил Тухватуллиннің басшылығымен жарық көрген "Фикер" газетінде қаламы шындалған қазақ зиялылары "Қазақстан" газеті мен "Айқап" журналында ұлыттық сананы қалпына келтіру мақсатында тарихи танымдық, рухани ағартушылық сипаттағы публицистік жанрдағы мақалалар жазуға, мәселе көтеріп, қоғамдық пікір туғызуға, әлеуметті отаншылдық мүддеге ұйыстыруға мақсатты дайындады. Әсіресе "Айқап" журналы төңірегіне топтасқан қазақ оқығандары ұлытты рухани ағартумен қатар билікке саяси талаптар қоюға, отарланған жерге, нулы-сулы, шұрайлы аймақтағы байырғы халықты күшпен шөлді, құнарсыз ортаға ығыстырып тастаудың себеп-салдарын заңдық, құқықтық нормаларға, гуманистік, моральдық тұрғыдан қайшылық туғызатын өрескелдік екенін айыптаған, қазақтың дауын өркениетті жолмен шешуге әрекеттеніп, зерттеп жазған мақалалар шығаруға машықтана бастады. Бұл қазақ журналистика тарихындағы елеулі белес болатын. Аталған алаштың көсемсөз шеберлері ілгері дәуірде өткен билер институтының ірі өкілдері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты қоғамдық пікірді қалыптастыру, ұлыттық билікті жаңғырту жолында заманның ыңғайына сай, дәуір үні ана тіліндегі төл мерзімді баспасөзді дамыту, сол арқылы рухани ағартушылық, саяси-әлеуметтік дербестік пен еркіндікке жетуге

жетелеген шығармашылықты қайраткерлікпен ұштастырып, елдің көзін ашып, көкірегіне сәуле түсіретін күрес құралы дәрежесіне айналдырды. Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық еткен "Қазақ" газетінің 1913 жылы 2 ақпандағы тұңғыш шыққан санында "Құрметті оқушылар!" деп аталатын бас мақаласында: "Заманына қарай амалы" деген сөз бар. Мұның мағынасы – заманның түріне қарап іс істеу. Төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді, түбі қандай белгісіз, не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма?

Болмаса дауыл боп соғып, үйімізді жығып, общинамызды шашып тастар ма? Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып, шашылып, қамсыз жатқан халықпыз. Күннің не боларына көзіміз жетпей тұр. Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйлеріміз қирамай, общинамыз шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі газет..." Ахмет Байтұрсынұлы қорғансыз ұлытының болашақ тағдыры алаңдатып, көңіліндегі күмән мен күдікті ел-жұртының сана-сезіміне әсер ететіндей пернелеп, табиғаттың дүлей күшімен егіздеп жайып салуы – газетті шығарудағы мақсаты нан тауып, қарынның, құлқынның қамын ойлау емес, қазақтың хал-жағдайын толғанудан туған азаматтық арының сөзі, ішкі қамқорлық ізгі ниеті еді. Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан туған көсемсөз мақалалардың дені ұлыттың өзекті мәселесін, ащы шындығын жазғанда жүректен жүрекке жетіп, миына құйыла қалатындай қазақтың түйсіну қабілетіне лайық аллегориялық тілмен, көз алдына елестетін визуалдық танымына сай суреткерлік шеберлікпен, әсерлі жеткізуімен, креативтілігімен ерекшеленеді. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық осы ерекшелігі сол дәуірдегі замандас, қанаттас өмір сүрген Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы қаламынан да танылатын басты ерекшелік. Бұл патшалық империя тарапынан аса саяси сенімсіз тұлғалар ретінде басқан ізі, жазған сөзі бақылауға алынғандықтан "андушыларын" адастыру мақсатында цензураны оралып өтуді әбден машықтанған кәсіби шеберлік қыры десек артық айтқандық емес. Сонымен жоғарыда Ахмет Байтұрсынұлы империяның отарлау саясатын "төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді, түбі қандай белгісіз, не боларын

білмейміз" деуіндегі гәптің сыры осында еді. "Болмаса дауыл боп соғып, үйімізді жығып" дегенде ауыспалы кең мағынасында "киіз үйі, яки қаперсіз қазақ елін" империяның дүлей күші төңкеріп кетпеуіне қарсы сақтығы болатын. Бүгінгі замандас ағаларымыздың бірегейі, ақын Есенғали Раушанов өзінің газет тілшісіне берген сұхбатының бірінде әдеби үдеріске қатысты "Неге Кеңес өкіметі тұсында көп нәрсе жасалынды?" дегенге келсек, есік жабық болса, кіргің келіп тұратыны сияқты, қаншалықты қарсылық күшті болса, соншалықты ұмтылу мен құмарту көп болады.

Қорыта айтқанда, Алаш қайраткерінің қаламынан туындаған публицистикалық еңбектердің басты **басты мақсаты** – қазақтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту, халықты надан емес, оқыған, сауатты жұрт қылу; өзінің салт-санасын нығайтып, басқа жұрттардың тұрмысынан сіңген салт-дәстүрлерден айырылу; дін жолындағы діни салттар мен қазақтың ұлттық салт-дәстүрін арақатынасын көрсету болды. Және аса зор, жауапкершілігі басым сол міндетті тәуелсіз ұрпақ мәңгілік назарында ұстамақ.

## **АЛАШ ПУБЛИЦИСТЕРІНІҢ БІЛІМ, ҒЫЛЫМҒА КӨЗҚАРАСЫ**

**Құмар Ә.,**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің 4 курс студенті*

**Ғылыми жетекшісі:**

филол. ғ.к., доцент **ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА Р.С.**

Алаш публицистерінің басты мақсаты – тірегі мықты, дербес мемлекет болып, халықты бір ту астына біріктіру болды. Ондай ел болуы үшін басты талаптың бірі – көкірегі ояу, көзі ашық, білімді ұрпақ пен халықтың сауатты болуы. Қазақ жастарының сауатын ашып, газет-журнал арқылы халықты бір арнаға тоғыстырып, ел басқару – алаш зиялыларының өздеріне жүктеген міндеті іспеттес еді. Сол негізде Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, т.б. қазақ зиялылары көп еңбек атқарды. «Қазіргі біздің қаруымыз – қалам» деген ұстанымды алға тартқан Әлихан Бөкейханов қару ұстап

ашық алаңға шықпай-ақ, біліммен бәрін жеңуге болатындығын алға тартты.

XX ғасырдың басындағы баспасөздегі басты мәселелердің бірі – мектептің тапшылығы, халықтың сауатының төмендігі болды. Кез-келген басылымдарда білім, ғылымға бағытталған арнайы мақалалар жарық көріп отырды. Мәселен, 1925 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Жаңа мектеп» журналы тек осы бағытқа бағытталған. Одан бөлек «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, «Сарыарқа» газеті, жалпы, XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөздердің басым бөлігінде осы мәселе көтеріліп, халыққа білім, ғылым кеңінен насихатталды. Тіпті, арнайы оқу құралдыры жазылып, алғаш рет қазақ әліпбиі де осы кезде пайда болды.

«Айқап» журналының 1911 жылғы 2 санында жарияланған Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жазудың адам өміріндегі маңыздылығын, сауатсыз, қараңғы халықтың ғылым мен мәдениет өркендеуінен артта қалатындығын, сондықтан оқу-білімі жоқ, жазу-сызуы жоқ қоғамның «надандық құрсауында» болатындығын ашық жазып, «олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп, өз халқын ағартушылыққа шақырады. Ағартушылыққа шақыра отырып, қазақ қоғамын «қараңғылықтан оятуды» сауаттандыру ісінен бастады, ал сауатсыздықты жою үшін әліпби, әріп, жазу, оқу мәселелеріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Ахмет Байтұрсынов 1912 жылы тұңғыш қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығарылған.

Мағжан Жұмабаевтың басылым беттерінде жарық көрген «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Сауатты бол», «Әліппе», т.б. мақалалары да осы мәселені көтеріп, талқыға салады. Ол да халықтың сауаттылығын ашуды басты орынға қояды. Оның дәлелі 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» кітабы. Бұл еңбегінде балаға білім беру үшін, әуелі тәрбиенің берік болуы керектігін айтады. Сонымен қатар көптеген орысша сөздерге қазақша атау беріп, термин сөздердің түсіндірмесін жасаған.

1923 жылдан бастап Халел Досмұхамедұлының басшылығымен Ташкентте шығарыла бастаған «Сана» журналы әдебиет, ғылымға, білім беруге бағытталған. Журналдың алғы сөзінде Халел Досмұхамедұлы: «Журнал шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау» дей келе, журналдың негізгі 8 мақсатын жіпке тізгендей атап көрсетеді. Оның алғашқы мақсаты – ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру болса, кейінгілері қырғыз-қазақ жұртының тарихымен, салт-дәстүрімен таныстыру, т.б. міндеттерін атап көрсеткен. Сонымен қатар, «Білім таратып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін – мектеп. Сондықтан мектептің тарихы, түрлері, түзілісі, оқу-оқыту реттері, мұғалімдердің, шәкірттердің жай-күйі туралы, оқу құралдары, кітаптары туралы толық баяндама беріп тұру» деп жазады. Сана журналында арнайы «Мектеп бөлімі» деген айдар болған. Ол жерге қазақ даласындағы мектептің жай-күйі, тыныстіршілігі, жетістіктері мен кемшіліктерін жазып, мұғалімдер мен шәкірттерге бағыт-бағдар беріп отырған.

Асхат Сайдалиннің 1924 жылы «Сана» журналына жарияланған «Гүбірнеде халық ағарту ісі» мақаласында: «Халық ағарту жайлы қолымыздағы бар мағлұматтарды пайдаланып, 1900 жылдардан бастап қазіргі уақыттағы халімен таныстырып, қалай жүріп жатқанын қысқаша да болса жазып өтуді мақұл таптым» деп жазған. Асхат Сайдалиннің мәліметінше, 1900 жылы барлық мектептердің саны – 113 болса, бұл мектептерде оқыған балалардың саны – 5448 болған. 1924 жылы орыс мектеп саны – 316, ондағы оқушылардың саны – 23847, мұғалімдердің саны – 596 болған. Ал қазақ мектептерінің саны – 193, оқушылар – 6944, мұғалімдердің саны – 270 құраған.

Қорыта келетін болсақ, XX ғасырдың басындағы Алаш зиялылары қандай еңбек атқарса да, халықтың көзі қараң, құлағы керең болса, еңбектерінің еш кететінін біліп, білім, ғылымға аса назар аударды. Дүйім жұрттың көзін ашып, қазақ елінің болашағы зор болуы үшін білімді ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бар күшін салды. Ол жайлы тек жазып қана қойған жоқ. Мәселенің мән-жайын ашып, оны шешуге тырысты. Сол жолда біраз еңбектер атқарды. Оқулықтар жазып, балаларға арналған өлеңдер мен шығармалар жазып шығарды. Мектептен бұрын сол мектепте білім беретін арнайы мамандардың тапшылығын алға тартып, одан құтылудың түрлі амалдарын қарастырды. Қарағылықтан шығатын жалғыз жол – білім екенін білетін

зиялылар соны халыққа түсіндірмекке бар күшін салды. «Оян, казак!» деп ұрандаған Міржақып Дулаовтың да көздегені осы еді. Алғашқы қазақ басылымдарында жарияланған мақалалар мен атқарылған істеріне, еңбектеріне қарап, алаш публицистерінің білім мен ғылымға көзқарасы оң болғанын, олар үшін оның көкейкесті мәселе болғандығын аңғарамыз.

## ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЗАҢГЕРІ

**Оспанова Б.,**

*Әл-Фарби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің 2-курс магистранты*

Алаш қайраткерлері туралы сөз қозғағанда ең алдымен Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсекөв, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков бастаған көптеген ХХ-ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының өкілдерін тілге тиек етеміз. Дегенмен, Алаш идеясын жүзеге асыруға қызмет етіп, қазақ елінің дербестікке қол жеткізуі жолында барын салған, алайда, есімдері көпшілікке беймәлім азаматтар да жетерлік. Анығырақ айтсақ, бұл тұлғалардың насихатталуы кенде қалып жатыр. Солардың бірі – Барлыбек Сыртанов. Ол қазақтың арасынан шыққан тұңғыш заңгер.

Мемлекеттік тарих – 1465 жылы Қазақ хандығының құрылуынан басталады. Сондықтан да қазақтың мемлекеті, территориясы, шекарасы, ата заңы, мемлекеттік санасы әуелден бар. Оған куә – Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Есім ханның ескі жолы мен Қасым ханның қасқа жолы. Бодандықтың бұғауын бұзып, азаттыққа ұмтылған Алаш қозғалысының алтын дәуірінде Әлихан Бөкейханұлының тапсыруымен заңгер Барлыбек Сыртанов «Қазақ елінің уставы» деп аталатын еңбек жазған. Бұл – жаңа заманға сай жазылған тұңғыш қазақ заңы еді.

Барлыбек Сыртанов 1867 жылы Жетісу губерниясы Қапал уезінің Арасан болысындағы Қарашоқыда дүние есігін ашқан. Барлыбектің арғы бабасы Қаптағай қол бастаған жаужүрек батыр әрі XV ғасырдағы Ақ Орда мемлекетінің ірі қайраткері болған. Оның батырлығы туралы ел аузында көптеген аңыз-әпсаналар айтылады. Тіпті, Қаптағай ныспысы – Найман тайпасының ұранына да айналған [1]. Барлыбектің бергі атасы Қадірәлі XVIII

ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Жетісу өлкесіне танымал от тісті, орақ ауызды ділмар, ердің дауын екі ауыз сөзбен шешкен атақты би болған [2]. Өз әкесі Сырттан кезінде жұртына жақсы танымал болған адам. Ол жиі-жиі шынжыр балақ, шұбар төс төрелерге, патша чиновниктеріне қарсы шығып, әлеуметтік және саяси қанауға батыл наразылық білдіріп отырған [3].

Тектінің ұрпағы деуге сайып келетін Барлыбек Сыртановты әкесі Сырттан батыр оқуға деген ынтасы жоғары ағасы Тұрлыбек екеуін 1877 жылы Верный қаласында ашылған ерлер гимназиясына оқуға береді. Тұрлыбек сырқатына байланысты гимназияның 4 класын бітірісімен Алматыдан кетіп, Ресейдің Шәуешектегі консулдығында тілмаш болып қызмет атқарады. Ал, Барлыбек негізінен байлар мен ақсүйектердің балалары ғана оқитын гимназияда өзінің білімге деген құштарлығының арқасында озат оқушы атанады. Ол алғырлығының арқасында гимназияны 1886 жылы үздік бітіріп шығады. Мектеп директоры Д.Новак шәкіртінің оқуға деген таудай талабын байқап, Жетісу облысының губернаторына Барлыбектің оқуды университетте жалғастыруы үшін қаражат бөлуін сұрайды. Жетісу әскери губернаторы өтінішті қабыл алып, Барлыбек Сыртановқа арнайы стипендия тағайындайды [4]. Барлыбектің білім іздеп бара жатқан бұл үлкен сапар туралы М.Тынышпаев: «... Сондай қиыншылықта Жетісу деген бір түкпірден қазақ көрмеген я естімеген жерге Барлыбек марқұм жарық дүние көруге, кейінгілерге үлгі болып, жол көрсету үшін жалғыз кетті», – деп жазған болатын [5].

Барлыбек Сыртанов 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі. Барлыбектің тұсында Санкт-Петербуркте оқитын Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров, Бақтыгерей Құлманов, Жанша Сейдалин секілді қазақ жастары «Жерлестер» атты ұйым құрады. Олар кейінгі келген қазақ студенттеріне қол ұшын беріп, әрдайым бірге бас қосып, сол кездегі революциялық мазмұндағы еңбектер мен астыртын әрекеттерді талқылайды. Қазақ даласында мәдени-ағартушылық ісін қолға алу туралы бір-бірімен пікір алмасады.

Барлыбек Сыртановтың саяси сана-сезімінің өсіп жетілуіне 1886-1887 жылдарды Санкт-Петербуркте болған саяси оқиғалар орасан зор ықпалын тигізетді. Мысалы, 1886 жылы қалада болған тоқыма саласында істейтін жұмысшылардың дүмпуі (стачкасы)

студенттерге өлшеусіз рух беріп, олардың саяси белсенділігін арттыра түседі. 1887 жылы Петропавл қамалында студент Н.Ветрованың зорлық-зомбылыққа қарсы наразылық ретінде өзін-өзі өртеуі бүкіл Ресей империясының барлық университеттерінде студенттердің толқуына себеп болады. Сонымен қатар, 1887 жылы III Александр патшаға қарсы А.Ульянов және басқа революционерлердің жасаған қастандық әрекеттері жастарға көп әсерін тигізеді. Олардың халық үшін өлімге бастарын тіккен айбатты, нағыз патриоттық қасиеттерін бойына сіңіреді. Жалпы Санкт-Петербург университетінің тамаша революциялық және ғылыми дәстүрлері Б.Сыртановтың сана-сезімінің оянуына өлшеусіз із қалдырады, күллі өмірін халық игілігіне жұмсауға тікелей себепкер болады. Университет қабырғасында ол дүние жүзіне әйгілі Розен, Жуковский, Березин, Веселовский сияқты оқытушылардан дәріс алады, олардың шығыс халықтары хақында және көшпелі қазақ қоғамы туралы жазған еңбектерінен тамаша мағлұматтар алады. Ал, 1890 жылы университетті шығыстану факультетінің араб-парсы және түрік-татар тілдері мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітіріп шығады [6].

Оқуын үздік аяқтаған Барлыбек Сыртанов 1891 жылы Ташкент қаласында Түркістан генерал-губернаторының қазыналық палатасында столоначальник болып қызметке қабылданады. Жетісу әскери губернаторлығының облыстық басқармасында 1894 жылы іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, кейін ерекше тапсырмалардың кіші чиновнигі қызметін атқарады. Барлыбек Сыртанов Ресей патшалығының билік жүйесінде қызмет еткенімен орыс чиновниктерінен және қазақ бай-манаптарынан жәбір көрген қарапайым халықтың құқығын қорғайды. Заңның мүмкіндігін, қала берді өзінің беделін салып жүріп талай қазақ-қырғыздың кеткен ақысын қайтарып береді. Бұл жөнінде М.Тынышбаев: «Теңдікке қолы жетпегендер Барлыбек, Тұрлыбекке жылап келіп, теңдік алып, мауқын басушы еді, еш кімді я жылатып, я жылатпауға Барлыбек, Тұрлыбек себепкер болған емес. Бұлай болған соң бүгін бір облыс орыс-қазақ-қырғыз Барлыбек, Тұрлыбектің сөзінен еш уақытта шыққан емес», – деп жазған еді [7].

Шенеунік қызмет атқарып жүріп халқына шарапатын тигізген Барлыбек Сыртанов Жетісу өлкесінде зор абыройға ие болады. Оның айтқанына қараша түгілі орыс ұлықтарының өзі бас иетін.



Барлыбектің үлкен атақ-абыройға ие болғанын айтыскер ақын Шашубайдың: *Арқада мен айтайын салдығымды, Мұнда келсе айтайын бек, төре, хандығымды. Ашулансаң аспанды тастап жібер, Сен де аянбай қимылда барлығыңды. Барлыбек, Тұрлыбекпен аман болса, Жандарал да бұзбайды жарлығымды,* – деген жыр жолдарынан да аңғаруымызға болады [8].

Барлыбек Сыртанов Қазақ халқының мұсылманшылықпен қатар еуропалық біліммен қаруланбайынша болашағы бұлыңғыр екеніне көз жеткізіп, Жетісудағы ағарту ісіне де белсене араласады. 1909 жылы Қапалда Сейтбаттал Мамановтың қазақ балаларына арналған мектеп салуына қаржы бөлуіне өз тарапынан ықпал еткен еді. Халық арасында беделі зор болған Барлыбек Сыртановтың сөзін жерге тастамай С.Маманов, кейінірек Тұрысбек, Есенкүл Маманов «Мамания» мектебін салып, қазақ жастарына үлкен қамқоршы болған [9].

Сонымен қатар, Барлыбек Сыртановтың тікелей көмегімен бір топ қазақ жастары Верный қаласының ерлер гимназиясына қабылданады. Мәселен, Мұхаммеджан Тынышбаев, Садық Аманжолов, Базарбай Мәмбетов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Қанай Боранбаев, Ораз Жандосов, Жұбаныш Бөрібаев, Ысқақ Дүйсенбаев сияқты азаматтар осы оқу орнын бітіріп шыққанын екінің бірі біле бермейді. Мысалы, Барлыбек Сыртанов Мұхаммеджан Тынышбаевты оқуға аттандыру сәтінде: «Жолың болсын, балақай! Қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының көбеюі өте қажет. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Қараңғы қазақтың күні қараң, осыны зердеңе сақтап жүр», – деп өсиетін айтады [10].

Столыпиннің жер реформасы кезінде Қазақтың шұрайлы, сулы-нулы жерлері күшпен тартып алынып, орыс қара шекпенділеріне беріле бастағанда Барлыбек Сыртанов бұл басқыншылыққа үзілді-кесілді қарсы тұрады. Қазақ зиялылары бас қосқан 1905 жылғы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтармен бірге Барлыбек Сыртанов та Қазақ ұлтының жерге қатысты және өзгеде құқықтарын талап етіп Патшаға петиция жазады [11]. Сондай-ақ, Ресей мен Қытай билігі 1903-1907 жылдар аралығында шекара межесін қайта қарағанда Барлыбек Сыртанов бұл іске белсене араласады. Қазіргі Алматы облысының Қытаймен шекарасын белгілеуінде Барлыбек Сыртановтың да едәуір үлесі бар [12].

Жетісу өлкесінде жерді келімсектердің талан-таражға салып жатқан қимыл-әрекеттерін тоқтату үшін 1910 жылы 20-қазанда Ұзынағашта облыс қазақтарын жинап, кеңес өткізеді. Кеңесте өзі баяндама жасап, қазақ халқының жер тарлығынан көріп отырған зардаптарын айтып, патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелейді. «Ел-жұртым, – деді Барлыбек Сыртанов, – қара шекпенділер күннен-күнге біздің жерімізге қоныстануда, халіміз ауырлап барады, күн көру қиынға соғып жатыр. Жақсы жердің бәрі қара шекпенділердің меншігіне өтті. Жұртынан айырылған байғұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас. Ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен, аталарымыздан қалған жерімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Қара шекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу қажет», – деп халқына үндеу тастайды [13]. Жетісудағы қазақ-қырғыздың жер және өзгеде зар-мұңын талап етіп 1911 жылы Санкт-Петербургке барып, ұлықтарға шағым түсіреді [14]. Сол жылы Санкт-Петербургте қыстаған Барлыбек осындағы бай кітапхананың мүмкіндігін пайдалана отырып, Әлихан Бөкейхановтың өтініш айтуымен С.Б.Алашинский деген бүркеншік атпен Қазақ елінің алғашқы Конституциясын («Қазақ елінің уставы») жазып шығады [15]. Осылайша Петербург қаласында 4 бөлім, 28 баптан тұратын бүгінгі қазақтың алғашқы конституциялық заңын жазады. Бұл заң жобасы кейінірек Алаш партиясының бағдарламасына негіз болды. Дәл осы уақыт аралығында ауа-райы құбылмалы, жері сазды, тағаны зәй тартып тұратын бұл қала – оның денсаулығына кері әсер етіп, өкпесіне суық тигізеді.

«Уставтың» ең негізгі идеясы – Қазақстанды Ресей отарынан шығару және дербес, тәуелсіз мемлекет құру. Бұл идеяны ол төңкеріс жасау немесе қарулы күрес арқылы емес, керісінше парламенттік жолмен, съезд шақыру, халық сайлаған депутаттардың шешім қабылдауы арқылы іс жүзінде асыруды басты мақсат етіп қояды [16].

Елге оралғаннан кейін Барлыбек Сыртанов қарап жатпай «Айқап» журналына публицистикалық мақалалар жазып, Қазақ мүддесіне қызмет етуін жалғастырады. Мәселен, ол С.Б.Алашинский деген бүркеншік атпен жазған «Замана шалдары» атты мақаласында кәрі-құртаң 70-80-ге келген шалдардың өрімдей балиғатқа жаңа толған қыздарға үйленуін сынап фельетон жазады [17]. «Дала уалаятының газеті» газетіне «Алатау баласы» деген лақап атпен «Партия һәм низамсыз жинаған алым» деген

мақала жазады. Мұнда ол билік басындағы болыс, би, старшындарды сынайды. Бұл мақала алдымен орысша нұсқада жарияланады [18]. Ауылдардың өзін-өзі басқаруына қатысты «Ынтымақ ережесін» жазып, Бұқабай балалары бұл ережені тәжірибеде іске асырады. Сонымен қатар, Барлыбек Сыртанов Жетісу жерінен бұлақ көздері, минералды сулары бар жерлерге емдік, сауықтыру орындарын салу жұмыстарына да мұрындық болған. Қазіргі «Арасан», «Барлық-Арасан» санаторийлерінің ашылуы сол кісінің есіміне байланысты деседі [19].

Барлыбектің студенттік досы, қоғам қайраткері Б.Қаратаев: «Меніңше, жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдың, жалғыз сен ғана «халық үшін еңбек еттім» деп айтуыңа хақың бар», – деп оны жоғары бағалаған [20].

1914 жылы 26 қарашада 48 жасында Барлыбек Сыртанов өкпе ауруынан қаза табады. Сүйегі Қапалда қойылады. Барлыбек дүниеден өткенде С.Ғиясов: «Өткен ноябрь жұлдызының 26-сында Барлыбек Сыртанов қайтты. Бұл кісі бір тәкаппар адамның баласы еді... кішіпейіл, өтшіл, сөйлескенде сөзін таза қазақ тілінде сөйлейтұғын, турашыл һәм диндар бір адам еді. Бұл жақтағы елдің шаһбазы десек те болады», – деп қазанама жазды [21]. Сонымен қатар, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов 1914 жылы Барлыбек қайтыс болғанда оның ақжарқын, кеңпейіл мінезін, асқан білімділігін, парасаттылығы мен қарапайымдылығын еске алып, «Қазақ» газетіне естелік жазады: «1890-шы жылы мен Петербургке барғанымда, Барлыбек Петроград университетін бітірген еді. Барлыбек сол жылы жолдасы Ғабдолла Теміровпен...Петроградта тұрып қалды. Онда мен оқу қуалап, анда-санда болмаса, жақындасқан жоқ едім...»,– деп естелік жазды [22]. Шәкірті М.Тынышбаев қазанама-естелікте: «Барлыбек марқұм әлі келгенше қазақты ілгері бастыруға һәм жан-жақты қорғауға көп тырысты. Жұмысының алды, әсіресе, қазақтың жері еді. Бұл жұмыс үшін денсаулығын аямай жүріп, жөтелін ұлғайтып алды. Сол жөтел Барлыбекті алып кетті», – деп жазды [23].

Иә, Барлыбек Сыртанов елі үшін алты Алаштың жүгін арқалаған қаранар азамат еді. Қазақтың қамын жеген мәрттігі бір басқа, алдағы жүз жылдықты нақ аңғарып, сол үшін елеулі еңбектер жазып қалдыруы – сөз жоқ Барлыбек Сыртановтың елден асқан данышпан һәм көреген болғанын әйгілейді.

Бастарын қатерге тігіп, болашақ Қазақ елі үшін аянбай еңбек етіп, ғұмырларын еш ойланбастан жері үшін, елі үшін қиып кеткен Алаш арыстарының ғұмырлары текке кеткен жоқ деп нық сеніммен айта аламыз. Ата-бабадан аманат болып қалған қасиетті жерімізді ХХ ғасырдың басындағы қауіптен қызғыштай қорғап, халқымыздың бостандық алуына ауыздық болған бұл күрес ұмытылмақ емес. Ендігі кезек біздерде. Болашақты жарқын етіп, сол ата-баба аманатын орындап, рухын шаттандыру біздің еншімізде. Ол үшін Отанымыз Қазақстанның патриотты һәм білімді ұрпағы болуымыз шарт.

## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ УСТАВЫ

### Кіріспе сөз

Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шұбырынды», «алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астында жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күштіледі, қара шекпенділерді қапталты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды һәм айдалаға, құмға ығыстырылды.

Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хүкметі өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғары билік жүргізуді бүкіл қазақ және басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, ел үшін жанын беретін адамдар.

Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді.

## **I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында**

1. Қазақ елі халық билейтін хәм қазақи ерекшеліктері бар ел.
2. Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл хәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай хәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі.
3. Бұдан былай Қазақ елі Россиямен достастық, яғни доминион дәрежесіндегі қарым-қатынаста болып тұрады.
4. Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды.
5. Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ.
6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді.
7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің хәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады.
8. Қазақ елі Президентінің орынбасары – Вице-президент. Ол Президент жоқ болғанда орнын басады, бар кезде оның айтқанымен жұмыс істейді.
9. Қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын хәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады.

## **II. Адам баласының хұқы турасында**

10. Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон хәм құдай алдында жауап береді.
11. Қазақ елінде адам балалары бостандықта, теңдікте хәм бақытты өмір сүруге хұқы бар.
12. Қазақ елінде ер адам мен әйел теңді. Қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады.
13. Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына хәм партияларға кіруіне тыйым жоқ.
14. Нәсілдерді бір-біріне қарсы итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тыйым салынады. Кінәлілер законға жауапты.
15. Қазақ елінде соттың рұқсатынсыз адам баласы ұсталмайды, абақтыға қамалмайды. Ұсталғандарға сот 24 сағатта

хүкім беруі шарт, болмаса қамаудан босатылады. Законды бұзумен қамаған сот алдында сазайын тартады.

16. Қазақ елінде адам баласының хат-хабарын ашуға рұқсат жоқ. Рұқсат беру – соттың мойнында.

17. Адам баласының мүліктің барлық түріне ие болуға хұқы бар. Мүлікке ие болу, пайдалану һәм билеуден адам баласына зиян болмауы шарт. Мүлік хұқынан айыру законмен, құнын төлеу арқылы болады.

### **III. Қазақ жері турасында**

18. Қазақ жері оның меншігінде болады.

19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты.

20. Жердің кені, орман, су, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, үй салу, жерді өндеу һәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару хұкмет рұқсатымен болады.

### **IV. Сот турасында**

21. Сот билігі өз еркімен іске асады.

22. Соттың хұкімі законға һәм сот ережелеріне сүйенеді.

23. Суыяр дау шешкенде хұкметке яки адам баласына бағынбай, закон һәм сот ережелері негізімен хұкім шығарулары шарт. Судьяларға әсер жасағандарға соттың үкімі кесіледі.

24. Қазақ елінде бар судьялар Ұлт мәжілісіне өмір бойы сайланады. Законды бұзған һәм орындамаған судьялар орындарынан алынады.

25. Орнынан алуды адам баласының арызының негізінде һәм Қазақ елі сотының Председателінің хұкімімен Ұлт мәжілісінде көп дауыспен растайды. Олай болмаса, судья өз атына қайтарылады.

26. Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге хұқы бар.

27. Присяжный соты ауыр қылмысты істерді шешуге хұқылы. Присяжный саны 7 адам.

28. Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру хұқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады.

13 июнь, 1911 жыл, С.Петербург, С.Б.Алашинский [24].

#### Әдебиеттер:

1. С.Мұханов, Халық мұрасы, Алматы, 1994, 31 б.
2. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов, Алматы, 1996, 16 б.
3. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы, 1998,108 б.
4. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов, Алматы, 1996, 18-19 беттер.
5. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов. «Қазақ тарихы» журналы, 1995, №5, 66-67 беттер.
6. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы, 1998,110 б.
7. Бұл да сонда 111 б.
8. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов, Алматы, 1996, 26 б.
9. Бұл да сонда 30 б.
10. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы 1998, 115-116 беттер.
11. Н.Байгелова. С.Өзбекұлы. Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализмнің дамуы, Алматы, 2007, 65 б.
12. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы, 1998,112б.
13. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов. «Қазақ тарихы» журналы, 1995, №5, 68 б.
14. Прощение Б.Сыртанова. Барлыбек Сыртанов архиві. 1 том, 1-4 беттер.
15. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов. Алматы, 1996. 36 б.
16. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы, 1998,120б.
17. «Айкап» журналы. Құрастырғандар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. Алматы, 1995, 121-122 беттер.
18. «Дала уалаятының газеті». Құрастырушы: Ү.Субханбердина. Алматы, 1994, 590-593 беттер.
19. Ұмытылмас есімдер. Құрастырушы: Б.Ысқақов. Алматы, 1994, 222 б.
20. Барлыбек Сыртанов. Қазақ елінің уставы. «Әділет министрлігінің хабаршысы», 1994, №12, 35 б.
21. С.Өзбекұлы. Арыстары алаштың: тарихи очерктер, Алматы, 1998,117 б.
22. «Қазақ» газеті 1914». Құрастырушылар: Ф.Әнес, С.Смағұлова, Т.Замзаева. Алматы, 2009, 451-452 беттер.
23. С.Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов. Алматы, 1996, 118 б.
24. Барлыбек Сыртанов архиві. 1 том, 34-39 беттер.

## САРЫАРҚА ГАЗЕТІ – АЛАШТЫҢ ҮНІ МЕН ШЕЖІРЕСІ

**Жұмабаева Айбану**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Журналистика факультетінің 2-курс магистранты*

Сарыарқа газеті – 1917-1918 жылдар аралығында Семей қаласында жарыққа шыққан. Басылым сол кездегі Алаш партиясының органы ретінде саяси-қоғамдық мәселелерді көтерді. Газетте негізінен Алаш қайраткерлерінің, мәселен, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов сынды бірқатар тұлғалардың мақалалары жарияланды.

Газета «Сарыарқа» была опубликована в Семипалатинске в 1917-1918 годах. В то время публикация поднимала политические и общественные вопросы как орган партии Алаш. Здесь печатались публицистические статьи алашское деятели Ә. Бөкейханова, А. Байтұрсынова, М. Дулатова, Ж. Аймауытова, Х. Ғаббасова и многих других.

The newspaper "Saryarka" was published in Semipalatinsk in 1917-1918. At that time, the publication raised political and public issues as the organ of the Alash Party. Here were published articles by the Alashian activists Ә. Bokeyhanova, A. Baytursynov, M. Dulatov, J. Aymauytov, H. Sabbasov and many others.

XX ғасырдың басында қазақ халқы Ресей орталығының жүргізген отарлық саясатының қанауы мен езгісінен әбден жаншылып, жәбірленудің шегіне жетті. Сол қысылтаяң уақытта көш бастар көсемдердің көп алдына шығуы, олар дүниеге әкелген басылымдардың қазақ ұлтының көкейіндегісін дөп басуы заңды құбылыс болатын. Міне, осындай "Қазақ" газетінің ықпал-әсерінен елдік мұратты ту етіп дүниеге әкелген "Сарыарқа" газеті еді. «Буржуазияшыл – ұлтшылардың үні» деген атақ тағылып келген басылым Семей қаласында 1917-1918 жылдарда шығып тұрған. "Сарыарқа" газеті – қазақтың ұлттық қоғамдық-саяси жүйесіне тың серпіліс, жаңа леп әкелген басылым. "Сарыарқа" газеті қазақ баспасөз тарихында бағзыдан жетіп, үзіліп қалған мемлекеттік, ұлттық билік үрдістерді жаңа дәуірге сәйкес үйлестіріп, сабақтастырған, ұлттық автономия құруды кең



насихаттаған, сол арқылы дербес саяси елге айналуға үлес қосқан және Алашорда үкіметінің органы болды. Айтулы газетке алаш қаламгерлерінің барлығы дерлік шоғырланды. Ермекұлы, Бөкейханұлы, Тұрғынбайұлы, Райымжан Марсекұлы сынды қазақ оқығандары жазушылық қызмет атқарды. Газет тілшілері Ә. Бөкейханов, Х.Ғаббасұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Құнанбайұлы, Ж. Аймауытұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Биыхмет Серсенұлы, Мұхтар Әуезұлы, Әлімхан Ермекұлдарының көтерген мәселелері, жазған тақырыптары сан алуан.[1] «Сарыарқаға» басшылық жасаған - Халел Ғаббасұлы. Халыққа газет-журнал, кітап тарату мақсатын көздеп Семей облысының қазақ құрылтайында ашылған "Теңдік" серіктігі "Сарыарқаны" бастыру міндетін өз мойнына алды, "Теңдік" серіктігіне кірем деушілер жарнасын төлеп мүше болды. "Сарыарқа" газетіндегі қозғалған басты-басты мәселелер: "Оқу-ағарту", "Әдеби-мәдени", "Әлеуметтік шаруашылық", "Милиция құру", "Босқын қазақ-қырғыздарға көмек", "Әйел теңдігі", "Жер туралы", "Сайлау туралы", "Әскер қызметі туралы", "Бүкіл ресейлік Құрылтайға даярлық", "Автономия шарттары", т.б. Жалпы, "Сарыарқа" саяси бағытты ұстанған басылым болды. Әдеби шығармалар жоқтың қасы. Дегенмен, "Сарыарқа" газетінің шығуына орай ризашылықтарын білдіріп, құттықтау өлең жолдарын арнаған азаматтардың жыр жолдарын кездестіруге болады. Мәселен, Рахметтолла Елікбаев:

Заманыңда ұқпаған ел енді ұғар,

Сөзіңді гауһар таспен жазып қояр.

Көріңде рахат жоқта фиолсофым,

Балаларың Сарыарқаға қожа болар ![2] – деп, Абайдың халқының надандығын ойлап, күңіренгендігін тілге тиек етіп, "Сарыарқа" газеті қазақ халқының көзін ашар құрал болмақ деп құттықтауың газеттің №3 санында жариялайды. Сонымен қатар, осы екінші номерде Нұғман Төлетаевтың "Құттықтау" атты өлеңі жарық көреді:

Сәтіммен құтты болсын "Сарыарқамыз",

Артарлық өзімізде бар арқамыз.

Қысылып, қымтырылып, өліп едік,

Иншалла, кеңір енді тар арқамыз.[3]

Дүйсенбі Қалымтаев: "Ұйқы басып, еріншек асып жатқан ағайынды оятпақ болып, қара қазан, сары баланың қамын ойлап, көктен тілеген бостандықтың жерден табылғанын білдіріп, адамшылық қатарына сүйреп жеткізбек болып жатқан ардақты

азаматтарымыздың Алла тағала әр уақыт жолын қылып, халыққа ауыздарын дұғалы қылып, айтқанын қабыл алуға жазсын деп шын ниетпен қайырлы болсын деп дұға қыламын”[4]- деген алғыс пен құттықтау тілегін жеткізген. Халықтың мұң мен зарын, алаштың жай-күйін жеткізетін басылымның жарық көруін ел көп күткені анық. Бұл құттықтаулар мен ізгі тілектер соның айғағы.

”Газеттің басқа басылымдардан ерекшелігі – ”Сыртқы хабарлар“ айдары жұмыс істеді, яғни шетел жаңалықтарына зор мән берілді. Саяси қақтығыстар заманында қазақтың өз орнын айқындау үшін оның маңызы орасан болатын”[5]. Сыртқы хабарлар айдарымен жарияланған “Тағы бір патша тақтан түсті” атты мақалада Грек жұртының патшасы Константин тақтан түсіп, орнын екінші баласы Александрға бергендігі айтылады. Мақалада патшаның тақтан түсуіне не себеп болғандығы, халқы неге патшасын жақтырмағандығы егжей-тегжейлі баяндалып, мақаланы “ойлағандарға осы үлкен ғибрат” деп аяқтауы сол заманғы билікке қатысты айтылса керек. Сонымен қатар, ішкі хабарлар айдарымен ел ішінде шешімін таппаған мәселелер тақырып бойынша жарияланып отырды. Мәселен, “Ұзақ үміт” тақырыбымен “Өткен августте болған молла-мұғалімдер сиезінде курс аспаққа қаулы қылынып еді. Одан бері неше ай өтті, курс әлі ашылған жоқ. Бірақ, зиялыларымыз іске асырмай қоймас деген үмітіміз бар” деген сынды түйіткілді мәселелерді ел назарынан тыс қалдырмады.[6]

“Сарыарқаның” бетінде Ж.Аймауытұлы сияқты, елдің қамын ойлаушылардың мақалалары аз болмаған. Солардың бірі – Абай атамыздың бел баласы Тұрағұл Құнанбайұлы. Өз әкесінің ақындық өнерін болмаса да, адамгершілік, азаматтық рухын одан әрі жалғастырған Тұрағұл қиын-қыстау бұлыңғыр заманда туған халқының қажетіне жарауға, демеп отыруға күш салған. Оны Тұрағұлдың “Ел қамы” деген мақаласынан айқын аңғарамыз. Басылымда бұдан басқа Әлихан Бөкейханның, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың және тағы да басқа халқым деп күн кешкен бірталай абзал азаматтардың көптеген еңбектері жарияланған. Соның бірі, Шәкәрім Құдайбердіұлының “Сарыарқа” газетінің №35 санында жарияланған “Қазақша ай аты жоқ” атты мақаласы. Сол заманның өзінде кірме сөздердің ай, жыл атаулары арқылы тілімізге сіңісіп бара жатқанын, тіл мәселесін қозғаған өзекті мақаланың бірі. Сонымен қатар, Сарыарқаны Алаштың үнжариясы ретінде “Жас Алаш” деген бүркеншік есіммен

берілген “Бір сын” атты мақалада ”Бұл сайлау Алаш бағы жарысқа түскен сайлау. Атаққа, баққа қызығып сайланбақшы жігіттер болса, тасымызды салмалық. Керісінше шын қамқор жігіттеріміз болса, өткен һәм қазіргі заманда Алаш партиясына қызметі сіңген болса, жұрт жұмысын қолыңа ал деп ұсыналық” деп сайлаудың әділ өтуіне мұрындық болса керек.

Сарыарқа газеті Алаштың үні болуымен қатар, жер дауы мен жесір дауын басты назарға алған басылымдардың бірі болды. Мәселен, газеттің № 7 санында жарық көрген ”Жетім-жесірдің зары” мен “Жер туралы” мақалада: Жастай жесір қалып, әменгерлік салты бойынша күйеуінің інісіне атастырылған әйелдің көрген қорлығы мен екі бірдей баласына ағадан қалған тұяқ деп қамқорлық танытудың орнына жұмысқа жегіп, жауыздық көрсеткені туралы газет бетіне жарияланып, жас жесір мен балаларына араша болған “Сарыарқа” газеті болған. “Жер туралы” мақалада: “Жерсіз кім болса да өмір сүріп, күнелте алмайды. Жерден айырылған жұрт жұрттығын жойып, өшпей қалмайды. Мына болып жатқан қиямен қырғын соғыс жер үшін болып жатқан соғыс. Бұда ақырында жер алмай, жер бермей бітпейді[7]”. Осындай кең байтақ жеріміз бар деп масаттана бермей, игілігімен тиімді пайдаланайық және кім қандай мақсатта (егін салу, мал шаруашылығы) қолданып жатқандығы жөнінде есеп беруі қажет екендігі айтылады.

Қазақ ұлтының қалыптасуы жолында аянбай еңбек еткен Алаш арыстарының өлшеусіз еңбегі тарих сахнасында алтын әріппен жазылары сөзсіз. Сол Алаш арыстарының жанкешті еңбектерінің бірі де бірегейі осы “Сарыарқа” газетінің дүниеге келуі. Бір жылға жуық уақыт халық игілігіне қызмет етті. Дін мен тіл мәселесі, ұлт пен ұрпақ болашағы, Алаштың бір ту астына бірігуі, егеменді ел болуды көксеген арман-мақсаттары “Сарыарқаның” беттерінде тарих болып жазылды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алаш көсемсөзі: 10 томдық, Н.О.Омашев Алаш ұранды “Сарыарқа” 6-бет
2. Сарыарқа газеті 1917 жыл – 25 маусым, №3саны/ Рахметолла Елкібаев “Менің құттықтауым”
3. Сарыарқа газеті 1917 жыл – 25 маусым, №3саны/ “Құттықтау”өлеңі Нұғман Төлеғаев
4. Сарыарқа газеті 1917 жыл – 25 маусым, №3саны/ Дүйсенбі Қалымтаев
5. Алаш көсемсөзі: 10 томдық, Н.О.Омашев Алаш ұранды “Сарыарқа” 6-бет .
6. Сарыарқа газеті, 1917 жыл – 26 желтоқсан, № 26 саны “Ұзақ үміт”
7. Алаш көсемсөзі: 10 томдық, 78 - бет .

## Мазмұны

<i>Қалижанов У.Қ.</i> Әлихан және әдебиет.....	3
<i>Рамазан. А.Ә.</i> Азаттықтың жаршысы, Алашорданың үні – «Сарыарқа».....	9
<i>Қозыбаев С.Қ.</i> Этюды на полях.....	16
<i>Пірәлі Г.Ж.</i> XX ғасырдағы эпистолярлық мәдениет және интерпретация мәселелері (М.О. Әуезовтің Зоя Кедринамен жазысқан хаттары негізінде).....	20
<i>Жұмат Әнесұлы</i> Қазақ көркемсөзі мен көсемсөзінің ұлт рухын жаңғыртудағы атқарған рөлі.....	28
<i>Сұлтанбаева Г.С.</i> Қазақ тілінің латын қарпіне көшудің ғылыми-методологиялық негіздері .....	33
<i>Muhammet Emin Çevik</i> kazak dil âlimi Ahmet Baytursinoğlu (1873-1937) ve Arap alfabesinin Islahi .....	38
<i>Аманқос Мектеп-тегі</i> Алашорданың сырлы шежіресі.....	52
<i>Әшірбекова Г.Ш.</i> М. Шоқайдың саяси тақырыптағы мақалалары ..	69
<i>Бейсенқұлов А.А.</i> Медиатанудағы ең ұтымды тұжырым.....	76
<i>Жакупова И.Ж.</i> «Сарыарқа»газетіндегі алаш көсемсөзине тақырыптық және жанрлық талдау .....	85
<i>Әбдіжәділқызы Ж.</i> Ахмет Байтұрсынов – Тіл мәдениетінің негізін қалаған ғалым.....	91
<i>Есхуатова Н.Б.</i> Деятельность журналистов газеты «казах»: взгляд изнутри.....	96
<i>Әлімбаева С.Каримова Б.Ж.</i> «Егемен қазақстан» газетінің жаңа тынысы .....	99
<i>Әшірбекова Г.Ш. Ақынбекова А.Б.</i> Алаш баспасөзі һәм тіл мәселесі.....	106
<i>Құламанова З.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - халықаралық терминдердің тілде ұтымды қолданылуына серпін беретін тарихи құжат.....	112
<i>Жақсылықбаева Р. С.</i> Алаш публицистерінің батыстық көзқарасы .....	119
<i>Құрманбаева А.Ә.</i> «Дала уалаятындағы» экология тақырыбы.....	126
<i>Әшірбекова Г.Ш.</i> М. Шоқай мұраларының зерттелуі .....	132
<i>Рушанова Н.</i> Ғасырдың дара перзенті .....	137
<i>Каримова Б.Ж., Әлімбаева С.</i> «Қазақ тілі» газетінің алғашқы редакторы .....	142
<i>Тілепберген А.</i> Отыншы Әлжанов – халық мұғалімі.....	148
<i>Аманқос Мектеп-тегі, Қуанышқызы Л.</i> - Тельжан Шонанұлы – алаш қайраткері .....	152
<i>Кәкімбек Абай</i> Адамзат эволюциясымен қатар дамыған ақпарат тарихы және ақпарат алмасудың даму жолдары .....	157

<i>Қастай Д.</i> «Рухани жаңғыру» ұстаны – алаш публицистері мұраларының қоғамдық – саяси маңызы.....	163
<i>Адилъченев И.</i> Ғұмар Қараш публицистикасындағы азаматтық пікір және оның қазақ руханиятындағы мәні мен маңызы .....	166
<i>Оразымбет Д.</i> - Алаш идеясының шетелдегі қазақтарға таралуы және оның тарихи тағылымы .....	171
<i>Ибрайымов А.</i> Нәзипа Құлжанова және қазіргі қазақ қоғамындағы мектепке дейінгі тәрбие .....	179
<i>Қастай Д.</i> Алаш зиялыларының публицистикалық мәтіндеріндегі ұлт тағдыры .....	184
<i>Құмар Ә.</i> Алаш публицистерінің білім, ғылымға көзқарасы .....	187
<i>Оспанова Б.</i> Қазақтың тұңғыш заңгері .....	190
<i>Жұмабаева А.</i> Сарыарқа газеті – алаштың үні мен шежіресі .....	200

Ғылыми басылым

**Алаш қозғалысының 100 жылдығы және «Сарыарқа»  
газетінің 100 жылдығына арналған «АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ –  
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ПАРАДИГМАСЫ» атты  
халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

*Қазақстан, Алматы қаласы  
24 қараша, 2017 жыл*

**ИБ № 11555**

Басуға 13.12.2017 жылы қол қойылды. Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Көлемі 12,9 б. т. Тапсырыс № 6837. Таралымы 50 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.